

К.Д.БУЗАУБАКОВА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚАШЫҚТЫҚТАН
ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ
ЦИФРЛЫ-ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ
ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

Монография



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ Өңірлік университеті**

К.Д.БУЗАУБАКОВА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚАШЫҚТЫҚТАН
ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ
ЦИФРЛЫ-ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ
ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ**

Монография

Тараз, 2023

УДК 37:004
ББК 74:32.973
Б83

Баспаға М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті Ғылыми Кеңесінің шешімімен ұсынылды (Хаттама №1; 27.09.2023 ж.)

Пікір жазғандар:

Абильдина С.Қ. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор.
Жумабаева А.Е. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор.
Пономарева Л.И. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор.
Амандосова Р.С. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

ISBN 978-9965-37-458-6

Б83 Бузаубакова К.Д. Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориясы мен практикасы: Монография /К.Д.Бузаубакова. – Тараз: «ИП Бейсенбекова А.Ж.», 2023. – 312б.

«Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориясы мен практикасы» монографиясы АР09259497 «Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері» атты гранттық жобасы аясында жарық көрді және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым Комитеті тарапынан қаржыландырылды.

ISBN 978-9965-37-458-6

УДК 37:004
ББК 74:32.973

© Бузаубакова К.Д., 2023

КІРІСПЕ

XXI ғасырда қоғамда тез қарқынмен жүріп жатқан ақпараттандыру процесі жағдайында Жаңа Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін модернизациялау, болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі туындауда.

Цифрлы Қазақстан жағдайында әлемдік бәсекеге қабілетті болашақ педагогтерді даярлау педагогикалық жоғары оқу орнында цифрлы технологияның қыры мен сырын толық меңгерген цифрлы ортада инновациялық технологиялық іс-әрекетті жүзеге асыра алатын, цифрлы құзыреттілігі қалыптасқан болашақ педагогтерді даярлауды жүзеге асыруды көздейді.

«Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-құзыреттіліктерін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» атты 1 тарауда Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері ашылып, қашықтықтан оқытудың даму кезеңдері, өзекті мәселелері, шешу жолдары және цифрлы ортадағы болашақ педагогтің цифрлы педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру ерекшеліктері қарастырылады.

Монографияның «Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру жолдары» атты 2-тарауында Қазақстан Республикасында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастыру моделі қарастырылып, қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың кезеңдері және деңгейлерін анықтау әдістемесі ұсынылады.

Монографияның «Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру жолдары, қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру технологиясы» атты 3-тарауда болашақ педагогтерге арналған «Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн курсы, педагогикалық білім беру порталы, «Мен-Smart педагог» Халықаралық онлайн-коучинг вебинар, «Менің алғашқы онлайн сабағым» Халықаралық байқауы, «Қашықтан білім беру: сын-қатерлер, заманауи трендтер және стратегиялар» Халықаралық Конгресі, қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастыру құралы ретінде «Педагогика» және «Цифрлы педагогика» электронды оқулықтарының мазмұны ашылады.

Сондай-ақ, монографияның қосымшасында қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған инновациялық мазмұндағы іс-шаралардың үлгі-жоспарлары беріледі.

«Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориясы мен практикасы» монографиясы терең мазмұнымен, ғылыми жоба аясында жасалған іс-шаралардың инновациялық формаларымен ерекшеленеді және педагогикалық жоғары оқу орнының болашақ педагогтеріне, докторанттарына арналады.

1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЦИФРЛЫ-ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Қашықтықтан оқыту: даму кезеңдері, өзекті мәселелері және шешу жолдары

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар қарыштап дамыған ХХІ ғасырда дәстүрлі білім беру жүйесі уақыт талаптарына және адамзат өмірінің жаңа жағдайларына сәйкес келмеуі орынды жағдай. Қазіргі қоғамның алдында халықты өркениеттің жаңа жағдайындағы өмірге дайындай алатын ерекше жаңа және перспективалы білім беру жүйесін құруға бағытталған маңызды міндеттердің бірі тұр. Қоғам өмірінің әртүрлі салаларында қажетті жұмыстарды сапалы орындай алатын жоғары білікті мамансыз цифрлы қоғамға өту мүмкін емес. Осылайша, қажетті сападағы мамандарды даярлау міндеті қазіргі жағдайда қарқынды және мақсатты дамуға ұмтылатын кез-келген мемлекет үшін басты міндет ретінде танылуы тиіс.

Қашықтықтан оқыту – бұл ХХ ғасырда ақпараттық революция нәтижесінде пайда болған жаңа ақпараттық, технологиялық мүмкіндіктер және «ашық оқыту» идеясының негізінде пайда болған сапалы жаңа, прогрессивті оқыту түрі [1].

Қысқаша тарихи-терминологиялық сөздікке сүйенсек, «қашықтықтан оқыту» термині алғаш рет 1892 жылы Висконсин университетінде сырттай (корреспонденттік) курстар каталогында қолданылған және бұл тіркестің шығу тегі американдық болып табылған-ды [2].

ХХ ғасырдың 70-ші жылдардың ортасынан 80-жылдарының басына дейін «қашықтықтан оқыту» термині «корреспонденттік оқыту», «тәуелсіз оқу», «үйде оқыту» терминдерінің синонимі ретінде немесе олардың жалпылама түрі ретінде ғана қолданылды. Ал ол біздің лексиконымызға «сырттай оқыту» болып енді. Одан кейінгі жылдары қашықтан оқыту сырттай оқытудың барлық түрлерінің жалпы атауына айналып, білім беруде телекоммуникациялық технологиялардың қолдануына байланысты жаңа мағынаға ие болды.

1-кестеде «қашықтықтан оқыту» ұғымына ғалымдар берген анықтамалар ұсынылды.

АҚШ зерттеушілері M.G.Moore, M.M.Thompson; ресейлік ғалымдар А.Долгоруков, О.Околелов; қазақстандық ғалымдар Е.К.Балафанов, Б.Бурибаев, А.Б.Даулеткулов, К.Д.Бузаубакова, А.С.Амирова, А.А. Маковецкая және т.б. ғалымдар қашықтықтан оқытудың мәнін ашып көрсетті [3-7].

Қашықтан оқыту білім берудің академиялық жоғары ұтқырлық дәрежесімен, білім алушылар санының күрт артуымен, пәндік білім беру аймағының кеңдігімен, ақпаратты іздеу жылдамдығымен ерекшеленеді.

Кесте 1– «Қашықтықтан оқыту» ұғымына берілген анықтамалар

№	Анықтама	Шығу көзі
1	Кабельдік немесе спутниктік теледидар, бейне немесе аудио жазбалар, факс, модем, бейнеконференция сияқты білім беру ұйымынан тыс технологиялар арқылы білім беру бағдарламаларын тарату	Moore M. G. & Thompson M.M. (1990). The effects of distance learning: A summary of the literature. Research Monograph No.2. University Park, The Pennsylvania State University, American Center for the Study of Distance Education (ED 330 321)
2	Қашықтықтан оқыту – ашық білім беру идеясын жүзеге асыру тәсілі және оның нәтижесінде қалыптасатын арнайы әдістемелік және әдіснамалық әдіс-тәсілдердің жиынтығы	Балафанов Е.К., Бурибаев Б., Даулеткулов А.Б. Новые информационные технологии: 30 уроков по информатике.-Алматы: Эверо, 2017. –340с.
3	Қашықтықтан оқыту – мамандандырылған ақпараттық білім беру ортасын қолдана отырып, көпшілікке арналған білім беру қызметтерінің жиынтығы, оның ішінде іс-әрекеттік білім беру, қарқынды білім беру әдістері, білім беру ақпаратын қашықтықтан алмасу құралдары (қағаз нұсқасы және электронды медиа, спутниктік, теледидар, радио, компьютерлік желі және т.б.)	Долгоруков А.М. Проблемы развития дистанционного образования в России // Вестник Московского университета. – 1999. –№ 1. – С.102-117. – (Сер. 18. Социология и политология)
4	Қашықтықтан оқыту – телекоммуникация құралдары, ақпараттық технологиялар, интернет құрал негізінде оқу процесін ұйымдастыратын педагогиканың арнайы білім беру жүйесі	Околелов О.П. «Цифра в образовании. Дидактические средства разработки цифровых и гибридных образовательных систем.- М.:ИНФРА,2017. –167с.
5	Қашықтықтан оқыту – кез келген адамға өзін-өзі жетілдіруге, өзінің қабілетін шыңдауға, кәсіби біліктілігін арттыруға, аудиовизуалды құрылғыларды, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға жағдай жасайтын цифрлы құзыреттілікті қалыптастырудың айрықша формасы	Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық. –Тараз: «ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2022. –314 б.

Жаңа ғасырда ақпараттық технологиялар және ғаламтор желілері білім беруді жаңа сатыға көтере отырып, білім беру және зерттеушілік сипаттағы ақпаратты алудың жетілдірілген әдіс-тәсілдерін өмірге әкелуде.

Ал бұл жағдай өз кезегінде ақпараттық технологиялық құралдарды пайдалана отырып білім берудің бағыттарын айқындайды:

1) Дәстүрлі оқытудан инновациялық оқыту формасына көшу (Е.В. Данильчук, П.Я.Гальперин, В.В.Давыдов, В.И.Загвязинский, В.Розин, В.Я.Ляудис, М.В.Кларин, К.Ангеловский, М.М.Поташник, О.Г.Хомерики, А.В.Лоренсов, Н.И.Лапин, Н.Р.Юсупбекова, Н.Н.Нұрахметов, К.Ж.Бұзаубақова, Р.Р.Масырова, Т.Линчевская және т.б.);

2) Кәсіби білім беру жүйесін жетілдіруде тұлғаға бағдарланған оқытуды көздейтін ізгілендіру принциптеріне негізделген оқытудың жаңартылған моделіне көшу (Е.В.Бондаревская, В.В.Сериков, И.С. Якиманская);

3) Білім беру жүйесін ақпараттандыру аясында бағдарламаланған оқыту және жаңа ақпараттық технологиялар негізінде болашақ маманның гуманитарлық, технологиялық дайындығын қалыптастыру (Ю.К. Бабанский, В.П.Беспалько, М.Е.Бершадский, В.В.Гузеев, Қ.Қабдықайырұлы, В.М.Монахов, Л.Н. Оразбекова және т.б.);

4) Ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолданудың психологиялық-педагогикалық аспектілері (В.М. Монахов, М.А. Чошанов);

5) Қашықтан оқыту жүйесіне көшудің алғы шарттары және өзекті мәселелері ((Е.С.Полат, И.В. Роберт, А.А. Андреев , В.И. Солдаткин және т.б.) [8-36].

Қашықтықтан оқыту білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (қашықтықтан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы негізінде оқыту әдістемесі ретінде айқындалады: хат алмасу, аудио, видео, компьютер және интернетті қоса алғанда әртүрлі технологиялық комбинацияларды қолдану және т.б.

Қашықтықтан оқытудың бүгінгі күні ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып, білім алушыға оқу контентінің кемінде 80%-ын онлайн-жеткізу тетігі болып табылады.

1840 жылы Исаак Питман (Isaac Pitman) пошта арқылы Біріккен Корольдікте студенттердің стенографиясын үйрете бастады да алғашқы қашықтықтан білім беру курсының негізін қалаушы болды [37].

XIX ғасырдың 50-ші жылдары Германияда Густав Лангеншайдт (Gustav Langenscheidt) өзінің *Lehrbriefe* (әріптер немесе «оқыту хаттары») ересектерге арналған тіл бойынша оқулық ретінде пайдаланған [38].

Қашықтықтан жоғары білім алу мүмкіндігі 1836 жылы Біріккен Корольдікте Лондон университеті (University of London) құрылған кезде пайда болды. Аккредиттелген оқу орындарында оқитын студенттерге университет өткізетін емтихандарды тапсыруға рұқсат етілді. 1858 жылдан бастап бұл емтихандар қай жерде және қалай білім алғанына қарамастан, бүкіл әлемнің

білім алушыларына бірдей ашық болды. Осыдан кейін-ақ, пошта арқылы оқу курстарын ұсынатын бірқатар оқу орындары пайда болуа бастады.

XIX ғасырдың 70-ші жылдары Америкада қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша бірқатар қадамдар жасалды. 1873 жылы А.Э. Тикнор «үйде оқытуды қолдау қоғамы» («Society for the Encouragement of Home Study») ағылшын бағдарламасын негізге ала отырып, Тикнор қоғамы (Ticknor's Society) атты әйелдерге арналған пошта арқылы оқыту жүйесін құрды. 1874 жылы пошта арқылы оқу бағдарламасын Иллинойс университеті те (Illinois State University) ұсынды. Ал, 1906 жылы Висконсин университетінде (University of Wisconsin) пошта арқылы оқыту жүзеге асырылды [39,40,41].

Австралияда қашықтықтан оқыту өте ерте пайда болды. 1911 жылы Брисбендегі Квинсленд университетінде (University of Queensland) ЖОО деңгейіндегі курстар өз жұмысын бастады. 1914 жылы қарапайым мектептерден алыс жерде тұратын балаларды бастауыш мектеп бағдарламасы бойынша пошта арқылы оқыту ұйымдастырылды. Мельбурндегі педагогикалық колледждің студенттері сабақтарын пошта арқылы өткізді. Мұндай тәжірибе көп ұзамай орта мектептер мен техникалық мектептерге таралды. Оқушылар үшін ұқсас жүйелер Канада мен Жаңа Зеландияда қолданыла бастады [42].

1938 жылы Викторияда (Британдық Колумбия, Канада) халықаралық білім беру кеңесінің бірінші съезі пошта арқылы өтті (International Council for Correspondence Education) [43,44].

1917 жылғы төңкерістен кейін Ресейде қашықтықтан оқыту дами бастады. Мұнда әртүрлі деңгейдегі түрлі курстар ұсынылды. Кеңес Одағында қашықтықтан оқытудың арнайы «кеңес берудің» моделі жасалды, оның атауы сөзбе-сөз «визуалды байланыссыз білім беру» (сырттай білім беру) дегенді білдіреді. XX ғасырдың 60-шы жылдарында Кеңес Одағында 11 сырттай университеттер және дәстүрлі жоғары оқу орындарында көптеген сырттай факультеттер болды.

1939 жылы Францияда мүмкіндігі шектеулі балаларды пошта арқылы оқыту үшін мемлекеттік қашықтықтан оқыту орталығы (Centre National d'Enseignement a Distance, CNED) құрылды. Қазіргі уақытта бұл Орталық Еуропадағы қашықтықтан оқытудың ең ірі оқу орны болып есептеледі [45].

Қашықтықтан оқытуды жүргізетін оқу орындары негізінен Еуропа мен Азияның бірқатар елдерінде пайда болды:

1) 1946 жылы Оңтүстік Африка университеті (University of South Africa, UNISA);

2) 1969 жылы Ұлыбританияның ашық университеті (Open University of the United Kingdom, UKOU);

3) 1974 жылы Испаниядағы Universidad Nacional de Educacion a Distancia (UNED);

4) 1974 жылы Пәкістандағы Allama Iqbal Open University (AIOU) (1974);

5) 1958 жылы Түркиядағы Анатолий университеті;

6) 1970 жылы Канададағы Атабаска университеті;

- 7) 1974 жылы Германияның Хаген ашық университеті;
- 8) 1978 жылы Тайландтағы Sukhothai Thammathirat Open University (STOU);
- 9) 1982 жылы Корея мемлекеттік ашық университеті (Korea National Open University, KNOU);
- 10) Үндістанда 1984 жылы Universitas Terbuka (UT) және 1985 жылы Индира Ганди атындағы мемлекеттік ашық университет (Indira Gandhi National Open University, IGNOU);
- 11) 1979 жылы Қытайда оқыту спутниктік хабар тарату және теледидар университеттері арқылы ұйымдастырылатын радио және теледидар университеттерінің Ұлттық желісі (Central Radio and TV University, CRTVU) құрылды [46].

Дамыған елдерде де, дамушы елдерде де осылайша ұйымдастырылған қашықтықтан оқыту жүйелері пошта арқылы оқытуды ұсынды және қашықтықтан оқыту бастауыш білімнен жоғары білімге дейінгі дайындық деңгейлерінің барлық спектрін қамтыды: хат алмасу; баспа өнімдерін пайдалану; радио және теледидар желісі; практикалық семинарлар мен ашық емтихандар және т.б.

Гаррисон (1985) және Ниппер (1989) алғашқылардың бірі болып «өндіріс, көлік және коммуникациялық технологиялардың дамуымен тарихи байланысты» қашықтықтан оқытуды дамытудың үш кезеңін белгілеу үшін «ұрпақ» терминін қолданды [47,48].

XIX ғасырдың ортасынан бастап тармақталған теміржол жүйелері мен жылдам және үнемді мемлекеттік пошта қызметтері көптеген географиялық тұрғыдан бөлінген оқушыларға оқу материалдарын жеткізуге мүмкіндік берді: жалпыға міндетті арнаулы оқулықтарды қолжетімді ету мақсатында қажетті әдебиеттер мен іріктелген сұрақтар бойынша жетекші оқытуды жүзеге асыру үшін пошта бойынша қосымша нұсқаулықтар берілді.

XX ғасырдың 20-жылдарындағы радионың өнертабысы әңгімелер сериясынан тұратын радиокурстарының пайда болуына әкелді және курстар баспа материалдарымен толықтырылды.

Ал өткен ғасырдың 50-ші жылдары оқу құралдарын шығарумен, аудиториялық сабақтармен және мезгіл-мезгіл емтихандық бақылаумен үйлесетін телевизиялық курстар белсенді түрде дамыды.

1969 жылы Ұлыбританияда ашық университеттің пайда болуы «екінші ұрпақтың» басталуын белгіледі. Осы сәттен бастап қашықтықтан оқытуда баспа материалдарының басым жағдайында құралдардың барлық түрлерін қолдана отырып, оқытуға кешенді тәсіл алғаш рет қолданыла бастады. Ашық университетте қашықтықтан оқытуға арналған жоғары сапалы оқу құралдарының үлкен саны жасалды. Университеттің студенттермен біржақты қарым-қатынасы радио және теледидар бағдарламаларымен толықтырылған баспа материалы (аудиокассеталар) арқылы жүзеге асырылды.

Қашықтықтан оқыту барысында өмірге келген «үшінші ұрпақ» ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді пайдалануға негізделді:

1) *синхронды режимде* – «*бір уақытта*» оқыту: оқу орындарында бірдей танымал бейне немесе аудиографиялық конференциялар түрінде;

2) *асинхронды режимде* – «*бір уақытта емес*» оқыту: электрондық пошта, Интернет немесе телеконференцияларды пайдалану арқылы екі жақты байланысты әртүрлі нысандарда (мәтін, графика, дыбыс, анимация) ұсынады [49].

1989 жылы АҚШ-та әртүрлі елдерден 1 миллионнан астам студенттерді біріктіретін қоғамдық телехабар тарату жүйесі құрылды, Пенсильвания университетінің қашықтықтан оқыту тәжірибесін ЮНЕСКО виртуалды университетті ұйымдастыруда қолданды [50].

Алайда, халықтың білім деңгейі салыстырмалы түрде төмен және білім беру процесі мен техникалық жабдықталуында едәуір артта қалған Таяу Шығыс пен Орталық Америка, дамушы Азия мен Африка елдерінде қашықтықтан оқытудың дамуы айтарлықтай артта қалып отырды [51].

Көп ұзамай бір технология екіншісіне тез ауысып, көп ұзамай интернеттің негізі қаланған спутниктік станциялар арқылы онлайн курстар да ұсынылды.

1950-1960 жылдары Еуропа мен АҚШ-та қашықтықтан білім берудің дамуына айтарлықтай серпін берген бағдарламаланған оқыту енгізілді, көптеген жоғары білім беру ұйымдарында «оқу пакеттері» немесе «модуль» жүйесі бойынша оқыту кеңінен таралды.

1960 жылы IBM компаниясы coursewriter қашықтықтан оқытудың бірегей бағдарламасын жасады. 1968-1980 жылдар аралығында Альберта университетінде 17 түрлі курстарды оқыту үшін қолданылған [52].

Оқытуда компьютерлерді қолдану 1980 жылдары корпоративті аренада пайда болды, өйткені компаниялар жаңа қызметкерлерді оқыту үшін компьютерлік бағдарламаларды қолданды [53].

1989 жылы Финикс университеті CompuServe-дің алғашқы тұтынушылық онлайн-қызметтерінің бірін қолдана бастады, бұл онлайн білім беру бағдарламаларын қолдануды бастаудың алғашқы қадамы болды [54].

Интернетті ойлап тауып, адамзат білім беру технологиясында тағы бір қадам жасады. Көп ұзамай 1991 жылы әлемдік Веб (Web) ашылды, ал 1990 жылдары білім беру мекемелері синхронды, асинхронды және аралас қашықтықтан білім беру режимдерін қолданды [55].

1992 жылы Мичиган университеті компьютермен жеке тұлғаға бағытталған онлайн оқыту формасын жасады. 1994 жылы университет кейбір психолог-студенттерге арналған виртуалды оқыту мектебін (VSS) ұсынды. Сонымен қатар, 1994 жылы Нью-Гэмпширде қашықтықтан оқыту компаниясы оқу материалдарын интернет арқылы жіберуге, оқытуға, оқу процесін басқаруға мүмкіндік беретін CALCampus бағдарламасын жасады [56].

1990-шы жылдардың ортасынан бастап университеттер мен колледждер онлайн-курстарды өткізумен тәжірибе жасай бастады, 1997 жылы

Blackboard компаниясы курстарды басқару және ұсыну үшін стандартты платформаны жасады. Қазіргі уақытта компания қашықтықтан оқыту технологиялары саласында әлемдік көшбасшы болып табылады, оның өнімдерін бүкіл әлем бойынша 10000-нан астам ұйым пайдаланады [57].

Алайда, дәстүрлі коммерциялық емес мекемелердегі онлайн-білім берудің 1999 жылы АҚШ-та Jones International University құрылды. Ол мемлекеттік аккредитациясы бар алғашқы қашықтықтан оқыту университеттерінің бірі болды. Университет АҚШ-тың 30 оқу орнында студенттерге қашықтықтан курстар ұсынатын телеарналар желісі негізінде құрылды [58, 59].

Жаңа ақпараттық және педагогикалық технологияларға сүйене отырып, қашықтықтан оқыту өзекті мәселеге айналды, өйткені ол қоғамның қажеттіліктеріне барабар жауап бере алды.

XXI ғасырдың бірінші онжылдығында қашықтықтан білім беруді дамытудың бірінші кезеңінде студенттердің елден елге көшу қажеттілігі төмендеді, ал оның орнына әлем елдерінің білім беру жүйелерінде идеялар, білім және білім беру ресурстарымен алмасудың мобильді тұжырымдамасы қалыптасты.

ЮНЕСКО мамандары қашықтықтан оқытудың келесі ұзақ мерзімді ұстанымын анықтады: әр адамға кез-келген жерде колледждің немесе университеттің қалаған бағдарламасын игеруге мүмкіндік беру. Осылайша, қашықтықтан оқыту әр адамның ақпарат пен білімге қол жетімділігінің теңдігін қамтамасыз етеді [50;4].

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында қашықтықтан оқыту бүкіл әлемде қарқынды дами бастады: Интернет жүйесі жетілдірілді; қашықтықтан оқыту технологиялары дамыды; интернет-технологияларды пайда болды; жасанды интеллект негіздері зерттеле бастады.

Қашықтықтан оқытуды дамытудың қазіргі кезеңі – ашық онлайн курстары (massive open online courses, MOOC) жүзеге асырылды. MOOC (ашық онлайн курстар) – бұл өз тыңдаушыларына әртүрлі университеттерде оқу бағдарламаларын ұсынатын платформалар.

Қазіргі заманғы қашықтықтан оқытудың қарқынды дамуы сырттай оқуға байланысты ғана емес, сонымен қатар ашық онлайн- жаппай таралуына байланысты.

2011 жылдан бастап әлемнің беделді университеттері Coursera, Udacity, edX, FutureLearn, OpenupEd және т.б. арнайы құрылған онлайн-платформаларда MOOC құру және жылжыту курстарын орналастыра бастады. Осылайша 2016 жылғы деректермен байланысты Coursera-ның ең танымал білім беру платформасы сегіз жүзден астам курстарды ұсынады және Солтүстік Америка, Еуропа, Австралия және Оңтүстік-Шығыс Азияның 100-ден астам университеттерін біріктіреді. 2014 жылдан бастап оған ТМД-ның кейбір жоғары оқу орындары қосылды [60].

«Қашықтықтан оқыту» (ҚО) сөз тіркесі әлемдік білім беру лексиконына берік енді. Соңғы үш онжылдықта қашықтықтан оқыту әлемнің көптеген

елдерінде білім беру келбетін өзгерте отырып, білім беру және ақпараттық мәдениеттің жаһандық құбылысына айналды. Қашықтықтан білім беру білім алушылардың үлкен санымен, білім беру мекемелерінің санымен, инфрақұрылымның көлемі мен күрделілігімен, инвестициялар мен ақша айналымының ауқымымен таң қалдыратын білім беру қызметтерінің тұтас индустриясының пайда болуымен және қарқынды дамуымен ерекшеленеді.

Қашықтықтан оқытуды дамыту «барлығына білім беру», «өмір бойы білім беру», «шексіз білім беру» және ЮНЕСКО-ның орта мерзімді стратегиясының негізгі бағыттарының бірі ретінде танылады.

Қашықтықтан оқыту әмбебаптығы мен ауқымдылығы, білім беру қызметтерінің алуан түрлілігімен артықшылыққа ие.

Қашықтықтан оқыту білім алушыларға оқытылатын материалдың негізгі көлемін жеткізуді, оқыту процесінде білім алушылар мен оқытушылардың интербелсенді өзара іс-қимылын, білім алушыларға оқытылатын оқу материалын игерту, өздігінен жұмыс істеуге мүмкіндік беруді қамтамасыз ететін ақпараттық технологиялар жиынтығын қамтиды.

Қашықтықтан оқыту – бұл дербес компьютерлерді, бейне және аудиотехниканы, ғарыштық және оптикалық-талшықты техниканы пайдалануға негізделген ақпараттық технологияларды қолдануды қамтамасыз ететін сырттай оқытудың жаңа сатысы; белгілі бір тақырыптар, оқу пәндері бойынша ұйымдастырылған, оқушылар мен оқытушы арасында, сондай-ақ оқушылардың өздері арасында белсенді ақпарат алмасуды көздейтін және ең жоғары деңгейде жаңа ақпараттық технологиялардың заманауи құралдарын (аудиовизуалды құралдар, дербес компьютерлер, телекоммуникация құралдары) пайдаланатын оқу процесі [61].

Қашықтықтан оқыту – білім алушының орналасқан жерінен белгілі бір қашықтықта жүзеге асырылатын жүйелі мақсатты оқыту; оқыту және оқыту процестері кеңістікте ғана емес, уақыт бойынша да бөлінеді:

1) қашықтықтан оқыту дәстүрлі ақпараттық технологияларды мүлдем пайдаланбайды;

2) оқу кезеңінде оқытушы мен тыңдаушының байланысы мүлдем жоқ; қатысушылар айтарлықтай қашықтықта (бір қалада, ауданда тұрады) аумақтық бөлінбеген;

3) интербелсенді өзара іс-қимыл тек білім алушылар мен оқытушы арасында ғана емес, сондай-ақ білім алушылардың өздері мен оқыту құралдары арасында да орын алуы мүмкін [62].

Қашықтықтан оқытудың негізінде екі қағидат жатыр:

1) **еркін қол жетімділік:** білім алуға әркімнің құқығы бар;

2) **қашықтықтан оқыту**, оқытушымен ең аз байланыста оқыту, өзіндік жұмысқа баса назар аудару.

Д.М.Джусубалиева қашықтықтан оқытудың келесі принциптерін ұсынды. Бұл принциптер абсолютті толықтықты талап етпейді, керісінше олар қашықтықтан оқыту әдіснамасын одан әрі дамытуды көздейді:

1) Ізгілендіру принципі. Оқу процесі қатаң уақыт шеңберімен шектелмейді, тыңдаушы әртүрлі ЖОО-ның әлеуетіне сүйене отырып, әртүрлі оқу пәндерін тандап, өзінің жеке оқу траекториясын дамытады, оқуды өндірістік қызметпен ұштастыра алады, оқыту жүйесіне қабылдау рәсімі еркін қол жетімділікпен «ашық» болып табылады.

2) Бастапқы білім принципі. Қашықтықтан оқытуда тиімді оқу үшін кейбір бастапқы білім (қашықтықтан оқыту кезінде білім беру қызметтерінің әлеуетті тұтынушыларын даярлаудың бастапқы деңгейі) және аппараттық-техникалық қамтамасыз ету қажет.

3) Интербелсенді принципі. Білім алушылардың тек оқытушылармен ғана емес, сонымен бірге бір-бірімен қарым-қатынасының заңдылығын көрсетеді.

4) Сәйкестендіру принципі. Оқытудың тәуелсіздігін бақылау қажетті, өйткені қашықтықтан оқыту кезінде, мысалы, күндізгі оқу түріне қарағанда, оқуды бұрмалау орын алуы мүмкін. Білім алушылардың сәйкестендіру жалпы қауіпсіздік шараларының бөлігі болып табылады: тест, реферат және басқа да бақылау іс-шараларын орындау кезінде дербестікті бақылауға, көзбе-көз байланыстан басқа, әртүрлі техникалық құралдардың көмегімен қол жеткізуге болады. Мысалы, бейнеконференция арқылы емтихан тапсыратын адамды анықтауға болады.

5) Даралау принципі. Осы қағиданы орындау үшін қашықтықтан оқытуда нақты оқу процесінде кіріс және ағымдағы бақылау жүргізіледі. Мысалы, кіріс бақылау болашақта жеке оқу жоспарын құруға ғана емес, сонымен қатар қажет болған жағдайда білім беру қызметін тұтынушыны оқуды сәтті өткізуге мүмкіндік беретін жетіспейтін бастапқы білім мен дағдыларды толықтыру үшін қосымша дайындауға мүмкіндік береді. Ағымдағы бақылау білім беру траекториясын реттеуге мүмкіндік береді.

6) Жүйелілік оқыту принципі. Қашықтықтан оқытуда оқу уақыты қатаң реттелмейді, бірақ тәжірибе көрсеткендей, төменгі курс студенттері үшін қатаң бақылау мен жоспарлау болуы керек екенін көрсетеді.

7) Ашықтық және икемділік принципі. Ашықтық принципі жас шектеулерінің «жұмсақтығында», білім беру негізінде, білім беру мекемесінде сұхбат, емтихандар, тестілеу және т.б. түрінде оқу мүмкіндігі үшін қабылдау-бақылау шараларында көрінеді. Маңызды «икеңділік көрсеткіші» қашықтықтан оқытудың білім беру процесінің қашықтыққа оқу процесін іске асырудың уақытша кестесіне және нақты білім беру ұйымына сын болмауы тиіс. Ең дұрысы, соңғы талап – қашықтықтан оқыту үшін ақпараттық қашықтықтан таратылған білім желілерін құру қажеттілігі, бұл білім алушыға өзі оқитын университетте тиісті қызметтер болмаған кезде білім беру бағдарламасын қажетті бағытта түзетуге немесе толықтыруға мүмкіндік береді [63].

Бүгінде бүкіл әлемде қашықтықтан оқытуға деген үлкен қызығушылық бар. Бір жағынан, көптеген елдер халқының жоғары және үздіксіз білім алуға қажеттілігі артып келеді. Сонымен қатар, бақытты өмір сүрудің күннен-

күнге өсіп келе жатқан талаптары мобильді оқу жүйелеріне деген қажеттілікті тудырды.

Қашықтықтан оқыту дегеніміз – орны мен уақытына қарамастан, жеке режимде оқу мүмкіндігі, өмір бойы оқу мүмкіндігі. Бүкіл әлемде қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқитын студенттер санының өсуі байқалады, оларды оқу процесінде қолданатын университеттер саны да өсуде; көптеген халықаралық білім беру құрылымдары құрылуда және т.б.

Уақыттың объективті талабына жауап ретінде көптеген оқу орындары қашықтықтан оқыту бағдарламаларымен жұмыс жасай бастады. Алайда, қашықтықтан оқытуды жүргізетін әрбір ұйым оқыту кезінде интернет-технологияларды пайдалануды мәлімдейтініне қарамастан, іс жүзінде интернеттің барлық мүмкіндіктерінен тек e-mail ғана пайдаланылады, ал оқу материалдары ретінде қағаз тасығыштар, аудио және бейнекассеталар қолданылады.

Қашықтықтан оқыту технологиялары негізінде жүзеге асырылатын оқу процесі міндетті аудиториялық сабақтарды да, білім алушылардың өзіндік жұмысын да қамтиды. Оқытушының оқу процесіне қатысуы тек аудиториялық сабақтарды өткізу арқылы ғана емес, сонымен қатар ағымдағы және аралық бақылауды ұйымдастыру, желілік сабақтар мен консультациялар өткізу арқылы білім алушылардың оқу-танымдық қызметіне үнемі қолдау көрсету қажеттілігімен де анықталады.

Қашықтықтан оқыту кезінде қолданылатын ақпараттық технологияларды үш топқа бөлуге болады: білім беру ақпаратын ұсыну технологиялары; білім беру ақпаратын беру технологиялары; білім беру ақпаратын сақтау және өңдеу технологиялары.

Қашықтықтан оқытуда неғұрлым практикаға бейімделген білім беру технологиялары пайдаланылады: бейне дәрістер; мультимедиалық дәрістер және зертханалық практикумдар; электронды-мультимедиалық оқулықтар; компьютерлік оқыту және тестілеу жүйелері; имитациялық модельдер және компьютерлік тренажерлер; телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып, кеңестер мен тесттер; бейнеконференция.

Ақпараттық технологиялар – бұл компьютерлік технологияны қолдануға негізделген, білім беру ақпаратын сақтау мен өңдеуді, оны оқушыға жеткізуді, білім алушының оқытушымен немесе педагогикалық бағдарламалық құралмен интербелсенді әрекеттесуін, сонымен қатар білім алушының білімін тестілеуді қамтамасыз ететін аппараттық және бағдарламалық жасақтама.

Қашықтықтан оқытуда телекоммуникациялық технологиялар орындайтын негізгі рөлі – оқу диалогын қамтамасыз ету.

Қазақстанда қашықтықтан білім беру жүйесін енгізудің ерекше өзектілігі бүгінде бірқатар факторларға байланысты.

Алайда, қашықтан оқытудың инновациялық процесс ретінде қалыптасуы Қазақстанда әлі де даму сатысында. Мұны қашықтықтан оқытудың әртүрлі тәсілдерінің көп болуы, оқытудың әртүрлі нысандары

мен әдістерінің болуы, педагогикалық оқу орындарының бағдарламалардың болуы, негізгі ұғымдардағы сәйкессіздіктер растайды.

Қашықтан оқытудың әртүрлі модельдері бар:

1) **Азиялық модель** – Индия, Таиланд, Индонезия, Қытай, Кореядағы ашық университеттер. Австралияда, Жаңа Зеландияда және Малайзияда қолданылатын қашықтықтан оқыту моделінде қашықтықтан және күндізгі оқыту арасында ешқандай айырмашылық жоқ.

2) **Американдық модель** қашықтықтан оқытуды күндізгі оқытудың бір түрі ретінде түсіндіруге негізделген: оқытушының аудиториямен тікелей аудиовизуалды байланысы телекоммуникациямен алмастырылады.

3) **Британдық модельде** қашықтықтан оқыту дербес оқуға негізделген білім берудің ерекше нысаны ретінде түсіндіріледі: қашықтықтан оқыту моделінің оқу курстары модульдік құрылымға негізделген [64].

Негізінен Қазақстандағы оқу орындары қашықтықтан оқытудың Британдық моделін ұстанады. Оқу ақпаратын жеткізу нұсқаларын қарастыру кезінде қашықтықтан оқытудың үш негізгі технологиясы ажыратылады: кейс технологиясы, телекоммуникациялық технология, желілік технология. Барлық осы технологияларды қашықтықтан оқытудың неғұрлым қарапайым технологияларын қосу нәтижесінде қарастырған жөн. Технологияның аталған бөлінуінің жіктеу белгісі негізінен оқу материалын білім беру ұйымдарынан білім алушыларға жеткізу әдісі және оның жұмысының нәтижелері болып табылады. Әдетте, бұл технологиялардың ешқайсысы таза түрде пайдаланылмайды, бірақ басқа қашықтықтан оқыту технологияларының элементтерімен бірге жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқыту – бұл оқытудың ерекше түрі, оның басты ерекшелігі – білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара әрекеттесуінің интербелсенділігі:

1) Оқытушының болуы міндетті емес, өйткені қашықтықтан оқыту – бұл материалды өз бетінше зерттеу процесі.

2) Қашықтықтан оқыту кезінде оқытуға жеке тұлғаға бағытталған тәсіл жүзеге асырылады, оқытудың максималды даралануы орын алады.

3) Қашықтықтан оқыту жалпы педагогикалық дидактикалық оқыту принциптерімен қатар нақты принциптермен де сипатталады.

4) Жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану қашықтықтан оқытуға қатысушылардың орналасқан жеріне қарамастан, электрондық пошта, чат, форум, бейнеконференция, вебинар, онлайн-семинар арқылы өзара іс-қимылын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқытудың әдістемелік ерекшелігі оқу бағдарламаларында көзделген білім, іскерлік және дағдыларды игеру дәстүрлі оқыту нысандарында (дәрістер, сабақтар, семинарлар және т.б.) емес, білім алушының әртүрлі құралдар – ақпарат тасығыштардың көмегімен өз бетінше жұмыс істеуі арқылы жүзеге асырылатындығында болып табылады. Бұл ретте білім алушы компьютермен жұмыс істеу дағдыларын ғана емес,

сондай-ақ қашықтықтан оқыту процесінде кездесетін оқу ақпаратымен жұмыс істеу тәсілдерін де меңгеруі тиіс.

Қашықтықтан оқытудың ақпараттық білім беру ортасы – бұл пайдаланушылардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған деректерді беру құралдарының, ақпараттық ресурстардың, өзара әрекеттесу хаттамаларының, аппараттық-бағдарламалық және ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етудің жүйелі ұйымдастырылған жиынтығы. Бұл жағдайда қашықтықтан оқытуға тән белгілер: икемділік; модульділік; экономикалық тиімділік; оқытушының жаңа рөлі және т.б.

Қашықтықтан оқыту дегеніміз – телекоммуникациялық технологиялар мен интернет ресурстарының көмегімен жүзеге асырылатын, бір-бірінен алшақ орналасқан оқытушылар мен студенттердің білім беру өзара әрекеттесуіне негізделген оқытудың бір түрі. Қашықтықтан оқыту оқу процесіне тән оқыту жүйесінің барлық компоненттерімен сипатталады: мақсаты, мазмұны, ұйымдастырушылық формалары, оқыту құралдары, нәтижелерді бақылау және бағалау жүйесі [65].

Қашықтықтан оқытудың мақсаты білім алушыларға тікелей тұрғылықты жері немесе уақытша болатын жері бойынша жоғары және орта кәсіптік білімнің негізгі және қосымша кәсіптік бағдарламаларын тиісінше жоғары, орта және қосымша кәсіптік білімнің білім беру ұйымдарының меңгеру мүмкіндігін беру болып табылады. Оқыту мазмұнын әлеуметтік тапсырыстың педагогикалық моделі ретінде анықтауға болады, оқыту процесі, оны жүзеге асырудың технологиялары, әдістері мен ұйымдастырушылық формалары оның мазмұнымен анықталады.

Қашықтықтан оқытуда қолданатын технологиялар: желілік немесе интернет технологиясы; телекоммуникациялық (ақпараттық-спутниктік) технология (1-сурет).

Қазақстан Республикасының кредиттік оқыту жүйесіне көшуімен қашықтықтан оқытудың желілік нысандарының рөлі артты. Желілік технологияларды қолдану білім алушылардың оқу материалдарына толық нысанда және кез келген уақытта қол жеткізуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Көптеген дамушы елдердегідей Қазақстанда да қашықтықтан оқытуға үлкен мән беріледі. Ресейдегі және басқа да шет елдердегі оқу орындарының тәжірибесін қолдана отырып, мемлекеттің көптеген университеттері қашықтықтан оқытуды дамытып, жүзеге асыра бастады, қашықтықтан оқыту үшін негіз жасады. Қашықтықтан оқытудың технологиялары, бағдарламалық және аспаптық құралдары, қашықтықтан оқытуға арналған ЖОО порталдары құрылуда.

Қашықтан оқытудың қажеттілігі мен артықшылықтары маңызды. Алайда, іс жүзінде білім алушылар да, оқытушылар да сәтті оқуға кедергі келтіретін үлкен қиындықтарға тап болады.

Желілік немесе интернет технологиясы

Білім алушылардың ақпараттық білім беру ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін және оның субъектілерінің орналасқан жеріне қарамастан оқу процесін іске асыру мен басқарудың әдістемелік, ұйымдастырушылық, техникалық және бағдарламалық құралдарының жиынтығын қалыптастыру үшін жаһандық және жергілікті компьютерлік желілерді пайдалануға негізделген технология

Телекоммуникациялық технология

Білім алушылардың цифрлық кітапханалар, бейне-дәрістер және басқа да оқу құралдары түрінде ұсынылған ақпараттық білім беру ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін деректерді беру мен телехабар таратудың ғарыштық-спутниктік құралдарын, сондай-ақ жаһандық және локальдық желілерді басым түрде пайдалануға негізделген қашықтықтан білім беру технологиясы

Сурет 1– Қашықтықтан оқыту технологиялары

Қашықтан оқытудың өзекті 6 мәселелері:

1) **Онлайн-форматқа бейімделудегі қиындықтар:** Білім алушылардан пассивті тыңдау және конспект жазу күтілмейді, оның орнына виртуалды пікірталастар, жеке кабинетпен және әртүрлі мультимедиалық форматтағы материалдармен жұмыс істеуді қажет етеді.

2) **Компьютерлік сауаттылықтың төмен болуы:** Цифрлық сауаттылықтың, технологиялық құзыреттіліктердің болмауы цифрлы әлемде білім алушыларға да, оқытушыларға да әсер ететін маңызды мәселе болып табылады.

3) **Техникалық мәселелер:** Техникалық олқылықтар және ақаулар көбінесе онлайн режимінде оқуға кедергі келтіреді. Цифрлы оқыту платформаларының операциялық жүйелермен, браузермен немесе смартфондармен үйлесімділігі және т.б. мәселелер туындауы мүмкін, ал интернетке қосылудың төмен жылдамдығы онлайн-сабақтарды өткізіп жіберуге немесе сабақтарды бейнеформатта жүктеудегі қиындықтарға әкелуі мүмкін, ал бұл өз кезегінде білім алушылардың көңілін қалдырып, сабаққа қатысқысы келмеуіне алып келуі мүмкін.

4) **Уақытты басқара алмау немесе уақытты тиімді пайдалана алмау:** Интернеттегі оқыту форматы ұсынатын еркіндік көбінесе қырағылықты оятады және уақыттың шексіздігінің жалған сезім тудыруы мүмкін. Уақытты дұрыс басқармау оқу бағдарламасынан едәуір артта қалып, білім алушыларды қатты күйзеліске ұшыратуы мүмкін.

5) **Өзін-өзі ынталандырудың әлсіздігі:** Мотивацияның болмауы – барлық білім алушылар үшін ортақ мәселе. Онлайн-формат тапсырмаларды өз бетінше орындау, қызығушылық таныту және алға жылжу үшін күшті тәртіп пен мақсатты талап етеді.

б) Әлеуметтік өзара әрекеттесудің болмауы: Дәстүрлі оқытуда білім алушылар бір-бірімен және эдвайзермен тікелей қарым-қатынас жасай алса, ал қашықтықтан оқытуда қарым-қатынас өзгереді, білім алушылар өздерінің оқшауланғанын сезінуі мүмкін, ал бұл академиялық үлгерімге теріс әсер етуі ықтимал [66].

Қашықтан оқыту жүйесінің негізгі құрамды бөлігі – цифрлық білім беру платформалары. Білім беру жүйесін цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, білім алушылардың жүктемесін азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. ЖОО-ның түлектері халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс.

1.2 Цифрлы ортадағы болашақ педагогтің цифрлы педагогикалық құзыреттілігі

Жаңа ғасырда мектепке дейінгі білім беру, жалпы орта білім беру, орта кәсіптік және жоғары білім беру ұйымдары ұсынатын білім барған сайын цифрлық сипатқа ие болуда.

Білім беру және басқа ақпаратты цифрландыру деп аталатын цифрлық түрге көшіру педагогикалық цифрлық құзіреттілік қарым-қатынас, дағды, технологияландыру, пәнді контекстпен оқытуды, сондай-ақ олардың арасындағы қарым-қатынасты дәйекті түрде қолдану қабілеті ретінде қарастырылады. Бұл құзіреттілік педагогтің тәжірибесі артқан сайын дами береді.

Н.Ю.Гончарова, А.И.Тимошенко және т.б. ғалымдар цифрлық құзіреттілікті білім беру міндеттерінің кең ауқымын шешу үшін педагогикалық қызметте заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды өз бетінше пайдалануға дайын болатын қабілеттілік деп түсіндіреді [67].

Цифрлы білім беру ресурстарын пайдалану арқылы болашақ педагогтердің цифрлық құзіреттіліктерін қалыптастыруда МООС (Massive open online course) онлайн курстардың орны ерекше.

Бүгінгі таңда әлемнің көптеген елдерінде ашық онлайн курстарды дайдалану кеңінен талқылануда. Мәселен, Швецияның көптеген оқу орындары мұндай курстарды енгізді және оқытудың басым бөлігі онлайн режимінде жүзеге асырылады, ал онлайн курстардағы білім алушылар саны үнемі өсіп келеді [68].

Студенттік топтар арасында айырмашылықтар бар, мысалы, бүкіл бағдарламаға онлайн жазылудың орнына білім алушылар белгілі бір құзыретті тереңірек дамыту немесе ағымдағы жұмысын сақтай отырып, қосымша кәсіби білім алу мақсатында тәуелсіз курстарды таңдай алады.

Осылайша, цифрландыру жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін университет оқытушыларына жаңа сұрақтар мен міндеттер жүктейді [69].

Сонымен қатар, барлық білім беру жүйелерінің негізгі міндеті – кең ауқымды іскерлік пен дағдыға ие адамдарды дайындау.

Цифрлық құзыреттілік саласына маңызды үлес қосқан, эмпирикалық тестілеуді пайдалану арқылы цифрлық құзыреттілік теориялық моделін жасаған Р.Дж.Крумсвиктің зерттеуіне сүйенсек, «цифрлық сауаттылық» термині халықаралық деңгейде кеңінен қолданылғанымен, «цифрлық құзыреттілік» ұғымы бұрынғысынша қолайлы термин болып табылады, өйткені ол кеңірек және тұтас мағынаға ие, ал техникалық дағдылар осы күрделі цифрлық құзыреттіліктің бір бөлігі ғана. Ал цифрлық құзыреттілік – бұл болашақ педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) кәсіби контексте жақсы педагогикалық (дидактикалық) түсінумен және оның оқу стратегиялары мен білім алушылардың цифрлық базасы үшін маңыздылығын ұғыну мен ұштастыра пайдалану қабілеті [70].

2-суретте А.А.Картукованың зерттеуіне сүйене отырып, болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігінің бір-біріне тәуелді үш негізгі компоненттері ашылды: жалпы пайдаланушылық құзыреттілік; жалпы педагогикалық құзыреттілік; пәндік-педагогикалық құзыреттілік [71].



Сурет 2– Болашақ педагогтің цифрлық құзыреттілігі

Болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігі цифрлы платформаларды меңгеру арнайы біліммен тікелей байланысты және цифрлы ресурстарды пайдалана алу да маңызды. Қандай ресурстар бар

екенін, оларды қалай пайдалануға, біріктіруге және өзгертуге болатынын біле отырып, олардың ұтымды және теріс жақтары туралы ақпаратқа ие бола отырып, болашақ педагогтер оқу материалдарын саналы түрде таңдай алу, оқу процесін басқару, кері байланыс жасай алу және т.б. құзыреттіліктерді игереді.

Осыған байланысты цифрлы технологияларды білу өзекті және маңызды. Цифрлы технологиялар ескі педагогикалық идеялардың жана арнасы ғана емес, цифрлы технологиялар қоғамды, жастардың тәрбие құндылықтарын түбегейлі өзгертті. Цифрлы технологиялар педагогикалық теорияларға да әсер етті. Цифрлы құралдарға бағытталған педагогикалық теориялардың күнделікті өзара әрекеттесуден бастап жаһандық қарым-қатынастарға дейінгі өмірдің барлық салаларында жоғары сұранысқа ие болуы кездейсоқ емес.

Педагогикалық цифрлық құзыреттілікке жету үшін белгілі немесе жаңа ұғымдарды түсіну жеткіліксіз, қазіргі зерттеулерден хабардар болу және қандай цифрлық технологиялар, цифрлық платформалар бар екенін білу қажет-ақ. Мәселен, мұндай технологияларды тәжірибеде қолдана білу, болашақ педагогтермен үнемі кездесіп тұру және оларға білім берудегі жетістіктерге жету үшін нақты қолдау көрсету маңызды.

Педагогикалық цифрлық құзыреттілігі бар және оны оқу процесінде белсенді түрде пайдаланатын болашақ педагогтер цифрлы ортағы цифрлық-практикалық дағдыларын тезірек жетілдіреді, білім алушыларға кәсіби қолдау көрсете алады, жаңа цифрлы контенттер жасай алады және т.б.

Қорытындылай келе, қазіргі кездегі басты мәселе болашақ педагогтердің цифрлық дағдыларының сапасын арттыру кезек күттірмейтін мәселе, сол себепті болашақта цифрлы ортада болашақ педагогтердің практикалық құзыреттілігін жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындауымыз қажет.

Педагогикалық цифрлық құзыреттілікке ие болу болашақ педагогтерге бар педагогикалық құндылықтар, өздерінің теориялық, кәсіби білімдері мен игерілген цифрлы дағдылары арасындағы теңгерімді табуға мүмкіндік береді.

XXI ғасырда қоғамда тез қарқынмен жүріп жатқан ақпараттандыру процесі ақпараттық ортаның бұрыннан болмаған әлемдік деңгейде ауқымын кеңейтті. Ақпараттандыру процесі білім беру жүйесін де қамтып, болашақ педагогтерді кәсіби тұрғыдан даярлауды жана мазмұнда қарастыруды қажет етеді: Интернет желісі, интернет ресурстары, ақпараттық медиақұралдар және цифрлық ортадағы инновациялық педагогикалық тәжірибелер, ақпараттың әрбір адамға, соның ішінде әрбір педагогке тұрған жеріне, жұмыс орнына қармастан бірдей уақытта және бірдей көлемде лезде жетуі және т.б.

Жаңа Қазақстан жағдайында педагогикалық жоғары оқу орындарында педагог кадрларды дайындау жүйесін жетілдіру және болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр.

Цифрлы Қазақстан жағдайында әлемдік бәсекеге қабілетті болашақ педагогтерді даярлау педагогикалық жоғары оқу орнында цифрлы технологияның қыры мен сырын толық меңгерген, өзінің жеке инновациялық ақпараттық педагогикалық банк қоры, цифрлы контенті және инновациялық медиатекасы бар, білім алушының шығармашылық, креативтік, интеллектуалдық қабілетін дамыту үшін инновациялық ғылыми-зерттеушілік жұмыс жасап, оның нәтижесін диагностикалық сараптамадан өткізіп, педагогикалық мониторинг жасай алатын, инновациялық сабақтың технологиялық картасын құрай алатын жоғары интеллектуалды әлеуеті бар, цифрлы ортада инновациялық технологиялық іс-әрекетті жүзеге асыра алатын цифрлы құзыреттілігі қалыптасқан болашақ педагогтерді даярлауды жүзеге асыруды көздейді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде «құзыреттілік» сөзі кең мағынада ашылады. Педагогика ғылымдарында кәсіби құзыреттілік ұғымы білім мен іскерліктің жиынтығы, мәселелерді шешудегі дағдының көлемі, жеке сапалар мен қабілеттердің өзара қабысуы, кәсіби маңызды тұлғалық сапалар мен білім кешені, еңбекке теориялық және практикалық дайындықтың тұтас жиынтығы түрінде қарастырылады [72].

Құзыреттілік – педагогтың өзін маман ретінде өз бетімен білімін, кәсіби шеберлігін, мәдениеттілігін көтеріп, қазіргі заман талабына сай бейімдей білуі.

Қазіргі заман талабына сай заманауи болашақ педагог төмендегідей құзыреттіліктерді меңгеруі тиіс:

1) кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану;

2) білім алушылардың жобалық қызметін жоспарлау және ұйымдастыру: онлайн форумдар мен семинарлар; виртуалды оқыту ортасын ұйымдастыру үшін меншікті Web, желілік және мультимедиялық технологияларды меңгеру;

3) әртүрлі типтегі ақпаратты өңдеу дағдыларын меңгеру;

4) заманауи құралдарды пайдалана отырып, бағдарламалау дағдыларын игеру.

Цифрлық сауаттылық ақпарат пен деректермен жұмыс жасау дағдыларын, желілік байланыс пен ынтымақтастықты, цифрлық мазмұнды жасауды, қауіпсіздікті және өзекті мәселелерді шешуді қамтитын негізгі сандық дағдыларды қамтиды.

Цифрлық құзыреттілік – цифрлы технологиямен байланысты дағдыларды сипаттайтын жаңа ұғымдардың бірі. Цифрлық құзыреттілік – бұл цифрлық дағдыларды (білімдер мен көзқарастар) белгілі бір контексте (мысалы, білім беруде) сенімді, сыни тұрғыдан ойлау және жауапкершілікпен қолдану қабілеті [73].

2006 жылдан бастап цифрлық құзыреттілік Еуропалық Одақта өмір бойы білім алудың сегіз негізгі құзыретінің бірі ретінде қарастырылады [69;11].

Кәсіби нақты цифрлық дағдылар – жұмысы сандық құралдарды (мысалы, 3D принтерлер, САД бағдарламалық жасақтамасы, роботтар) пайдалану және қызмет көрсетумен байланысты адамдар үшін арнайы сандық дағдылар жиынтығы.

3-суретте DIGCOMP (азаматтарға арналған цифрлық құзыреттілік шеңбері) негізгі цифрлы құзыреттілік аясы бес салаға бөліп көрсетілді.

Цифрлы дағдыларға жататындар: фото-бейнелеу дағдылары; репродукциялық дағдылар; тармақталу дағдылары; ақпараттық дағдылар; әлеуметтік-эмоционалды дағдылар; нақты уақыттағы ойлау дағдысы.

Цифрлы құзыреттіліктің төрт түрі ажыратылады: ақпараттық және медиақұзыреттілік; коммуникативтік құзыреттілік; техникалық құзыреттілік; тұтынушылық құзыреттілік.

Ақпараттық құзыреттілік дегеніміз – болашақ педагогтің ақпаратты ұсына білу, ақпаратты таба білу және ақпаратты сақтау қабілеті.

Болашақ педагогтің коммуникациялық құзыреттілігі:

1) желілік құжаттармен және бұлттық технологиялармен жұмыс істей білуі;

2) ақпаратты беру және алмасу үшін Интернет байланыс арналарын құру мүмкіндігін пайдалана алуы;

3) желілік топтарды модерациялау және желілік этикетті жүзеге асыру мүмкіндігі ретінде топтық желі саясатын құру.

Медиақұзыреттілік болашақ педагогтің мәтінді, дыбысты, бейнені графикалық өңдеуі; мультимедиялық, интерактивті, гипермәтіндік материал және сабаққа интерактивті дидактикалық материалдарды құра алуы.




Сурет 3– Цифрлы құзыреттіліктің сипаттамасы

Болашақ педагогтің технологиялық дағдыларын құрайтындар: мәтін, сурет және фотосуреттерді қосу және өңдеу; диаграмма, кесте, қарапайым сызбаларды тез және сапалы құру; бейне жазу және өңдеу; кез келген слайдқа дыбыстық және шағын бейне фрагменттерін қосу және т.б.

Болашақ педагогтің ақпараттық қауіпсіздік құзыреттіліктері:

- 1) цифрлық нысанда және интернет кеңістігінде ақпаратты пайдалану, сақтау және беру мәселелері бойынша құқық саласындағы білімі;
- 2) лицензиялау заңнамасын білу;
- 3) құпия ақпаратты сақтау ережелерін сақтау мүмкіндігі;
- 4) ақпараттық өнімдерді, компьютерлік үлгілерді және цифрлық прототиптерді пайдалану кезінде авторлық құқықты құрметтей білуі;
- 5) еркін таратылатын және пайдаланылатын цифрлық ақпараттық өнімдерді, цифрлық құралдар мен ресурстарды, соның ішінде ғаламтордан ақпараттарды тез әрі жылдам таңдау, іріктеу және өңдеу мүмкіндігі.

Цифрлы ортада болашақ педагогтің педагогикалық құзыреттілігінің мазмұны да бағыты да өзгереді, сол себепті «цифрлық сауаттылық»; «цифрлық құзыреттілік» ұғымдарының мәнін ашу маңызды (4-сурет).



Сурет 4– «Цифрлық сауаттылық» және «цифрлық құзыреттілік» ұғымдарының мәні

Жаңа ғасырда цифрлық білім берудің жаңа технологиялары мен форматтары пайда болды: қашықтықтан оқыту технологиялары; аралас оқыту; жобалық іс-шараларды ұйымдастыру; бетпе-бет оқытудың жаңа форматтары.

Бүгінде педагогика ғылымының жаңа саласы цифрлы педагогика өмірге келді. Цифрлық педагогика – әртүрлі цифрлық технологияларды қамтитын және соның нәтижесінде білім беру қызметінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін педагогикалық процесті зерттейтін педагогиканың жаңа саласы.

Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, цифрлық сауаттылық – түрлі цифрлық платформалардағы мәтін мен басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен ақпаратты табу, бағалау және нақты жеткізу мүмкіндігі, ал цифрлы құзыреттілік – бұл индивидтің өмірде іс-әрекеттің әртүрлі аймағында ақпараттық-коммуникациялық технологияны қауіпсіз таңдау, сенімді, сындарлы және тиімді пайдалануы, цифрлы контентпен жұмыс, қарым-қатынас, тұтыну және т.б. [74].

Үшінші мыңжылдықта ақпараттық, цифрлық және телекоммуникациялық технологиялардың қарыштап дамуына байланысты «цифрлы құзыреттілік» ұғымының мәні жылдан-жылға кеңейе түсуде.

Солдатова Г.У., Нестик Т.А., Рассказова Е.И., Зотова Е.Ю. және т.б. ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, цифрлы құзыреттілік – құрамында тағы да төрт құзыреттілікті біріктіретін күрделі феномен [75]:

1) Ақпараттық және медиақұзыреттілік. Бұл цифрлы ақпараттарды іздеу, ұғыну, ұйымдастыру, мұрағаттау және оларды сындарлы ой-елегінен өткізе алумен байланысты болатын білім, білік, ынталандыру және жауапкершілік, сондай-ақ цифрлы ресурстарды (мәтін, аудио және бейне) пайдаланып, ақпараттық ортаны қалыптастыру.

2) Коммуникативті құзыреттілік. Бұл әртүрлі мақсаттар үшін жасалынатын қарым-қатынасқа қажетті білім, білік, ынталандыру және жауапкершілік (электронды почта, чаттар, блоктар, форумдар, әлеуметтік желі және т.б.).

3) Техникалық құзыреттілік. Бұл техникалық және бағдарламалық құралдарды, соның ішінде компьютерлік желі, бұлттық сервистерді қауіпсіз әрі тиімді пайдаланып, әртүрлі міндеттерді орындау үшін қажетті білім, білік, ынталандыру және жауапкершілік.

4) Тұтынушылық құзыреттілік. Бұл күнделікті міндеттерді орындауда цифрлы құрылғылар және ғаламтор көмегімен түрлі қажеттіліктерді қанағаттандыратындай, нақты өмірлік жағдаяттарды шешу үшін қажетті білім, білік, ынталандыру және жауапкершілік (5-сурет).

Цифрлы технологиялар болашақ педагогтердің білім деңгейлерін бақылау мен бағалаудың қолданыстағы әдістерін дамытуға және жаңа, неғұрлым озық заманауи әдістерін құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім алушылар туралы және олардың цифрлық ортадағы белсенділігі туралы көптеген ақпаратты талдау арқылы ЖОО оқытушысы оған жеткілікті дәрежеде көмек көрсете алады, цифрлы ортада болашақ педагогтің дербес жұмыс жасауына мүмкіндік ашылады.

Дегенмен де болашақ педагог дербес деректерді сақтау саласындағы заңнаманы және нормативтік құжаттарды білу, қауіпсіз цифрлық білім беру ортасын ұйымдастыру мүмкіндігі, сандық құралдармен және оқу платформаларымен қауіпсіз жұмыс істеу мүмкіндігі, білім беру қатынастарының барлық қатысушыларының құқықтарын сақтай отырып, цифрлық ортада оқу орнының оң имиджін қалыптастыру мүмкіндігі сияқты ақпараттың қауіпсіздігі және құпиялылығын сақтауы маңызды.

Ақпараттық және медиақұзыреттілік	<ul style="list-style-type: none"> • Ізденіс, сындарлы ойлау, ақпаратты қорғау • Цифрлы ресурстарды пайдаланып жаңа өнімдер жасау
Коммуникативті құзыреттілік	<ul style="list-style-type: none"> • Әртүрлі формада онлайн қарым-қатынас орнату: электронды пошта, чат, блог, форум, элеуметтік желілер және т.б.
Техникалық құзыреттілік	<ul style="list-style-type: none"> • Компьютерді тиімді және қауіпсіз қолдану, әртүрлі мәселелерді, есептерді шешуді бағдарламалық қамтамасыз ету
Тұтынушылық құзыреттілік	<ul style="list-style-type: none"> • Әртүрлі қажеттілікті қанағаттандыру үшін күнделікті міндеттерді шешу

Сурет 5– Цифрлы құзыреттілік түрлері

Цифрлы ресурстармен жұмыс жасағанда болашақ педагог төмендегідей жеке деректер мен құпия ақпараттың қауіпсіздігін сақтауы тиіс:


- 1) сақтық шаралары үшін барлық файлдардың көшірмесін мезгіл-мезгіл жасап тұру;
- 2) дайын жұмысты сақтау үшін сыртқы дискілерді немесе сенімді әзірлеушілердің бұлттық жадын пайдалану;
- 3) бұлтты сақтау қызметін пайдалану;
- 4) қызметтік және жеке хат-хабарларды бөлу үшін қосымша пошта жәшіктерін жасау.

Сондай-ақ, цифрлы ортада жұмыс жасағанда болашақ педагог төмендегідей талаптарды басшылыққа алуы шарт:

- 1) онлайн және қашықтан байланысу мүмкіндігін;
- 2) қашықтан қақтығыссыз хабар алмасу мүмкіндігін;
- 3) талқылау тақырыбынан алшақтататын жағымсыз мәлімдемелер мен пікірталастарды тоқтату мүмкіндігі;
- 4) желілік топ мүшелерінің мінез-құлқын модерациялау мүмкіндігі; жариялау белсенділігін ынталандыру, талқылауға қатысушыларды белсендіру және талқылауды мәселеге сәйкес ұстау;

- 5) ақпарат көздеріне қол жеткізу қауіпсіздігін анықтау мүмкіндігі;
 б) ақпараттың дұрыстығын тексеру мүмкіндігі.

Ал, 6-суретте цифрлы ортадағы болашақ педагогтің цифрлы педагогикалық құзыреттілігі ашылды: педагогикалық құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, технологиялық құзыреттілік.



Сурет 6 – Цифрлы ортадағы болашақ педагогтің цифрлы педагогикалық құзыреттілігі

Болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру үшін қолданылатын технология азды-көпті ашық болуы керек. Болашақ педагогтердің цифрлы білім беру стратегиясын анықтау кезеңінде білімге деген көзқарасты өзгертудің педагогикалық салдарларына назар аудару маңызды.


Цифрлы технологияның адам дамуындағы рөлі және ақпарат көздерін сыни тұрғыдан бағалау қабілеті бойынша этикалық сұрақтарды ескере отырып, цифрландырудың қоғамға әсеріне назар аудару маңызды.

Болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту екі бағытта – бір жағынан практикалық білім және екінші жағынан өзіндік рефлексияны зерттеу барысында жүзеге асады: түсіну; пайымдау; сындарлы ойлау; ізденіс; жаңашылдық.

Болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту, түсіну сатысына жеткенде технология олардың оқыту тәжірибесіне кешенді кіріктіріледі және соңғы кезеңге жеткенде білім берудегі инновацияларды жасау және енгізу қабілеті, олар АКТ-ны пайдалана отырып, педагогикалық және дидактикалық жаңалықтарды дамыта алады.

Онлайн курстар арқылы болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру кәсіби контексте цифрлық технологияның көмегімен педагогикалық процесті жоспарлау, ұйымдастыру, басқару, дамыту, жетілдіру қабілеті болып табылады.

Болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігі цифрлық технологиялар қолданылатын кәсіби контексте педагогикалық жұмыстың барлық түрлерін қамтиды: микродеңгей (өзара әрекеттестік деңгейі); мезодеңгей (курс деңгейі); макродеңгей (7-сурет).



Сурет 7– Болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру деңгейлері

Болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігі практикалық білімді де, концептуалды білімді де, сонымен қатар гносеологиялық білімді де қамтиды.

Қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қосымша дамытуға және анықтауға мүмкіндік бар, атап айтқанда:

1) білім алушылармен және әріптестерімен цифрлы ресурстарды (платформаларды) пайдаланып байланыс мүмкіндіктерін кеңейту;

2) цифрлы ортада оқытушылармен материалдар алмасу және құру дағдыларын дамыту;

3) оқу материалын құру және барды бейімдеу үшін цифрлы контенттерді пайдалану;

4) ақпаратты қорғау тәсілдері туралы білімдерін тереңдету;

5) ақпараттың сенімділігін бағалау және жалған немесе бір жақты ақпаратты анықтау;

6) цифрлық технологияларды қауіпсіз және жауапкершілікпен пайдалану;

7) білім беру мәселелерін шешу үшін цифрлық технологияларды шығармашылықпен қолдану;

8) білім беру процесінде цифрлы технологияларды қолдану және білім алушылардың желідегі белсенділігін бақылау;

9) білім алушылардың үлгерімі мен интеллектуалды өсу деңгейлерін бағалау және бақылау үшін сандық құралдарды пайдалануды үйрену және оларды қосымша қолдану [76].

Оқыту процесінде цифрлы технологияларды пайдаланудың артықшылықтарының бірі – білім алушыларды түгелдей оқу процесіне белсенді қатыстыруға мүмкіндіктерінің болатындығы.

Цифрлы технологияларды білім беру қызметін әр білім алушының білімділік деңгейіне, оның қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне бейімдеу мақсатында пайдалануға болады.

Сонымен қатар, бар теңсіздіктің жағдайын күшейтпеу үшін (мысалы, білім алушылардың барлығы бірдей интернет желісіне және дербес компьютерге қол жетімділікке және цифрлы технологияларға икемділікке ие емес) және технологияның барлық білім алушыларға қол жетімді болуын қадағалау маңызды.

1.3 Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері

Жаңа Қазақстан жағдайында педагогикалық жоғары оқу орындарында педагог кадрларды дайындау жүйесін жетілдіру және болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр.

XXI ғасырда қоғамда тез қарқынмен жүріп жатқан ақпараттандыру процесі ақпараттық ортаның бұрыннан болмаған әлемдік деңгейде ауқымын кеңейтті. Ақпараттандыру процесі білім беру жүйесін де қамтып, болашақ

педагогтерді кәсіби тұрғыдан даярлауды жаңа мазмұнда қарастыруды талап етіп отыр.

Интернет желісі, интернет ресурстары, ақпараттық медиақұралдар және цифрлық орта арқылы инновациялық педагогикалық тәжірибелер, яғни ақпарат әрбір адамға, соның ішінде әрбір болашақ педагогке тұрған жеріне, жұмыс орнына қармастан бірдей уақытта және бірдей көлемде лезде жетуде.

Цифрлы Қазақстан жағдайында әлемдік бәсекеге қабілетті болашақ педагогтерді даярлау педагогикалық жоғары оқу орнында ақпараттық-инновациялық технологияның қыры мен сырын толық меңгерген, өзінің жеке инновациялық ақпараттық педагогикалық банк қоры, инновациялық медиатекасы бар, жаңа апараттық коммуникациялық технологияны меңгерген, білім алушының шығармашылық, креативтік, интеллектуалдық қабілетін дамыту үшін инновациялық ғылыми-зерттеушілік жұмыс жасап, оның нәтижесін диагностикалық сараптамадан өткізіп, педагогикалық мониторинг жасай алатын, инновациялық сабақтың технологиялық картасын құрай алатын, жоғары интеллектуалды әлеуеті бар инновациялық технологиялық іс-әрекетті жүзеге асыра алатын болашақ педагогтерді даярлауды жүзеге асыруды көздейді. Цифрлық білім беру ортасы – бұл адамның білім алуына, дамуына, әлеуметтенуіне арналған ресурстардың, жағдайлар мен мүмкіндіктердің ашық кешені. Бұл ортаның педагогикалық әлеуеті қаншалықты сұранысқа ие және пайдаланылады, бұл оқушының өзінің пәндік белсенділігі мен оқу дербестігіне байланысты.

Кәсіптік орта білім беру бағдарламаларында білім алушылар оқу принципінде сандық білім беру ортасының әлеуетін пайдалануда мотивациялық және аспаптық іс-әрекеттің төмен деңгейімен сипатталады.

Цифрландыру процесіндегі білім беру элементтері:

- кейбір элементтер қазірдің өзінде цифрландырылуы мүмкін (тиісті цифрлық құралдардың болуына байланысты, бұл олардың педагогикалық нәтижелілігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді;
- басқалары тиісті цифрлық білім беру құралдарын әзірлегеннен кейін цифрландырылуы мүмкін;
- цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін ескере отырып, алдын ала жетілдіру (трансформациялау), содан кейін ғана оларды цифрландыруды жүзеге асыру қажет;
- білім беру принципіннің бірқатар элементтері бар, оларды цифрландыру педагогикалық тұрғыдан мүмкін емес; оларды дәстүрлі (әлеуметтенбеген) түрде сақтау керек.

Қашықтықтан оқытуда білім алушыларды ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етуді И.А.Малинина; қашықтықтан оқыту жағдайында ЖОО студенттерінің өзіндік жұмыстарын педагогикалық қамтамасыз ету – Л.Н.Починалина; қашықтықтан оқытуда студенттердің оқу нәтижелерін бейіндік тестілеу – А.А.Малыгин; қашықтықтан оқыту процесінде студенттердің субъектіліктерін дамыту – О.В.Горбунова; қашықтықтан оқыту жағдайында дербестікті жүзеге асыру – Т.А.Фадеева; қашықтықтан білім беру

технологияларын ЖОО студенттерінің оқу әрекеттерін ынталандыру ерекшеліктері – Н.В.Сокольская; интернет желісін пайдалану арқылы қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін ақпараттық білім беру ортасын бағдарламалы қамтамасыз етуі және жетілдіруін – А.А. Карасик; қашықтықтан білім беру жағдайында студенттерді ақпараттық технологияны пайдалануға бейімдеу – И.С.Галченкова; қашықтықтан оқыту жағдайында студенттердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру – Г.А.Гареева; болашақ педагогтерді дайындауда қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың педагогикалық шарттары – С.Г.Бондарева; қашықтықтан оқытуда педагогтердің кәсіби құзырлығын қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздерін – Б.Ж.Нұрбеков; қашықтықтан оқыту жағдайында студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруды Д.М.Джусубалиева зерттеген [77- 89].

Цифрлық білім беру, сандық білім беру ортасының ресурстарын белсенді және тиімді қолдана отырып, білім беруді дербес ұйымдастыру және ынталандыру ұсынылады:

1) білім алушылардың оқу дербестігінің төмендігі жағдайында әртүрлі мүмкіндіктермен қаныққан ортақ ұйымның цифрлық білім беру жүйесін құру қажет, бірақ ұйымның шарттары бойынша педагогикалық тұрғыдан тиімді цифрлық білім беру процесі жеткіліксіз. Сондай-ақ, осы ортада білім алушылардың қызметін ұйымдастыру жүйесін құру маңызды;

2) цифрлық білім беру ортасының және цифрлық оқыту құралдарының болуы өзі емес оқу дербестігінің төмен деңгейі бар білім алушылардың оқу уәждемесін қолдау үшін жеткілікті құрал [90].

Цифрлық технологияларды пайдалану білім беру принципін құру және дәстүрлі білім беру құралдарымен шешілмейтін «мәңгілік» және түбегейлі жаңа білім беру міндеттерінің кең кешенін шешу үшін жаңа мүмкіндіктер туғызады.

Оқу мотивациясымен, оның ішінде цифрлық технологиялар құралдарымен қамтамасыз етілетін басқару құралдарының кешенін пайдалану қажет:

- берілген оқу нәтижелерін толық игеру негізінде сәттілік жағдайы, бұл дәстүрлі университетке дейінгі білім беруде оқу мотивациясының басым факторы ретінде қорқыныштың рөлін едәуір төмендетуге мүмкіндік береді;

- оқу тапсырмаларын орындау барысында жедел кері байланыс орнату;

- оқу мотивациясын басқарудың әлеуметтік және эмоционалды әдістерінің кең спектрін қолдану, оның ішінде ойын ортасын қолдану, желідегі серіктестермен өзара әрекеттесу, оқу топтарын құру, білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру және т.б.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде «құзыреттілік» сөзі кең мағынада ашылады. Педагогика ғылымдарында кәсіби құзыреттілік ұғымы білім мен іскерліктің жиынтығы, мәселелерді шешудегі дағдының көлемі, жеке сапалар мен қабілеттердің өзара қабысуы, кәсіби маңызды тұлғалық сапалар мен білім кешені, еңбекке теориялық және практикалық дайындықтың тұтас жиынтығы түрінде қарастырылады.

Шетел сөздерінің қысқаша сөздігінде: «құзіреттілік» (латынша «competens» – надлежащий, способный) – белгілі бір салада білгір, білікті, өзінің білімімен қандай да бір нәрсені шешуге немесе жасауға құқылы» деген анықтама беріледі [2; 117].

Ал, орыс тілінің энциклопедиялық сөздігінде «құзіреттілік» ұғымы келесідей ашылады: «Құзіреттілік» (латынша «competens» – лайықты, қол жеткізуге ұмтылу, сәйкес) – қабілетті, білікті, өз ісін жетік білуі; белгілі бір аймақтағы білім мен тәжірибе [1; 545].

Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, «құзыреттілік» сөзінің құрамына кәсіби, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, құқықтық және т.б. интеграцияланған күрделі, кең мазмұнды сипаттамалар түсінігі кіреді. Жалпылама түрде маманның құзыреттілігі оның кез келген салада кәсіби қызметінің нәтижелі болуы үшін қабілеттері, сапасы мен тұлғалық қасиеттерінің бір-бірімен байланыстылығын көрсетеді.

Құзыреттілік компоненттері:

1) **ұйымдастырушылық қабілеттілік** – маманның өзара бірлескен ынтымақтастық байланысты ұтымды жасай алуы;

2) **эмпатияға қабілеттілік** – өзгені түсінуі; жаны ашуы; өзін өзгенің орнына қоя алуы;

3) **рефлексиялық қабілеттілік** – өз мінез-құлқы мен серіктесінің қылығын лезде реттей алуы; дау-жанжал жағдайында тиімді шешім қабылдай алуы; қолайлы психологиялық ахуал туғыза білуі; субъектаралық қатынастың өрбуін болжай алуы [91].

8-суретте құзыреттілік компоненттері ашылды.



Сурет 8– Құзыреттілік компоненттері

Құзыреттілік – педагогтың өзін маман ретінде өз бетімен білімін, кәсіби шеберлігін, мәдениеттілігін көтеріп, қазіргі заман талабына сай бейімдей білуі, құзыреттілік креативке бастайтын жол.

Қысқаша психологиялық сөздікте «креатив» ұғымына төмендегідей анықтама беріледі: «Креатив» (creatio) латын тілінен тікелей аудармасы – «жасап шығару»; «жасырын күш»; «жасап шығаруға қабілеттілік». Креативтілік – өнімді әрекет етуге дайын болу, жаңалық ашуға дайындығын көрсететін индивидтің тұлғалық сапасы. Индивидтің жоғары нәтижелерге жетуге деген тұрақты мотивтерінің болуы [92].

Ғалым Б.А.Оспанова болашақ мамандардың креативтілігін қалыптастырудың ғылыми негіздерін аша отырып, «креатив» ұғымына төмендегідей анықтама ұсынады: «Креатив – шығармашылыққа қабілеттілік, соны ойлау: тұлғаны сипаттайтын шығармашылық қабілеттердің деңгейі; адамның қалыптан тыс ойлауы; индивидтің жаңа идеяларды ашуға қабілеттілігі; шығармашылық, дарындылық деңгейі; тез арада тапқыр шешім қабылдай алу; интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейі; жананы қабылдай, түсіне алуға қабілеттілік; қалыптан тыс жағдаяттарды шеше алу» [93].

Болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыруда цифрлы технологияның атқаратын рөлі зор.

Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің креативті құзыреттіліктерін қалыптастыруда «технология» ұғымының маңызы ерекше. Бұл термин өмірге компьютерлік техниканың келуімен және білім беру саласында «жаңа компьютерлік технологияның» енуімен сипатталады. Ғылымда дамудың жаңа бағыты – технологиялық бағыт өмірге келді. Ғылымдағы осы технологиялық бағыттың пайда болуы және оның педагогикада тереңірек зерттеле басталуы кездейсоқтық емес. Себебі педагогика ғылымы ежелден-ақ білім беру, тәрбиелеу, оқыту саласындағы ең тиімді әдіс-тәсілдірді, технологияны табуға, оны өмірде пайдалануға, жоғары нәтиже алуға талпынады, оқытудың жаңа формалары мен әдістерін табуға ұмтылады.

«Технология» сөзі грек тілінен енген және екі сөз тіркесінен құралады: «techne» – өнер, шеберлік, іскерлік дегенді білдірсе; «logos» – ғылым, ілім дегенді білдіреді және «өнер туралы ілім» немесе «шеберлік туралы ілім» [94].

Алғашында «технология» ұғымы өндіріс саласында қолданыла бастады да ғылымда «технологиялық процесс» термині ендірілді. Технологиялық процесс деп бұған дейін белгілі ғылыми заңдылықтар негізінде белгілі бір реттілікпен орындалатын операциялар жүйесінен тұратын жәй басқарылатын өндірістік процесі атайды [95].

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдауымыз көрсеткендей, қазіргі педагогикалық теорияда «педагогикалық технология» ұғымына бірдей көзқарас жоқ, оны біреулер білім беру ұйымдарын техникаландыру десе, енді біреулер оқытуды аудиовизуальды құралдармен қамтамасыз етіп, компьютерлендіру деп қарастырады, ал келесі бір көзқарас

бойынша дидактикалық жобалар мен педагогикалық жүйені, оны практикада қолданудың дәрежесін көтеру болып табылады. Осының бәрі бұл ұғым, құбылыстың көп қырлылығын сипаттайды, яғни оны зерттеудің методологиялық бағыт-бағдарын негіздеуді қажет етеді. Мұндай бағыт-бағдарға жүйелілік, іс-әрекеттік және жеке көзқарас тән.

Ғалым Б.Т.Лихачев педагогикалық технологияны оқу процесіне белгілі бір мақсат көздей әсер ететін педагогикалық ықпал деп түсіндіреді. Ал, технологиялық процесті нақты педагогикалық нәтижеге жетелейтін бірліктердің (өлшемдердің) белгілі бір жүйесі ретінде көрсетеді.

Б.Т.Лихачев: «Педагогикалық технология түпкілікті өзгермейтін механикалық құрылым емес, білім алушы және оқытушы арасындағы қайта, үнемі түрленіп отыратын өзара қарым-қатынасының өзегі, мазмұнды ұйымдастырушы құрылым. Педагогикалық технологияның мәні – шығармашылық қабілеттің дамуы үшін қажетті жағдай туғызу» – деп, педагогикалық технологияның мәнін ашады [96].

Ал, В.П.Беспальконың пікірі бойынша, «Педагогикалық технология – оқу процесін жүзеге асыратын мазмұндық техника» [97].

Белгілі ғалым-әдіскер В.М.Монахов: «Педагогикалық технология – бұл білім алушы және оқытушы арасындағы оқу процесін жобалау және ұйымдастыруда бірігіп қызмет етуіне қолайлы жағдай туғызатын, әбден ойластырылған педагогикалық «іс-әрекеттің үлгісі» – деп анықтайды [98].

ЮНЕСКО-ның анықтамасы бойынша, «педагогикалық технология – бүкіл оқыту процесі мен білімді техникалық және адам ресурстарын олардың бір-біріне өзара әсерін, білім берудегі формасын оңтайландыру міндеттерін ескере отырып, меңгеруді жүзеге асырудың жүйелі әдісі» [99].

М.Чошанов: «Технология – бұл дидактикалық жүйенің құрамды бөлігі» – деп анықтама береді [100].

Г.К.Селевконың пікірінше, педагогикалық технология үш түрлі өрісте көрінуі мүмкін: ғылыми, бейнелік және нақты. Бірінші жағдайда ол педагогика ғылымының оқытудың мақсатын, мазмұнын және оқыту әдістерін зерттеп, педагогикалық процесті жобалаушы бөлігі, аймағы болып табылады [101].

Болашақ педагогтің технологиялық білік-дағдыларына жататындар: операциялдық-әдістемелік білік-дағдылар; психологиялық-педагогикалық білік-дағдылар; бағалаушылық білік-дағдылар; диагностикалық білік-дағдылар; сараптамалық білік-дағдылар; ғылыми-зерттеушілік білік-дағдылар – smart дағдылар [102].

«Smart» моделін қолдана отырып, цифрлық технологияның оқыту мен оқытуға қалай әсер ететінін сипаттауға болады.

«Smart» модель төрт кезеңнен тұрады: ауыстыру; жинақтау қайта құру; модификация (9-сурет).

Білім беру принципін цифрландыру жағдайында оқытудың белсенді және интербелсенді формаларының рөлі арта түседі. Цифрландыру принципі оқу материалдарын ұсынуда және оқу принципін ұйымдастыруда жаңа сапалы мүмкіндіктер (цифрлы қоғамда әлеуметтену жағдайында шынайы болып

табылатын белсенділіктің жаңа түрлерінің балалар мен жас жеткіншектердің өмірінде пайда болуы мен таралуы) тудырады.

Цифрлық білім беру принципін құру қажеттілігін тудыратын факторлар білім беру және оқытуда цифрлық қоғамның қалыптасуын сипаттайтын үш бағыт бар:

1) цифрлық экономика және оны қалыптастыратын кадрларға қойылатын жаңа талаптар;

2) цифрлық ортаны құрайтын және онда дамитын жаңа цифрлық технологиялар;

3) цифрлық ұрпақ (ерекше әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары бар білім алушылардың жаңа буыны).

Цифрлық құзыреттіліктерден басқа адамның компьютерлік және цифрлық технологияларды пайдалануын қамтамасыз ететін және кез-келген қызметкердің заманауи функционалдық сауаттылығының өзегін құрайтын жаңа кешенге цифрландырудың әсерінен өзгертін басқа құзыреттер жиынтығы мазмұнынан (кәсіби, жалпы кәсіби, әмбебап) күтілетін білім беру нәтижелері кіреді.



Сурет 9– Цифрлы технологияның «SMART» моделі

Көптеген цифрлы технологиялардың дидактикалық (білім беру маңызды) әлеуеті бар, оның сипаттамалары: еркіндік, дербестік, гипермәтіндік, субмәдениет, мультимедиялық (көпмодальдық), интерактивтілік (10-сурет).

Цифрлы технологияларды қашықтан білім беру беру жағдайында пайдаланған тиімді.

Ал, қашықтан білім беру беру жағдайында болашақ педагогтердің креативті құзыреттіліктерін дамытудың маңызы зор.

Ғалым Б.А.Оспанова болашақ мамандардың креативтілік компоненттерін ашып көрсетті:

1) **Мақсаттылық:** педагогикалық процесті жоспарлай алу; қалыптан тыс ойлау және әрекет ету; мақсат пен міндеттерді нақтылау; болжамдарды тексеру; сындарлы ойлау.

2) **Технологиялық:** коммуникативтілік; теориялық білімді практикада қолдана алуы; жаңа білімді іздеп табуы; белсенділік; өзгертуге ашықтық; стандартты емес іс-әрекетке бейімделу.

3) **Рефлексиялық:** жағдайды ой елегінен өткізу; өзіндік қабылдау; өзіне-өзіне баға беру; өзін-өзі дамыту; өзіне-өзі баға беру; өзін өзгенің орнына қоя алуы және т.б. [93;108].

Ғалым Б.А.Тұрғынбаева «креативтілік» ұғымына педагогика ғылымы тұрғысынан төмендегідей анықтама ұсынады: «Креативтілік – ақпараттық, ағымдық процестерде байқалатын тұлғаның қасиеті: ақпараттық ішкі құрылымдарға енуі арқылы пайда болатын тұлғаның сапасы; гипотеза ұсынғанда шешімді іздегенде және оның дұрыстығын дәлелдеуге көрінетін қасиет [103].

Сонымен, креативтік – шығармашылық, жаңаны ашу, қалыптан тыс ойлау, тапқыр шешімдерді туғызуға қабілеттілікті анықтайтын тұлғаның дара, тұрақты кіріктірілген сапасы болса, ал креативтілік – белгілі бір процестердің жиынтығы, әрекет, процесс: жаңашылдық әрекет; адамның қажеттілігінен туындайтын табиғи процесс; білімнің жетіспейтінін сезінуден болатын дискомфорт (қолайсыздық), сезімталдық; мәселені анықтау, шешімді іздеу, болжамдар ұсыну; шешімнің нәтижесін жариялау, тұжырымдау.

Еркіндік	•Жаһандық ақпараттық желіде ақпарат іздеу еркіндігі
Дербестік	•Қажеттіліктерге қарай шексіз мүмкіндіктің болуы, материалды ұсыну тәсілі, күрделілік деңгейін, жұмыс қарқыны, оқу көмегінің сипаттамасы, серіктестердің, әрбір білім алушының ерекшеліктері
Гипермәтіндік	•Мәтін бойынша қозғалу еркіндігі, ақпаратты қысқаша баяндау, мәтіннің модульділігі, үздіксіз оқу, ақпараттың анықтамалық сипаты, ақпаратты жинақтау, пайдалану
Субьмәдениет	•Цифрлық ұрпақ үшін әлемнің әдеттегі бейнесіне сәйкестік, тану, эмоциональды-психологиялық жақындық, қамтамасыз ету, дәстүрлі оқытудың келеңсіз ортасымен қарама-қайшы келетін жайлылық жағдайы
Мультимедиалық (көпмодальдық)	•Оқу процесінде түрлі арналарды (есту, көру, қозғалыс) кешенді түрде қолдану қабілеті
Интерактивтілік	•Байланыс және өзара әрекеттесу процесінде көп субъективтілікті қамтамасыз ету мүмкіндігі)

Сурет 10– Цифрлы технологиялардың дидактикалық сипаттамалары

Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің креативті құзыреттіліктері дегеніміз – болашақ педагогтің ақпараттық ортада цифрлы оқу контенттерімен дербес әрі нәтижелі жұмыс жасай алуы.

Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктері дегеніміз – білім беру процесін ұйымдастырудың барлық кезеңдерінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны еркін пайдалануға және сабақты дайындықтан бастап, цифрлы ортаны құруға көмектесетін білім алушылардың жеке білім беру траекторияларын құруға, оларды ынталандыруға және оқу жетістіктерін болжауға көмектесетін мүмкіндік беретін білім, білік және дағдылар жиынтығы [104].

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар білім мен қарым-қатынас қажет болған жерде мәселелерді шешуге көмектеседі: оқу процестерін жетілдіру, білім алушылардың білім беру нәтижелерін және олардың оқу мотивтерін арттыру, өзара іс-қимыл ықпалдастықты жақсарту, білім беру ұйымдары желісіндегі байланыс және бірлескен жобаларды жүзеге асыру, цифрлы білім беру бағдарламаларын ұйымдастыруды және басқаруды жетілдіру.

Бұл таңқаларлық жайт емес, өйткені интернет-ресурстар инновациялық экономика мен заманауи қоғамды дамытуға мүмкіндіктер білім беру үшін қол жетімді болмақ [105].

Соңғы жылдары көптеген елдер, соның ішінде Ресей ғалымдары, білім беру процесінде цифрлық технологияларды қолдану шарттары мен салдарын зерттеуге бағытталған көптеген күш-жігер жұмсады, педагогтердің жұмыстарындағы өзгерісті, білім беру әкімшілігіне қойылатын жаңа талаптарды сипаттады, сонымен бірге бұл процестің тигізетін оң, пайдалы тұстары және теріс, кемшіл жақтарын толықтай зерделеді.

Білім беру саласындағы көшбасшы елдердің тәжірибесін егжей-тегжейлі талдау педагогикалық тәжірибеде педагогтердің техникалық біліктіліктеріне қойылатын талаптардың қарапайым тізімінен бас тартуға мүмкіндік береді. Керісінше, педагогтің АКТ құзыреттіліктері оларды педагогикалық жұмыстың барлық кезеңдерін ұйымдастыруға және цифрлық технологияларды тиімді пайдалану (оқытуды дараландыру, шығармашылық тапсырмаларға арналған техникалық шешімдер, интерактивті жобалық жұмыстар және т.б.) негізінде білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік беретін қолданбалы білім, білік және дағдылар жүйесі ретінде сипатталады [106].

Педагогтердің цифрлық технологияларды қолдану құзыреттілігі олардың технологияны оқу процесінде қолдана білуінен ғана емес, сонымен бірге олардың әріптестерімен, білім алушылармен, оқытушылармен, ғылыми қауымдастықпен және басқа да мүдделі тараптармен ынтымақтастық пен қарым-қатынас тәсілдерінен көрінеді: инновацияны өз тәжірибесіне ендіре алуы; кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жетілдіре алуы және дамытуы [107].

Зерттеудің мақсаты – жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіруде үшін Қазақстандық және Еуропалық білім

беру интеграциясы аясында қазақстандық ЖОО және шетелдік ЖОО ынтымақтастық серіктестігі негізінде қашықтықтан білім беру жағдайында ҚР-да болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық және әдістемелік аспектілерін айқындау[108].

Зерттеудің міндеттері:

1. Жаңа жағдайдағы Қазақстанда қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық және әдістемелік бағыттарын айқындау.

2. Қазақстандық ЖОО және шетелдік ЖОО білім беру интеграциясы аясында қашықтықтан білім беру жағдайында ҚР-да болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыруда М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті (Дулати Университеті) мен Ресейдің Шадринск мемлекеттік педагогикалық университетінің (ШМПУ) ынтымақтастық серіктестігінің моделін жасау, интегративтік әдіснамасы мен жүзеге асыру тетіктерін айқындау.

3. Жаңа жағдайдағы Қазақстанда қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық және әдістемелік бағыттарын айқындаудың тиімді жолдарын анықтау [108;73].

Ғылыми Жоба аясында М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті мен Ресейдің Шадринск мемлекеттік педагогикалық университеті арасында өзара ынтымақтастық байланыс орнату үшін келісім шарт жасалынды (А-қосымша).

XXI ғасырда білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру үшін оқыту бағдарламасын сыни ойлау, өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға, қашықтықтан да білім алуға бағыттау қажет.

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін модернизациялау, болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі туындауда.

Әлемдегі және еліміздегі орын алған Covid-2019 эпидемиологиялық төтенше жағдайға қашықтан оқыту форматы біраз мәселенің бетін ашты. Жалпы орта білім беретін мектептер, колледждер, тіпті ЖОО-ның өздері де бұған 100% дайын болмай шықты: сандық білім беру ресурстарының жеткіліксіздігі; педагогтердің цифрлық құзыреттілігінің төмендігі және т.б.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, қашықтан оқыту барысында да инновациялық білім алып, кәсіби біліктілікті арттыруға толықтай мүмкіндік бар. Қашықтықтан оқыту – білім алушы мен педагогтің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара оқу жұмыс іс-әрекеті кезіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, телекоммуникациялық құралдарды пайдаланып жүзеге асырылатын оқыту.

Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері кезеңінде болашақ педагогтерге төмендегідей жаңа талаптар қойылады: бәсекеге қабілеттілік; білім сапасының жоғары болуы; кәсіби

шеберлік; табыстылық; қашықтықтан білім алуға және оқытуға қажетті цифрлы құзыреттілік және креативтілік.

Жоғарыда көрсетілген оқытудың 5 нәтижесін қамтамасыз ету үшін болашақ педагогтің бойында төмендегідей кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру маңызды:

1) **шығармашылық білік:** жаңашылдылыққа деген құлшыныс, инновациялық технологияны меңгеруі;

2) **ізденушілік білік:** инновациялық тәжірибені үйрену, зерттеу, жинақтау білігі;

3) **педагогикалық рефлексияға қабілеттілік:** кәсіби іс-әрекетке талдау жасай алуы, сындарлы ойлауы.

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда болашақ педагогтердің цифрлы технологияны тиімді пайдалана алуы бойынша цифрлы құзыреттіліктер деңгейлерін анықтау мақсатында 1-4 курс студенттерінен «Men-smart-pedagog боламын!» тақырыбына онлайн-сауалнама құрастырылып, онлайн-тест жүргізілді. Ол үшін онлайн-тесттің мобильдік қосымшасы жасалынды. Эксперименттік-тәжірибелік жұмысқа тек Қазақстандық болашақ педагогтер емес Ресейдің ШМПУ-ның де болашақ педагогтері қатысты және қазақстандық болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктері ресейлік болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерімен салыстырылып, диагностикалық мониторинг жасалынды.

Зерттеу барысында Қазақстандық болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерінің деңгейлерінің көрсеткіштері мен критерийлері анықталынды, мән-мағынасы ашылды.

Қазақстандық ЖОО – М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті мен Ресейлік ЖОО – Шадринск мемлекеттік педагогикалық университеті болашақ педагогтері арасында «Men-smart-pedagog боламын!» болашақ педагогтерге арналған онлайн коучинг ұйымдастырылып, болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерінің деңгейлеріне салыстырмалы талдау жасалынды, зерттеудің дедукция және индукция әдістері пайдаланылды.

«Қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша менің білетінім» және «Қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша менің үйренгенім» тақырыптарына онлайн сауалнама жүргізілді, нәтижесі математикалық және статистикалық әдістермен өңделді, сұрыпталды, әдістемелік ұсыныстар әзірленді; қорытынды жасалынды.

Ең бастысы, жаңа жағдайдағы Қазақстанда қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы-құзыреттіліктерін қалыптастыруға SWOT-талдау жасалынды.

Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық және әдістемелік аспектілерінің мәні, мазмұны ашылып, SWOT-талдау матрицасы әзірленді:

1) қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-құзыреттіліктерін қалыптастырудың күшті және әлсіз жақтары анықталып, әсер етуші педагогикалық факторлары сараланды;

2) қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-құзыреттіліктерін қалыптастыруда кездесетін қауіптер анықталып, оны болдырмау іс-шаралары нақтыланды, мүмкіндіктері зерделенді; педагогикалық алғы шарттары айқындалды.

Қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары:

1) **Ақпараттың көлемі:** ақпаратты қабылдай алу жылдамдығы;

2) **Ақпаратты мағыналы әрі мазмұнды өңдей алуы:** ізделінген, өзіне қажетті ақпаратты таба алуы және сұрыптай алуы;

3) **Ақпаратты қабылдау сапасы:** қажетті материалды игеруі;

4) **Ақпарат негізінде шешім қабылдай алуы:** педагогикалық рефлексия жасай алуы және сындарлы ойлай алуы және т.б.


Қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтің цифрлы-технологиялық құзыреттілігі болашақ педагогтің интернет ресурстар, педагогикалық сайт, портал және цифрлы оқыту платформасы, заманауи цифрлық оқу контенттері, электронды және мультимедиалық оқулықтармен, компьютерлік бағдарламалар, мультимедиалық құрылғылармен жұмыс жасау дағдысының қалыптасуымен анықталса, ал болашақ педагогтің цифрлы-әдістемелік құзыреттілігі болашақ педагогтің жоғары оқу қабырғасында жүргенде-ақ болашақ мамандығы және болашақта сабақ беретін пәні бойынша электронды портфолио, ақпараттық банк қоры және электронды медиатека жасақтай алуымен; педагогикалық коучинг және педагогикалық тренингтер ұйымдастыра алуымен; педагогикалық форум, пікірталастарға қатысып, өзінің авторлық инновациялық жобасын ұсынып, өз идеясын еркін қорғай алуымен сипатталады (11-сурет).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020-2023 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жобаларын гранттық қаржыландырудың АР09259497 «Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері» ғылыми жоба аясында www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы ашылды.

www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттілігі болашақ педагогтің креативті ойлау қабілеті, әдіснамалық рефлексия, жаңалыққа деген талпынысы, инновациялық технологияларды шығармашылықпен пайдалану, оқу-тәрбие процесін жетілдіру мақсатындағы ұдайы ізденістері, педагогикалық инновацияларды өз іс-тәжірибесінде жүйелі пайдалану, ақпаратты өз бетінше іздеп, таба алуы; алынған мәліметті өңдей алуы, жинақтауы, сұрыптауы және т.с. шығармашылық іс-әрекеттерінен көрініс табатын цифрлы-құзыреттілігін қалыптастыруды көздейді.

Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін жоғары білім берудің мазмұнын арнайы әдістемелік пәндермен жаңарту қажет.

Болашақ педагог инновациялық білімді қашықтықтан ұйымдастыратын онлайн курс және вебинарлар арқылы да ала алады.



Сурет 11– Қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтің цифрлы-технологиялық және цифрлы-әдістемелік құзыреттіліктері

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін педагогикалық жоғары оқу орындарында барлық цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімтілікті қамтамасыз ететін инновациялық виртуалды білім беру алаңы ретінде цифрлы педагогикалық хаб (педагогикалық кампус) жасақталуы тиіс.

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы жасақталды.


www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы 3 тілде жұмыс жасайды: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (12-сурет).

Ұсынылып отырған педагогикалық білім беру порталының артықшылығы – жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагог мамандарды дайындау және болашақ педагогтердің цифрлы сауаттылықтары мен құзыреттіліктерін

арттыру бойынша DULATY цифрлы педагогикалық хаб (педагогикалық кампус) жасақталғандығы.

Цифрлы педагогикалық кампус – білім алуда, қашықтан білім алуда және біліктіліктерін көтеруде барлық білім беру ресурстарына қолжетімтілікті қамтамасыз ететін интеллектуалды инновациялық виртуалды білім беру алаңы.

Цифрлы педагогикалық хаб болашақ педагогтің цифрлы- креативті құзыреттіліктері қалыптасқан smart-болашақ педагогтің цифрлы-әдістемелік кабинеті болмақ.



Сурет 12– www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының басты беті

Қазақстан Республикасында болашақ педагогтердің цифрлы креативті құзыреттіліктерін арттыру мақсатында ашылған www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы келесідей бағытта жұмыс жасайды: «Smart-онлайн педагогикалық шеберхана (педагогикалық орталық)»; «Smart-онлайн виртуалды лаборатория»; «Smart-онлайн коворкинг-орталық»; «Smart-онлайн коучинг»; «Smart-онлайн педагогикалық студия»; «Smart-онлайн цифрлық контент»; «Smart-онлайн әдістемелік қоржын» (13-сурет).

Педагогикалық жоғары оқу орындарында интернет ресурстарды, цифрлы оқыту платформасын қолдану арқылы қашықтықтан білім беру және оқытуды тиімді жүзеге асыру үшін төмендегідей педагогикалық қағидаларды басшылыққа алған жөн:

1) Педагогикалық жоғары оқу орындарының білім мазмұнын жаңарту қажет: болашақ педагогтің цифрлы құзыреттіліктерін арттыратындай міндетті арнайы пәндер енгізу (Мысалы: «Цифрлы педагогика», «Киберпедагогика», «Медиапедагогика» және т.б.).

2) Жоғары оқу орындарында педагогикалық мамандықта оқып жатқан болашақ педагогтер тек өздерінің болашақта сабақ беретін пәндерін ғана терең меңгермей, болашақта өзінің кәсіби біліктілігін арттыруға толықтай

мүмкіндік беретін интернет ресурстарды, цифрлы оқыту платформасында жұмыс жасау дағдыларын еркін меңгерулері тиіс.

3) Интернет ресурстар, цифрлы оқыту платформасындағы материалдардан, ақпараттардан жаңа идеяларды, қажетті мәліметтерді бөліп алып, болашақта кәсіби іс-әрекетте басшылыққа алуы тиіс. Интернет ресурстарды, алынған ақпараттарды қазіргі педагогикалық талаптар сай сұрыптай алуы.

4) Интернет ресурстардан алынған материалдарды өзінің мамандығы және пәніне қарай икемдей алуы: мамандықтың, пәннің және әрбір білім алушылардың дербес ерекшеліктерін есепке алу, ескеру және т.б.

5) Оқыту процесінде интернет ресурстардағы материалдарды білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын оятатындай етіп нәтижелі қолдану.

6) Оқыту процесінде білім алушыларға Интернет ресурстарын пайдаланып, әртүрлі инновациялық мазмұндағы тапсырмалар берілуі шарт: педагогикалық кейстер құрастыру; шағын ғылыми жобалар тұсаукесерін жасау; SWOT-талдау жасау; бейнесауалнама алу; бейнежағдаяттар жасау және т.б.

7) ЖОО қабырғасында болашақ педагогтің цифрлы-технологиялық және цифрлы-әдістемелік күзiреттiлiктерiн қалыптастыру шарт: болашақ педагог өзінің электронды портфолиосын өзі жасақтай алуы міндетті болуы керек [109].

Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті күзiреттiлiгiнiң маңызы – болашақ педагогтің оқытудың әртүрлі кезеңдерінде цифрлық технологияларды құру, жоспарлау және енгізе алуы.

Цифрлы технологиялар болашақ педагогтердің білім деңгейлерін бақылау мен бағалаудың қолданыстағы әдістерін дамытуға және жаңа, неғұрлым озық заманауи әдістерін құруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, білім алушылар туралы және олардың цифрлық ортадағы белсенділігі туралы көптеген ақпаратты талдау арқылы ЖОО оқытушысы оған жеткілікті дәрежеде көмек көрсете алады, цифрлы ортада болашақ педагогтің дербес жұмыс жасауына мүмкіндік ашылады.

Оқыту кезінде цифрлы технологияларды пайдаланудағы артықшылықтардың бірі – білім алушыларды түгелдей оқу процесіне белсенді қатыстыруға мүмкіндіктерінің болатындығы.

SMART - онлайн педагогикалық студия	<ul style="list-style-type: none"> •Болашақ педагогтер өздерінің алғашқы онлайн сабақтарын бейнетаспаға жазуға қажетті білім, білік, дағдыларды алады; алғашқы бейнесабақтарын жасап үйренеді, дайындайды
SMART-онлайн педагогикалық шеберхана	<ul style="list-style-type: none"> •Болашақ педагогтер Қазақстан, Ресей және басқа да алдыңғы қатарлы шетел мемлекеттерінің жаңашыл педагогтерінің бейнесабақтарын көру, талдау, сынақтан өткізу, педагогикалық мамандықтың қыр-сыры, құпияларымен танысу
SMART-онлайн коучинг	<ul style="list-style-type: none"> •Болашақ педагогтер педагогика, киберпедагогика, медиапедагогика, цифрлы педагогиканың көкейкесті проблемалары бойынша педагогикалық коучинг, тренингтерді өткізу бойынша қажетті құзыреттіліктерді меңгереді
SMART-онлайн әдістемелік қоржын	<ul style="list-style-type: none"> •SMART-онлайн әдістемелік қоржын – smart-болашақ педагог Қазақстан мен Ресей және басқа да алдыңғы қатарлы шетел мемлекеттерінің жаңашыл педагогтерінің инновациялық тәжірибелерін үйрену, қолдану, тарату бойынша қажетті IT - құзыреттіліктерді меңгереді
SMART-онлайн виртуалды зертхана	<ul style="list-style-type: none"> •Болашақ педагогтер кейбір зертханалық жұмыстарды виртуалды зертханаларда жүргізеді
SMART-онлайн цифрлы контент	<ul style="list-style-type: none"> •Smart- болашақ педагог өз пәні бойынша электронды контент әзірлейді
SMART-онлайн коворкинг-орталық	<ul style="list-style-type: none"> •Креативті педагогтер мен болашақ педагогтердің ашық алаңы; білім беру стартап-жобалар жасайтын педагогикалық хақатон; өз тәжірибелері және өз идеяларымен бөлісетін креативті болашақ педагогтердің симуляциялық орталығы

Сурет 13 – Педагогикалық білім беру порталының ресурстарының мәні

Қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қосымша дамытуға және анықтауға мүмкіндік бар (14-сурет).



Сурет 14– Оқыту кезінде цифрлы технологияларды пайдаланудың артықшылықтары

Цифрлы технологияларды білім беру қызметін әр білім алушының білімділік деңгейіне, оның қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне бейімдеу мақсатында пайдалануға болады.

2. ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЦИФРЛЫ-КРЕАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

2.1 Қазақстан Республикасында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастыру моделі

Жаңа Қазақстан жағдайында педагогикалық жоғары оқу орындарында педагог кадрларды дайындау жүйесін жетілдіру және болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр.

XXI ғасырда қоғамда тез қарқынмен жүріп жатқан ақпараттандыру процесі ақпараттық ортаның бұрыннан болмаған әлемдік деңгейде ауқымын кеңейтті. Ақпараттандыру процесі білім беру жүйесін де қамтып, болашақ педагогтерді кәсіби тұрғыдан даярлауды жаңа мазмұнда қарастыруды талап етіп отыр.

Интернет желісі, интернет ресурстары, ақпараттық медиақұралдар және цифрлық орта арқылы инновациялық педагогикалық тәжірибелер, яғни ақпарат әрбір адамға, соның ішінде әрбір педагогке тұрған жеріне, жұмыс орнына қармастан бірдей уақытта және бірдей көлемде лезде жетуде.

Цифрлы Қазақстан жағдайында әлемдік бәсекеге қабілетті болашақ педагогтерді даярлау педагогикалық жоғары оқу орнында ақпараттық-инновациялық технологияның қыры мен сырын толық меңгерген, өзінің жеке инновациялық ақпараттық педагогикалық банк қоры, инновациялық медиатекасы бар, жаңа апараттық коммуникациялық технологияны меңгерген, білім алушының шығармашылық, креативтік, интеллектуалдық қабілетін дамыту үшін инновациялық ғылыми-зерттеушілік жұмыс жасап, оның нәтижесін диагностикалық сараптамадан өткізіп, педагогикалық мониторинг жасай алатын, инновациялық сабақтың технологиялық картасын құрай алатын жоғары интеллектуалды әлеуеті бар инновациялық технологиялық іс-әрекетті жүзеге асыра алатын болашақ педагогтерді даярлауды жүзеге асыруды көздейді.

Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін жоғары білім берудің мазмұнын түбегейлі өзгерту қажет.

Болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктері олардың сыни ойлау, жаңа ақпараттарды іздеу, өңдеу және сұрыптау сияқты практикалық машықтар арқылы ғана қалыптасатындықтан жоғары оқу орындарында цифрлы ресурстарды пайдаланудың маңызы ерекше.

Жоғары оқу орындарында педагогикалық мамандықта оқып жатқан болашақ педагогтер тек өздерінің болашақта сабақ беретін пәндерін ғана терең меңгермей, болашақта өзінің кәсіби біліктілігін арттыруға толықтай мүмкіндік беретін интернет ресурстарды, цифрлы оқыту платформасында тиімді жұмыс жасауға мүмкіндік беретін цифрлы құзыреттіліктерді меңгерулері маңызды.

Қазіргі кезеңде заманауи технологияларды оқу-тәрбие процесінде кеңінен қолдану білім беретін мекемелердің оқыту мүмкіндіктерін кеңейтті, оқытудың жаңа форматтары өмірге келді, «цифрлы ұрпақ» өмірге келді. Бүгінде жалпы білім беретін орта мектептерде, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында ғаламтор желісіз ойлай да алмайтын жаңа буын өкілдері білім алуда.

Жаңа ғасырда Қазақстанда әртүрлі буын өкілдері білім алуда, жұмыс жасауда, өмір сүруде:

- 1) GI ұрпақ(1900-1923 жылдар аралығында өмірге келгендер);
- 2) Үндемейтін (жақ ашпайтын) ұрпақ (1923-1943 жылдар аралығында өмірге келгендер);
- 3) Беби-бумер ұрпақтары (1943-1963 жылдар аралығында өмірге келгендер);
- 4) X ұрпақ (1963-1984 жылдар аралығында өмірге келгендер);
- 5) Y (Миллениум) ұрпақ (1984-2000 жылдар аралығында өмірге келгендер);
- 6) Z ұрпақ (2000 жылдан бері өмірге келгендер) [110].

Педагогтерге Z ұрпақтың ерекшеліктерін білу маңызды. Z ұрпақ XX ғасырдан XXI ғасырға бірегей ерекшеліктерімен өткен ұрпақ, дегенмен де оларға Y (Миллениум) ұрпақтың әсері баршылық, әйтседе оларға жеке дербестік тән [111].

Қазіргі кезеңде оқытудың дәстүрлі формасымен қатар, цифрлы технологияны пайдаланатын әртүрлі формалары да қолдануда: қашықтан оқыту; электронды оқыту; жаппай ашық онлайн курстар және ғаламтор мен цифрлы технологияларды пайдаланатын оқытудың басқа да түрлері.

Еңбек нарығы мен жұмыс берушілер болашақ мамандарға кәсіби құзыреттіліктерімен қатар цифрлы құзыреттіліктерді меңгеру талаптарын қатар қоюда. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, цифрлы технологиялар құрал ғана емес, адамның өмір сүру ортасына айналып отыр.

Цифрлы блім беру ортасы жаңа мүмкіндіктерге жол ашады:

- 1) сыныпта немесе аудиторияда оқытудан кез келген жерде және кез келген уақытта оқытуға көшу;
- 2) дербес білім беру маршрутын жобалау;
- 3) білім алушыларды электронды ресурстарды қолданушыдан жаңа ресурстарды жасаушыларға айналдыру.

Еуропалық Одақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерді меңгеру деңгейлерін анықтау бойынша жүргізген зерттеулер нәтижесіне сүйенсек, «оқушылар оқу процесінде белсенді пайдалануға мүмкіндік беретін қажетті цифрлы құзыреттіліктерді тек 20-25% ғана мұғалімдерден үйренеді» [112].

2006 жылы Еуропалық Одақ үздіксіз білім берудің 8 құзыреттіліктерінің қатарына кіретін «цифрлық сауаттылық» және «цифрлы құзыреттілік» ұғымдарына сипаттама берді. Еуропалық Одақтың сипаттамасы бойынша, «Цифрлы құзыреттілік – адамдардың жұмыс жағдайында, бос уақытта және қарым-қатынас үшін ақпараттық

технологияларды сенімді әрі сындарлы пайдалана алуы. «Цифрлы құзыреттілік» ұғымы, сондай-ақ, адамдардың компьютерді өзінің кәсіби іс-әрекетінде қолдана алу, ақпаратты сақтай алу, ақпаратпен алмасу, ғаламтор арқылы желілік байланысқа шыға алу сияқты алғашқы дағдыларды меңгеруі болып табылады [112; 4].

Үшінші мыңжылдықта ақпараттық, цифрлық және телекоммуникациялық технологиялардың қарыштап дамуына байланысты «цифрлы құзыреттілік» ұғымының мәні жылдан-жылға кеңейе түсуде.

Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, цифрлы құзыреттілік – бұл индивидтің өмірде іс-әрекеттің әртүрлі аймағында ақпараттық-коммуникациялық технологияны қауіпсіз таңдау, сенімді, сындарлы және тиімді пайдалануы (цифрлы контентпен жұмыс, қарым-қатынас, тұтыну және техносфера).

Қоғамның ақпараттандыруы білім беру жүйесінде жаңа модельдерді өмірге келуіне әкелуде:

- 1) білімді таранформациялауға тиімді цифрлық технологиялар;
- 2) білім берудегі технологиялық стартаптар;
- 3) таланттар үшін бәсекелестік және барлық саланың қарқынды дамуы;
- 4) білім берудегі жаңашылдық пен белсенділік;
- 5) жаһандық білім берудегі ашықтық: жаппай ашық онлайн курстар; ашық университеттер, «Цифрлы университеттер» және т.б.

Білім беру саласындағы көшбасшы елдердің тәжірибесін егжей-тегжейлі талдау педагогикалық тәжірибеде педагогтердің техникалық біліктіліктеріне қойылатын талаптардың қарапайым тізімінен бас тартуға мүмкіндік берді. Керісінше, педагогтің АКТ құзыреттіліктері оларды педагогикалық жұмыстың барлық кезеңдерін ұйымдастыруға және цифрлық технологияларды тиімді пайдалану (оқытуды дараландыру, шығармашылық тапсырмаларға арналған техникалық шешімдер, интерактивті жобалық жұмыстар және т.б.) негізінде білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік беретін қолданбалы білім, білік және дағдылар жүйесі ретінде сипатталады.

Педагогтердің цифрлық технологияларды қолдану құзыреттілігі олардың технологияны оқу процесінде қолдана білуінен ғана емес, сонымен бірге олардың әріптестерімен, студенттермен, оқытушылармен, ғылыми қауымдастықпен және басқа да мүдделі тараптармен ынтымақтастық пен қарым-қатынас тәсілдерінен көрінеді: инновацияны өз тәжірибесіне ендіре алуы; кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жетілдіре алуы және дамытуы.

Болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігі бұл ақпаратты өңдеуге және жұмыс істеуге, оқытуға, әлеуметтендіруге және қол жетімді мүмкіндіктерді кеңейтуге қажетті білім алуға байланысты міндеттерді қою және шешу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен цифрлық медианы пайдалану дағдыларының жиынтығы болып табылады.

Болашақ педагогтердің технологиялық құзыреттіліктері – ақпаратпен жұмыс істеуге, интернетті пайдалана отырып, уәжді, ұғынықты, қауіпсіз, сыни

тұрғыдан цифрлық технологияларды иеленуге мүмкіндік беретін жоғары деңгейлі метақабілеттер.

Технологиялық құзыреттіліктерден басқа адамның компьютерлік және цифрлық технологияларды пайдалануын қамтамасыз ететін және кез келген маманның заманауи функционалдық сауаттылығының өзегін құрайтын жаңа кешенге цифрландырудың әсерінен өзгертін басқа құзыреттіліктер жиынтығы мазмұнынан (кәсіби, жалпы кәсіби, әмбебап) күтілетін білім беру нәтижелері кіреді.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, қашықтан оқыту барысында да инновациялық білім алып, кәсіби біліктілікті арттыруға толықтай мүмкіндік бар. Қашықтықтан оқыту – білім алушы мен педагогтің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара оқу жұмыс іс-әрекеті кезіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, телекоммуникациялық құралдарды пайдаланып жүзеге асырылатын оқыту.

Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері кезеңінде болашақ педагогтерге төмендегідей жаңа талаптар қойылады: бәсекеге қабілеттілік; білім сапасының жоғары болуы; кәсіби шеберлік; табыстылық; қашықтықтан білім алуға және оқытуға қажетті цифрлы құзыреттілік және креативтілік.

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру аясында Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілерін анықтау бойынша жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысына М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 160 болашақ педагогтері қатысты.

Зерттеу барысында онлайн-сауалнама және онлайн тест жүргізілді. Жаңа жағдайдағы Қазақстанда болашақ педагогтердің цифрлы технорлогияны тиімді пайдалана алуы бойынша цифрлы құзыреттіліктер деңгейлерін анықтау мақсатында 1-4 курс студенттерінен 3 жыл қатарынан «Мен-smart-pedagog боламын!» тақырыбында онлайн-сауалнама құрастырып, онлайн-тест алынды. Ол үшін онлайн-тесттің мобильдік қосымшасы жасалынды. Эксперименттік-тәжірибелік жұмысқа тек отандық және шетелдік ЖОО-нан болашақ педагогтер қатысты және Қазақстандық болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктері Ресейлік болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерімен салыстырылып, диагностикалық мониторинг жасалынды.

Жоба барысында қазақстандық болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерінің деңгейлерінің көрсеткіштері мен критерийлері анықталады, мән-мағынасы ашылды.

Қазақстандық ЖОО – М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті мен Ресейлік ЖОО – Шадринск мемлекеттік педагогикалық университеті болашақ педагогтері арасында «Мен – smart-pedagog боламын!» болашақ педагогтерге арналған онлайн коучинг ұйымдастырылып, болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерінің деңгейлеріне салыстырмалы

талдау жасалынды.

Онлайн курсқа қатысқан қазақстандық және ресейлік болашақ педагогтердің онлайн курсқа дейін және онлайн курстан кейін цифрлы құзыреттіліктер деңгейлері анықталынды.

«Қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша менің білетінім» және «Қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша менің үйренгенім» тақырыптарына онлайн сауалнама жүргізілді, нәтижесі математикалық және статистикалық әдістермен өңделді, сұрыпталды, әдістемелік ұсыныстар әзірленді; қорытынды жасалынды.

Ең бастысы, жаңа жағдайдағы Қазақстанда қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы-құзыреттіліктерін қалыптастыруға SWOT-талдау жасалынды:

1) қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-құзыреттіліктерін қалыптастырудың күшті және әлсіз жақтары анықталып, әсер етуші педагогикалық факторлары сараланды;

2) қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-құзыреттіліктерін қалыптастыруда кездесетін қауіптер анықталып, оны болдырмау іс-шаралары нақтыланды, мүмкіндіктері зерделенді; педагогикалық алғы шарттары айқындалды.

«Z ұрпақ», «цифрлы ұрпақ», «желілік ұрпақ» және т.б. сөз тіркестері мен ұғымдары бүгінде күнделікті өмірде кең таралған білім беру және кәсіби қызметте цифрлық технологиялар контекстінде әлеуметтенген жас ұрпақты айқындау үшін қолданылады.

Қабылдау, есте сақтау, ойлау, ынталандыру, мінез-құлық үлгілері, өмір сүру ұзақтығы, дүниетаны бойынша ерекшеленетін цифрлы ұрпақ өкілі цифрлық қоғамда сұранысқа ие, әлеуметтік және кәсіби маңызды құзыреттерге ие болатын тұлға болып табылады. Цифрлық («озық», «ақылды», «SMART») технологиялар заманауи технологиялық даму кезеңінің өзегін құрайды, жақын болашақта өзінің басым рөлін сақтайды.

Smart-бағдарлы білім беру негізінде тұлға, мотивация, бейімділік, еркін ресурстарға қол жеткізу, технологияларды пайдалану деген сөздерден тұрады. Smart-білім беру – өзін-өзі басқаруға негізделген, дәлелді, икемді, ресурстармен байытылған және оқытудың технологиялық әдістеріне негізделген өзін-өзі басқаратын, ынталандыратын, икемді, технологиялық оқыту. Smart-білім беру стратегиясының түпкі мақсаты мен көзқарасы жағынан жаңа білім беру парадигмасына сәйкес білім беру мазмұны, оқыту әдістері және бағалауды, білім беру ортасын өзгертуді қамтитын «сыныптағы революция» арқылы шығармашылық, жаһандық адами капиталды дамытуға ықпал ету болып табылады.

Жоғары оқу орнының оқу-тәрбие процесінде цифрлы және ақпараттық технологиялар, электронды оқулықтарды қолдану болашақ педагогтің білімін өздігінен жетілдіруге көмектеседі, сондай-ақ оның шығармашылығының қалыптасуына өз үлесін қосады, материалды толық әрі тереңірек меңгеруіне мүмкіндік береді.

Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін жоғары білім берудің мазмұнын жаңарту қажеттілігі туындауда.

Қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтің цифрлы-технологиялық құзыреттілігі болашақ педагогтің интернет ресурстар, педагогикалық сайт, портал және цифрлы оқыту платформасы, заманауи цифрлық оқу контенттері, электронды және мультимедиалық оқулықтармен, компьютерлік бағдарламалар, мультимедиалық құрылғылармен жұмыс жасау дағдысының қалыптасуымен анықталса, ал болашақ педагогтің цифрлы-әдістемелік құзыреттілігі болашақ педагогтің жоғары оқу қабырғасында жүргенде-ақ болашақ мамандығы және болашақта сабақ беретін пәні бойынша электронды портфолио, ақпараттық банк қоры және электронды медиатека жасақтай алуымен; педагогикалық коучинг және педагогикалық тренингтер ұйымдастыра алуымен; педагогикалық форум, пікірталастарға қатысып, өз инновациялық жобасын ұсынып, өз идеясын еркін қорғай алуымен сипатталады.

В.П.Тихомиров бойынша, «Smart – бұл дамудың жаңа парадигмасы, интернеттің жаңа мүмкіндіктері және жаңа білімді жасайтын арнайы дайындалған адамдарды қажет ететін қоғам». Smart білім беру тұжырымдамасы интеллектуалды достық құру мақсатындағы үздіксіз дамудың бейімделгіш ортасы және білім алушылардың қоғам мен мемлекет мүддесіндегі білім, білік және дағдыларды меңгеруі. Smart білім берудің негізгі идеясы – дәстүрлі дәрістермен қатар қолданылатын білімнің жаңа көздері және технологияларды тану және т.б. [113].

Smart білім беру – кәсіби мамандардың күш-жігерін біріктіретін креативті білім беру ортасы. Бүкіл әлемдік деңгейдегі білімді меңгертуде белсенді контенттік мазмұнға көшу білім беру жүйесін жаңғыртуды және қазіргі Жаңа Қазақстанды құру жағдайында интеллектуалды, сыни ойлайтын, проблемаларды шешетін педагогтің қажет етеді.

Smart білім беру – бұл барлық білім беру процестерінің күрделі байланысын қамтитын бағыт, сондай-ақ осы процестерде қолданылатын әдістер мен технологияларды қамтиды. Білім көздері білім алушылар тек топтарда немесе электронды ортада жұмыс істейтін білім алушылар мен оқытушылар ғана емес, сонымен қатар Интернет кеңістігінде кез келген уақытта және әлемнің кез келген жерінде болуын қажет етеді.

Қазіргі кезеңде жеке тұлғаның кәсіби құзыреттілігін дамыту, «ақпараттық құзыреттілік», «цифрлық құзыреттілік» және «smart-жеке тұлғаның құзыреттілігі» құбылыстарды және олармен байланысты тәсілдерді сипаттау саласындағы зерттеу әлеуеті артып келеді.

Smart-қоғам – бұл қоғамның жаңа сапасы, онда дайындалған адамдардың техникалық құралдар, қызметтер және Интернетті пайдалану жиынтығы, субъектілердің өзара әрекеттесуіндегі сапалы өзгерістерге алып келеді, бұл жаңа әсерлер алуға мүмкіндік береді – жақсы өмір үшін әлеуметтік, экономикалық және басқа да артықшылықтар. Алдыңғы жүргізілген

зерттеулерде кейбір ғалымдар smart-қоғамды үш тұрғыдан қарастырады: әлеуметтік-мәдени парадигмадағы нақты өзгерістер ретінде; техникалық құралдар, сервистер және интернетті пайдалану тұрғысынан дайындалған адамдармен туындайтын субъектаралық кеңістік ретінде.

Smart-технологияларды енгізумен байланысты өмірдің жаңа әсерлерін алуға мүмкіндік беретін субъектілердің өзара іс-қимылындағы сапалы өзгерістер басты рөл атқаратын ақпараттық шындық әлемі қабылданады. Smart-қоғам формация ретінде SMART-технологиялар әлемінде қатар өмір сүреді.

Smart-қоғам, Smart-білім беру, Smart-технологиялар контексінде жеке тұлғаның ақпараттық құзыреттілік, цифрлық құзыреттілік, smart-құзыреттілікті өзектендіруге ықпал етеді.

Педагогика ғылымындағы smart-құзыреттілік – бұл тұрақсыз және аз зерттелген құбылыс. Қазіргі кезеңде smart- құзыреттілікті зерттеу және қазіргі қоғамның феномені ретінде анықтау тәсілдері қарастырылуда. Smart-құзыреттілік – жеке тұлғаның ақпаратты іздеу, талдау және кәсіби желілік қоғамдастықтарда өзара іс-қимыл жасайтын инновацияларды құру үшін smart-технологияларды жетік меңгеруі. Жүргізілген талдау негізінде ғалымдардың «ақпараттық құзыреттілік», «цифрлық құзыреттілік», «smart-құзыреттілік» құбылыстарына көзқарастарын жинақтайды [114].

Ақпараттық технологиялар – бұл компьютерлік технологияны қолдануға негізделген, білім беру ақпаратын сақтау мен өңдеуді, оны білім алушыға жеткізуді, білім алушының оқытушымен немесе педагогикалық бағдарламалық құралмен интербелсенді әрекеттесуін, сонымен қатар білім алушылардың білімін тестілеуді қамтамасыз ететін аппараттық және бағдарламалық жасақтама.

«Ақпараттық құзыреттілік», «цифрлық құзыреттілік» және «педагогтің SMART құзыреттілігі» құбылыстарына көзқарастардың мәдени және тарихи әлеуеті олардың эволюциясы және зияткер тұлға қалыптастыру бағытында өзгеруімен, үйлесімділікті қамтамасыз етуімен ерекшеленеді. «Ақпараттық құзыреттілік», «цифрлық құзыреттілік» және «smart-педагогтің құзыреттілігі» қазіргі шындықтың құбылыстары ретінде ақпараттық қоғамда, цифрлық қоғамда, SMART-қоғамда көрініс табады.

Ақпараттық құзыреттілік – бұл цифрлық- ақпараттық әлемдегі қызмет тәжірибесімен, жеке тұлғаның жалпы және кәсіби ақпараттық қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін техникамен және технологиялармен өзара әрекеттесу тәсілдерімен байланысты болатын құзыреттілік.


Оқыту мен оқуда цифрлы технологияларды пайдалануда компьютер жұмыс құралы ретінде мәтінді дайындау және есте сақтау құралы; мәтіндік редактор; сызба, кесте құралы, графикалық редактор; есептегіш машина; нобайлау құралы қызметін атқарады.

Оқыту мен оқуда цифрлы технологияларды қолдану бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады.

Оқыту мен оқуда цифрлы технологияларды пайдалану тиісті ақпарат жинауды; дәлелдерді сын тұрғысынан талдау мен бағалауды; кепілдендірілген шешімдер мен жинақталған қорытындылар; ауқымды тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауды қамтиды.

Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің теориялық білімі кәсіби даярлық бағытында жүзеге асырылуы тиіс және педагогикалық жоғары оқу орындарында тек «Педагогика» пәні ғана оқытылмауы тиіс, келесідей заманауи педагогиканың салалары да оқытылуы тиіс: «Цифрлы педагогика»; «Киберпедагогика»; «Медиапедагогика» және т.б.

ҚР-да болашақ педагогтердің цифрлы креативті құзыреттіліктерін арттыру бойынша smart-болашақ педагог цифрлы педагогикалық кампус 7 онлайн-педагогикалық ресурстарды қамтиды (15-сурет).



Сурет 15– Smart-болашақ педагог цифрлы педагогикалық кампустың 7 педагогикалық ресурстары

Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің практикалық білімі кәсіби білім беруге бағытталады және педагогикалық жоғары оқу орындарында қашықтықтан білім беру бойынша цифрлы оқу контенттерін оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалану бойынша болашақ педагогтерге арналған онлайн-әдістемелік коучингтер және арнайы онлайн курстар жүргізілуі керек.

Болашақ педагог инновациялық білімді қашықтықтан ұйымдастыратын онлайн курс және вебинарлар арқылы да ала алады.

16-суретте қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру нобайы ұсынылды.

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда болашақ педагогтердің цифрлы-

креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін педагогикалық жоғары оқу орындарында барлық цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімтілікті қамтамасыз ететін инновациялық виртуалды білім беру алаңы ретінде цифрлы педагогикалық хаб (педагогикалық кампус) жасақталуы тиіс.

Болашақ педагогтер инноватор ғалымдар және жаңашыл мұғалімдердің инновациялық іс-тәжірибелерін зерделеу арқылы технологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыра алады.

Цифрлы педагогикалық хабта болашақ педагогтер отандық және шетелдік ғалымдармен бірлестікте ғылыми-зерттеушілік, ғылыми-ізденушілік және ғылыми-шығармашылық жұмыстар атқарады:

1) педагогикалық сайттар мен порталдарға шығады, электронды оқулықтардан инновациялық білім алады;

2) өз мамандығы және болашақта сабақ беретін пәні бойынша ақпараттық банк қорын және электронды медиатека жасақтайды;

3) қашықтықтан оқыту бойынша пайдаланылатын цифрлы оқыту платформасына (BilimLand; Kyndelik. Kz; Darin online және т.б.) және оқу контенттеріне, компьютерлік бағдарламаларға, мультимедиялық құрылғыларға педагогикалық диагностика, мониторинг жүргізеді және SWOT-талдау жасайды.

4) педагогикалық коворкингте қашықтықтан оқытудың өзекті проблемалары бойынша ұйымдастырылатын коучинг, педагогикалық тренинг, форум, пікірталастарға қатысып, өз ойын білдіріп, қажетті цифрлы-креативті құзыреттілікті меңгереді.

5) болашақ педагог өзін-өзін басқара алуды үйренеді: әрбір іс-әрекетіне педагогикалық рефлексия жасайды.


Кез-келген болашақ педагогтің интеллектуалды дамуына қажетті негізгі құзыреттіліктің бірі – білім беру ресурстарын бағамдау және оқу мақсаттарына, студенттер тобының ерекшеліктеріне және оқыту стиліне сәйкес келетін цифрлық ресурстар мен материалдарды іріктеу, сұрыптау, түрлендірі, өзгерту, жаңа нұсқасын жасау және өз жобасымен басқалармен бөлісу, өз идеясын дәлелдей алуы және т.б.

ҚР-да қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша Халықаралық онлайн коучинг-вебинар ұйымдастырылды.

Халықаралық онлайн коучинг-вебинарға республикаға танымал ғалымдар, болашақ педагогтер, білім беру ұйымдарының әдіскерлері қатысты.

Халықаралық онлайн коучинг-вебинардың мақсаты – болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың басым бағыттарын анықтау.

Онлайн коучинг-вебинарда «Мен – smart педагогпын!» педагогикалық идеялар тұсаукесері жасалынды.



Сурет 16 – Болашақ педагогтің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру моделі

Онлайн коучинг-вебинар болашақ педагогтерге оқыту технологияларын цифрлы білім беру тұрғысынан жетілдірілген түрлерін меңгертуді көздей отырып, оқытушы мен білім алушының серіктестікке құрылған қарым-қатынасы оқу материалының цифрлық контенттерінің жаңа формаларын тиімді қолдануға бағыт-бағдар сілтеді, болашақ smart педагогтердің әлемдік деңгейдегі ғылымның озық жетістіктерімен және танымал ғалымдардың инновациялық іс-тәжірибелермен танысуына кеңінен жол ашты.

Болашақ педагогтер smart педагогтің келбетін – жайлы мектепте әрбір оқушыға сапалы білім беретін, сыни ойлайтын, өте мейірімді, балаға деген махаббаты шексіз, баланы шынайы жақсы көретін, жүрегі жылы, жайдарлы мінезді, оқушы жанын жүрекпен түсінетін, балаға түсінбеген материалды қайта-қайта түсіндіруге, көмектесуге, кеңес беруге ұдайы дайын тұратын, әрбір баланың қажеттіліктерін қанағаттандыратын жаңашыл педагог; цифрлы ортада жұмыс жасай алатындай цифрлық құзыреттіліктері қалыптасқан және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдаланатын шебер педагог; рефлексиялық құзыреттілі жоғары, педагогтің өзін-өзі кәсіби маман ретінде бағалай алатын, білім сапасын арттыру бойынша ұдайы ізденісте болатын шығармашылық педагог; тұлға қалыптастырушы педагогикалық іс-әрекетті өнер деп танитын креативті педагог деп жаңаша мазмұнда аша алды.

Халықаралық коучингтік вебинар аясында қатысушыларға «Оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану. Ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік (АКТ)» тақырыбына 10 сұрақтан тұратын онлайн-тест ұсынылды.

Тесттілеудің мақсаты – болашақ педагогтердің цифрлық білім беру ресурстарының түрлері және оларды оқу процесінде қолдану мүмкіндіктерін бойынша құзыреттіліктерін зерделеу.

Онлайн-тестілеуге 160 болашақ педагог қатысты, бірақ бір де бір қатысушы барлық сұрақтарға дұрыс жауап бере алмады.

Ең жоғары максималды 8 баллды 30 қатысушы- болашақ педагог иеленді. Ал бұл 10 сұрақтың 8 дұрыс жауапқа сәйкес келеді. Онлайн-тестке қатысушы болашақ педагогтердің 50-і 7 сұраққа дұрыс жауап берген, яғни болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктері жеткілікті деңгейде жақсы қалыптасқандықтарын көрсетеді.

2-кестеде «Оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану. АКТ құзыреттілік» тақырыбына жүргізілген онлайн-тесттілеудің нәтижесі берілді.

Тест нәтижелері бойынша дұрыс жауаптар жиі берілетін үш сұрақ анықталды, бұлар:

«Оқытуда компьютерді пайдаланудың пайдасы» деп аталатын №5 сұраққа онлайн тесттілеуге қатысқан респоденттедің 100% дұрыс жауап берген.

«Автоматтандырылған жұмыс орны ... деп аталады» деп аталатын №8 сұраққа онлайн тесттілеуге қатысқан респонденттердің 93,75% яғни, 150 респондент дұрыс жауап берген.

«Тізімнен қашықтықтан форматты қамтитын білім беру нысандарын таңдаңыз» деп аталатын №9 сұраққа онлайн тесттілеуге қатысқан респонденттердің 68,75% яғни, 110 респондент дұрыс жауап берген.

Соңғы жылдары білім беруді ақпараттандыру білім беру ұйымдары шеңберінде жүзеге асырыла бастады. 2020 жылғы пандемия білім беруді ақпараттандырудың қолданыстағы тәсілдерін қайта бағалады және оны ұйымдардың шегінен шығарып, оқытушы мен студентті тұрғылықты жері бойынша оқшаулады.

Бұл білім берудің қалыптасқан ұйымын да, оқытушыларға, білім алушылардың өздеріне және олардың ата-аналарына қойылатын талаптарды да түбегейлі өзгертеді.

Кесте 2– «Оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану. АКТ құзыреттілік» тақырыбына жүргізілген онлайн-тесттілеудің нәтижесі

№	Сұрақ	«Дұрыс» жауап ,%	«Дұрыс емес» жауап ,%
1	Білім беруді ақпараттандыру дегеніміз	87,5% (140)	12,5% (20)
2	Ақпараттық-коммуникациялық технология (АКТ) – бұл:	93,8% (150)	6,2% (10)
3	АКТ сауаттылығы – бұл:	93,8% (150)	6,2% (10)
4	АКТ құзыреттілігі – бұл:	68,8% (110)	31,2% (50)
5	Оқытуда компьютерді пайдаланудың пайдасы	31,2% (50)	68,8% (110)
6	Цифрлық білім беру ресурстары	81,3 % (130)	18,7% (30)
7	Цифрлық білім беру ресурстарының дәстүрлі «қағаз» оқулықтан айырмашылығы	62,5 % (100)	37,5% (60)
8	Автоматтандырылған жұмыс орны ... деп аталады	6,3% (10)	93,7% (150)
9	Тізімнен қашықтықтан форматты қамтитын білім беру нысандарын таңдаңыз	31,3 % (50)	68,7% (110)
10	Цифрлы білім беру ресурстарына не жатады?	75% (120)	25% (40)

«Білім беруді ақпараттандыру дегеніміз» деп аталатын ақпараттандыруға қатысты 1-сұраққа «Білім беруге ақпараттық өнімдерді, құралдарды, технологияларды енгізу негізінде педагогикалық процестерді түрлендіру бойынша шаралар кешені» деп респоденттердің 87,5% , яғни 140 болашақ педагог дұрыс жауап берген.

1-сұрақтың нәтижесі көрсеткендей, онлайн тесттілеуге қатысқан респоденттердің 6,3% (10 болашақ педагог) «пайдаланушылардың компьютер арқылы ақпаратты қабылдау дағдыларын дамыту» деген толық емес жауапты місе тұтса, ал тағы да респоденттердің 6,3% (10 болашақ педагог) «білім беру жүйесінде компьютерлерді пайдалану» деп аталатын дұрыс емес жауапты таңдаған.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) біздің өмірімізде, соның ішінде қарым-қатынас пен оқыуда барған сайын маңызды рөл атқарады.

Бұл технологияларды оқушылар мен жалпы оқу қоғамдастығы үшін тиімді пайдалана білу қажет.

Осыған орай, екінші сұрақ АКТ ұғымының мәнін түсінуге арналды.

«Ақпараттық-коммуникациялық технология (АКТ) – бұл» деп аталатын 2-сұраққа респоденттердің 93,8% (150 болашақ педагог) «ақпаратпен жұмыс істеу үшін арнайы әдістерді, бағдарламалық және техникалық құралдарды қолданатын педагогикалық технология» деп дұрыс жауап берген, тек 10 респоденттердің 6,3%, яғни тек 10 болашақ педагог «компьютерді оңтайлы оқыту стратегиясын құру құралы ретінде пайдалану» деген дұрыс емес жауапты таңдаған.

«АКТ сауаттылығы – бұл» деп аталатын 3-сұраққа респоденттердің 93,8% (150 болашақ педагог) «қазіргі қоғамда жұмыс істеу үшін ақпаратқа қол жеткізу, басқару, біріктіру, бағалау және құру үшін цифрлық технологияларды, байланыс құралдарын және/немесе желілерді пайдалану» дұрыс жауап берсе, тек 10 респоденттердің 6,3%, яғни тек 10 болашақ педагог «программисттің табысты жұмысы үшін қажетті құзыреттің ерекше түрі» деген дұрыс емес жауапты таңдаған.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бірі – компьютер. Оқытуды компьютерлендіру тар мағынада да, кең мағынада да анықталуы мүмкін: тар мағынада «бұл компьютерді оқу құралы ретінде пайдалану», ал кең мағынада «бұл компьютерді оқу процесінде көп мақсатты пайдалану». Тестілеуге қатысушыларға компьютерді оқытуда пайдаланудың артықшылықтарын таңдау ұсынылды.

«АКТ құзыреттілігі – бұл» деп аталатын 4-сұраққа респоденттердің 68,8%(110 болашақ педагог) «пайдаланушының білім беру және басқа қызметте туындайтын мәселелерді шешу үшін АКТ сауаттылығы дағдыларының барлық құрамдастарын сенімді меңгеруі» деп дұрыс жауап берсе, 30 болашақ педагог (18,8%) «әртүрлі компьютерлік бағдарламаларды білу және оларды ақпаратты өңдеу үшін пайдалану» деген дұрыс емес жауапты таңдаса, 10 болашақ педагог (6,3%) «мәтіндерді терудің жоғары жылдамдығымен теру мүмкіндігі» және тағы да 10 болашақ педагог (6,3%)

«ақпаратқа қол жеткізу үшін цифрлық технологияларды, коммуникациялық құралдарды пайдалану» деген дұрыс емес жауапты таңдаған.

«Оқытуда компьютерді пайдаланудың пайдасы» деп аталатын 5-сұраққа дұрыс бірнеше жауап ұсынылды. Онлайн-тесттілеуге қатысқан респоденттердің 68,8% (110 болашақ педагог) «интерактивтілік (оқушымен өзара әрекеттесу, табиғи қарым-қатынасты имитациялау» деген дұрыс емес жауапты таңдаған, 50 болашақ педагог, яғни респоденттердің 31,3% «оқу материалының бейімділігі» деген жауапты дұрыс деп тапса, ал 30 болашақ педагог, яғни респоденттердің 18,8 % «мұғалімнің жұмысын жеңілдету» деген жауапты таңдаған және 30(18,8 %) болашақ педагог «сабақтан тыс уақытта оқушылардың жеке жұмысын бақылау» деген жалпы білім беруде компьютерді пайдаланудан гөрі қашықтан оқытуда синхронды байланыс платформаларын пайдалануға көбірек сәйкес келетін дұрыс жауапты таңдаған.

«Цифрлық білім беру ресурстары» деп аталатын 6-сұраққа онлайн-тесттілеуге қатысқан респоденттердің 81,3 % (130 болашақ педагог) «оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларында, әртүрлі үйлесімде, әртүрлі мақсаттарда пайдалануға болатын электрондық объектілердің жиынтығы» деген дұрыс жауапты ұсынған, ал 20 болашақ педагог, яғни респоденттердің 12,5 %-ы «цифрлы энциклопедиялар» деген дұрыс емес жауапты қанағат тұтса, 10 болашақ педагог, яғни респоденттердің 6,3 %-ы «электрондық оқу сессиялары» дұрыс емес жауапты көрсеткен.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы цифрлық білім беру ресурстарының лайықты орнын алатынын көрсетеді. Сондықтан білім беру ресурстарын таңдау педагогикалық тұрғыдан қалай негізделетіні оқытушыға тікелей байланысты. Сапалы цифрлық білім беру ресурстарын дамыту білім беру процесін автоматтандыруға мүмкіндік береді. Студенттермен бірге ресурстарды құру жобалық әрекеттерді әртараптандырып, олардың ғылыми-зерттеу қызметіне деген қызығушылықтарын арттырады.

Алтыншы сұраққа берілген жауаптардың нәтижелері респоденттердің барлығы цифрлық білім беру ресурстары ұғымын түсінбегенін көрсетеді.

Болашақ педагогтердің цифрлық білім беру ресурстарын тереңірек түсінгендерін тексеру үшін «Цифрлық білім беру ресурстарының дәстүрлі «қағаз» оқулықтан айырмашылығы» деген 7-сұраққа онлайн-тесттілеуге қатысқан респоденттердің 62,5% (100 болашақ педагог) «оқытудың интерактивтілігі, оқушының белсенді іс-әрекетін ынталандыру және оқу мотивациясы» деген дұрыс жауапты таңдады, ал 30 болашақ педагог, яғни респоденттердің 18,8%-ы «дидактикалық оқыту циклінің тұтастығы мен сабақтастығын қамтамасыз ету» жауабын місе тұтса, тағы да 30(18,8%) болашақ педагог «қағаз өндірісі мен оқулықтарды басып шығаруды үнемдеу» деген жауапты қанағат тұтқан.

«Автоматтандырылған жұмыс орны ... деп аталады» деген 8-сұраққа онлайн-тесттілеуге қатысқан респоденттердің 6,3% (10 болашақ педагог) ғана «белгілі бір түрдегі қызметті автоматтандыруға арналған

автоматтандырылған жүйенің бағдарламалық-аппараттық кешені» деп дұрыс жауап берсе, респоденттердің 75%(120 болашақ педагог) «автоматтандырылған жүйе персоналының жұмыс орындарындағы жұмыс ортасының параметрлерін үйлестіруге арналған автоматтандырылған жүйені эргономикалық қамтамасыз ету» деген дұрыс емес жауапты таңдаған, 20(12,5%) болашақ педагог «белгілі бір түрдегі қызметті автоматтандыруға арналған автоматтандырылған жүйені техникалық қамтамасыз ету» деген жауапты місе тұтқан, ал 10(6,3%) болашақ педагог «белгілі бір түрдегі қызметті автоматтандыруға арналған автоматтандырылған жүйенің бағдарламалық кешені» деген жауапты қанағат тұтқан.

Білім беру ортасын қолдауға қажетті лингвистикалық ресурстар ғылыми жобаларда ғана емес, сонымен қатар жеке автоматтандырылған жұмыс орындары жүйесі түріндегі университеттің білім беру ортасын құру шеңберінде құрылады және пайдаланылады.


«Тізімнен қашықтықтан форматты қамтитын білім беру нысандарын таңдаңыз» деген 9-сұраққа онлайн-тесттілеуге қатысқан респоденттердің 31,3% (50 болашақ педагог) ғана «электронды, ұялы, желілік» деп дұрыс жауап берсе, респоденттердің 50% (80 болашақ педагог) «электронды, мобильді, желілік, автономды, аралас» деген жауапты таңдаған, ал қалған респоденттердің 18,8% (30 болашақ педагог) «мобильді, желілік, дербес, аралас, ортақ» деген жауапты таңдаған .

Цифрлы білім беру ресурстарын заманауи білім берудің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған графикалық, мәтіндік, цифрлық, сөйлеу, музыка, бейне, фото және басқа да ақпаратты қамтитындықтан «Цифрлы білім беру ресурстарына не жатады?» деген 10-сұраққа онлайн-тесттілеуге қатысқан респоденттердің 75% (120 болашақ педагог) ғана «жоғарыда аталған барлық опциялар дұрыс» деп дұрыс жауап берсе, респоденттердің 12,5% (20 болашақ педагог) «мультимедиалық файлдар» деген жауапты таңдаған, ал қалған респоденттердің 12,5% (20 болашақ педагог) «презентациялар» деген жауапты таңдаған.

Болашақ педагогтер «ақпараттық-коммуникациялық технология», «АКТ сауаттылық», «АКТ құзыреттілік», «цифрлы білім беру ресурстарын» ұғымдарын жақсы меңгерген, ал «автоматтандырылған жұмыс орны», «қашықтықтан форматты қамтитын білім беру нысандары» ұғымдарын меңгерулері төмен (17-сурет).

Цифрлы білім беру ресурстарын тиімді пайдалану арқылы оқытушының де, білім алушының да жұмыс жағдайын жақсартуға болады: сабақ мазмұнды, қызықты, көрнекті өтеді, оқу кеңістігі мен уақыт өзгереді, иллюстрациялық материал айтарлықтай кеңейеді. Цифрлы білім беру ресурстарын проблемалық жағдаяттарды туғызады және білім алушылардың ізденіс әрекетін ұйымдастырады, оқудың эмоционалды астарын күшейтеді, болашақ педагогтердің оқу мотивациясын қалыптастырады, оқу процесін дараландырады және саралайды.

Белгілі бір мәселелерді шешуде ақпараттың еркін қозғалысы орын алады, тек ақпаратты алып қана қоймай, оны белсенді ету қажеттілігін анықтайды: ақпараттың барлық түрлерінде, соның ішінде электронды түрде де барынша пайдалануды қамтамасыз ету, тарату және білім алуға көмектеседі.



Сурет 17– Онлайн -тесттілеудің жалпы статистикасы

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда жаһандық бәсекеге қабілетті педагогикалық кадрларды дайындауда қашықтықтан білім берудегі инновациялық іс-тәжірибені үйрену, пайдалану, зерттеу, насихаттау мақсатында «Менің алғашқы онлайн сабағым» Халықаралық байқауы ұйымдастырылды.

Халықаралық байқауға республикаға танымал ғалымдар, болашақ педагогтер, білім беру ұйымдарының әдіскерлері және Ресейдің Шадринский мемлекеттік педагогикалық университетінің ғалымдары мен болашақ педагогтері қатысты.

Халықаралық онлайн байқаудың мақсаты – педагогикалық білім беру бағдарламалары білім алушыларының цифрлық құзыреттілігін дамыту, болашақ педагогтердің шығармашылық белсенділігін ынталандыру, білім беру қызметінің сапасын арттыру және білім беру процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру.

«Менің алғашқы онлайн сабағым» онлайн байқауы болашақ педагогтердің шығармашылық және кәсіби әлеуетін жандандыру; қазіргі

заманғы инновациялық білім беру технологияларын оқу-тәрбие процесінің практикасына енгізу; болашақ педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру; болашақ педагогтердің әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру және т.б. міндеттерді шеше алды.

Болашақ педагогтердің онлан-сабақтары 5 критерий бойынша бағаланды: оқу материалының мазмұнының дидактикалық талаптарға сәйкестігі; болашақ педагогтің пәндік және технологиялық құзыреттіліктерді меңгеруі және жалпы эрудициясы; сөйлеу мәдениеті мен оқушылармен оңтайлы қарым-қатынас жасау стилі; болашақ педагогтің жалпы мәдениеті; бейнесабактың сапасы, сюжеттік желіні құру логикасы, таңдалған фрагменттердің оңтайлылығы, мазмұны мен ақпараттылығы; бейнесабакқа қоса берілетін материалдардың сапасы; ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданудың тиімділігі; бейнесабакты жазу мен монтаждаудың техникалық деңгейі.

Байқауға қатысқан болашақ педагогтер өз сабақтарында Zoom, Microsoft Teams, Google Meet, Google Classroom, Padlet, Clideo, Quizizz, Wordwall, Crossword Labs, Canva, Survio және т.б. цифрлы білім беру платформаларының мүмкіндіктерін пайдаланған.

Онлайн байқау болашақ педагогтерге оқыту технологияларын цифрлы білім беру тұрғысынан жетілдірілген түрлерін меңгертуді көздей отырып, оқу материалының цифрлық контенттерінің жаңа формаларын тиімді қолдануға бағыт-бағдар сілтейді.

Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттілігінің маңызы – болашақ педагогтің оқытудың әртүрлі кезеңдерінде цифрлық технологияларды құру, жоспарлау және енгізе алуы. Сонымен бірге, сабақта (жұпта, топта жұмыс жасағанда) басты назар оқытушы емес, білім алушының өзі болатындығына ұмтылу керек. Бұған цифрлық технологияны қолдану арқылы да қол жеткізуге болады.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында интернет ресурстарды, цифрлы оқыту платформасын қолдану арқылы қашықтықтан білім беру және оқытуды тиімді жүзеге асыру үшін төмендегідей педагогикалық қағидаларды басшылыққа алған жөн:

1) Педагогикалық жоғары оқу орындарының білім мазмұнын жаңарту қажет: болашақ педагогтің цифрлы құзыреттіліктерін арттыратындай міндетті арнайы пәндер енгізу.

2) Жоғары оқу орындарында педагогикалық мамандықта оқып жатқан болашақ педагогтер тек өздерінің болашақта сабақ беретін пәндерін ғана терең меңгермей, болашақта өзінің кәсіби біліктілігін арттыруға толықтай мүмкіндік беретін интернет ресурстарды, цифрлы оқыту платформасында жұмыс жасау дағдыларын еркін меңгерулері тиіс.

3) Интернет ресурстар, цифрлы оқыту платформасындағы материалдардан, ақпараттардан жаңа идеяларды, қажетті мәліметтерді бөліп алып, болашақта кәсіби іс-әрекетте басшылыққа алуы.

4) Интернет ресурстарды, алынған ақпараттарды қазіргі педагогикалық талаптар сай сұрыптай алуы.

5) Интернет ресурстардан алынған материалдарды өзінің мамандығы және пәніне қарай икемдей алуы: мамандықтың, пәннің және әрбір білім алушылардың дербес ерекшеліктерін есепке алу, ескеру және т.б.

6) Оқыту процесінде интернет ресурстардағы материалдарды білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын оятатындай етіп нәтижелі қолдану.

7) Оқыту процесінде білім алушыларға Интернет ресурстарын пайдаланып, әртүрлі инновациялық мазмұндағы тапсырмалар берілуі шарт: педагогикалық кейстер құрастыру; шағын ғылыми жобалар тұсаукесерін жасау; SWOT-талдау жасау; бейнесауалнама алу; бейнежағдаяттар жасау және т.б.

8) ЖОО қабырғасында болашақ педагогтің цифрлы-технологиялық және цифрлы-әдістемелік құзіреттіліктерін қалыптастыру шарт: болашақ педагог өзінің электронды портфолиосын өзі жасақтай алуы міндетті болуы керек.

Цифрлы технологиялар болашақ педагогтердің білім деңгейлерін бақылау мен бағалаудың қолданыстағы әдістерін дамытуға және жаңа, неғұрлым озық заманауи әдістерін құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім алушылар туралы және олардың цифрлық ортадағы белсенділігі туралы көптеген ақпаратты талдау арқылы ЖОО оқытушысы оған жеткілікті дәрежеде көмек көрсете алады, цифрлы ортада болашақ педагогтің дербес жұмыс жасауына мүмкіндік ашылады.

Қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзіреттіліктерін қосымша дамытуға және анықтауға мүмкіндік бар, атап айтқанда:

1) білім алушылармен және әріптестерімен сандық байланыс мүмкіндіктерін үйрету;

2) цифрлы ортада оқытушылармен материалдар алмасу және құру дағдыларын дамыту;

3) оқу материалын құру және барды бейімдеу үшін цифрлы контенттерді пайдалану;

4) ақпаратты қорғау тәсілдері туралы білімдерін тереңдету;

5) ақпараттың сенімділігін бағалау және жалған немесе біржақты ақпаратты анықтау;

6) цифрлық технологияларды қауіпсіз және жауапкершілікпен пайдалану;

7) білім беру мәселелерін шешу үшін цифрлық технологияларды шығармашылықпен қолдану;

8) білім беру процесінде цифрлы технологияларды қолдану және білім алушылардың желідегі белсенділігін бақылау;

9) оқытушылардың үлгерімі мен интеллектуалды өсу деңгейлерін бағалау және бақылау үшін сандық құралдарды пайдалануды үйрену және оларды қосымша қолдану.

Білім беру процесінде цифрлы технологияларды әр білім алушының білімділік деңгейіне, оның қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне бейімдеу мақсатында пайдалануға болады.

2.2 Қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың кезеңдері

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан Халқына Жолдауында: «Өз ісіне адал ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес қосады. Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз» – деп атап көрсеткеніндей, жайлы мектепте сапалы жұмыс жасайтындай SMART- педагог қажеттілігі кезек күттірмейтін өзекті мәселе [115].

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін модернизациялау болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі туындауда.

«Құзыреттілік», «цифрлы-креативті құзыреттілік» ұғымдары бір-бірімен тікелей байланысты: іс-әрекет шығармашылығы арқасында ғылыми-зерттеу жұмысы туады, ал жүйелі жүргізілген кез келген ғылыми-зерттеу жұмысы нәтижесінде «ғылыми гипотеза» туындап, жаңалық ашуға жол ашылады, яғни болашақ педагогтердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндігі кеңейеді. Философиялық әдебиеттерде кез келген іс-әрекеттің инвариантты циклы төмендегідей жалпылама нобайда беріледі:

МАҚСАТ ⇒ ҚҰРАЛ ⇒ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ⇒ НӘТИЖЕ

Болашақ педагогтердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру ғылыми қоғамдастық немесе мұғалімнің жаңа білімді меңгеруін, болашақта оны өз іс-тәжірибесінде пайдалана алуына мүмкіндік береді. Мақсатқа жету құралы – зерттеушінің таным объектісімен байланысын қамтамасыз ететін ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің әдіс-тәсілдер жүйесі. Ал тиімді ұйымдастырылған қайталанатын ғылыми шығармашылықтың әдіс-тәсілдер жүйесі сол іс-әрекетке сәйкес келетін технологияны құрайды.

Болашақ педагогтердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудағы ақпараттық зерттеу орталығының маңызы зор.

Педагогикалық әдебиеттерде болашақ педагогтің педагогикалық іс-әрекеті төмендегідей аспектілерде қарастырылады:

- а) ғылыми-педагогикалық қабілеттілік (М.Н. Скаткин және т.б.);
- ә) зерттеушілік білім, білік, дағды (Л.Горбунова және т.б.);
- б) кәсіби іс-әрекет (А.Е. Абылкасымов, З.А. Исаева, М.С. Молдабекова);
- в) педагогикалық шығармашылық іс-әрекет (В.И. Складной);

- г) зерттеушілік іс-әрекет (Н.В. Кухарев, А.И. Кочетов, Ш.Т. Таубаева, т.б.)
- д) ғылыми шығармашылық іс-әрекет (Я.А. Пономарев және т.б.);
- е) педагогикалық ойлау іс-әрекеті (Ю.Н.Кулюткин, Г.С. Сухобская);
- ж) кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейі (А.К. Маркова);
- з) педагогикалық іс-әрекетті жетілдіру (К.М.Варшавский, Т.И. Саломатова);
- л) оқыту процесіндегі зерттеушілік іс-әрекет (Т.И. Шамова және т.б.);
- м) инновациялық іс-әрекет (Л.С. Подымова, И.И. Цыркун, К.Д.Бузаубакова және т.б.);
- н) технологиялық іс-әрекет (Г.К. Селевко) [116].

Ғылыми -зерттеу жұмыстары бірнеше кезеңдерден тұрады.

18-суретте қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың кезеңдері ашылды.



Сурет 18– Қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың кезеңдері

Бірінші дайындық кезеңінде болашақ педагог жаңалықтың қажеттілігін дәлелдеу арқылы жаңалық туралы ақпарат жинайды, әртүрлі жаңалықтардың ішінен қажетті жаңалықты таңдап алып, оны қолдану туралы шешім қабылдайды. Болашақ педагог инновациялық іс-әрекеттің екінші кезеңіне

көшеді. Мұнда болашақ педагог зерттеу арқылы таңдап алған жаңалықты енгізу жоспарын құрып, оны іс жүзінде қолданады. Жаңалықты қолдану барысында болашақ педагог, енгізуге кедергі жасап отырған факторларды ескере отырып, өз іс-әрекетіне қажетті өзгерістер енгізеді.

Алғашқы кезеңде болашақ педагог өз іс-әрекетін талдау жасау арқылы міндетті түрде оны бағалап және қажетті өзгерістер енгізіп отырады. Жаңалықты енгізу уақыты аяқталғаннан кейін инновациялық іс-әрекет үшінші кезеңге көшеді.

Бұл кезеңде болашақ педагог жаңа түрғыда ұйымдастырылған оқу-тәрбие жұмысына талдау жасайды, оның оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін көтеруге арналған ықпалын анықтайды, жаңалықтың оқу-тәрбие процесіне нәтижелі енгізу шарттарын белгілеп оны таратуды ұсынады.

Репродуктивті деңгей – іс-әрекетті, білімді белгіленген межеге дейін қабылдай алу деңгейі, педагогикалық жаңалықтарға тұрақты көзқарас, педагогикалық іс-әрекетіне қанағаттанушылық танытады.

Өндіруші іс-әрекет көлемінде ғана, бірақ стандартты жағдайда жана шешім іздеуге талпынады. Оқыту мен тәрбие беруде балама технологиялардың қажеттілігін түсінеді. Болашақ педагог дайын әдістемелік ұсыныстарға аздаған өзгерістер енгізу арқылы өз жұмысында пайдаланумен сипатталады. Болашақ педагог өзін-өзі кәсіби жетілдіру қажеттілігін түсінеді.

Эвристикалық деңгей – инновациялық іс-әрекет жаңалықты жалпы түрде мақсаткерлікпен, тұрақты, саналы енгізуімен сипатталады. Болашақ педагог педагогикалық міндеттерді шешудің жаңа тәсілдерін іздестірумен, ойлап табумен айналысады. Болашақ педагог іс-әрекетінде инновацияны енгізуді қамтамасыз етуде рефлексия, эмпатия басты орын алады.

Шығармашылық деңгей – жаңаны ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі, инновациялық іс-әрекет жоғары сатылы нәтижелігімен сипатталады. Болашақ педагогтің инновациялық іс-әрекетінде шығармашылық белсенділік, педагогикалық интуиция, білім беруде авторлық көзқарастар пайда болады. Болашақ педагогте ғылыми және педагогикалық қажеттілік пен қызығушылық үйлесімділік табады.

Оқу-тәрбие процесінде жаңа педагогикалық технологияларды ендірудің алғы шарты – болашақ педагогтің инновациялық даярлығын қалыптастыру болып табылады. Жаңа педагогикалық технологияны меңгерген әрбір болашақ педагог өз сабағын нәтижелі даму жағынан көре алады. Жаңа педагогикалық технологияны оқып үйренеді, меңгереді, қолданады, жетілдіреді, нәтижесін тексереді, диагностикалық сараптама жасайды, дамытады.

Ғалым М.Н. Скаткин өз зерттеуінде белсенді ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу мүмкіндігінің мазмұнын ашады. Автордың пікірінше, ғылыми-педагогикалық қабілеттілік деп «Болашақ педагогтің педагогикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуы, ұдайы жаңалыққа құлшыныс білдіруі, шығармашылық жұмысқа ынта білдіруі, эксперимент жүргізуі, жүйелі түрде әдебиеттерді оқып үйренуі, әріптестерінің озат тәжірибесін үйренуі, зерттеу, пайдалануды айтады» [117].

Жалпы білім беретін мектептерде жүргізілетін эксперименттің жүзеге асу жолдарын қарастырып көрелік.

Диагностикалық (мәселені қою және оның көкейкестілігін негіздеу):

- қиындық жақтарын ашу; алынған проблеманың қазіргі оқу-тәрбие үрдісінде алатын орны;

- қарама-қайшылықтарын көрсету; проблема бойынша әдебиеттер оқу.

Прогностикалық кезең: мақсат, міндеттерін анықтау; болжамын жасау; алынатын нәтижені шығару (көру). Ұйымдастырушылық кезең: эксперименттің бағдарламасын жасау; материалдық базаны дайындау; әдістемелік жабдықтау. Қорытынды кезең: алынған нәтижелерді өңдеу; қойылған мақсат пен алынған нәтиженің ара-қатынасы; нәтижені талдау; болжамды түзету (өзгерістер енгізу); алынған нәтижені көрнекті түрде көрсете алу.

Эксперимент жылдары болашақ педагогті өзінің жүргізіп жатқан ғылыми-зерттеу бағытында ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу жасайды, озық мұғалімдердің, мектептердің, авторлық және атаулы мектептердің инновациялық тәжірибелерін жинақтайды, ашық сабақтар береді, әртүрлі семинарлар мен байқауларға қатысады.

Осындай бағытта жүргізілген іс-шаралар болашақ педагогті жаңашылыққа итермелеп, өзінің жеке іс-тәжірибесін қалыптастыруға, оны ғылыми тұрғыда негіздеуге жол ашады. Нәтижесінде болашақ педагогтің шығармашылығы артып өзінің әдістемелік деңгейін ғылыми-әдістемелік деңгейге дейін көтереді.

Нәтижені шығару: реферат, баяндама, мақала (басылымдарға), бағдарлама, дидактикалық құрал, көмекші құрал, оқу-әдістемелік құрал, әдістемелік нұсқау және т.б. дайындау.

Инновациялық іс-әрекет – педагогикалық еңбектің өнімділігін сапалы өзгертетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен әдістерін құру процесі. Болашақ педагогтің инновациялық іс-әрекетінің қалыптасуы: өзінің жеке қасиеттерін есепке ала отырып, басқалардың инновациялық тәжірибесін өзгерту, жетілдіру, қабылдау қабілетімен; жаңа ғылыми идеялар мен басқалардың тәжірибесімен хабардар бола отырып, өз жұмысының нәтижесін ұғыну қажеттілігімен; жаңа ғылыми зерттеулер, олардың әдістемелік жүзеге асуын үздіксіз тәжірибеге енгізумен; педагогикалық инновацияның жаңа әдістері мен тәсілдерін өз бетінше жасаумен; педагогикалық кертартпалықпен, артта қалушылықпен белсенді күресуімен сипатталады.

Инновациялық іс-әрекетті өз бетімен игерудің және жетілдірудің әрбір критерийі -көрсеткіштер жиынтығымен нақтыланады. Оларды байланыстыру болашақ педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі іс-әрекеттерден байқалатын танымдық дербестігінің үш негізгі деңгейі барын анықтауға мүмкіндік береді:

а) жоғары деңгей – **шығармашылық-идеялық** (жаңа ғылыми-педагогикалық жалпы идея, тұжырымдама мен заңдылықтар оқу-тәрбие процесінде шығармашылық жолмен қолданылады);

ә) орташа деңгей – **өзгертуші-қозғаушы деңгей** (жаңа ғылыми-педагогикалық идеялар репродуктивтік келісті шығармашылық элементтерімен

біріктіре отырып, гуманитарлық ғылымдардың оқыту идеялары тұрғысынан қорытындыланады);

б) төменгі деңгей – **репродуктивті деңгей** (оқыту мен тәрбиелеудің жаңа ұстаным мен ережелері кәсіби-педагогикалық білім тұрғысынан жеткілікті қорытындыланбайды, қорытындылау репродуктивтік жолмен өтеді).

Инновациялық іс-әрекет деп болашақ педагогтің өз тәжірибесінде әлдеқайда жоғары нәтиже беретін белгілі сатыда біртіндеп енген жаңалықтың сапалы өсу динамикасын айтады. Инновациялық іс-әрекет бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі межеден ауытқу тудырады. Инновациялық іс-әрекет жаңалықтың пайда болуы, іске асырылуы сияқты кезеңдерімен ерекшеленеді.


Педагогикалық процесс те басқа процестер секілді инновациялық іс-әрекетті талап етеді. Педагогикалық инновациялық іс-әрекет негізінен жаңадан пайда болу, өңдеу және тарату кезеңдерімен сипатталады.

Болашақ педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыруда инновациялық іс-әрекеттің негізі мақсаты:

- мұғалім – оқушы арасындағы коммуникативтік қарым-қатынас субъектісін анықтау;

- педагогикалық процесс кезеңіндегі ақпараттық ортаның кеңеюін қамтамасыз ету.

Осыған сәйкес 19-суретте болашақ педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың кезеңдері ашылды. Цифрлы технологияны пайдалануға дейінгі алғашқы кезеңде болашақ педагог жаңа цифрлы платформаны меңгеру әдістерін таңдайды: қандай цифрлы технологияны пайдалану керек, оны қалай қолдану қажет және т.б. мәселелерді шешеді. Бұл кезең болашақ педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың репродуктивті деңгейімен анықталады.



Сурет 19 – Қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыру кезеңдері

Болашақ педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыру репродуктивті деңгейі – болашақ педагогтің өзін-өзі кәсіби жетілдіруі: болашақ педагогтің цифрлық технологияларға тұрақты көзқарас танытып, оқыту мен тәрбие берудегі баламалы қашықтан оқыту жағдайында цифрлы технологиялардың қажеттілігін түсінеді, мемлекеттік білім стандарты көлемінде жаңа шешім табуға ізденіс жасайды, оқу-әдістемелік кешендеріне аздаған өзгерістер енгізу арқылы, өз тәжірибесінде пайдалануымен сипатталады.

Қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың іс-әрекеттік кезеңінде болашақ педагог цифрлық технологияларды өз тәжірибесінде пайдаланады, цифрлық технологияларды педагогикалық процесте пайдаланудың тиімді әдістерін анықтайды. Бұл кезең болашақ педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың екінші эвристикалық деңгейіне сәйкес келеді. Эвристикалық деңгей болашақ педагогтің оқу-тәрбие процесіне цифрлық технологияларды белгілі бір мақсатпен жүйелі ендірумен сипатталады: болашақ педагог педагогикалық міндеттерді шешу үшін жаңа әдістерін іздестірумен айналысады, болашақ педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыруда рефлексия басты орын алады.

Қашықтан оқыту жағдайында педагогикалық процеске цифрлық технологияларды енгізгеннен кейінгі соңғы кезеңінде болашақ педагог өзі қолданған цифрлық технологияның жетістіктері мен кемшіліктерін айқындай алады, инновациялық іс-әрекеттің өрбуіне кедергі болған факторларды анықтайды, оларға диагностикалық сараптама жасайды. Бұл кезең болашақ педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың шығармашылық деңгейіне сәйкес келеді. Шығармашылық деңгей болашақ педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың жоғары сатысымен сипатталады. Болашақ педагогтің инновациялық іс-әрекетінде шығармашылық белсенділік, ізденістер орын алады.

Қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыруда төмендегідей педагогикалық принциптерді басшылыққа алған жөн:

- таңдаған цифрлық технологияның оқыту заңдылықтарына сәйкестігі;
- цифрлық технологияның дидактикалық оқытудың мақсат-міндеттеріне сәйкестігі;
- жаңа цифрлық технологияның жеке оқушылардың дербес ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- таңдаған цифрлық технологияның білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасына сәйкестігі;
- цифрлық технологияның болашақ педагогтің дайындық деңгейіне сәйкестігі және т.б.

Қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыру бағытындағы инновациялық іс-әрекеті оң нәтиже берері анық.

Сондықтан, қашықтан оқыту жағдайында оқу-тәрбие процесіне цифрлық технологияны ендірудің алғы шарты болашақ педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады.

20-суретте болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі қызметтері берілді: ақпараттық; бағдарлаушылық; болжамдық; аналитикалық; модельдеушілік.

Болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыруда ақпарат және телекоммуникация құралдарының, сондай-ақ жаңа ақпараттық коммуникациялық технологиялардың алатын орны ерекше.

Ақпараттық ғасырда интеллектуалды қызметтің дамуы компьютер және қазіргі коммуникация құралдарымен тығыз байланысты. Бұл ақпараттық технологияландыру адамның іскер белсенділігіне, білімділігіне, мәдениетіне, ал жалпы айтқанда, ғылым мен көзқарасқа түбегейлі әсер етеді. Ақпараттық технология білімді өңдеумен анықталып, қоғамның материалдық және рухани жағдайын өзгертеді.

Ақпарат – бұл бізді қоршаған әлемнен алынған сыртқы ортадағы кездейсоқтық процестерге бейімделу және осы ортадағы өмір сүру әрекетінің мазмұнды белгісі, белгісіздің сырын ашатын жаңалық, хабарлама.



Сурет 20 – Болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі қызметтері

Ақпараттың негізгі маңызды жағы сапалы және сандық байланыстың анықтығында. Қазіргі заманда ақпараттық технологияны қолдана отырып, білім алу, дағдылану, компьютермен жұмыс жасай білу, компьютерлік бағдарламаны меңгеру, ақпаратты іздестіру және өңдеу болашақ педагогтің ізденімпаздылығын қалыптастырып, шығармашылыққа итермелейді.

Қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың ақпаратты-зерттеу орталығын құрудың мақсаты:

- әлемдік бәсекеге қабілетті білім бере алатын болашақ педагогтердің цифрлы технологияларды меңгеру қажеттілігі;

- болашақ педагогтердің цифрлық-ақпараттық, коммуникативтік іскерлігінің болу қажеттілігі;

- болашақ педагогтердің цифрлық сауаттылығының қалыптасу қажеттілігі;

- болашақ педагогтердің цифрлы технологияны меңгеру бойынша өз білімін ұдайы жетілдіру қажеттілігі және т.б.

Қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыруда цифрлы ортаның зерттеушілік қызметінің маңызы зор, себебі болашақ педагог өзіне қажетті инновациялық ақпаратты тез тауып, оны өңдеп, өз жағдайында қолдана алуы тиіс.

Ақпараттар ағыны толастаған ХХІ ғасырда жаңа ақпараттарды алудың бірден-бір көзі – медиатекалар құру. Медиатекалар тек қана ақпаратты жинау, сақтау рөлін ғана атқармай, ақпаратты жеткізуші функциясын да атқарады.

3-кестеде қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың өлшем-көрсеткіштері анықталынды.

Кесте 3– Қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың өлшем-көрсеткіштері

Компонент	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Мотивациялық	Цифрлық технологияларға деген қызығушылықтары, белсенділіктері мен ізденістері	<ul style="list-style-type: none"> • Цифрлық технологияларды үйренуге деген қызығушылығы • Цифрлық технологияларды іздестіру
Мазмұндық	Цифрлық технологиялар бойынша қажетті теориялық білімдері, жаңа білім мазмұнының теориялық негіздерін меңгеруі	<ul style="list-style-type: none"> • Цифрлық технологияларды таңдау, іріктеу • Цифрлық технологияларды меңгеру біліктілігі
Іс-әрекеттік	Цифрлық технологияларды пайдалана алу технологиялық біліктілік, жаңа нәтижеге жетуде шешім қабылдауы	<ul style="list-style-type: none"> • Цифрлық технологияларды пайдалана тиімді алу біліктілігі • Цифрлық технологияларды пайдалану нәтижесін бағалай алуы

21-суретте қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың қызметі ашылды.



Сурет 21– Қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың қызметі

Үшінші мыңжылдыққа ақпараттарды сақтаудың жаңа формалары да ене бастады: электрондық құжат, веб-сайт, портал веб-беттер, компакт-диск, аудио және видеокассеталар, портал және т.б.

Қазіргі кезеңде ақпаратты тікелей алуға негізделген медиатека, мультимедиалық оқу орталықтары, электронды оқу залдары, электронды кітапханалар, Интернет-кластар, мультимедиалық кластар, цифрлы платформалар, медиатекалар жұмыс жасайды.

Медиатека (**media** ағылшын сөзі – жалғастырушы, жеткізуші құрал) – әр алуан ақпарат жеткізуші құжаттар жиынтығы (кітаптар, мерзімді басылымдар, аудио-, видеокассеталар, CD, DVD-дискілер, Интернет ресурстары), компакт-дискілер, электрондық оқулықтар [118].


Сондай-ақ, медиатека – электрондық кітапханалық ресурстармен жұмыс жасайтын электронды оқу залы.

Қазір медиатеканың 4 түрі кеңінен қолдануда: қағаздық медиатека; магниттік медиатека; сандық медиатека; телекоммуникативті медиатека (22-сурет).

Веб-сайт немесе білім беру порталы – интерактивті ақпараттық-анықтамалық құрал. Әдістемелік веб-сайт – оқытудың қазіргі технологияларын нәтижелі қолданудың жақтарын ашып көрсететін қысқаша ақпараттық құрал. Ал, инновациялық әдістемелік веб-сайт – сабақтың инновациялық материалдармен толығын қамтамасыз ететін, цифрлы технологияларды тиімді пайдаланудың жолдарын көрсететін, болашақ педагогтердің өз білімдерін

көтеруге, жетілдіруге үлесін қосатын интерактивті ақпараттық-анықтамалық құралдың бірі.

Инновациялық әдістемелік веб-сайт 2 бөлімнен тұрады: жалпы бөлім, интерактивті бөлім.



Сурет 22– Медиатека түрлері

Инновациялық әдістемелік веб-сайттың жалпы бөлімі веб-сайттың жалпы мақсат, міндеттерін ашып көрсетеді, ал интерактивті бөлімінде цифрлы технологияны сабақта қалай пайдалануға болатындығы қарастырылады, инновациялық сабақтың веб-сайттық жоспары беріледі.

Әдістемелік веб-сайт немесе білім беру порталын жасау (құру) кезеңдері: бастапқы, негізгі, қорытынды.

Бастапқы кезеңде веб-сайтқа немесе білім беру порталына енетін материалдарды іріктеу, жүйелеу, өңдеу; веб-сайтқа енетін материалдар мәліметтерінің базасын жасау; веб-сайттың математикалық моделін жасау; әдістемелік веб-сайттың стандарттық формасын жасау, оны көпшілікке ұсыну сияқты жұмыстар атқарылады.

Негізгі кезеңде веб-сайттың немесе білім беру порталының түп нұсқасы жасалынады; веб-сайттың ақпараттық құрылымына сәйкес мәліметтер базасы жасалынады; бағдарламалық модульдер құрастырылады; веб-сайтты соңғы ақпараттармен толықтырады; веб-сайтты Интернет желісіне қосады.

Қорытынды кезеңде ұсынылған веб-сайт немесе білім беру порталы бойынша электрондық пошта арқылы ұсыныстар, ескертпелер, пікірлер жинақталып алдыңғы уақытта веб-сайт әдістемелік жағынан өңделіп отырылады.

Қазіргі кезеңде жалпы орта білім беретін мектептердің оқу-тәрбие процесінде компьютерлік технологияның локальды және глобальды жүйе мүмкіндіктерін кеңінен қолдануда. Оның ішінде электронды кітапхана, электронды басылымдар, электронды оқулықтар және т.б. Интернет ресурстарын жан-жақты меңгеру мүмкіндіктері пайда болды, қашықтықтан оқыту орталықтарына шығу жолдары анықталды.

Болашақ педагогтер Web-сервермен жұмыс жасауға мүмкіндік алып, өздерінің іс-тәжірибелерін және инновациялық технологияларын, басқа да ақпараттарды өздерінің Web-беттерінде, Web-сайттарында орналастыра алады, телекоммуникациялық жүйені қолдана отырып, электронды пошта арқылы түрлі телеконференцияларға қатыса алады.

Қазіргі Төртінші өндірістік революция жағдайында кез келген мемлекеттің, кез келген елдің әлемдік бәсекеге қабілеттілігін және экономикалық өсуін айқындайтын басты көрсеткіштердің бірегейі цифрлық технологиялардың дамуы болып табылады.

Білім беру саласын цифрландырудың ең басты мақсаты – білім беру сапасын арттыру, халықаралық дейгейдегі әртүрлі зерттеу бағдарламалары аясында, оның ішінде «жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті болашақ мамандарды дайындау. Қашықтан оқыту жағдайында болашақ маманның жеке тұлғасын, интеллектуалды мәдениетін, технологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін электронды ресурстарды пайдалану оның ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім табатын кәсіби маман даярлау маңызды болып табылады.

Қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігі оның кәсіби және даралық қасиеттерімен сипатталады. Болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігі – педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін жоғары нәтижеге қол жеткізетін оның теориялық және практикалық дайындығының бірлігі.

Білім беру мен оқытудың цифрлық білім беру үдерісін құру қажеттілігін тудыратын факторлар цифрлық қоғамның үш құрамдас бөлігі болып табылады: цифрлы ұрпақ (ерекше әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері бар жаңа ұрпақ); цифрлы ортаны қалыптастыратын және онда дамиды жаңа цифрлық технологиялар; цифрлық экономика және ол қалыптастыратын кадрларға қойылатын жаңа талаптар.

«Z ұрпақ», «цифрлы ұрпақ», «желілік ұрпақ» және т.б. сөз тіркестері мен ұғымдары бүгінгі күнде күнделікті өмірде кең таралған білім беру және кәсіби қызметте цифрлық технологиялар контекстінде әлеуметтенген жас ұрпақты айқындау үшін қолданылады.

Қабылдау, есте сақтау, ойлау, ынталандыру, мінез-құлық үлгілері, өмір сүру ұзақтығы, дүниетаны бойынша ерекшеленетін цифрлы ұрпақ өкілі цифрлық қоғамда сұранысқа ие, әлеуметтік және кәсіби маңызды құзыреттерге ие болатын тұлға болып табылады. Цифрлық технологиялар заманауи технологиялық даму кезеңінің өзегін құрайды, жақын болашақта өзінің басым рөлін сақтайды.

Цифрлы білім беру ортасы жаңа мүмкіндіктерге жол ашады: сыныпта немесе аудиторияда, оқытудан кез келген жерде және кез келген уақытта оқытуға көшу; дербес білім беру маршрутын жобалау; білім алушыларды электронды ресурстарды қолданушыдан жаңа ресурстарды жасаушыларға айналдыру.

Цифрлы құзыреттілік – болашақ педагогтердің білім алу жағдайында, бос уақытта және қарым-қатынас үшін ақпараттық технологияларды нәтижелі пайдалана алуы, ақпаратты сақтай алуы, ақпаратпен алмасу алуы, ғаламтор арқылы желілік байланысқа шыға алуы және қарым-қатынас жасай алуы; цифрлы аймақта ақпараттық-коммуникациялық технологияны қауіпсіз таңдау, сенімді, цифрлы ортада цифрлы контентпен жұмыс және т.б. Ал, цифрлық сауаттылық дегеніміз болашақ педагогтердің түрлі цифрлық платформалардың көмегімен ақпаратты табу, іздеу, таңдау, бағалай алуы.

Қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудағы ғылыми-әдістемелік жұмыстардың бағыттары әр алуан (4-кесте).

Жаңа ғасырда цифрлық білім берудің жаңа технологиялары мен форматтары пайда болды: қашықтықтан оқыту технологиялары; аралас оқыту; жобалық іс-шараларды ұйымдастыру; бетпе-бет оқытудың жаңа форматтары.

Қазіргі кезеңде қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімді жолдарын анықтау, әдістемесін жасау қажеттілігі туындауда.

Қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін дамытуға әрі анықтауға мүмкіндік бар, атап айтқанда:

1) білім алушылармен және әріптестерімен цифрлы ресурстарды (платформаларды) пайдаланып байланыс мүмкіндіктерін үйрету;

2) оқу материалын құру және барды бейімдеу үшін цифрлы контенттерді пайдалану;

3) ақпараттың сенімділігін бағалау және жалған немесе бір жақты ақпаратты анықтау;

4) цифрлық технологияларды қауіпсіз жауапкершілікпен пайдалану;

5) білім алудағы кейбір мәселелерді шешу үшін цифрлық технологияларды шығармашылықпен қолдану;

6) білім беру процесінде цифрлы технологияларды қолдану және білім алушылардың желідегі белсенділігін бақылау;

7) білім алушылардың үлгерімі мен интеллектуалды өсу деңгейлерін бағалау және бақылау үшін сандық құралдарды пайдалануды үйрену және оларды қосымша қолдану.

Кесте 4 – Қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыру бағытындағы ғылыми-әдістемелік жұмыстардың бағыттары

Атауы	Мақсаты	Міндеттері	Мазмұны
Педагогикалық оқу	Педагогика, психология, пәнді оқыту әдістемесі бойынша инновациялық білімді жүйелеу	Цифрлық технологияны оқу-тәрбие процесіне ендірудің түрлі жолдарын қарастыру	Қашықтан оқыту жағдайында цифрлық технологияны оқу-тәрбие процесіне ендірудің тиімді жолдарын ұсынатын баяндамалар дайындау
Теориялық семинар	Болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін арттыру	Педагогикалық ұжымның инновациялық бағытта жұмыс жасаудың басым бағыттарын анықтау	Цифрлық технологиялар бойынша арнайы веб-сайт, педагогикалық порталдардың жұмысымен танысу
Практикалық семинар	Коллаборациялық ынтымақтастықты нығайту	Цифрлы технологияның түрлерімен таныстыру	Цифрлы технологияны оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалану жолдарын көрсету, зерделеу
Ғылыми-практикалық семинар, конференциялар	Цифрлы платформаларды тиімді пайдалану жолдарын көрсету	Цифрлы платформаларды пайдалану бойынша инновациялық тәжірибемен танысу, үйрену және насихаттау	Цифрлы платформаларды тиімді пайдалану бойынша баяндамалар тыңдау, жүргізген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижесін талдау
Инновациялық педагогикалық идеялар фестивалі	Инновациялық педагогикалық тәжірибені ғылыми тұрғыда негіздеу	Болашақ педагогтің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыратын жұмыстар ұйымдастыру	Болашақ педагогтің инновациялық жұмыстармен танысуы, авторлық технологияның тұсаукесерін жасауы
Инновациялық ақпараттық банк-цифрлы орта	Цифрлық өнім, электронды контент, веб-сайт, порталмен танысу	Цифрлық контент жасақтау: видеосабақтар, видеотесттер құрастыру, жеке веб-сайт, портал ашуы	Цифрлық технологияны пайдаланып электрондық оқулықтар дайындау, видеосабақ қорын жасақтау, пәннің цифрлы контентін жасау
Инновациялық ресурстық орталық	Цифрлы технологияны оқу-тәрбие процесіне ендіру бойынша тәжірибе алмасу	Болашақ педагогтің цифрлы-технологиялық құзыреттілігін қалыптастыруда қосымша білім беру	Цифрлы платформада оқу-әдістемелік семинар, конференция, форумдар ұйымдастыру

Үшінші мыңжылдықта ақпараттық, цифрлық және телекоммуникациялық технологиялардың қарыштап дамуына байланысты «цифрлы құзыреттілік» ұғымының мәні жылдан-жылға кеңейе түсуде.

Цифрлы технологиялар болашақ педагогтердің білім деңгейлерін бақылау мен бағалаудың қолданыстағы әдістерін дамытуға және жаңа, неғұрлым озық заманауи әдістерін құруға мүмкіндік береді.

Онлайн коучинг-вебинар болашақ педагогтерге оқыту технологияларын цифрлы білім беру тұрғысынан жетілдірілген түрлерін меңгертуді көздей отырып, оқытушы мен білім алушының серіктестікке құрылған қарым-қатынасы оқу материалының цифрлық контенттерінің жаңа формаларын тиімді қолдануға бағыт-бағдар сілтейді.

Халықаралық педагогикалық, кәсіби білім беру орталықтарының тәжірибелерін қазіргі жағдайдағы қазақстандық нарыққа бейімдеу арқылы жаһандық бәсекеге қабілетті цифрлы-креативті құзыреттіліктері жоғары болашақ педагогтер дайындауымыз керек.

Цифрлы Қазақстанның ақпараттану жағдайында болашақ маманның жеке тұлғасын, интеллектуалды мәдениетін, технологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін электронды ресурстарды пайдалану оның ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім табатын кәсіби маман даярлау маңызды болып табылады.

2.3 Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастыру деңгейлерін анықтау

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін модернизациялау, болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі туындауда.

ҚР Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында орта, техникалық, кәсіби, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру сияқты басты стратегиялық міндет айқындалды [119].

Қашықтан оқытудың ақпараттық білім беру ортасы – бұл пайдаланушылардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған деректерді беру құралдары, ақпараттық ресурстардың пайдалануды аппараттық-бағдарламалық және ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етудің жүйелі ұйымдастырылған жиынтығы, кабельдік немесе спутниктік теледидар, бейне немесе аудио жазбалар, факс, модем, бейнеконференция сияқты білім беру ұйымынан тыс технологиялар арқылы білім беру бағдарламаларын тарату.

2021-2023 жылдар арасында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді (5-кесте).

Кесте 5– Жүргізілген іс-шаралардың басым бағыттары

№	Іс-шара атауы, мазмұны	Сілтемесі
1	Ресейдің ШМПУ-мен ынтымақтастық келісім шарт жасалды (28.10.2021ж., Шадринский қ.)	https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/3589-dulati-universiteti-men-resejdi-shadrinsk-memlekettik-pedagogikaly-universiteti-arysynda-yntyma-tasty-bajlanys-ny-ayuda.html
2	Smart-pedagog.kz педагогикалық порталы әзірленді және ашылды	smart-pedagog.kz https://bilimdinews.kz/?p=174531
3	Ресейдің Шадринский мемлекеттік педагогикалық университетінің (ШМПУ) базасында «SMART-PEDAGOG» онлайн-кафедра құрылды (ШМПУ Ғылыми Кеңесінің шешімі: №1 хаттама, 28.10.2021 ж.)	https://dulaty.kz//kk/2020-01-30-02-50-58/item/3589-dylati-universiteti-men-resejdi-shadrinsk-memlekettik-pedagogikaly-universiteti-arysynda-yntyma-tasty-bajlanys-nu-ayuda.html https://www.instagram.com/p/CWFnFpeM0K5/?utm_medium=cory_link https://z-taraz.kz/dulati-universiteti-sheteldik-o-u-ornymen-bajlanysyn-ny-ajtuda/?fbclid=IwAR29qZ0r-6JNvxac7Fdmp31TxLGDIm4N1_M9aBkbH939F0h2B1yyGfvYUTc
4	«SMART – болашақ ПЕДАГОГ» онлайн-тесттілеудің мобильдік қосымшасы жасалды	https://play.google.com/store/apps/details?id=smart.aplivfm&hl=ru&gl=US
5	«Мен – Smart педагог» Халықаралық онлайн-коучинг вебинар өткізілді	http://lib.dulaty.kz/index.php/kz/45-mazydylar/1170zha-a-kitaptar https://www.instagram.com/p/CiSPM84MV15/?igshid=YmMyMTA2M2Y= https://dulaty.kz/ru/2020-01-30-02-50-58/item/4507-onlajn-konkurs-moj-pervyj-onlajn-urok.html
6	«Менің алғашқы сабағым» онлайн байқау ұйымдастырылды	https://dulaty.kz/ru/2020-01-30-02-50-58/item/4507-onlajn-konkurs-moj-pervyj-onlajn-urok.html https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/4603-dulati-universitetini-studenti-khaly-araly-baj-auda-zhe-iske-zhetti.html
7	«Ғылым таппай мақтанба, адам болам десеңіз!» ғылыми конференция	https://dulaty.kz/ustaz-institute-kaz/ustaz-news/item/4732-ylym-tappaj-ma-tanba-adam-bolam-dese-iz.html
8	Онлайн-сауалнама және онлайн-тест жүргізілді	http://test.max-tech.kz/?page=author&lang=kaz
9	«Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн курсы өткізілді	https://www.instagram.com/p/Cn7FSMGNocn/?igshid=MDJmNzVkMjY
10	«Қашықтан білім беру: сын-қатерлер, заманауи трендтер және стратегиялар» Халықаралық Конгресс	https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/4913-ashy-tan-bilim-beru-khaly-araly-kongress.html
11	«Қазіргі заманғы оқыту технологиялары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар	https://dulaty.kz/kk/2020-01-30-02-50-58/item/3845-aza-standy-zh-ne-resejlik-alymdar-kollaboratsiyalylymi-zertteu-zh-mystaryn-zh-rgizude.html

Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімді жолдарын анықтау, әдістемесін жасау қажеттілігі туындауда.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті (Дулати университеті) мен Ресейдің Шадринский мемлекеттік педагогикалық университеті (ШМПУ) инновациялық ынтымақтастығының негізінде қашықтықтан оқытуды және біліктілікті арттыруды қамтамасыз ету үшін болашақ педагогтердің барлық білім беру ресурстарына қол жетімділікті қамтамасыз ететін зияткерлік инновациялық виртуалды білім беру платформасы – педагогикалық білім беру порталы құрылды [120].

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық, инновациялық-технологиялық және желілік-әдістемелік негіздерін айқындалды және www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы ашылды.

www.smart-pedagog.kz білім беру порталының артықшылықтары тек білім алушылармен ғана шектелмейді, оқытушыларға да қатысты. Порталда қолданылатын интерактивті оқыту және білім беру әдістері болашақ педагогтер үшін жаңа перспективаны ашады, олар үйренген әдістерін болашақта қарапайым сыныптарда қолдана алады.

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда жаһандық бәсекеге қабілетті педагогикалық кадрларды дайындауда қашықтықтан білім беру жағдайында инновациялық іс-тәжірибені үйрену, пайдалану, зерттеу, насихаттау мақсатында Дулати университеті (Қазақстан) мен Ресейдің Шадринский мемлекеттік педагогикалық университеті (Ресей) арасында бірыңғай ортақ бірлескен желілік-әдістемелік байланысын орнату мақсатында «Мен – smart педагог!» Халықаралық онлайн коучинг- вебинар ұйымдастырылды.

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімді жолдары анықталынды: «Менің алғашқы онлайн сабағым» Халықаралық онлайн байқауының ережесі жасалынып, ұйымдастырылды.

ҚР-да қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша Халықаралық онлайн коучинг-вебинар ұйымдастырылды.

Халықаралық онлайн коучинг-вебинарға республикаға танымал ғалымдар, болашақ педагогтер, білім беру ұйымдарының әдіскерлері және Ресейдің Шадринский мемлекеттік педагогикалық университетінің ғалымдары мен болашақ педагогтері қатысты.

Халықаралық онлайн коучинг-вебинардың мақсаты – болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың басым бағыттарын анықтау.

Онлайн коучинг-вебинар болашақ педагогтерге оқыту технологияларын цифрлы білім беру тұрғысынан жетілдірілген түрлерін меңгеруді көздей отырып, оқытушы мен білім алушының серіктестікке

құрылған қарым-қатынасы оқу материалының цифрлық контенттерінің жаңа формаларын тиімді қолдануға бағыт-бағдар сілтеді.

Болашақ педагогтерге арналған көлемі 72 сағаттық «Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн курсы өткізілді.

Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижесінде «Педагогика» және «Цифрлы педагогика» электронды оқулықтары (ЭО) жарық көрді.

«Педагогика» ЭО-ның болашақ педагогтердің шығармашылық ізденісі, цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастыратындай артықшылықтары бар: сыни ойлау, жаңа ақпараттарды іздеу, өңдеу және сұрыптау; мәселені қоя білу, сұрақтарға жауап іздеу, нәтижені сұрыптау және т.б. зерттеушілік іс-әрекеттері.

Оқыту мен оқуда цифрлы технологияларды пайдалану тиісті ақпарат жинауды; дәлелдерді сын тұрғысынан талдау мен бағалауды; кепілдендірілген шешімдер мен жинақталған қорытындылар; ауқымды тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауды қамтитындай ЭО-тың Бас мәзірі 6 блоктан тұрады: «Теория»; «Білгенге маржан»; «Ұлыдан ұлағат»; «Глоссарий»; «Фотогалерея»; «Әдебиеттер» (23-сурет).

«Педагогика» ЭО-ы болашақ педагогтерді педагогикалық іс-әрекеттің теориясымен қаруландыра отырып, болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін дамытады.

«Педагогика» пәні бойынша инновациялық-ақпараттық банк құрылды: осы жоба аясында құрылған педагогикалық порталға «Педагогика» пәні бойынша дайындалған 12 бейне дәріс, «Педагогика» электронды оқулығы және «Цифрлы педагогика» оқулығы жүктелді.

6 ғылыми туындыға Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алынды (6-кесте).



Сурет 23 – Электронды оқулықтың бас мәзірі

Халықаралық Конгресс аясында отандық және шетелдік ғалымдардың авторлық курстары, жаңашыл педагогтердің шеберлік сыныптары, психологиялық-педагогикалық тренингтерді онлайн, офлайн форматта ұйымдастырылды.

Цифрлы Қазақстанның ақпараттану жағдайында болашақ маманның жеке тұлғасын, интеллектуалды мәдениетін, технологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін электронды ресурстарды пайдалану оның ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім табатын кәсіби маман даярлау маңызды болып табылады.

Цифрлы қоғамда педагогикалық кадрларды кәсіби даярлаудың заманауи тенденцияларын айқындау; қашықтан оқытудың заманауи трендтерін айқындау; ХХІ ғасырдың сын-қатерлі контексіндегі білім сапасын арттыратын цифрлы технологиялардың мәнін ашу; педагог кадрларды дайындаудағы әлемдегі үздік ЖОО инновациялық іс-тәжірибесін зерделеу мақсатында «Қашықтан білім беру: сын-қатерлер, заманауи трендтер және стратегиялар» атты Халықаралық Конгресс ұйымдастырылды.

2021-2022 оқу жылында Жоба мүшесі, 7М01104-Педагогикалық өлшемдер білім беру бағдарламасы бойынша білім алып жатқан магистрант Ж.Жақып «Қазақстан Республикасында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзіреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық және әдістемелік аспектілері» магистрлік диссертациясын сәтті қорғады.

Кесте 6 –Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алынған ғылыми өнімдер

№	Ғылыми өнімнің атауы	Өнім түрі	Құжат
1	«Педагогика» электронды оқулық	ЭЕМ-ге арналған бағдарлама	Авторлық меншік куәлігі № 23213; 1 ақпан, 2022 ж.
2	www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы	ЭЕМ-ге арналған бағдарлама	Авторлық меншік куәлігі № 235 88; 14 ақпан, 2022 ж.
3	Цифрлы педагогика	Ғылыми туынды	Авторлық меншік куәлігі №26090; 3 мамыр, 2022ж.
4	Цифровая педагогика	Ғылыми туынды	Авторлық меншік куәлігі №32 153; 31 қаңтар, 2023 ж.
5	The textbook «Digital Pedagogy»	Ғылыми туынды	Авторлық меншік куәлігі №32 153; 2 қаңтар, 2023 ж.
6	«Цифрлы педагогика» электронды оқулық	ЭЕМ-ге арналған бағдарлама	Авторлық меншік куәлігі № 35 341; 3 мамыр, 2023 ж.

Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесін білім беру ұйымдарының оқу процесіне ендіру актілері анықталды.

Жаңа Қазақстан жағдайында бәсекеге қабілетті педагогикалық кадрларды даярлаудағы қашықтан білім берудегі инновациялық тәжірибесі зерделенді: Дулати университеті (Қазақстан) мен Ресейдің ШМПУ (Ресей) арасында бірыңғай бірлескен әдістемелік байланыс орнатылды; педагогикалық (портал) smart-pedagog ашылды; серіктес университет ретінде ШМПУ-мен «SMART-PEDAGOG» онлайн кафедрасы ашылды; инновациялық-ақпараттық банк құрылды; зерттеу жұмысының барысында қол жеткізілген нәтижелерді өңделді.


Smart-pedagog.kz педагогикалық порталындағы «Педагогикалық студия» модулінде бейнесабақтарды жасау бойынша бейнероликтер орналастырылды (7-кесте).

XXI ғасырда білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру үшін оқыту бағдарламасын сыни ойлау, өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға, қашықтықтан да білім алуға бағыттау қажет.

Халықаралық педагогикалық, кәсіби білім беру орталықтарының тәжірибелерін қазіргі жағдайдағы қазақстандық нарыққа бейімдеу арқылы жаһандық бәсекеге қабілетті цифрлы-креативті құзыреттіліктері жоғары болашақ педагогтер дайындауымыз керек.

Сондай-ақ, www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталында «Smart-болашақ педагог» онлайн тест және онлайн-сауалнаманың веб-версиясына және мобильді қосымшасына шығуға болады.


Кесте 7– Smart-pedagog.kz педагогикалық порталындағы «Педагогикалық студия» модуліндегі бейнесабақтар сілтемесі

№	Бейнеөнім	Сілтемесі
1	Компьютерде видеосабак жасау	https://youtu.be/k0suOPYwAXA
2	Смартфонда видеосабак жасау	https://youtu.be/-8eQLt7adVI
3	Скринкаст (экранды түсіру)	https://youtu.be/i7UZFSyQ-PM
4	«Педагогика» электронды оқулығы	https://cloud.mail.ru/public/yNJ3/UmAWNQXXU
5	«Цифрлы педагогика» оқулығы	http://lib.dulaty.kz/rus2/all.doc/Elektron_res/Buzaubakova.html 

www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталында «Smart-болашақ педагог онлайн-сауалнамасында 10 сауалнама ұсынылады, жоғарыда көрсетілген батырмаларды басу арқылы тілді таңдауға мүмкіндік бар.


«Smart -болашақ педагог» онлайн сауалнамаға барлығы 2879 респондент қатысты. Сауалнамаға Қазақстанның жоғары оқу орнынан 2621 болашақ педагогтер қатысты, оның ішінде зерттеу жүргізілген М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінен 2280(87%) респонденттер қатысса, Қазақстанның басқа да жоғары оқу орнынан 289(11%) респонденттер қатысты, ал Ұлттық ЖОО 52(2%) респонденттер қатысты (24-сурет).

«Smart-болашақ педагог» онлайн сауалнамаға қатысқан респонденттердің 1353(47 %) гуманитарлық мамандығы бойынша білім алып жатқан болашақ педагогтер болса, 489 (17%) респондент жаратылыстану мамандығы бойынша білім алып жатқан болашақ педагогтер болды, 58(2%) респондент техникалық мамандық бойынша білім алып жатқан болашақ педагогтерді құрады, 346(12%) респондент технология мамандығы бойынша, 630(22%) респондент өнер және спорт мамандығы білім алып жатқан болашақ педагогтер болды (25-сурет).




Сурет 24 – Бірінші сұрақтың нәтижесі

«Smart-болашақ педагог» онлайн сауалнамаға 1-4(5) курс студенттері қатыстырылды. Онлайн сауалнамаға қатысқан респонденттердің 2246 (78%) 1 курс студенттері болса, 2 курс студенттердің үлес салмағы 201 (7%) құрады, ал 3-4(5) курс студенттерінің үлес салмағы 144 (5%) болды. Онлайн сауалнамаға қатысқан респонденттердің басым көпшілігі 1-курс студенттері болды (26-сурет).




Сурет 25– Екінші сұрақтың нәтижесі




Сурет 26 – Үшінші сұрақтың нәтижесі

«Қашықтан білім беру жүйесіне өз көзқарасыңызды білдіріңіз» деген сауалға онлайн сауалнамаға қатысқан респонденттердің 46%(1324) қашықтан білім беру жүйесін қолдаса, 17%(489) қашықтан білім беру жүйесін қолдамайтындықтарын білдірді, респонденттердің 12%(346) ішінара қолдайтындықтарын білдірді, ал қалған респонденттердің 17%(489) нақты жауап бере алмайтындықтарын білдіріп, бейтарап қалды (27-сурет).




Сурет 27– Төртінші сұрақтың нәтижесі

«Сіздің ойыңызша, дәстүрлі оқытуға қарағанда қашықтықтан оқыту жағдайында білім алушылардың оқу жүктемесі қалай өзгереді? деген сауалға онлайн сауалнамаға қатысқан респонденттердің 45%(1296) дәстүрлі оқытуға қарағанда қашықтықтан оқыту жағдайында білім алушылардың оқу жүктемесі артатындығын көрсетсе, респонденттердің 18%(518) дәстүрлі оқытуға қарағанда қашықтықтан оқыту жағдайында білім алушылардың оқу жүктемесі азаяды деп санаса, респонденттердің 5%(144) дәстүрлі оқытуға қарағанда қашықтықтан оқыту жағдайында білім алушылардың оқу жүктемесі бірдей болатындығын атап өтсе, ал респонденттердің 20%(576) дәстүрлі оқытуға қарағанда қашықтықтан оқыту жағдайында білім алушылардың оқу жүктемесі оқытылатын пәнге байланысты болатындығын көрсетсе, ал қалған респонденттердің 12%(346) нақты жауап бере алмайтындықтарын білдіріп, бейтарап қалды (28-сурет).



Сурет 28– Бесінші сұрақтың нәтижесі



Сурет 29– Алтыншы сұрақтың нәтижесі

«Қашықтықтан оқытудың басты артықшылығын атаңыз» деген сауалға онлайн сауалнамаға қатысқан респонденттердің 15%(432) оқу процесінің икемділігін атап көрсетсе, 36%(1036) жұмысты оқумен ұштастыра алу мүмкіндігін баса айтты, респонденттердің 26%(749) оқыту үрдісін технологияландыруды (ақпараттық технологияларды пайдалану) баса атап өтті, респонденттердің 12%(346) практикалық дағдыларды қалыптастыруды тілге тиек етті, ал қалған респонденттердің 11%(316) мазмұнды жаңарту оңайлығы және ескі материалды мұрағаттау мүмкіндігін, яғни кез келген оқу материалы жүктеу үшін қол жетімді болып қалатындығын атап көрсетті (30-сурет).




Сурет 30 – Жетінші сұрақтың нәтижесі

«Дәстүрлі оқытумен салыстырғанда қашықтан оқытуда оқыту нәтижесі қалай өзгереді?» деген сауалға онлайн сауалнамаға қатысқан респонденттердің 20%(577) дәстүрлі оқытумен салыстырғанда қашықтан оқытуда оқыту нәтижесі айтарлықтай айырмашылық жоқ көрсетсе, 10%(288) қашықтықтан оқытуда білім нәтижесі жоғары болатындығын білдірсе, респонденттердің 59%(1699) дәстүрлі оқытуда білім нәтижесі жоғары болатындығын баса атап өтті, респонденттердің 4%(114) ешқандай айырмашылық жоқ десе, ал қалған респонденттердің 7%(201) жауап беруге қиналатындықтарын білдірді (31-сурет).



Сурет 31– Сегізінші сұрақтың нәтижесі

«Қашықтықтан оқытуды оқушылардың қай тобына пайдаланған қолайлы?» деген сауалға онлайн сауалнамаға қатысқан респонденттердің 30%(864) қашықтықтан оқытуды пәннен артта қалушылар үшін пайдаланған қолайлы деп санаса, 24%(691) қашықтықтан оқытуды пәнге қызығушылық танытқандар үшін пайдаланған қолайлы екендігін білдірді, респонденттердің 12%(346) қашықтықтан оқытуды мұғаліммен қарым-қатынаста қиындықтарға тап болғандар үшін пайдаланған қолайлы деп санаса, респонденттердің 25%(719) қашықтықтан оқытуды мектепке уақытша бара алмайтындар үшін (ауруға байланысты, басқа қалаға кетуіне байланысты және т.б.) деп жауап берсе, ал қалған респонденттердің 9%(259) қашықтықтан оқытуды барлық жағдайда да пайдалануға болады деп жауап берген (32-сурет).



Сурет 32– Тоғызыншы сұрақтың нәтижесі

«Қашықтықтан оқытуды білім беру мақсатында қолданғыңыз келе ме?» деген сауалға онлайн сауалнамаға қатысқан респонденттердің 28%(806) қашықтықтан оқытуды білім беру мақсатында қолданғысы келетіндерін білдірсе, 12%(346) қашықтықтан оқытуды білім беру мақсатында қолданғысы келмейтіндерін білдірді, респонденттердің 8%(230) жауап беруге қиналатындықтарын білдірді, респонденттердің 29%(835) қашықтықтан оқытуды білім беру мақсатында жағдайға қарай қолдануға болатындығын атап өтті, ал қалған респонденттердің 23%(662) қашықтықтан оқытуды білім беру мақсатында ішінара қолдануға болатындығын атап өтті (33-сурет).



Сурет 33– Оныншы сұрақтың нәтижесі

www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталында «smart-болашақ педагог» онлайн тест веб версиясына шығуға болады.

«Smart- болашақ педагог» онлайн тест батырмасын басу арқылы 15 тест тапсырмасынан тұратын тесттен өтіп, болашақ педагог өз білімін тексеруге мүмкіндік алады.

Болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттілік деңгейлерін анықтау үшін «Smart-болашақ педагог» онлайн тест алынды. «Smart - болашақ педагог» онлайн тест 15 сұрақтан тұрды және әрбір тесттің 5 жауабы ұсынылды.

8-кестеде «Smart-болашақ педагог» онлайн тесттің қорытындысы берілді.

Кесте 8 – «Smart -болашақ педагог» онлайн тесттің қорытындысы

№	Сұрақ	Дұрыс жауап	Дұрыс емес жауап	Айырма
1	Цифрлық технологияларды және интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажет білім мен дағдылардың жиынтығы	41%	59%	18%
2	Оқу, білім беру және басқа да іс-әрекет барысында мәселелерді шешу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияның барлық құраушы дағдыларын сенімді меңгеру	56 %	44%	12%
3	Еңбек нәтижелігін анықтайтын білім мен дағдылардың жиынтығы	49 %	51%	2%
4	Адамның білім, білік дағдыларды игеруге негізделген ақпараттық-коммуникациялық технологияларды өмірдің әртүрлі салаларында сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы мен мүмкіндігі	14 %	86%	72%
5	IP адрес дегеніміз не?	67%	33%	34%
6	Браузер дегеніміз не?	67%	33%	34%
7	Мәтіндік файлдарға келесі ұлғайтулар сәйкес келеді	56 %	44%	46%
8	Презентацияларды дайындау және қарау бағдарламасы	73%	27%	46%
9	Microsoft Power Point бағдарламасында презентация төмендегілерді қамтуы мүмкін:	35%	65%	30%
10	Дидактикалық мақсатта тиімді пайдалануға болатын онлайн-викториналар, онлайн-тест және сауалнама өткізуге арналған сервис түрі	15%	85%	70%
11	Жалпы орта білім беретін мектептерде жиі қолданылатын қашықтан оқыту платформасын көрсетіңіз:	74%	26%	48%
12	Белгілі бір пән бойынша оқу материалдары мен тесттерден тұратын бағдарламалық кешен	53%	47%	6%
13	Аудио- және бейнежазбаларды интегралды қолдайтын компьютерлік жүйелер	44%	56%	12%
14	Оқулықтарды, дербес компьютерлер мен компьютерлік желілерді қолдана отырып оқыту	45%	55%	10%
15	Виртуалды сынып құру үшін қандай қызметті (сервисді) қолдануға болады?	15%	85%	70%

Болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық білім беру порталының қосар үлесі зор болмақ.

«Smart-болашақ педагог» онлайн тестке барлығы 2879 респондент қатысты.

Онлайн тестке қатысқан респонденттер «Цифрлық технологияларды және интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажет білім мен дағдылардың жиынтығы – бұл: » деген сұраққа 41%(1180) «цифрлық сауаттылық» деп жауап берсе, 24%(691) респонденттер «цифрлық білім» деген жауапты таңдады, 3%(86) респонденттер «цифрлық біліктілік» деп жауап берсе, 8%(231) респонденттер «цифрлық дағды» деген жауапты місе тұтты, ал қалған 24%(691) респонденттер «цифрлық құзыреттілік» деп таныды (34-сурет).


1-сұраққа дұрыс жауап бергендердің үлес салмағы – 41% (1180), дұрыс емес жауап бергендердің үлес салмағы – 59%(1699).



Сурет 34– Бірінші сұрақтың нәтижесі

Онлайн тестке қатысқан респонденттер «Оқу, білім беру және басқа да іс-әрекет барысында мәселелерді шешу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияның барлық құраушы дағдыларын сенімді меңгеру» деген сұраққа 56%(1612) «ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік» деп жауап берсе, 19%(547) респонденттер «цифрлық құзыреттілік» деген жауапты таңдады, 22%(634) респонденттер «технологиялық құзыреттілік» деп жауап берсе, 3%(86) респонденттер «кәсіби құзыреттілік» деген жауапты місе тұтты, ал бірде бір респондент «креативті құзыреттілік» деген жауапты таңдамады (35-сурет).


Оқу, білім беру және басқа да іс-әрекет барысында мәселелерді шешу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияның барлық құраушы дағдыларын сенімді меңгеру:



Сурет 35– Екінші сұрақтың нәтижесі

2-сұраққа дұрыс жауап бергендердің үлес салмағы – 56% (1612), дұрыс емес жауап бергендердің үлес салмағы – 44%(1267).

Онлайн тестке қатысқан респонденттер «Еңбек нәтижелігін анықтайтын білім мен дағдылардың жиынтығы» деген сұраққа 49%(1411) «кәсіби құзыреттілік» деп жауап берсе, 17%(489) респонденттер «цифрлық құзыреттілік» деген жауапты таңдады, 17%(489) респонденттер «технологиялық құзыреттілік» деп жауап берсе, 6%(173) респонденттер «креативті құзыреттілік» деген жауапты місе тұтты, ал қалған 11%(317) респонденттер «ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік» деп таныды (36-сурет).



Сурет 36 – Үшінші сұрақтың нәтижесі

3-сұраққа дұрыс жауап бергендердің үлес салмағы – 49 %(1411), дұрыс емес жауап бергендердің үлес салмағы – 51%(1468).


Онлайн тестке қатысқан респонденттер «Адамның білім, білік дағдыларды игеруге негізделген ақпараттық-коммуникациялық технологияларды өмірдің әртүрлі салаларында сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы мен мүмкіндігі» деген сұраққа 14%(403) «цифрлық құзыреттілік» деп жауап берсе, 23%(662) респонденттер «кәсіби құзыреттілік» деген жауапты таңдады, 26%(749) респонденттер «технологиялық құзыреттілік» деп жауап берсе, 17%(489) респонденттер «креативті құзыреттілік» деген жауапты місе тұтты, ал қалған 20%(576) респонденттер «ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік» деп таныды (37-сурет).



Сурет 37 – Төртінші сұрақтың нәтижесі

4-сұраққа дұрыс жауап бергендердің үлес салмағы – 14%(403), дұрыс емес жауап бергендердің үлес салмағы – 84%(2476).

Онлайн тестке қатысқан респонденттер «IP адрес дегеніміз не?» деген сұраққа 67%(1929) «Компьютерлік желідегі түйіннің бірегей желілік адресі» деп жауап берсе, 3%(86) респонденттер «Компьютердің құпия сөзі» деген жауапты таңдады, 6%(173) респонденттер «Дербес компьютерді пайдаланушының идентификаторы» деп жауап берсе және 6%(173) респонденттер «Сіздің дербес компьютеріңіздің бірегей коды» деген жауапты місе тұтты, ал қалған 18%(518) респонденттер «Жеткізушінің адресі» деп таныды (38-сурет).



Сурет 38– Бесінші сұрақтың нәтижесі


5-сұраққа дұрыс жауап бергендердің үлес салмағы – 67% (1929), дұрыс емес жауап бергендердің үлес салмағы – 33% (950).

Онлайн тестке қатысқан респонденттер «Браузер дегеніміз не?» деген сұраққа 67% (1929) «Компьютер экранында компьютерлік желіден ақпаратты іздеуге және қарауға арналған бағдарлама» деп жауап берсе, 18%(518) респонденттер «Internet Explorer» деген жауапты таңдады, 6%(173) респонденттер «Файлдардың ақпарат көлемін (сығуды) азайтуға арналған бағдарлама» деп жауап берсе, 9%(259) респонденттер «Компьютерлік ресурстарды басқаруға арналған өзара байланысты бағдарламалар кешені» деген жауапты місе тұтты, ал бірде бір респондент «Антивирустық бағдарлама» деп тани алмады (39-сурет).



Сурет 39 – Алтыншы сұрақтың нәтижесі

Онлайн тестке қатысқан респонденттер «Мәтіндік файлдарға келесі ұлғайтулар сәйкес келеді» деген сұраққа 56% (1612) «TXT, RTF, DOC, ODT ...» деп жауап берсе, 6%(173) респонденттер «AVI, MPG, MP4 ...» деген жауапты таңдады, 15% (432) респонденттер «JPG, PNG, TIFF, BMP ...» деп жауап берсе, 3%(86) респонденттер «XLS, ODS ...» деген жауапты місе тұтты, ал қалған 20%(576) респонденттер «Html, htm, dom... » деп таныды (40-сурет).



Сурет 40 – Жетінші сұрақтың нәтижесі


Онлайн тестке қатысқан респонденттер «Microsoft Power Point бағдарламасында презентация төмендегілерді қамтуы мүмкін:» деген сұраққа 35%(1008) «Жоғарыда келтірілгендердің барлығы» деп жауап берсе, 29%(835) респонденттер «Мәтін, диаграмма, кесте» деген жауапты таңдады, 30%(863) респонденттер «Фотосурет, картинка, суреттер» деп жауап берсе, 6%(173) респонденттер «Гиперсілтеме» деген жауапты місе тұтты, ал бірде бір респондент «Аудио және бейнематериалдар» деп тани алмады (41-сурет).



Сурет 41– Сегізінші сұрақтың нәтижесі

9-сұраққа дұрыс жауап бергендердің үлес салмағы – 35% (1008), дұрыс емес жауап бергендердің үлес салмағы – 65%(1871).

Онлайн тестке қатысқан респонденттер «Дидактикалық мақсатта тиімді пайдалануға болатын онлайн-викториналар, онлайн-тест және сауалнама өткізуге арналған сервис түрі» деген сұраққа 15%(432) «Kahoot» деп жауап берсе, 24%(691) респонденттер «Prezi» деген жауапты таңдады, 21%(604) респонденттер «Microsoft Power Point Clogster» деп жауап берсе, 15%(432) респонденттер «Microsoft Power Point» деген жауапты місе тұтты, ал қалған 25%(720) респонденттер «Adobe Captivate» деп таныды (42-сурет).



Сурет 42– Оныншы сұрақтың нәтижесі

10-сұраққа дұрыс жауап бергендердің үлес салмағы – 15%(432), дұрыс емес жауап бергендердің үлес салмағы – 85%(2447).

Онлайн тестке қатысқан респонденттер «Жалпы орта білім беретін мектептерде жиі қолданылатын қашықтан оқыту платформасын көрсетіңіз» деген сұраққа 74%(2130) «ZOOM» деп жауап берсе, 8%(230) респонденттер «Adobe Captivate» деген жауапты таңдады, 3%(86) респонденттер «Cisco Webex Meetingz» деп жауап берсе, 6%(173) респонденттер «Teams» деген жауапты місе тұтты, ал қалған 9%(260) респонденттер «Skype» деп таныды (43-сурет).

11-сұраққа дұрыс жауап бергендердің үлес салмағы- 74%(2130), дұрыс емес жауап бергендердің үлес салмағы – 26%(749).

Онлайн тестке қатысқан респонденттер «Белгілі бір пән бойынша оқу материалдары мен тесттерден тұратын бағдарламалық кешен» деген сұраққа 53% (1526) «Электронды оқулық» деп жауап берсе, 12%(346) респонденттер «Мәтін оқулығы» деген жауапты таңдады, 18%(518) респонденттер

«Электронды сөздік» деп жауап берсе, 9%(259) респонденттер «Тренажер» деген жауапты місе тұтты, ал қалған 8%(230) респонденттер «Қолжазба кітабы» деп таныды (44-сурет).

12-сұраққа дұрыс жауап бергендердің үлес салмағы – 53% (1526), дұрыс емес жауап бергендердің үлес салмағы– 47%(1353).



Сурет 43– Он бірінші сұрақтың нәтижесі



Сурет 44– Он екінші сұрақтың нәтижесі

Онлайн тестке қатысқан респонденттер «Аудио- және бейнежазбаларды интегралды қолдайтын компьютерлік жүйелер» деген сұраққа 44% (1267) «Мультимедиа» деп жауап берсе, 18%(518) респонденттер «Медиақызмет» деген жауапты таңдады және 18%(518) респонденттер «Аудиовизуализация» деп жауап берсе, 17% (490) респонденттер

«Интерактив» деген жауапты місе тұтты, ал қалған 3 %(86) респонденттер «Мәліметтер базасы» деп таныды (45-сурет).

14-сұраққа дұрыс жауап бергендердің үлес салмағы – 44%(1267), дұрыс емес жауап бергендердің үлес салмағы – 56%(1612). Онлайн тестке қатысқан респонденттер «Оқулықтарды, дербес компьютерлер мен компьютерлік желілерді қолдана отырып оқыту» деген сұраққа 45%(1296) «Қашықтықтан оқыту» деп жауап берсе, 6%(173) респонденттер «Коммуникациялық оқыту» деген жауапты таңдады, 9%(259) респонденттер «Навигациялық оқыту» деп жауап берсе, 33%(950) респонденттер «Интерактивті оқыту» деген жауапты місе тұтты, ал қалған 7%(201) респонденттер «Дәстүрлі оқыту» деп таныды (46-сурет).

14-сұраққа дұрыс жауап бергендердің үлес салмағы – 45%(1296), дұрыс емес жауап бергендердің үлес салмағы – 55%(1583).



Сурет 45– Он үшінші сұрақтың нәтижесі



Сурет 46– Он төртінші сұрақтың нәтижесі


Онлайн тестке қатысқан респонденттер «Виртуалды сынып құру үшін қандай қызметті (сервисді) қолдануға болады?» деген сұраққа 15%(432) «Google Classroom» деп жауап берсе, 6%(173) респонденттер «Quizizz» деген жауапты таңдады, 3%(86) респонденттер «Plickers» деп жауап берсе, 39%(1123) респонденттер «Whatsapp» деген жауапты місе тұтты, ал қалған 37%(1065) респонденттер «ZOOM» деп таныды (47-сурет).

15-сұраққа дұрыс жауап бергендердің үлес салмағы –15%(432), дұрыс емес жауап бергендердің үлес салмағы – 85%(2447).



Сурет 47– Он бесінші сұрақтың нәтижесі

48-суретте «Smart-болашақ педагог» онлайн тесттің жалпылама қорытындысы көрнекі берілді.



Сурет 48 – «Smart -болашақ педагог» онлайн тесттің «дұрыс» және «дұрыс емес» жауаптары

Онлайн тесттің қорытындысын сарапталмай келе, болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттіліктері жеткілікті дәрежеде болды:

1) «Адамның білім, білік дағдыларды игеруге негізделген ақпараттық-коммуникациялық технологияларды өмірдің әртүрлі салаларында сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы мен мүмкіндігі» деген 4-сұраққа респонденттердің 86%(2476) «дұрыс емес жауап» берген және «дұрыс жауап» бен «дұрыс емес жауаптың » айырмашылығы 72%-ы құрайды;

2) «Дидактикалық мақсатта тиімді пайдалануға болатын онлайн-викториналар, онлайн-тест және сауалнама өткізуге арналған сервис түрі» деген 10-сұраққа респонденттердің 85%(2447) «дұрыс емес жауап» берген және «дұрыс жауап» бен «дұрыс емес жауаптың » айырмашылығы 70%-ы құрайды;

3) «Виртуалды сынып құру үшін қандай қызметті (сервисді) қолдануға болады?» деген 15-сұраққа респонденттердің 85%(2447) «дұрыс емес жауап»

берген және «дұрыс жауап» бен «дұрыс емес жауаптың » айырмашылығы 70%-ы құрайды.

Онлайн тесттің қорытындысын зерделей келе түйгеніміз: болашақ педагогтер қашықтықтан білім алудың дидактикалық мүмкіндіктерін жеткілікті дәрежеде меңгерген.

Алайда болашақ педагогтер компьютермен жұмыс жасау дағдыларын жақсы меңгерген:

1) «Еңбек нәтижелігін анықтайтын білім мен дағдылардың жиынтығы» деген 3-сұраққа респонденттердің басым көпшілігі 49%(1411) «дұрыс берген және «дұрыс емес жауап» берген және «дұрыс жауап» бен «дұрыс емес жауаптың» айырмашылығы 2%-ы құрайды;

2) «Белгілі бір пән бойынша оқу материалдары мен тесттерден тұратын бағдарламалық кешен» деген 12-сұраққа респонденттердің 53%(1526) «дұрыс жауап» берген және «дұрыс жауап» бен «дұрыс емес жауаптың» айырмашылығы 6%-ы құрайды;

3) «Оқулықтарды, дербес компьютерлер мен компьютерлік желілерді қолдана отырып оқыту» деген 14-сұраққа респонденттердің 45%(1296) «дұрыс жауап» берген және «дұрыс жауап» бен «дұрыс емес жауаптың» айырмашылығы 10%-ы құрайды.

Болашақ педагогтер инноватор ғалымдар және жаңашыл педагогтердің инновациялық іс-тәжірибелерін зерделеу арқылы технологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыра алады:

1) педагогикалық сайттар мен порталдарға шығады, электронды оқулықтардан инновациялық білім алады;

2) өз мамандығы және болашақта сабақ беретін пәні бойынша ақпараттық банк қорын және электронды медиатека жасақтайды;

3) қашықтықтан оқыту бойынша пайдаланылатын цифрлы оқыту платформасына және оқу контенттеріне, компьютерлік бағдарламаларға, мультимедиялық құрылғыларға педагогикалық диагностика, мониторинг жүргізеді және SWOT-талдау жасайды.

4) педагогикалық коворкингте қашықтықтан оқытудың өзекті проблемалары бойынша ұйымдастырылатын коучинг, педагогикалық тренинг, форум, пікірталастарға қатысып, өз ойын білдіріп, қажетті цифрлы-креативті құзыреттілікті меңгереді.

5) болашақ педагог өзін-өзін басқара алуды үйренеді: әрбір іс-әрекетіне педагогикалық рефлексия жасайды.

Қазақстан Республикасында болашақ педагогтердің интеллектуалды дамуына қажетті негізгі құзыреттіліктің бірі – білім беру ресурстарын бағамдау; оқу мақсаты, студенттер тобының ерекшеліктеріне және оқыту стиліне сәйкес келетін цифрлық ресурстар мен материалдарды іріктеу, сұрыптау, түрлендірі, өзгерту, жаңа нұсқасын жасау; өз жобасымен (нұсқасымен) басқалармен бөлісу, өз идеясын дәлелдей алуы және т.б.

3 ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЦИФРЛЫ-КРЕАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

3.1 Болашақ педагогтерге арналған «Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн курс

ҚР БҒМ тарапынан қаржыландырылған (Келісім шарт №190/36-21-23, 15.04.2021ж., ҰҒК шешімі: хаттама №3, 18.02.2021 ж.) АР09259497 «Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері» ғылыми жобасы аясында болашақ педагогтерге арналған «Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн курсы өткізілді.

Онлайн курсқа қазақстандық және ресейлік жоғары оқу орындарының педагогикалық білім беру бағдарламаларымен білім алып жатқан болашақ педагогтер қатысты.

Онлайн курсқа қатысқан респоденттердің саны – 100.

Онлайн курстың мақсаты – педагогикалық білім беру бағдарламалары бойынша білім алып жатқан болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін арттыру, болашақ педагогтердің креативтік құзыреттіліктерін дамыту, педагог кадрларды дайындаудың сапасын арттыру.

Онлайн курстың міндеттері:

- Цифрлық педагогика контекстіндегі жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының мазмұнын ашып көрсету;

- Цифрлық ортадағы мұғалім мен оқушының рөлін айқындау және Цифрлы қоғамдағы smart-педагогтің құзыреттіліктерін ашып көрсету;

- Болашақ педагогтерді цифрлы білім беру ортасы, цифрлы білім берудің даму тенденциялары, заңдылықтары, принциптері және қашықтан оқыту технологияларының ерекшеліктерімен таныстыру;

- Қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы білім беру платформаларында тиімді жұмыс жасай алатындай цифрлы-технологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыру [121].

Көлемі 72 сағат болатын болашақ педагогтерге арналған «Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн курсының мазмұны 9-кестеде берілді.

1-модуль. ХХІ ғасырдағы білім берудің цифрлық трансформациясы

1-тақырып. Цифрлық білім беру процесінің қалыптасу және даму факторлары

Кәсіби білім беру мен оқыту саласында цифрлық білім беру процесінің қалыптасуына әсер ететін факторлар. Цифрлы экономика жағдайында кәсіби кадрларға қойылатын жаңа талаптар. Цифрлы ортаны қалыптастыратын және сол ортада дамитын жаңа цифрлы технологиялар. Білім алушылардың

ерекше әлеуметтік-психологиялық сипатына ие жаңа буыны – цифрлы ұрпақтың өмірге келуі.

Білім берудегі маңызды цифрлық технологиялар: телекоммуникациялық технологиялар; байланыс желілерін тоғыстыруды қамтамасыз етуші және жаңа буын желісін жасаушы технологиялар; үлкен көлемдегі мәліметтерді өңдеу технологиялары (Big Data); жасанды интеллект; үлестірілген тізілім технологиялары (блокчейн); электронды сәйкестендіру және аутентификациялау технологиялары; интернет заттары; виртуалды және толықтырылған шындық, цифрлы ұқсастық технологиясы және т.б.

Кесте 9 – «Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн курсының мазмұны

№	Мазмұны	Сағат саны
1	1 модуль XXI ғасырдағы білім берудің цифрлық трансформациясы	16
1.1	Цифрлы білім берудің қалыптасу және даму факторлары	4
1.2	Цифрлық білім берудің даму тенденциялары, заңдылықтары мен принциптері	4
1.3	Цифрлы дидактика және Киберпедагогика	8
	2 модуль Қашықтан оқыту: Цифрлы педагогиканың дамуы және болашағы	20
2.1	Цифрлы қоғам және мұғалім тұлғасы	4
2.2	Ақпараттық қоғамда SMART білім беру	4
2.3	Цифрлы трансформациялық білім беру: қашықтан оқыту ерекшеліктері	4
2.4	Мобильдік оқыту: жетістіктері мен кемшіліктері	4
2.5	Steam-білім беру	4
	3 модуль Қашықтан оқыту технологиялары: Цифрлы білім беру платформалары және құралдары	36
3.1	Цифрлы білім беру платформалары	16
3.2	Білім алуға арналған бұлттық қызметтер	2
3.3	Оқу жетістіктерін бағалауды іске асыру	2
3.4	Көрнекі мазмұнды құру және өңдеу	6
3.5	Жаппай ашық онлайн курстар	4
3.6	Электронды оқулық: ерекшеліктері және мүмкіндіктері	2
3.7	Портфолио – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау құралы	4
	Барлық сағат саны	72

Цифрлық технологиялардың дидактикалық сапалық ерекшеліктері еркіндік; гипермәтіндік; мультимедиалық (полимодальдылық); субьмәдениеттілік; интерактивтілік; дербестілік.

Цифрлы технологиялардың түрлері: жасанды интеллект; шындық технологиялары; чат-бот технологиясы; цифрлық із және Big Data; толықтырылған шындық технологиясы; электрондық сәйкестендіру және аутентификациялау технологиясы; блокчейн технологиясы; мамандандырылған білім беру мақсатындағы цифрлық технологиялар – edtech (educational technologies).

Білім беруді ақпараттандыруға әсер ететін факторлар: ішкі факторлар және сыртқы факторлар; саяси факторлар; экономикалық факторлар; технологиялық факторлар; әлеуметтік-мәдени факторлар.

Білім беруді ақпараттандыруда сапалы білім алуға теңсіздікті азайтуға көмектесетінін алғы шарттар.

Цифрлы дидактиканың даму факторларына әсер ететін қарама-қайшылықтар.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық.–Тараз: «ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2022. -314 б.

2. Палфри Дж. Дети цифровой эры. – М.: Эксмо, 2011. – 368 с.

3. Воинова О.И., Плешаков В.А. Киберонтологический подход в образовании: Монография /Под ред. В.А.Плешакова. –Норильск: НИИ, 2012. – 244 с.

4. Иванько А.Ф., Иванько М.А., Воронцова С.С. Новые образовательные технологии //Молодой ученый. – 2017. –№49. – С. 364-368. – URL <https://moluch.ru/archive/183/46993/>.

5. The Role of Education Quality in Economic. Growth.» . –Policy Research Working Paper 4122 . –Hanushek, Wößmann, 2007.

2-тақырып. Цифрлық білім берудің даму тенденциялары, заңдылықтары мен принциптері

Цифрлы білім беру (дидактикалық) заңдылықтары: оқу принципін рөлін және студенттің оқу дербестігін арттыру; базалық үдерісті цифрландыру нәтижелері оның тиімділігіне байланыстылығы; білім беру принципін цифрландыру жағдайында оқытудың белсенді және интербелсенді формаларының рөлінің арта түсуі; цифрландыру барысында білім принципін трансформациялау; цифрлық білім беру принципінде оқыту технологиялары мен әдістері оқу мазмұнына байланысты таңдалатындығы; цифрландырудағы жаһандық үдерісті визуалды-бейнелі және визуалды-логикалық ойлауы; кәсіптік білім беру мен оқытуды цифрландыру оқу курстарының ұзақтығын қысқартуға ықпал етуі.

Цифрлық қоғамның қалыптасу сипаттамасы: цифрлық экономика және оны қалыптастыратын кадрларға қойылатын жаңа талаптар; цифрлық ортаны құрайтын және онда дамитын жаңа цифрлық технологиялар; цифрлық ұрпақ

(ерекше элеуметтік-психологиялық сипаттамалары бар білім алушылардың жаңа буыны).

Цифрлық «озық», «ақылды», «SMART» технологиялар.

Цифрлық технологиялардың дидактикалық сипаттамасы: дербестілік; интерактивтілік; жаһандық; гипермәтіндік; субьмәдениеттілік; мультимедиалық (көпмодальдық).

Білім беру жүйесінде қолданылатын цифрлық технологиялар: телекоммуникациялық технологиялар; цифрлық із; жасанды интеллект (машиналық интеллект, AI); электрондық сәйкестендіру; аутентификация; бұлтты технологиялар; блокчейн; цифрлық технологиялар.

Цифрлы білім беру принциптері: дербестендіру принципі; білім беру мен дамытудың дидактикалық принциптерімен сабақтастықпен байланысты оқу принципінің үстемдігі принципі; мақсаттылық принциптері; икемділік пен бейімделу принциптері; оқытудағы табыстылық принципі; ынтымақтастық пен өзара әрекеттесудегі оқыту принциптері (интерактивтілік принциптері); оқытудың өмірмен байланыстылығы.

Оқытудың өмірмен байланысының дәстүрлі дидактикалық принциптерімен сабақтастығының ерекшеліктері.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық.–Тараз: «ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2022. -314 б.

2. Слинкин С.В. Дидактика современного высшего профессионального образования: учебное пособие для институтов и факультетов повышения квалификации/С. В. Слинкин. –Тобольск: ТГСПА им. Д.И.Менделеева, 2014. – 315 с.

3. Хуторской А.В. Современная дидактика. Учебное пособие. 2-е издание, переработанное /А.В.Хуторской. – М.: Высшая школа, 2007. – 639с.

4. Петрова Е. В. Цифровая дидактика: проектирование процесса обучения и его сопровождение//Современное педагогическое образование. – 2018. –№ 4. –С.87-91.

3-тақырып. Киберпедагогика технологиялары мен әдістерінің дидактикалық дайджесті: Цифрлы дидактика және Киберпедагогика

Цифрлық дидактика – педагогиканың бір саласы, цифрлы қоғамдағы оқу үдерісін ұйымдастыру туралы ғылыми пән.

Цифрлы дидактика – педагогиканың бір саласы, ғылыми бағыты, оның пәні білім беру үдерісін цифрлық трансформациялау, цифрлық экономика мен желілік қоғамға көшу жағдайында оқыту үдерісін тетігі.

«Цифрлы дидактика» ұғымының мәні. Цифрлы дидактиканың пәні – цифрлық білім беру ортасында білім алушының қызметін ұйымдастыру.

Цифрлы дидактиканың негізгі ұғымдары – цифрлы білім беру технологиялары және цифрлы білім беру өнімдері, ресурстар мен қызметтер (EdTech) және т.б.

Білім беру үдерісін трансформациялаудың мақсаты – цифрлы экономиканың сұраныстарына, білім беру қатынастарына барлық қатысушылардың мүдделеріне жауап беретін және цифрлық технологиялардың дидактикалық әлеуетін барынша толық пайдалануды қамтамасыз ететін икемді және бейімделетін білім беру жүйесін құру.

Цифрлы педагогикалық технологиялар және оқыту әдістері: қашықтықтан оқыту; мобильді оқыту; виртуалды экскурсия; мультимедиа-шығарма; мультимедиялық сабақ; онлайн-тестілеу; желілік (телекоммуникациялық) оқу жобасы; микрооқыту немесе «микродозаларда оқыту».

Цифрлық технологияларды трансформациялаудың мақсаты – қойылған педагогикалық міндеттерді барынша тиімді шешу үшін оларды бейімдеу.

Цифрлы білім беру үдерісінің ерекшелігі: педагогикалық және цифрлық технологиялардың конвергенциясы немесе толық интеграциясы.

Цифрлы білім беру үдерісінің дидактикалық принциптері: үстемдік принципі; даралау принципі; орындылық принципі; күрделіліктің өсу принципі; тәжірибеге бағдарлану принципі; ынтымақтастық пен өзара әрекеттестіктегі оқыту принципі; енгізілген бағалау принципі; икемділік және бейімделу принципі; білім беру ортасының қанығу принципі; полимодальдық (мультимедиялық) принципі.

Киберпедагогиканың пайда болуы. Киберонтологиялық тұжырымдаманың негізін қалағандар: В.А.Плешаков, Н.А.Обыденков, Н.А.Сляднев, Е.С.Ларин, В.С.Овчинский, Дж.Палфри және т.б.

«Киберкеңістік», «кибервиртуалды кеңістік», «цифрлық орта», «цифрлық білім беру ортасы», «цифрлық білім беру кеңістігі» ұғымдарының мәні.

Киберпедагогика технологияларының бағыттары: желілік және виртуалды оқыту; өздігінен білім алу; білім беруді жобалау, қалыптастыру және меңгеру үдерістерін ұйымдастыру.

Жекелендірілген оқу үдерісі. Оқытуды жекелендіруге қойылатын педагогикалық талаптар: жеке білім беру маршруттарын құру; білім алушылардың өз бетімен жұмыс істеуі, өзін-өзі тәрбиелеуі және өзін-өзі дамытатын білім беру ортасын құру; білім беру желісінде оқу үдерісінің бөлінген формаларын пайдалану; бейімделген оқыту технологияларын қолдану.

Білім беру мен оқытудың цифрлық білім беру үдерісін құру үшін қажетті педагогикалық технологиялар: қашықтан (онлайн) оқыту технологиясы, оның ішінде бейімделген оқыту жүйелерін пайдалану; «Blended learning» (blended learning), соның ішінде «flipped learning» (flipped

learning) технология; студенттердің жобалық әрекеттерін ұйымдастыру технологиясы, соның ішінде телекоммуникациялық жобалар.

Цифрландыру жағдайындағы педагогтің жетекші функциялары.

Постер (неміс тілінде – «plakat») – үгіт-насихат, жарнама, ақпараттық немесе білім беру мақсатында орындалатын қысқаша түсіндірме мәтіні бар үлкен парақтағы көз тартарлық сурет, графика түрі.

Интерактивті постер – пайдаланушы әрекеттеріне белсенді және әртүрлі тәсілдермен жауап бере алатын ақпаратты ұсыну құралы. Интерактивті постердің элементтері.

Интерактивті кесте – тақырыптық түрде біріктірілген, слайдта бірінен соң бірі орналасқан бірнеше көпдеңгейлі ақпараттық блоктар.

Интерактивті анықтамалық жазбалар. Көп деңгейлі дидактикалық ойындар. Интерактивті инфографика. Интерактивті қабырға (I-wall). Интерактивті арна.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Плешаков В.А. Перспективы киберонтологического подхода в современном образовании//Вестник Московского городского педагогического университета. Серия: Педагогика и психология. –2014. –№ 3(29). –С. 1–18.

2. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық.–Тараз: «ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2022. -314 б.

3. Ларина Е.С. Россия и вызовы цифровой среды: рабочая тетр./ Е.С. Ларина, В.С. Овчинский [Электронный ресурс]. –Режим доступа: URL: <https://russiancouncil.ru/common/upload/WP15Cybersecurity-Ru>.

4. Иванько А. Ф.,Иванько М.А.,Воронцова С.С.Новые образовательные технологии//Молодой ученый.–2017.–№49.–С.364–368.-URL <https://moluch.ru/archive/183/46993/>.

2-модуль. Цифрлы педагогиканың дамуы және болашағы

1-тақырып. Цифрлы қоғам және мұғалім тұлғасы. Цифрлы педагогика контекстіндегі жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттары.

Тұлғаның дамуындағы цифрлы білім беру тұжырымдамалары: В.И.Блинов, И.С.Сергеев, Е.Ю.Есенина және т.б.

«Цифрлық сауаттылық», «цифрлық құзыреттілік» ұғымдарының мәні.

Цифрлы білім беру жүйесінің бағыттары: білім беру үдерісін цифрландыру; цифрлық білім беру контенті; білім беруді басқаруды цифрландыру.

Мұғалімнің цифрлық сауаттылық дағдылары. Hardware Skills – аппараттық құралдармен немесе цифрлық құрылғылармен байланысты «қатан» жұмыс жасау дағдылары. Software Skills – ақпаратпен жұмыс

істеуге арналған программалық жасақтамамен әрекеттесудің «жұмсақ» дағдылары. Metaskills-мета – «жұмсақ» және «қатты» дағдыларды сәтті қолдану дағдылары.

Білім беруді басқаруды цифрландыру. «Z ұрпақ», «цифрлы ұрпақ», «желілік ұрпақ», «сандық абориген» («digitalnatives») сөз тіркестері мен ұғымдарының мәні.

Цифрлы ұрпақтың өкілі – цифрлық қоғамда сұранысқа ие, әлеуметтік және кәсіби маңызды құзыреттерге ие тұлға.

Цифрлық технологиялардың дидактикалық сипаты (интерактивтілік, мультимедиялық, гипермәтіндік, тұлғалық, субмәдениеттілік және т.б.).

Цифрлық білім беру ортасындағы білім беру үдерісінің артықшылықтары: білім беру бағыттарын оқудың құралдарын, формаларын және қарқынын таңдауды арттыру; әртүрлі ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету; оқу материалын көрсетудің көрнекілігі, интерактивті формасы арқылы оқушылардың оқытылатын пәндерге қызығушылығын арттыру; өз бетінше оқуға ынтасын арттыру, сыни тұрғыдан ойлауын дамыту; оқушылардың оқу бастамасын, қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту және т.б.

Білім берудегі ынтымақтастық педагогикасының принциптері: демократия (таңдау еркіндігі, теңдік); ашықтық (сын еркіндігі); альтернативтілік (қызмет тәсілдерінің көптігі); диалог; рефлексивтілік (іс-әрекет мақсаттары, мазмұны, әдістерін білу).

Қатысушылардың рөлдері: түсіндірмелі-иллюстративті оқыту әдісінен әрекетке негізделген әдіске көшу; білім алушыны уәжді саналы оқу әрекетінің белсенді субъектісіне айналдыру. Мұғалімнің оқу әрекетіндегі ұйымдастырушы және үйлестіруші қызметтері. Цифрлы ұрпақтың ерекшеліктері.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық.–Тараз: «ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2022. -314 б.

2.Петрова Е.В. Цифровая дидактика: проектирование процесса обучения и его сопровождение//Современное педагогическое образование. –2018. –№ 4.

3.Элен Битэм, Рона Шарп. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны. –Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. –328 бет.

4. Карауылбаев С.К., Артюхина М., Жумабаева А.М., Муратова Г.И. Границы развития интернетпедагогики //Педагогика және психология. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің Хабаршысы. – 2020. –№3. –Б.2-10.

2-тақырып. Ақпараттық қоғамда SMART- білім беру

Білім – бұл стратегиялық ресурс, мемлекеттің қол жеткізген және өзін-өзі дамытатын зияткерлік капиталы.

Smart – білім беру өзін-өзі басқаруға негізделген, дәлелді, икемді, ресурстармен байытылған және оқытудың технологиялық әдістеріне негізделген өзін-өзі басқаратын, ынталандыратын, икемді, технологиялық оқыту.

Smart білім беру – кәсіби мамандардың күш-жігерін біріктіретін креативті білім беру ортасы.

Smart-оқыту smart-аббревиатурасының мәні: «self -directed» – өздігінен басқарылатын; «motivated» – дәлелді; «adapted» – бейімделген; «resource enriched» – ресурстармен байытылған; «technology-embedded» – технологияға кіріктірілген.

Smart-оқытудың негізгі үш элементі: smart-орта; smart-педагогика; smart-білім алушы.

Smart-модельдеудің төрт кезеңдері: ауыстыру (Substitution); жинақтау (Augmentation); модификация (Modification); қайта құру (Redefinition).

Ақпараттық құзыреттілік – бұл ақпараттық шындықтағы қызмет тәжірибесімен, жеке тұлғаның жалпы және кәсіби ақпараттық қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін техникамен және технологиялармен өзара әрекеттесу тәсілдерімен байланысты интегралды сипаттама.

«Жеке тұлғаның ақпараттық құзыреттілігі», «цифрлық құзыреттілік» ұғымдарының мәні. Жеке тұлғаның ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруды арнайы зерттеген ғалымдар: Г.У.Солдатова, Е.Ю.Зотова, М.Лебешев, В.Шляпников, Т.А.Нестик, Е.И.Расказова, О.В.Калимуллина, И.В.Троценко, Г.А.Афанасьева, А.А.Зябков және т.б.

Цифрлық құзыреттіліктің түрлері: ақпараттық және медиақұзыреттілік; коммуникативті құзыреттілік; техникалық құзыреттілік; тұтынушылық құзыреттілік.

Педагогика ғылымындағы smart-құзыреттілік – тұрақсыз және аз зерттелген құбылыс. Smart -құзыреттілік – smart-тұлғаның ақпаратты іздеу, талдау және кәсіби желілік қоғамдастықтарда өзара іс-қимыл жасайтын инновацияларды құру үшін smart-технологияларды жетік меңгеруі.

Педагогтің smart-құзыреттілігінің құрамдас бөлігі – цифрлық құзыреттілік.

Педагогтерді даярлау жүйесіне smart-оқытуды енгізу қағидаттары: үйлесімділік; ақылдылық; үнемділік; кезеңділік; креативтілік.

Қарым-қатынас – тікелей қарым-қатынас мүмкіндігі, ақпаратты ұсыну жылдамдығы, үдерістің күйін қашықтан басқару.

Smart-оқытуға қажетті алғы шарттар: нақты стратегия; тұрақты кәсіби дамуы (педагог, білім алушылар және т.б.); smart-педагогика және дидактика; білім қоғамы үшін құзыреттілік мәселесін шешу; білімді адамдардың ұрпағы; білім беру жүйесін басқару; қалыптасқан техникалық орта.

Білім беру мазмұнын құру, тарату, басқару және бірыңғай платформа құру.

Smart оқыту – сараланған тәсіл және қолданыстағы оқыту әдістерінің шеңберіне және білім алушылардың дербестендіру, интеграциялау, қосылу

және білім алмасу қажеттіліктеріне сәйкес келетін оқыту платформасы арқылы нарықтың кеңеюіне ықпал ету.

Smart-оқыту – заманауи технологияларды қолдана отырып, ресурстарға еркін қол жеткізе отырып, өзін-өзі бағдарланған, дәлелді, жеке тұлғаға бейімделген оқыту.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық.–Тараз: «ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2022. –314 б.

2. Tsupros N. and Kohler R. STEM Education in Southwestern Pennsylvania/Report of a project to identify the missing components /Leonard Gelfand Center for Service Learning and Outreach at Carnegie Mellon University and The Intermediate Unit 1 Center for STEM Education, 2009.

3. Nom E.J., What is STEM Education? 11 February 2014. [Online]. Available:<https://www.livescience.com/43296-what-is-stem-education.html>. [Accessed 09 February 2019].

4. Рабинович П. Д., Заведенский К.Е., Кушнир М.Э., Храмов Ю.Е., Мелик-Парсаданов А.Р. Цифровая трансформация образования: от изменения средств к развитию деятельности //Информатика и образование. –2020. –№ 5 (314). – С. 4–14.

5. Рыбичева О.Ю. Перспективы внедрения смарт-технологий в образовательный процесс// Педагогика. Вопросы теории и практики Вестник Вятского государственного университета. – 2019. –№ 4 (134). –С. 76–84.

6. Тихомиров В.П. Мир на пути Smart education. Новые возможности для развития //Открытое образование. – 2011. –№ 3. – С. 22–28.

7. Glasswell K., Davis K., Singh P., McNaughton S. Literacy lessons for Logan learners: A smart education partnerships project //Curriculum Leadership. – 2010. –Vol. 31. – № 8. –P. 1– 4.

8. Hwang G.J. Definition, framework and research issues of smart learning environments a context-aware ubiquitous learning perspective //Smart Learning Environments. –2014. –Vol. 1. –№ 1. –P. 1–14.

9. Middleton A. Smart learning: Teaching and learning with smartphones and tablets in post compulsory education. [Электронный ресурс].URL: https://www.academia.edu/12512765/Smart_learning_teaching_and_learning_with_smartphones_and_tablets_in_post_compulsory_education (дата обращения: 20.04.2022).

10. Завражин А.В. СМАРТ как ключевое направление научно-технического процесса. –М.: МЭСИ, 2015. – 247 с.

11. Чурилов А.А. Современные технологии обучения в образовательных учреждениях // Молодой ученый. –2012. –№11. –С. 497–500.

12. Шубина И.В. Педагогическое проектирование модели будущего специалиста для SMART-общества // Мир образования – образование в мире. –2015. –№ 2 (58). –С. 65–72.

13. Тихомиров В.П. Мир на пути Smart education. Новые возможности для развития //Открытое образование. – 2011. –№ 3. –С. 22-28. ISSN:1818-4243
Борисенко И.Г. Виртуальные тенденции в глобальном образовательном пространстве: Smart-технологии // Философия образования. –2015. –№ 3 (60). –С. 55-64. DOI: 10.15372/PHE20150307.

14. Данченко Л.А., Невоструев П.Ю. SMART-обучение: основные принципы организации учебного процесса //Открытое образование. – 2014. – № 1 (102). –С. 70–74.

3-тақырып. Цифрлы трансформациялық білім беру: қашықтан оқыту ерекшеліктері

XXI – ақпараттық ғасыр цифрлы білім беру жүйесі уақыт талаптарына және адамзат өмірінің жаңа жағдайларына сәйкес келеді. Қашықтан оқыту – өткен ғасырдың соңында ақпараттық революция нәтижесінде пайда болған жаңа ақпараттық және технологиялық мүмкіндіктердің «ашық оқыту» идеясының негізінде пайда болған жаңа, прогрессивті оқыту түрі.

«Қашықтан оқыту» терминінің генезисі: «корреспонденттік оқыту», «тәуелсіз оқу», «үйде оқыту», «сырттай оқыту» және т.б.

Қашықтан оқыту – мамандандырылған ақпараттық білім беру ортасын қолдана отырып, көпшілікке арналған білім беру қызметтерінің жиынтығы, оның ішінде іс-әрекеттік білім беру әдістемесі, қарқынды білім беру әдістері, білім беру ақпаратын қашықтықтан алмасу құралдары (қағаз нұсқасы және электронды медиа, спутниктік, теледидар, радио, компьютерлік желі және т.б.)

Қашықтан оқытудың ерекшеліктері. ЖОО-ғы оқыту принциптері (қағидаттары): жоғары оқу орнында білім беру мазмұнының ғылым (техника) мен өндірістің (технологиялардың) қазіргі заманғы және болжамды даму үрдістеріне сәйкестігі; ЖОО-да оқу үдерісін ұйымдастырудың жалпы, топтық және жеке нысандарын оңтайлы үйлестіру; жоғары білімнің болашақ маманның тұлғасын дамытуға бағытталуы; мамандарды даярлау нәтижелерінің олардың кәсіби қызметінің нақты саласында қойылатын талаптарға сәйкестігі, олардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету; мамандарды даярлаудың әртүрлі кезеңдерінде оқытудың заманауи әдістері мен құралдарын ұтымды қолдану.

Ғалым Д.М.Джусубалиева бойынша қашықтан оқытудың принциптері: ізгілендіру; бастапқы білім принципі; интербелсенділік; сәйкестендіру принципі; даралау принципі; жүйелілік оқыту принципі; ашықтық және икемділік принципі.

Қашықтан оқыту жүйесіндегі ақпараттық технологиялар: ақпаратты ұсыну технологиялары; ақпаратты беру технологиялары; ақпаратты сақтау және өңдеу технологиялары.

Білім беру ақпараты – бұл белгілі бір қызметті білікті түрде орындай алуы үшін білім алушыға берілуі керек білім. Білім беру технологиялары – бұл білім беру ақпаратын оның көзінен тұтынушыға беру үшін

қолданылатын және оны ұсыну формасына байланысты дидактикалық әдістердің жиынтығы.

Ақпараттық технологиялар – бұл компьютерлік технологияны қолдануға негізделген, білім беру ақпаратын сақтау мен өңдеуді, оны білім алушыға жеткізуді, білім алушының оқытушымен немесе педагогикалық бағдарламалық құралмен интербелсенді әрекеттесуін, сонымен қатар білім алушылардың білімін тестілеуді қамтамасыз ететін аппараттық және бағдарламалық жасақтама.

Байланыс технологияларын екі түрі: on-line және off-line.

Offline технологиясының басты артықшылығы – олар компьютерлік ресурстарға және байланыс желілерінің өткізу қабілетіне аз талап етеді. Offline технологиясының артықшылықтары.

Оқу ақпаратын жеткізу нұсқаларын қарастыру кезінде қашықтан оқытудың үш негізгі технологиясы қарастырылады: кейс технологиясы, телекоммуникациялық технология, желілік технология.

Кейс технологиясы – ақпараттық тасымалдаушылардың әр түрлерін пайдалана отырып, өз бетінше оқуға арналған оқу-әдістемелік кешендердің мамандандырылған жиынтығы түріндегі ақпараттық білім беру ресурстарын білім алушыларға ұсынуға негізделген қашықтан білім беру технологиясы.

Желілік немесе интернет технологиясы – бұл білім алушылардың ақпараттық білім беру ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін және оның субъектілерінің орналасқан жеріне қарамастан оқу үдерісін іске асыру мен басқарудың әдістемелік, ұйымдастырушылық, техникалық және бағдарламалық құралдарының жиынтығын қалыптастыру үшін жаһандық және жергілікті компьютерлік желілерді пайдалануға негізделген қашықтан білім беру технологиясы.

Телекоммуникациялық (ақпараттық-спутниктік) технология – білім алушылардың цифрлық кітапханалар, бейне-дәрістер және басқа да оқу құралдары түрінде ұсынылған ақпараттық білім беру ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін деректерді беру мен телехабар таратудың ғарыштық-спутниктік құралдарын, сондай-ақ жаһандық және локальдық желілерді басым түрде пайдалануға негізделген қашықтан білім беру технологиясы.

Қашықтан оқыту жалпы принциптері: ашықтық; модульділік; құзыреттілік; икемділік; бейімделу; интегралдау; масштабталу; кеңейту; асинхрондық; параллельділік; көпшілділік; оқытудың даралығы; оқытудың сапалылығы; рентабельділік.

Қашықтан оқыту әдістері: оқытушылардың, репетиторлардың, консультанттардың, ғылыми және техникалық басшылардың ең аз қатысуымен білім алушының, кеңес берушінің немесе репетитордың білім беру ресурстарымен өзара іс-қимылы арқылы оқыту әдісі (өзін-өзі оқыту); дараланған оқыту әдісі; оқытушының оқу материалын баяндауына негізделген әдіс (бұл жағдайда білім алушылар коммуникацияда белсенді рөл атқармайды); оқу үдерісінің барлық қатысушылары арасындағы

белсенді өзара әрекеттесумен сипатталатын әдіс; жоба әдісі; проблемалық оқыту әдісі; оқытудың зерттеушілік әдісі.

Қашықтан оқыту – телекоммуникациялық технологиялар мен интернет ресурстарының көмегімен жүзеге асырылатын, бір-бірінен алшақ орналасқан оқытушылар мен білім алушылардың білім беру өзара әрекеттесуіне негізделген оқытудың бір түрі. Қашықтан оқыту оқу үдерісіне тән оқыту жүйесінің барлық компоненттерімен сипатталады: мақсаттары, мазмұны, ұйымдастырушылық формалары, оқыту құралдары, нәтижелерді бақылау және бағалау жүйесі.

Қашықтан оқыту ерекшеліктері: оқытушының жаңа рөлі; икемділік; модульділік; экономикалық тиімділік; білім беру сапасын мамандандырылған бақылау.

Қашықтықтан оқыту кезінде білім беру үдерісінің негізін ыңғайлы жерде, қарқынмен және уақытпен өз бетінше жұмыс жасау құрайды. Қашықтан оқыту құралдары. Қашықтан оқытудың артықшылықтары.

Веб-сабақтар – қашықтан өткізілетін сабақтар, конференциялар, семинарлар, іскерлік ойындар, зертханалық жұмыстар, практикумдар және телекоммуникация құралдары мен интернеттің басқа да мүмкіндіктері арқылы өткізілетін оқу сабақтарының басқа да нысандары.

Телеконференция – электронды поштаны пайдалану арқылы тарату тізімдері негізінде жүзеге асырылатын іс шара.

Интерактивті өзара әрекеттесу – бұл білім алушылардың бағдарламалық жасақтама арқылы вебинардың басқа қатысушыларымен қарым-қатынасы.

Онлайн-форматқа бейімделудегі қиындықтар: компьютерлік сауаттылықтың төмен болуы; техникалық мәселелер; уақытты басқару негіздерін білмеу; өзін-өзі ынталандырудың әлсіздігі; әлеуметтік өзара әрекеттесудің болмауы.

Ұсынылатын әдебиеттер

1) Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық.–Тараз: «ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2022. -314 б.

2) Бактыбаев Ж.Ш., Тусубаева Ж.М. Дистанционное обучение как путь реализации открытого образования //Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая, серия «Физико-математические науки». –Алматы, 2019. –№1(65). – 228- 235 с.

3) Бондарева С.Г., Завалко Н.А. Организация дистанционного обучения будущих учителей в условиях университета //Открытое и дистанционное образование.- Томск: Ассоциация образовательных и научных учреждений «Сибирский открытый университет». №4(8). – 2002. – С.87-89.

4) Джусубалиева Д.М. Электронное и дистанционное обучение его реализация в языковом вузе//«Достижения и перспективы экономической науки нового столетия: практико-ориентированный аспект» Материалы

Международной научно-практической конференций.-Институт мировой экономики и финансов. –Астрахань, 2015. – С.130-145.

5) Кабакович Г.А. Применение в учебном процессе вуза инновационных методов и технологий//«Роль классических университетов в формировании инновационной среды регионов» Материалы Международной научно-практической конференций. – Институт мировой экономики и финансов. – Уфа: БашГУ, 2009. – 21-24 с.

4- тақырып. Мобильдік оқыту: жетістіктері мен кемшіліктері

Мобильді оқыту M-learning деп те аталады, мобильді құрылғылар арқылы оқу мазмұнына қол жеткізудің жаңа тәсілі.

Корпоративтік білім берудегі M-learning. Корпоративтік білім берудегі мобильді оқыту. Сабақ барысындағы өзара әрекеттестік.

Мобильді оқу құрылымы: мобильді оқу қолданбалары; мобильді пайдаланушыларға арналған инфрақұрылымды мобильді хаттама; мобильді желі инфрақұрылымы.

Мобильді технологияларының мүмкіндіктері. Мобильді оқыту ерекшеліктері. Мобильді оқыту технологиялары: MPEG, Wi-fi, LTE, HTML, Socrative, Kahoot, Quizizz, Zoom, Skype, Microsoft Teams, Google Meet, WizIQ, Google Classroom, Nearpod, Learning Apps, Wizer.me, EdApp білім беру платформасы, Daryn.Online, EDUS жүйесі, Bilimland, Күнделік.

Socrative – оқу орындарында сабақ үстінде тестілеу жүргізуге арналған онлайн-сервис.

Kahoot – ойын түріндегі оқыту платформасы, жалпы орта білім беретін мектептер және арнайы орта, жоғары оқу орындарында пайдаланатын білім беру технологиясы.

Quizizz – ойын түрінде оқытуға арналған платформа. Quizizz платформасының ерекшеліктері.

Мобильді технологиялардың артықшылықтары мен кемшіліктері. Мобильді оқыту пайдаланылатын құралдар.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық.–Тараз: «ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2022. -314 б.

2. Шреста С., Мур Дж., Абдельнур-Ноцера Дж. «ICT4D үшін арзан жабдық: Ненің дұрыс, ненің қалғаны?». IEEE көпсалалы инженерлік білім журналы. –2011. –№ 1. –125 – 135 б.

3. Фролов А. В. Практика применения PERL, PHP, APACHE и MySQL для активных Web-сайтовРНБ: 2002-5/2015.

4. <http://www.htmlbook.ru>.

5. Вайнман Л. Динамический HTML: руководство разработчика Webсайтов: DiaSoft, 2001. – 449 с.

5-тақырып. Steam- білім беру

STEAM-білім беру дегеніміз не? STEAM – балалардың жас кезінен бастап өнер мен ғылымға деген қызығушылығын және өмір бойы сүйіспеншілігін оятуға бағытталған білім беру пәні.

Шығармашылықсыз жаңа ғылыми идеялар мен жаңалықтарды тудыру мүмкін емес. STEAM-білім берудегі Arts (өнер) ұғымы – шығармашылық.

STEAM – ХХІ ғасырға қажетті дағдыларды дамытудың жаңа жолы. STEAM білім берудің маңызы.

ХХІ ғасыр дағдылары немесе 4К дағдылары: коммуникация; кооперация; креативтілік; сыни ойлау.

STEAM – сыни ойды, зерттеушілік құзыреттіліктері мен топтағы жұмыс дағдыларын дамыту құралы ретінде бірнеше пән саласы кіретін жаңа білім беру технологиясы.

STEAM аббревиатурасы келесідей тарқатылады: **S**-science, **T**-technology, **E**-engineering, **A**-art және **M**-mathematics (жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерлік өнер, шығармашылық, математика).

STEAM білім берудің артықшылықтары. Білім берудегі STEAM тәсілін тұжырымдамалық, әдіснамалық және әдістемелік қамтамасыз етуді дамытуға бағытталған іс-шаралар. Бастапқы кәсіби бағдарлау.

STEAM – білім беру тұжырымдамасы аясында қосымша білім берудің маңыздылығы. STEAM-білім берудің артықшылықтары мен кемшіліктері. Steam білім берудің келесі артықшылықтары: сыни тұрғыдан ойлау; шығармашылық; ынтымақтастық.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық.–Тараз: «ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2022. -314 б.
2. <https://peremena.media/stem-v-odnoi-iz-luchshih-shkol-kazakhstan/>
3. STEM-образование в мире и Казахстане. <http://otbasym.kz/category/obrazovanie>
4. Прикладное исследование STEM образование в Казахстане: текущее состояние и перспективы развития. <https://courses.caravanofknowledge.com/course/view.php?id=446>

3-модуль. Цифрлы ортадағы оқыту технологиялары: цифрлы білім беру платформалары және құралдары

Цифрлы білім беру платформалары – электронды оқыту жүйесінің негізгі бір құрамды бөлігі. Ең танымал цифрлы білім беру құралдары: эдмодо; сократтық (Socratic); жоба (Project); thinglink; TED-Ed; CK-12; ClassDojo; EduClipper; әңгіме құс (Storybird); анимото(Animoto); Kahoot; Zoom.

Zoom – бейне-конференциялар, вебинарлар және басқа да осыған ұқсас онлайн іс-шаралар өткізуге арналған платформа. Zoom мүмкіндіктері.

Сессия залдарына бөлу – бұл білім алушылардың офлайн сабақтардағыдай бөлу және жеке тапсырмалар беру. Онлайн-сабақта жақсы атмосфера қалыптастыру үшін виртуалды фондар қосу.

Skype – дүние жүзімен байланыс жасауға арналған бағдарламалық қамту.

Microsoft Teams – Microsoft компаниясы әзірлеген жұмыс кеңістігінде чат, кездесулер, ескертпелер мен қосымшаларды біріктіретін корпоративтік платформа. Майкрософт тіркеулік жазбасын құру. Microsoft Team мүмкіндіктері.

Google Meet (бұрынғы Hangouts Meet) – кез келген көлемдегі компанияға үйлесетін және бейнеконференциялар, қашықтан әңгімелесулер, вебинарлар, виртуалды тренингтер, қашықтан сұхбаттар өткізуге мүмкіндік беретін Google Hangouts платформасының бизнеске бағытталған нұсқасы.

Google Meet мүмкіндіктері: шектеусіз кездесулер саны; кезінде хабарлама алмасу; кездесулерді ұйымдастырушылар үшін басқару құралы; алдын-ала қарау экраны және бейне мен дыбысты теңшеу; қатысушыларға экранды көрсету; әртүрлі құрылғылармен үйлесімділігі; Google және Microsoft Office қосымшаларымен ықпалдастығы; толық бақылау.

WizIQ – білім беру саласы үшін арнайы жасақталған заманауи WizIQ виртуалды лабораториясы топтағы бетпе-бет өтетін сабақтарға ұқсату үшін қажетті барлық функциялар мен құралдарды ұсынатын платформа.

Google Classroom – оқытуды толығымен онлайнға көшіруге мүмкіндік беретін платформа: тақырыптар бойынша сабақтар құрастыру; материалдар қосу; үй тапсырмасын беру және тексеру.

Google Classroom артықшылықтары: қарапайым теңшеу (конфигурация); уақыт пен қағазды үнемдеу; ыңғайлылық; нәтижелі қарым-қатынас; танымал сервистермен ықпалдастық; қолжетімділік және қауіпсіздік.

Nearpod – педагогтердің сабақтарға арнап таныстырылымдар жасауына және оларды білім алушыларға тура сабақ уақытында көрсетуіне мүмкіндік беретін платформа.

Learning Apps – интерактивті модульдер (қосымшалар, жаттығулар) арқылы оқу үдерісін қолдауға арналған қосымша.

Learning Apps үлгілерінің функционалдық белгілері: таңдау; бөлу; бірізділік; толтыру; онлайн ойындар; білім алушылармен жарысатын жарыс-жаттығулар.

Kahoot – кез-келген оқу пәні мен кез-келген жасқа сай келетін ойын түрінде оқытуға арналған тегін платформа.

Quizizz – Kahoot-ке өте ұқсас білім алушыларды бағалаудың интернет құралы.

Wizer.me тегін, қолдануға оңай, тапсырмалар мен жаттығулары бар, соның ішінде бейнеролик негізінде әзірленген, интерактивті жұмыс парақтарын жылдам жасауға арналған жылдам құрал.

EdApp білім беру платформасы – әлемдегі ірі және кіші ұйымдар қолданатын жетекші LMS жүйесі. EdApp – бұл жеке және корпоративті барлық пайдаланушыларға ақысыз қолжетімді білім беру платформасы.

«Күнделік» платформасы. Күнделік – мұғалімдерге арналған бірыңғай электрондық білім беру ортасы.

«Bilimland» платформасы. Bilimland – электрондық оқытудың әлемдік көшбасшыларының озық жетістіктеріне негізделген цифрлық білім беру платформасы.

Online Мектеп платформасы. Online Мектеп – елдің жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары үшін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес 1-11 сыныптарға арналған барлық пәндерден цифрлық білім беру контентін қамтитын платформа.

Платформаның негізгі идеясы – әр сабаққа конспект, сызба, зияткерлік карта түрінде теориялық материалдар әзірлеу, ал сабақтың практикалық бөлігі деңгейлік тапсырмалар түрінде беріледі, бұл тапсырмалар оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға қажетті дағдыларды жүйелі және бірізді түрде дамыту.

Online Мектеп – еліміздің жалпы орта білім беретін мектептерінің оқушыларына арналған Типтік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген сандық контентті қамтитын www.bilimland.kz білім беру порталының жаңа модулі.

«Daryn.online» платформасы. Daryn.Online – бұл кез-келген жерде, кез-келген уақытта жоғары білікті оқытушылардан оқуға мүмкіндік беретін қашықтан білім беруге арналған платформа.

EDUS жүйесі – электрондық мектеп – мектептерге арналған білім беру платформасы.

Цифрлы білім беру платформаларын пайдалану әдістемесі. Цифрлық білім беру технологияларын жіктеу. Цифрлық сауаттылық. Цифрлық құзыреттілік. Цифрлы білім беру құралдары арқылы оқытушы мен оқушының өзара әрекеттесу құрылымы.

Ақпараттық білім беру порталы Kundelik.kz

Kundelik.kz жүйесі – бұл Қазақстанның орта білім берудегі академиялық үлгерімі бөлігінде білім беруді басқару жүйесі. [Kundelik](http://Kundelik.kz) білім беруді басқару жүйесінің мүмкіндіктері.

[Bilimland](http://Bilimland.kz) электрондық білім беру порталы. [Bilimland](http://Bilimland.kz) – бүкіл әлемдегі электронды оқыту көшбасшыларының озық тәжірибесіне негізделген цифрлы білім беру жүйесі.

Білім беру платформасы edus.kz. Web.ok.edus.kz – қашықтықтан оқытуда оқу материалдарын қарауға және үй тапсырмаларын орындауға арналған платформа.

Moodle электрондық оқыту және тестілеу жүйесі. Moodle – бұл PHP-де жазылған және GNU стандартты қоғамдық лицензиясы бойынша таратылатын ақысыз, ашық бастапқы LMS. Moodle электронды оқыту және тестілеу жүйесі.

EdApp мобильді оқытуды басқару жүйесі. EdApp мобильді LMS – LMS корпоративті электронды оқытудың жаңа стандарты. EdApp білімін басқару

жүйесінің артықшылықтары: өзекті ақпарат; жылдам кері байланыс; көмек сұрау.

EdApp курсының интерфейсі. EdApp жүйесінің курсын орнату.

Педагогикалық білім беру порталы www.smart-pedagog.kz.

Педагогикалық білім беру порталы www.smart-pedagog.kz –қашықтықтан оқытуды және біліктілікті арттыруды қамтамасыз ету үшін барлық білім беру ресурстарына қол жетімділікті қамтамасыз ететін зияткерлік инновациялық виртуалды білім беру платформасы.

Порталдың кейбір артықшылықтары: бейне, аудио және т.б. интерактивті оқыту әдістері арқылы тақырыпты жан-жақты түсінуге ықпал ету; барлық жерде оқуға мүмкіндік беру; үнемді, өйткені портал ақысыз оқу мазмұнын ұсыну; мазмұнды үнемі жаңартылып отыру.

www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының 6 блогы: «Басты бет»; «Жаңалықтар»; «Біз туралы»; «Жоба туралы»; «Медиа»; «Онлайн кафедра».

Цифрлы педагогикалық кампус. SMART-онлайн педагогикалық шеберхана (педагогикалық орталық). SMART -онлайн педагогикалық студия. SMART-онлайн әдістемелік қоржын. SMART-онлайн коучинг. SMART-онлайн коворкинг-орталық. SMART-онлайн виртуалды зертхана. SMART-онлайн цифрлы контент.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық.–Тараз: «ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2022. -314 б.

2. Элен Битэм, Рона Шарп. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны. –Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 328 б.

3. Петрова Е.В. Цифровая дидактика: проектирование процесса обучения и его сопровождение//Современное педагогическое образование. – 2018. – № 4. – С. 37– 42.

4. Малинина И.А. Информационно-методическое обеспечение дистанционного обучения студентов-менеджеров: Дис. ... канд. пед. наук . – Н.Новгород, 2005. –172 с.

5. Починалина Л.Н. Педагогическое обеспечение самостоятельной работы студентов ВУЗа в условиях дистанционного обучения : диссертация ... кандидата педагогических наук. –М., 2007. – 163 с.

6. Нұрбеков Б.Ж. Қашықтықтан оқыту бойынша оқытушылардың кәсіби құзырлығын қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздері. П.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. авторефераты. -Алматы, 2010. –51 б.

7. Джусубалиева Д.М. Формирование основ информационной культуры студентов в условиях дистанционного обучения. –Алматы: Ғылым. –1999. –222 с.

8. Карауылбаев С.К., Артюхина М., Жумабаева А.М., Муратова Г.И. Границы развития интернетпедагогика //Педагогика және психология. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. – 2020. – №2. – Б.2– 10.

9. Бузаубакова К.Д., Нурманалиева У.Т. «Технологические и методические аспекты формирования цифровых креативных компетенций будущих педагогов в условиях дистанционного образования в РК»// Вестник Казахского Национального университета имени Аль-Фараби, серия «Педагогические науки». –№3(68). – 2021. –С.71-82.

10. Buzaubakova K., Kudabayeva P. The electronic textbook «Pedagogy»in the formation of digital competencies of teachers// Incte'22 6th International Conference on Teacher Education. –Braganca, 2022.- 133-136p.

11. Аймалетдинов Т.А., Баймуратова Л.Р., Зайцева О.А., Имаева Г.Р., Спиридонова Л.В. Цифровая грамотность российских педагогов. Готовность к использованию цифровых технологий в учебном процессе. –М.: Издательство НАФИ, 2019. – 84с.

12. Структура ИКТ-компетентности учителей. Рекомендации ЮНЕСКО.[Электронный ресурс].2001. URL:https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000213475_rus (Дата обращения: 03.01.2023).

13. The Digital Competence Framework [Электронный ресурс].-2008. Дата обновления: 13.12.2018. URL:<https://ec.europa.eu/jrc/en/digcomp/digital-competence-framework> (Дата обращения: 03.01.2023).

2-тақырып. Білім алуға арналған бұлттық қызметтер

«Бұлт» ұғымының мәні. Google Apps құралдары: электронды пошта; күнтізбе; құжаттар; кестелер; презентациялар; сауалнамалар; диск.

Google Drive – кез келген уақытта кез-келген құрылғыдан кіру мүмкіндігі бар жеке қауіпсіз деректер қоймасы. Оқу процесінде бұлтты сақтауды қолданудың артықшылықтары. Google Drive интерфейсі.

Тапсырмалар типі: тапсырма; тест тапсырмасы; сұрақ-жауап; материал; қайта пайдалану; тақырып.

Бағалау критерийлері. Google кестелері, Google құжаттары, Google презентациялары. Google презентациясының негізгі мүмкіндіктері. Презентацияларындағы слайдтарды өңдеу. Google презентация интерфейсі.

Google Sites (sites.google.com) – өз пайдаланушыларына сайттарды тегін жасау және оларды Интернет желісінде орналастыру қызметін ұсынатын Google сервисі. Білім беру ресурсын жобалау процесі. Google Sites орнату терезесі.

Цифрлы оқытудың айырмашылығы. ActivInspire – ХХІ ғасырдағы кез-келген оқытудың негізі. ActivInspire – сыныпта қолдануға арналған, мұғалімдерге интерактивті тақтада сабақ өткізуге мүмкіндік беретін платформа.

ActivInspire бағдарламасының артықшылықтары. ActivInspire бағдарламасының терезесі. Ауыстырылатын ActivPen қалам/қалам.

ActivBoards және ActivSlate-пен табиғи және динамикалық әрекеттесуді қамтамасыз ететін сымсыз батареясыз қалам. Activtablet – бұл компьютерге тікелей қосылатын А5 форматындағы шағын тақтаның бір түрі.

Zoom-онлайн сабақтар өткізуге арналған платформа.ZOOM-бейне – конференциялар, вебинарлар және басқа да осыған ұқсас онлайн іс-шаралар өткізуге арналған бұлтты платформа.

Платформаның басты беті. Компьютерге арналған ZOO қосымшасының интерфейсі. Қауіпсіздік параметрлері. Компьютерге арналған ZOOM қосымшасының функционалдығы. ZOOM қосымшасының мүмкіндіктері: «экранды көрсету»; бөлуге іс-әрекет; сессия залын құру; сауалнама жүргізу; қауіпсіздік параметрлерін реттеу; конференция жазбасы.

Қашықтан оқыту кезінде Google Meet. Google Meet – конференция пайдаланушылары мен қатысушылары үшін жұмыс үстелін көрсетуді қолдайтын бейнеконференция қызметі.

Google Meet қызметінің интерфейсі.Google Meet сервисінің негізгі артықшылықтары. Кездесуді басқару элементтері.

Webinar вебинарлар мен онлайн-конференциялар өткізуге арналған платформа. Webinar.ru бөлме интерфейсі. Кездесуді басқару элементтері. Webinar платформасының онлайн тақтасы.

Webinar компаниясы өзінің бағдарламалық шешімдері негізінде онлайн іс-шараларды ұйымдастыру бойынша қызметтерді ұсынады: кодтаушы арқылы тарату; чат; онлайн-тақта; YouTube бейнелерін көрсету.

Cisco Webex Classrooms. Бағдарлама интерфейсі. Cisco Webex Classrooms – білім алушылар, оқытушылар және ата-аналарға интуитивті онлайн оқытуды қамтамасыз ететін платформа.

Webex Meetings-тің жаңа мүмкіндіктері: виртуалды сынып есігін жабу;материалды максималды игеру үшін топтар мен кіші топтарды құру.

Cisco Webex Classrooms-да топтық жұмысты орнату. Топтарды баптау.Cisco Webex Classrooms артықшылықтары: сыныптағы тәртіп; сыныпты қуатпен толтыру; өз ырғағында үйрену; сыныптастарымен сөйлесу; оқытушылармен онлайн тілдесу; үй тапсырмасын бақылау, қарапайымдылық пен қауіпсіздік; көптеген құралдармен жұмыс.

Skype байланыс үшін Веб-құралы. Skype – адамдарға бейнеконференция жүргізуге, қоңырау шалуға және жедел хабар алмасуға мүмкіндік беретін ақысыз веб-байланыс құралы.

Бағдарламаның негізгі беті: «Чат», «Қоңыраулар», «Контактілер», «Хабарландырулар». Skype интерфейсі. Skype чат түрлері. Топқа контактілерді қосу. Бағдарламаның функциялары мен мүмкіндіктері: қоңыраулар; хабарлама; тегін бейнеқоңыраулар; экранды көрсету; топтық әңгімелер; файлдар.

Microsoft teams корпоративтік платформасы. Microsoft Teams –жұмыс орнында тұрақты сөйлесу, бейне кездесулер, файлдарды сақтау және қосымшаларды біріктіруді орындайтын бірыңғай байланыс және ынтымақтастық платформасы.

Microsoft Teams негізгі беті. Microsoft Teams конференциясының терезесі. Microsoft Teams жаңа жиналысын орнату терезесі. Microsoft Teams жиналыстарының күнтізбесі.

WizIQ Virtual Classroom. Виртуалды сынып – онлайн-сабақтарды өткізу үшін арнайы әзірленген онлайн-конференцияларға арналған құрал.

WizIQ Virtual Classroom – агенттіктер мен стартаптарға арналған толыққанды бірлескен бағдарламалық жасақтама.

Мұғалімдер үшін артықшылықтар: жазу және сурет салу үшін тақтаны пайдалану; озық математикалық, мәтіндік және графикалық құралдарды қолдану; мәтіндік құжаттар, электрондық кестелер, PDF файлдары, слайдтар және YouTube бейнелерін қоса алғанда, сеанстар кезінде әртүрлі мазмұнды бөлісу.

WizIQ виртуалды класының Media player. WizIQ сауалнама жасау.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық.–Тараз: «ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2022. -314 б.

2. Элен Битэм, Рона Шарп. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны. –Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 328 б.

3. Петрова Е.В. Цифровая дидактика: проектирование процесса обучения и его сопровождение//Современное педагогическое образование. – 2018. – № 4. – С. 37– 42.

4. Мурзин Ф.А., Батура Т.В., Семич Д.Ф. Облачные технологии: Основные модели, приложения, концепции и тенденции развития// Программные продукты и системы. –2014.–№3(107). URL: [https:// cyberleninka.ru/article/n/oblastnyye-tehnologii-osnovnyye-modeli-prilozheniya-kontseptsii-i-tendentsii-razvitiya-1](https://cyberleninka.ru/article/n/oblastnyye-tehnologii-osnovnyye-modeli-prilozheniya-kontseptsii-i-tendentsii-razvitiya-1) (дата обращения: 12.01.2022).

5. Нұрбеков Б.Ж. Қашықтықтан оқыту бойынша оқытушылардың кәсіби құзырлығын қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздері. П.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. авторефераты. –Алматы, 2010. –51 б.

6. Джусубалиева Д.М. Формирование основ информационной культуры студентов в условиях дистанционного обучения. –Алматы: Ғылым. –199. -222 с.

7. Бузаубакова К.Д., Нурманалиева У.Т. ҚР қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық және әдістемелік аспектілері//Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы.– №3(68). – 2021. –Б.71–82.

8. Аймалетдинов Т.А., Баймуратова Л.Р., Зайцева О.А., Имаева Г.Р., Спиридонова Л.В. Цифровая грамотность российских педагогов. Готовность к использованию цифровых технологий в учебном процессе. –М.: Издательство НАФИ, 2019. – 84с.

9. Структура ИКТ-компетентности учителей. Рекомендации ЮНЕСКО.[Электронный ресурс].2001. URL:https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000213475_rus (Дата обращения: 03.01.2023).

10. The Digital Competence Framework [Электронный ресурс].-2008. Дата обновления: 13.12.2018. URL:<https://ec.europa.eu/jrc/en/digcomp/digital-competence-framework> (Дата обращения: 03.01.2023).

3-тақырып. Оқу жетістіктерін бағалауды іске асыру

Білім алушының жұмысын бағалау. Қалыптастырушы бағалау. Интерактивті тесттер. Онлайн-тақта. Тестілеу. Мультимедиалық материалдар. Бағдарламалық құралдарды таңдау.

Nearpod. Nearpod – веб-сайт пен қосымшалар негізіндегі сандық құрал, мұғалімдерге оқушылардың өзара әрекеттесуіне және үйренуіне болатын интерактивті слайд-оқу ресурстарын құруға мүмкіндік беретін платформа.

Қызметтің басты беті. Nearpod артықшылықтары: оқыту; көріну. Nearpod ерекшеліктері: слайдтар; викторина; ашық сұрақтар; бірлескен жұмыс тақтасы; 3D модельдеу. Мазмұнды құру терезесі: сәйкестік; веб-сілтемелерді енгізу PhET Simulations.

6 күн	https://cloud.mail.ru/public/xeYx/aYvS1m89z
7 күн	https://cloud.mail.ru/public/m5VJ/7zDVpbeXS
8 күн	https://cloud.mail.ru/public/5W7E/78od8Rtgj
9 күн	https://cloud.mail.ru/public/QP9D/zRdALeMS9
10-күн	https://cloud.mail.ru/public/voDW/or2sfQHcE

Сонымен қатар, бар теңсіздіктің жағдайын күшейтпеу үшін (мысалы, білім алушылардың барлығы бірдей интернет желісіне және дербес компьютерге қол жетімділікке және сандық технологияларға икемділікке ие

емес) және технологияның барлық білім алушыларға қол жетімді болуын қадағалау маңызды.

Ә-қосымшада «Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн курстың бағдарламасы берілді.

3.2 «Педагогика» және «Цифрлы педагогика» электронды оқулықтары – қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастыру құралы

Қазіргі Төртінші өндірістік революция жағдайында кез келген мемлекеттің, кез келген елдің әлемдік бәсекеге қабілеттілігін және экономикалық өсуін айқындайтын басты көрсеткіштердің бірегейі цифрлық технологиялардың дамуы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында төмендегідей стратегиялық міндеттер айқындалды:

1) өнеркәсіпті және электр энергетикасын, көлікті және логистиканы, ауыл шаруашылығын, мемлекеттік органдардың ішкі қызметін цифрландыру;

2) электрондық сауданы және қаржы технологияларын және қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту;

3) мемлекет – азаматтарға, мемлекет – бизнеске; «ақылды» қалалар; байланыс желілерін және АКТ инфрақұрылымын кеңейту;

4) АКТ саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

5) орта, техникалық, кәсіби, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру;

6) халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру (даярлау, қайта даярлау); инновациялық даму алаңдарын қолдау;

7) технологиялық кәсіпкерлікті, стартап мәдениетті және ҒЗТКЖ-ны дамыту;

8) «Венчурлік» қаржыландыруды тарту және т.б.[119; 3].

Инновацияға сұранысты қалыптастыру өзектілігін шешуде адами капиталды дамытумен байланысты жүзеге асырылатын білім экономикасына көшуді қамтамасыз етуде цифрлы қоғамдағы мұғалімнің тұлғалық дамуы жетекші рөл атқарады.

XXI ғасыр цифрлық технологиялар ғасыры болғандықтан жылдам және ақпаратқа толы әлем адамды өзгертеді. Осы кездегі мұғалімнің міндеті – осы жылдамдықты, оған ең қызықты және түсінікті болатын оқу материалын таңдау шеберлігі. Өйткені, балалар психологиясы әртүрлі – біреу ғылыми зерттеулерге, біреу практикалық қызметке бейім келеді. Сондықтан мұғалім қазір бар ақпараттық ресурстардың ішінен нақты оқушыға қажетті оқу ресурстарын таңдап, оларды өздігінен білім алуға қызықтыруда цифрлы орта құра білуі маңызды.

В.И.Блинов, И.С.Сергеев, Е.Ю.Есенина тұлғаның дамуындағы цифрлы білім беру тұжырымдамасын іске асыруда цифрлы білім беру

ортасының қажеттігін басшылыққа ала отырып, «цифрлы білім беру ортасы – бұл адамды оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және тәрбиелеу үшін жағдайлар мен мүмкіндіктер кешені» деген анықтама ұсынады [122].

Цифрлы білім беру ортасындағы оқу үдерісі жағдайында мұғалімнің бақылау, түзету, типтік дағдыларды оқыту сияқты функциялары АКТ құралдарымен жүзеге асырылуы мүмкін, бұл оның кәсіби қызметін айтарлықтай жеңілдетеді. Цифрлық технологияларды қолдану білім беру қатынастарына қатысушылардың барлығының қызығушылығын арттырады.

Сонымен қатар, цифрлық және ақпараттық технологиялар арқылы ұйымдастырылып жатқан оқыту мен оқу үдерісі оқушылардың жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби әлеуетінің қалыптасуына мүмкіндік туғызып отыр.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғамда цифрлы білім беру ортасында болашақ педагогтердің өздігінен білімді меңгеруіне ықпал ететін ақпараттық және электрондық ресурстарды іздеу, жинақтау, саралау, өңдеумен қатар ұжымдық, топтық тапсырмаларды орындауда электронды платформаларды пайдалануды, цифрлық технологияларды пайдаланудың жолдарын меңгеруі тиіс.

Жоғары оқу орнының оқу-тәрбие процесінде цифрлы технологиялар, электронды оқулықтарды қолдану болашақ педагогтің білімін өздігінен жетілдіруге көмектеседі, сондай-ақ оның шығармашылығының қалыптасуына өз үлесін қосады, материалды толық әрі тереңірек меңгеруіне мүмкіндік береді.

Оқу-тәрбие процесінде электронды оқулықты пайдаланудың дайындық кезеңінде:

- болашақ педагогтің игерген білім, білік, дағдыларын диагностикалау жүйесі қамтамасыз етіледі;

- болашақ педагогтің таңдаған тақырыбының мағынасын толықтай ашуға көмектесетін оқу-ақпараттық мәліметтер жиналады, инновациялық-ақпараттық банкі құрылады.

Электронды оқулықты пайдаланудың негізгі кезеңінде:

- оқытушы өз материалын экран дисплейіне түсіре алады;

- оқытушы білім алушылармен кері байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік алады: болашақ педагогке білім деңгейіне сәйкес кеңестер беріп, бақылау жасайды;

- сабақта болашақ педагогтің іс-әрекетін түгел бақылауға жол ашылады; білім алушының өз білімін өзі бақылауына мүмкіндік туады.

Оқу-тәрбие процесінде электронды оқулықты пайдаланудың қорытынды кезеңінде:

- болашақ педагогтің іс-әрекетіндегі олқылық пен кемшіліктерді дер кезінде анықтауға және тіркеуге мүмкіндік ашылады;

- болашақ педагогтің іс-әрекетіндегі жіберген кемшіліктің себебін ашуға және оқу іс-әрекетін тұтастай талдауға болады;

- болашақ педагогтің оқу іс-әрекетіндегі кемшіліктерді болдырмаудың және алдын алу шараларын қарастыруға толық мүмкіндік жасалынады [7;251].

Болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігі оның кәсіби және даралық қасиеттерімен сипатталады. Болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігі – педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін жоғары нәтижеге қол жеткізетін оның теориялық және практикалық дайындығының бірлігі.

Педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарында болашақ педагогтердің ақпараттық-коммуникативті құзіреттіліктерін қалыптастыруда электронды оқулықтар айрықша қызмет атқарады.

«Педагогика» электронды оқулығы

Осы оқулықтың авторы, ғалым К.Д. Бузаубакованың зерттеуі бойынша, электронды оқулық болашақ педагогтерді педагогикалық процестің қырсырымен таныстырып, болашақ педагогтердің педагогикалық қызметке жүйелі көзқарасын және кәсіби маңызды жеке тұлғалық сапасын қалыптастырады; болашақ педагог педагогика ғылымының құрылымы, зерттеу объектісі, атқаратын қызметтері мен оқыту әдістемесі, мектепті басқару жүйесімен таныс болады; педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздерін, тәрбие теориясы мен әдістемесін, оқыту теориясы мен әдістемесін, педагогикалық басқару жүйесі бойынша жаңа білім игереді; педагогикалық процесті жүзеге асыру жолдарын және инновациялық педагогикалық технологияларды меңгереді [7; 252].

Оқыту мен оқуда цифрлы технологияларды қолдану мақсаты – болашақ педагогтің қызығушылығын ояту; болашақ педагогтің белсенділігін арттыру.

Ең маңыздысы – оқыту мен оқуда электронды оқулықты пайдалануда оқытушының дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы болатындығы. Тек осындай оқыту ғана болашақ педагогтің интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Жоғары оқу орнының оқу-тәрбие процесінде болашақ педагогтің өз бетінше жаңа білімді меңгеруіне және шығармашылық ізденісіне жол ашатын электронды оқулықты пайдалану тиімді.

Мәселен, ғалым К.Д.Бузаубакованың педагогикалық жоғары оқу орны білім алушыларына арналған «Педагогика» электронды оқулығының басты ерекшелігі – теориялық материал болашақ педагогтің креативті құзіреттілігін қалыптастыратындай етіп топтастырылған.

«Педагогика» электронды оқулығын пайдаланғанда болашақ педагогтер сындарлы ойлау нәтижесінде жаңа ақпарат жинауды; нақты дәлелдерді сын тұрғысынан талдау мен бағалауды; кепілдендірілген шешімдер мен жинақталған қорытындылар; ауқымды тәжірибе негізінде болжамдар мен ұтымды ұсыныстарды жасауды меңгереді.

Болашақ педагог берілген мәнмәтінді есепке ала отырып, бақылау мен тыңдау арқылы дәлелдер жинастыру және шешім қабылдау үшін талапқа сай өлшемдерді қолдану сияқты дағдыларды қалыптастырады.

К.Д.Бузаубакованың «Педагогика» электронды оқулығын пайдаланғанда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың төмендегідей артықшылықтары бар:

- болашақ педагогтер өз бетінше жұмыс жасайды: болашақ педагог өздігінен ізденіп, қарастырылған материалдардан өзіне қажетті материалды, жаңа ақпаратты дер кезінде таба алады;

- болашақ педагогтердің танымдық белсенділігі артады: әртүрлі деңгейдегі таным процесі барысында болашақ педагог өзінің қызығушылығы мен қажеттілігінен шығатын мәселелерді тиімді шешу белсенділігін арттырады.

- болашақ педагогтердің креативті ойлауы қалыптасады: болашақ педагогке ең қиын сұрақтарға жауап табуға, шешім шығаруға, сындарлы ойлауға жол ашылады; болашақ педагог өзінің, өзгенің көзқарасын бағалап, сол арқылы сыни ойлай білуді үйренеді; болашақ педагог салыстыра отырып, бұрынғы өтіп кеткен материалдар мен жаңа білім арасындағы логикалық байланыстарды анықтауды үйренеді;

- болашақ педагогтердің шығармашылық ізденісі қалыптасады: мәселені қоя білу, сұрақтарға жауап іздеу, нәтижені сұрыптау және т.б. зерттеушілік құзыреттілігі қалыптасады; сыни тұрғыдан ойлау нәтижесінде болашақ педагогтер қойылған мәселені шешуде оңтайлы шешім тауып, оны дәлелдермен негіздейді; мәселені шешудің басқа жолдарын іздестіреді; педагогикалық процеске жан-жақты терең зерттеу, бақылау, талдау жасайды; өз ойын, өз тұжырымын дәлелдеуге тырысады; ең бастысы болашақ педагог өз бетінше білімді игереді; өзін-өзі дамытады [7;253].

Болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктері олардың сыни ойлау, жаңа ақпараттарды іздеу, өңдеу және сұрыптау сияқты практикалық машықтар арқылы ғана қалыптасатындықтан жоғары оқу орындарында электронды оқулықтарды пайдаланудың маңызы ерекше.

Электронды оқулықтың ерекшелігі – теориялық материалдың ішіндегі сурет, кестелер білім алушылардың креативті ойлауына, шығармашылық ізденісіне негізделген.

Оқыту мен оқуда цифрлы технологияларды пайдалануда компьютер жұмыс құралы ретінде мәтінді дайындау және есте сақтау құралы; мәтіндік редактор; сызба, кесте құралы, графиктік редактор; есептегіш машина; нобайлау құралы қызметін атқарады.

Оқыту мен оқуда цифрлы технологияларды қолдану бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады.

Оқыту мен оқуда цифрлы технологияларды пайдалану тиісті ақпарат жинауды; дәлелдерді сын тұрғысынан талдау мен бағалауды; кепілдендірілген шешімдер мен жинақталған қорытындылар; ауқымды тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауды қамтиды.

«Педагогика» электронды оқулығы болашақ педагогтерді тұтас педагогикалық процестің қыр-сырымен таныстырып, педагогикалық іс-

әрекеттің теориясымен қаруландырады; болашақ педагогтердің өзінің кәсіби қызметіне жүйелі көзқарасын және кәсіби маңызды жеке тұлғалық сапасын қалыптастырады; болашақ педагогтердің өзінің кәсіби қызметіне жүйелі көзқарасын қалыптастырады; болашақ педагогтердің шығармашылық ғылыми-ізденіс жұмыстарға, өздігінен білім алуына дайындығын қалыптастырады; болашақ педагогке инновациялық технологияларды оқу-тәрбие процесіне тиімді қолдануға мүмкіндік береді; оқытуда іс-әрекетке бағыттап жүргізуді көздейді; студенттердің танымдық белсенділіктерін арттыруға көмектеседі; оқытудың интербелсенді әдіс-тәсілдерін қолдануға көмектеседі; болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін дамытады.

Білім беру процесінде «Педагогика» электронды оқулығын пайдаланғанда болашақ педагогтер әртүрлі ақпараттық және бейне материалдарды пайдалану арқылы білімін жан-жақты жетілдіреді, сындарлы ойлау қабілеті артады, пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылық ізденісі қалыптасады, тақырыптың түсінбеген жерлерін қайта-қайта қарап, зерделеуге мүмкіндік ашылады.

Электронды оқулық педагогикалық мамандықта білім алып жатқан жоғары педагогикалық оқу орны студенттеріне арналады.

«Педагогика» электронды оқулығының қызметтік мүмкіндіктері:


– электронды оқулық болашақ педагогтерді педагогикалық процестің қыр-сырымен таныстырып, болашақ педагогтердің педагогикалық қызметке жүйелі көзқарасын және кәсіби маңызды жеке тұлғалық сапасын қалыптастырады;

– болашақ педагог педагогика ғылымының құрылымы, зерттеу объектісі, атқаратын қызметтері мен оқыту әдістемесі, мектепті басқару жүйесімен таныс болады; педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздерін, тәрбие теориясы мен әдістемесін, оқыту теориясы мен әдістемесін, педагогикалық басқару жүйесі бойынша жаңа білім игереді;

– педагогикалық процесті жүзеге асыру жолдарын және инновациялық педагогикалық технологияларды меңгереді.

Электронды оқулықтың мақсаты - болашақ педагогтердің өзінің кәсіби қызметіне жүйелі көзқарасын қалыптастыру; болашақ педагогтердің өздігінен білім алуына дайындығын жетілдіру; болашақ педагогті цифрлық технологияларды оқу-тәрбие процесіне тиімді қолдануға үйрету; болашақ педагогтердің танымдық белсенділіктерін және ақпараттық, шығармашылық құзыреттіліктерін, цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Электронды оқулықтың бас мәзірі 6 блоктан тұрады: «Теория»; «Білгенге маржан»; «Ұлыдан ұлағат»; «Глоссарий»; «Фотогалерея»; «Әдебиеттер» (75-сурет).



Сурет 75– Электронды оқулықтың бас мәзірі


Электронды оқулықтың бас мәзірінің соңына қарай ортасында «Шығу» шертпесі және оң жағында «Нұсқаулық» және «Авторлық құқық» шертпесі орналасқан.

Электронды оқулықтың «Теория» блогы 12 ұяшықтан – 12 тақырыптан, яғни 12 лекциядан тұрады:

- 1) «Қазіргі жағдайдағы білім берудің басымдылық рөлі».
- 2) «Педагогикалық кәсіп пен іс-әрекеттің жалпы сипаттамасы».
- 3) «Педагогика адам туралы ғылым жүйесінде. педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негіздері мен әдістері».
- 4) «Жеке тұлға тәрбиенің объектісі, субъектісі ретінде және оның дамуы мен қалыптасуының факторы».
- 5) «Тұтас педагогикалық процестің (ТПП) мәні мен құрылымы».
- 6) «Ғылыми дүниетаным – оқушының интеллектуалды дамуының негізі».
- 7) «Тұтас педагогикалық процестегі тәрбиенің мәні мен мазмұны, отбасы тәрбиесінің негіздері».
- 8) «Тәрбиенің формалары мен құралдары».
- 9) «Оқыту процесінің маңызы».
- 10) «Қазіргі мектептегі білім мазмұнының ғылыми негіздері».
- 11) «Оқыту формалары, әдістері мен құралдары тұтас педагогикалық процестің қозғаушы механизмі ретінде».
- 12) «Оқытудағы диагностика және бақылау, мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі оқыту технологиялары» (76-сурет).

1-тақырыптың жоғары сол жақ шетінде кішкентай 2 ұяшық орналасқан: үй пішініндегі ұяшық; өзара бір-біріне параллель көлденеңнен орналасқан 3 сызықшамен бөлінген тіктөртбұрыш пішіндегі ұяшық.

Егер үй пішініндегі ұяшықты бассаңыз бас мәзірге қайта келесіз. Ал егер өзара бір-біріне параллель көлденеңнен орналасқан 3 сызықшамен бөлінген тіктөртбұрыш пішіндегі ұяшықты бассаңыз – 1-тақырыптың бас мәзірі ашылады және онда төмендегідей ұяшықтар орналасқан: «Тест»; «Блиц тур»; «Бейне сабақ»; «Педагогикалық сөзжұмбақ»; «Педагогикалық жағдаят»; «Шығармашылық тапсырма» [123].




Сурет 76 – Электронды оқулықтың «Теория» блогы

«1 тақырып» ұяшығын бассаңыз 1-тақырыптың мазмұны ашылады (77-сурет).

Электронды оқулықтың «Тест» блогында әрбір тақырып бойынша білімді бақылау мен бағалауға арналған 10 тест тапсырмалары беріледі. Жауап дұрыс болса – жасыл белгі, ал дұрыс болмаса – қызыл түспен белгі беріледі; тест соңында қанша сұраққа дұрыс жауап берілгені және оған қанша уақыт кеткенін көрсетеді (78-сурет).



Сурет 77– Электронды оқулықтың «Теория» блогының «Тақырып» бөлігі



Сурет 78 – Электронды оқулықтың «Тест» блогы

«Қайтадан» шертпесін басу арқылы нәтижені жақсартуға болады. Бұл жолы тест тапсырмаларының келу реті немесе рет саны ауысады.

Өзара бір-біріне параллель көлдененнен орналасқан 3 сызықшамен бөлінген тіктөртбұрыш пішіндегі ұяшықты басып, 1-тақырыптың бас мәзіріне шығуға мүмкіндік бар.

Электронды оқулықтың «Блиц тур» блогында 1, 2, 3, 4, 5 сандарымен белгіленген 5 шертпе орналасқан. «Блиц тур» ұяшығында «Кім жылдам, кім зерек?» ойыны ретінде блиц-тур сұрақтары беріледі. Әр тақырыпта 5 блиц-тур сұрақтары беріледі (79-сурет).



Сурет 79– Электронды оқулықтың «Блиц тур» блогы

Таңдаған ұяшықты ашқанда сұрақ мәтіні, берілген уақыт – 20 секунд жүріп отырады, 20 секунд уақыт өткеннен кейін дұрыс жауап ашылады.

Электронды оқулықтың «Бейнесабақ» шертпесін басу арқылы 1-тақырыптың мазмұнын ашатын автордың бейнесабағын көруге болады. Әрбір бейнесабақ тақырып мазмұнын ашатындай іріктелген (80-сурет).

«Бейнесабақ» мәзірінің жоғары оң шетіндегі «Басты бет» шертпесін басу арқылы 1-тақырыптың бас мәзіріне баруға болады.

Электронды оқулықтың «Педагогикалық жағдаят» шертпесін басу арқылы 1-тақырыптың мазмұнын ашатын 5 педагогикалық жағдаятпен танысып, оны шешу ұсынылады.

«Педагогикалық жағдаят» мәзірінің жоғары оң шетіндегі «Басты бет» шертпесін басу арқылы 1-тақырыптың бас мәзіріне қайта баруға болады.

Электронды оқулықтың «Педагогикалық сөзжұмбақ» шертпесін басу арқылы әрбір тақырыптың мазмұнын ашатын педагогикалық сөзжұмбақты шешу ұсынылады (81-сурет).



Сурет 80 – Электронды оқулықтың «Бейнесабак» блогы

«Педагогикалық сөзжұмбақ» мәзірінің жоғары оң шетіндегі «Басты бет» шерпесін басу арқылы 1-тақырыптың бас мәзіріне қайта баруға болады.



Сурет 81– Электронды оқулықтың «Педагогикалық сөзжұмбақ» блогы

Электронды оқулықтың «Шығармашылық тапсырма» шертпесін басу арқылы 1-тақырыптың мазмұнын ашатындай шығармашылық тапсырмамен танысуға болады (82-сурет).



Сурет 82– Электронды оқулықтың «Шығармашылық тапсырма» блогы

16-кестеде «Педагогика» пәні бойынша инновациялық-ақпараттық банк қорының сілтемелері берілді.

Кесте 16- «Педагогика» пәні бойынша инновациялық-ақпараттық банк қорының сілтемелері

№	Бейнедәріс және электронды оқулық	Сілтеме, штрих-код
1	Бейнедәріс №1	https://youtu.be/1ZQtfa8bvk
2	Бейнедәріс №2	https://youtu.be/KNZeV1qeIEQ
3	Бейнедәріс №3	https://youtu.be/6KyZyVglB4k
4	Бейнедәріс №4	https://youtu.be/HDuJaE4v3F8
5	Бейнедәріс №5	https://youtu.be/hNAzo48XdPc
6	Бейнедәріс №6	https://youtu.be/g2XpxP3OvIk
7	Бейнедәріс №7	https://youtu.be/QFLGkksFS-4
8	Бейнедәріс №8	https://youtu.be/B71g0yFBCZ0
9	Бейнедәріс №9	https://youtu.be/mt6ZzsHDNiY
10	Бейнедәріс №10	https://youtu.be/9m9Y1XstsWI
11	Бейнедәріс №11	https://youtu.be/odi1SlGxpUk
12	Бейнедәріс №12	https://youtu.be/H8BUrH3BhEg
13	Плейпарақша	https://youtube.com/playlist?list=PLU8tanfFhA7y5w9PYPM5DtoD1aOnR854B
13	«Педагогика» электронды оқулығы	https://cloud.mail.ru/public/yNJ3/UmAWNQXXU

Электронды оқулықтың «Білгенге маржан» блогында болашақ педагогтің танымдық-креативтік құзыреттіліктерін қалыптастыратындай дидактикалық материалдық материалдар топтастырылған.

«Білгенге маржан» мәзірінің жоғары оң шетіндегі «Басты бет» шерпесін басу арқылы 1- тақырыптың бас мәзіріне қайта баруға болады.

«Педагогика» электронды оқулығына Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік алынды (В-қосымша).

«Цифрлы педагогика» электронды оқулығы

«Цифрлы педагогика» электронды оқулығы педагогикалық жоғары оқу орнының барлық мамандықтары бойынша білім алып жатқан болашақ педагогтерге, соның ішінде 6В01301 – Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасында білім алып жатқан болашақ педагогтерге арналады.

«Цифрлы педагогика» электронды оқулығының мақсаты – болашақ педагогтердің өзінің кәсіби қызметіне жүйелі көзқарасын қалыптастыру; болашақ педагогтердің өздігінен білім алуына дайындығын жетілдіру; болашақ педагогтерге цифрлы технологияларды оқу-тәрбие процесінде тиімді қолдана алу дағдысын меңгерту; болашақ педагогтердің танымдық белсенділіктерін және креативті құзыреттіліктерін дамыту; болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру.

«Цифрлы педагогика» электронды оқулығының негізгі техникалық сипаттамасы 83-суретте көрсетілді.

«Цифрлы педагогика» электронды оқулығының функционалдық мүмкіндігі:

- электронды оқулық болашақ педагогтерді цифрлы ортаның қырсырымен таныстырып болашақ педагогтердің өзінің кәсіби қызметіне жүйелі көзқарасын және кәсіби маңызды жеке тұлғалық сапасын, цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырады;

- болашақ педагог цифрлы педагогиканың құрылымы, зерттеу объектісі, атқаратын қызметтері мен цифрлы білім берудің даму тенденциялары, заңдылықтары, принциптерімен таныс болады; цифрлы ортадағы білім беру платформалары және құралдарын пайдалану жолдары және әдістемесі бойынша жаңа білім игереді;

- цифрлы қоғамдағы оқушы мен мұғалім тұлғасына қойылатын педагогикалық талаптармен танысып, цифрлы құзыреттіліктерін жетілдіреді.

«Цифрлы педагогика» электронды оқулығының бағдарламалау тілі – Action Script 2.0.



Сурет 83– «Цифрлы педагогика» электронды оқулығының негізгі техникалық сипаттамасы

Электронды оқулықтың бас мәзірі

Электронды оқулықтың бас мәзірі көлденеңнен орналасқан 4 блоктан тұрады: «Теория»; «Глоссарий»; «Фотогалерия»; «Әдебиеттер»(84-сурет).

Электронды оқулықтың БАС МӘЗІРІнің ортасында «Шығу» шертпесінің астында сол жағында «Автор» батырмасы орналасқан, ал астыңғы оң жақ тұсында «Нұсқаулық» батырмасы орналасқан, онда электронды оқулықты пайдалану бойынша әдістемелік нұсқаулық беріледі [124].

Электронды оқулықтың «Теория» блогын басқанда 12 ұяшық шығады:

- 1) 1 тақырып;
- 2) 2 тақырып;
- 3) 3 тақырып;
- 4) 4 тақырып;
- 5) 5 тақырып;

...

- 12) 12 (85-сурет).

Бузаубакова Клара Джайдарбековна



ЦИФРЛЫ ПЕДАГОГИКА




ШЫГУ

АВТОР

НҮСҚАУЛЫҚ


Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы КҮӘЛІКПЕН ҚОРҒАЛҒАН

Сурет 84– «Цифрлы педагогика» электронды оқулығының бас мәзірі



Сурет 85– «Цифрлы педагогика» электронды оқулығының «Теория» блогы

«1 тақырып» ұяшығын бассаңыз – 1-тақырыптың мазмұны ашылады.
1-тақырыптың жоғары сол жақ шетінде кішкентай 3 ұяшықтар орналасқан: «Тест»; «Блиц тур»; «Бейне сабақ» (86-сурет).




Сурет 86– «Цифрлы педагогика» электронды оқулығының «1- тақырып» блогы

Электронды оқулықтың «Тест» ұяшығында әрбір тақырып бойынша білімді бақылау мен бағалауға арналған 10 тест тапсырмалары беріледі. Жауап дұрыс болса – жасыл белгі, ал дұрыс болмаса – қызыл түспен белгі беріледі; тест соңында қанша сұраққа дұрыс жауап берілгені және оған қанша уақыт кеткенін көрсетеді (87-сурет).

«Қайтадан» шертпесін басу арқылы нәтижені жақсартуға болады. Бұл жолы тест тапсырмаларының келу реті немесе рет саны ауысады.


Өзара бір-біріне параллель көлденеңнен орналасқан 3 сызықшамен бөлінген тіктөртбұрыш пішіндегі ұяшықты басып, 1-тақырыптың бас мәзіріне шығуға болады.

Электронды оқулықтың «Блиц тур» ұяшығында 1,2,3,4,5 сандарымен белгіленген 5 шертпе орналасқан. «Блиц тур» ұяшығында «Кім жылдам, кім зерек?» ойыны ретінде блиц-тур сұрақтары беріледі. Әр тақырыпта 5 блиц-тур сұрақтары беріледі.



Сурет 87– «Цифрлы педагогика» электронды оқулығының «Тест» блогы

Таңдаған ұяшықты ашқанда сұрақ мәтіні, 20 секунд уақыт өткеннен кейін дұрыс жауап ашылады (88-сурет).



Сурет 88– «Цифрлы педагогика» электронды оқулығының «Блиц тур» блогы

Электронды оқулықтың «Бейнесабак» шертпесін басу арқылы 1-тақырыптың мазмұнын ашатын автордың бейнесабағын көруге болады. Әрбір бейнесабақ тақырып мазмұнын ашатындай іріктелген (89-сурет).




Сурет 89– «Цифрлы педагогика» электронды оқулығының «Бейнесабақ» блогы

«Бейнесабақ» мәзірінің жоғары оң шетіндегі «Басты бет» шертпесін басу арқылы 1- тақырыптың бас мәзіріне баруға болады.

«Бейнесабақ» мәзірінің жоғары сол шетіндегі « \leftarrow » шертпесін басу арқылы 1-тақырыптың бас мәзіріне қайта баруға болады.

Электронды оқулықтың «Глоссарий» блогында «Цифрлы педагогика» пәніне қатысты негізгі ұғымдар мен терминдер алфавиттік ретпен беріледі. «Глоссарий» мәзірінің сол және оң орта тұсындағы орналасқан « $>$ », « $<$ » шертпелері арқылы артқа немесе алға қайта баруға (жылжуға) болады (90-сурет).

«Глоссарий» мәзірінің жоғары оң шетіндегі «Басты бет» шертпесін басу арқылы 1- тақырыптың бас мәзіріне қайта баруға болады.



Сурет 90– «Цифрлы педагогика» электронды оқулығының «Глоссарий» блогы

Электронды оқулықтың «Фотогалерея» блогында «Цифрлы педагогика» пәні сабағында түсірілген фотосуреттер топтастырылған. Қай суретті көргіңіз келсе, ағылшын тілінде жазылған «smart-pedagog» сөзін сол суреттің тұсына әкеліп, шертсеңіз, ол сурет үлкейіп, мониторға шығады. Фотосуреттің сол жақ астыңғы бөлігіндегі «кері» шертпесін басу арқылы қайтадан фотогалереяның бас мәзіріне шығуға болады. Бас мәзірінде бірден барлық фотосуреттерді қарауға толықтай мүмкіншілік бар (91-сурет).

Электронды оқулықтың «Әдебиеттер» блогында «Цифрлы педагогика» пәні бойынша әдебиеттер ұсынылады. «Әдебиеттер» мәзірінің сол және оң орта тұсындағы орналасқан « > », « < » шертпелері арқылы артқа немесе алға қайта баруға (жылжуға) болады, қажетті әдебиеттер іздестіріледі (92-сурет).

«Әдебиеттер» мәзірінің жоғары оң шетіндегі «Басты бет» шертпесін басу арқылы 1-тақырыптың бас мәзіріне қайта баруға болады.

Электронды оқулықтың Бас мәзіріндегі шертпесін басу арқылы электронды оқулықты жабуға болады.



КЕРІ

Сурет 91– «Цифрлы педагогика» электронды оқулығының «Глоссарий» блогы

Басты бет

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Бузаубакова К.Д. Педагогикалық шеберлік. Оқулық. -Тараз: ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2018. -314 б.
- 2.Бузаубакова К.Д. Педагогика. Электронды оқулық. -Тараз: ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2022. <https://cloud.mail.ru/public/yNJ3/UmAWNQXXU>
3. Бузаубақова К.Ж. Педагогика. Оқулық. -Тараз: ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2019. -329 б.
- 4.Бузаубакова К.Д. Болашақ педагогтердің ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыруда «Педагогикалық шеберлік» электронды оқулығын пайдалану ерекшеліктері //Қазақстан ғылымы мен өмірі. -№7. -2020. - 90-94 б.
- 5.Бузаубакова К.Д. Болашақ педагогтың креативті құзыреттілігін қалыптастыруда «Білім берудегі инновациялық технологиялар» электронды оқулығын тиімді пайдалану. Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясы Хабаршысы. - № 4. -2017 (78). -58-65 б.
- 6.Бузаубакова К.Д., Амирова А.С.,Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика. Оқулық. -Тараз: ИП «Бейсенбекова А.Ж. », 2022. -314 б.
- 7.Бузаубакова К.Д., Нурманалиева У.Т. «Технологические и методические аспекты формирования цифровых креативных компетенций будущих педагогов в условиях дистанционного образования в РК» // Вестник Казахского Национального университета имени Аль-Фараби, серия «Педагогические науки». - №3(68).- 2021. - С.71-82.
- 8.Бузаубакова К.Д. www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы //«Педагогикалық білім беру – ел өркендеуі мен тұрақтылығының негізі: жаңа мүмкіндіктер және заманауи трендтер» атты Дулати Халықаралық педагогикалық оқулар жинағы. 2 том. - Тараз: TarSU, 2022. -300- 308 б.
- 9.Бузаубакова К.Д. «Педагогика» электронды оқулығы //«Педагогикалық білім беру – ел

Сурет 92– «Цифрлы педагогика» электронды оқулығының «Глоссарий» блогы

«Цифрлы педагогика» электронды оқулығының басты ерекшелігі – теориялық материал болашақ педагогтің креативті күзiреттілігін қалыптастыратындай етіп топтастырылған.

«Цифрлы педагогика» электронды оқулығына авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік алынды (Б-қосымша).

3.3 Педагогикалық білім беру порталы: www.smart-pedagog.kz

Цифрлы білім беру платформалары – электронды оқыту жүйесінің негізгі бір құрамды бөлігі. Оларға оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті цифрлық формада көрсетілген фотосурттер, көркем үзінділер, статистикалық және динамикалық модельдер, виртуальды нақтылық пен интерактивті модельдеудің объектілері, картографиялық материалдар, дыбыс жазбалары, таңбалық объектілер мен іскерлік графика, мәтіндік құжаттар мен басқа да оқу материалдары жатады.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие үдерісін жеделдету және жеңілдету, студенттерге, педагогтерге жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Біздің түлектеріміз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс.

Цифрлы білім беру платформалардың түрлері әр алуан: Google Classroom, Nearpod, Learning Apps, Kahoot, Edapp білім беру платформасы, Күнделік платформасы, Bilimland» платформасы, Online Мектеп платформасы, педагогикалық білім беру порталы www.smart-pedagog.kz және т.б. (17-кесте).

Педагогикалық білім беру порталы www.smart-pedagog.kz

Педагогикалық білім беру порталы www.smart-pedagog.kz – бұл қашықтықтан оқытуды және біліктілікті арттыруды қамтамасыз ету үшін барлық білім беру ресурстарына қол жетімділікті қамтамасыз ететін зияткерлік инновациялық виртуалды білім беру платформасы. АР09259497 «Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері» халықаралық жобасы аясында (Жоба жетекшісі монографияның авторы К.Д.Бузаубакова) М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті (Дулати университеті) мен Ресейдің Шадринск мемлекеттік педагогикалық университеті (ШМПУ) инновациялық ынтымақтастығының негізінде құрылды.

Кесте 17– Цифрлы білім беру платформалары


№	Цифрлы білім беру платформалары			
	атауы	ерекшеліктері	артықшылықтары	мүмкіндіктері
1	Google Classroom	Google Classroom – оқытуды толығымен онлайнға көшіруге мүмкіндік беретін платформа: тақырыптар бойынша сабақтар құрастыру, материалдар қосу, үй тапсырмасын беру және тексеру	Google-дың арнайы оқыту үшін ұйымдастырылған пайдалы сервистерін біріктіреді: <ul style="list-style-type: none"> • Өз тобын құру • Білім алушылардың курсқа жазылуын ұйымдастыру • Білім алушылармен қажетті оқу материалымен бөлісу • Білім алушыларға арналған тапсырмаларды ұсыну • Білім алушылардың тапсырмаларын бағалау және олардың жетістіктерін бақылап отыру • Білім алушылардың қарым-қатынасын ұйымдастыру 	<ul style="list-style-type: none"> • Қарапайым теңшеу (конфигурация) • Уақыт пен қағазды үнемдеу • Ыңғайлылық • Нәтижелі қарым-қатынас • Танымал сервистермен ықпалдастық • Қолжетімділік және қауіпсіздік
2	Nearpod	Nearpod – педагогтердің сабақтарға арнап таныстырылым жасауына және оларды білім алушыларға тура сабақ уақытында көрсетуіне мүмкіндік беретін платформа. Ұялы телефондар үшін тиімді жасалған	Nearpod басқа қосымшаларға тәуелсіз сессияларға кез келген құрылғыдан және кез келген платформадан (IOS, Android, Windows Phone) қатысуға болады	<ul style="list-style-type: none"> • Nearpod-тың тегін нұсқасы суреттері, мәтіндері мен аудиожолақтары бар слайдтар жасауға, сонымен қатар онлайн сессияға қатысуға 30 білім алушыға дейін шақыруға мүмкіндік береді • Nearpod Gold ақылы нұсқасы анағұрлым көп мүмкіндіктер ұсынады: слайдшоу жасау, бейнефайлдар енгізу, викториналар жасау, ашық сұрақтар, сурет салуға арналған құралдар, графиктер мен диаграммалар

				<ul style="list-style-type: none"> • Құрастырылған таныстырылымды PDF форматында сақтауға және офлайн жұмыс үшін таратуға болады
3	Learning Apps	Learning Apps – интерактивті модульдер (қосымшалар, жаттығулар) арқылы оқу үдерісін қолдауға арналған қосымша	<p>Learning Apps үлгілері функционалдық белгілері бойынша топтастырылған:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Таңдау – дұрыс жауапты таңдауға арналған жаттығулар • Бөлу – сәйкестікті анықтауға арналған тапсырмалар • Бірізділік – дұрыс бірізділікті анықтау • Толтыру – қажетті жерлерге дұрыс жауапты қоюды талап ететін жаттығулар • Онлайн ойындар • Білім алушылармен жарыс-жаттығулар 	Бұл онлайн-сервис модульдер құруға, оларды сақтауға және пайдалануға, педагогтер арасында еркін алмасуды қамтамасыз етуге, білім алушылардың жұмысын ұйымдастыруға мүмкіндік береді
4	Kahoot	Kahoot – кез келген оқу пәні мен кез келген жасқа сай келетін ойын түрінде оқытуға арналған тегін платформа	<ul style="list-style-type: none"> • Оның көмегімен тест, сауалнама, оқу ойынын жасауға немесе білім марафонын ұйымдастыруға болады • Уақытты үнемдеуге мүмкіндік беретін тестілерді қайталау және өңдеу мүмкіндігі зор 	<ul style="list-style-type: none"> • Kahoot-та жасалған тапсырмалар оларға суреттерді және тіпті, бейнефрагменттерді қосуға мүмкіндік береді • Викториналар, тестілерді орындау қарқыны әр сұрақ үшін уақыт шегін енгізу жолымен реттеледі
5	Edapp білім беру платформасы	EdApp білім беру платформасы – әлемдегі ірі және кіші ұйымдар қолданатын жетекші LMS жүйесі. EdApp – бұл жеке және корпоративті барлық пайдаланушыға ақысыз қолжетімді білім беру платформасы	Ол курстарды құру мен алмасуды қарапайым және тиімді ету үшін дизайн шешімдері мен шаблондарын ұсынады	EdApp қуатты Canva дизайн құралдарымен біріктірілген

6	Kundelik.kz	Kundelik.kz жүйесі –Қазақстанның орта білім берудегі академиялық үлгерімі бөлігінде білім беруді басқару жүйесі	Kundelik.kz-ке олар кез келген уақытта және кез келген жерде баланың нақты кестесін, бағаларын, тапсырмаларын және мектепке баруын көре алады	Барлық қажетті білім беру процестерін және тағы басқаларды автоматты түрде онлайн режимде орындай алады
7	Bilimland	Bilimland – электрондық оқытудың әлемдік көшбасшыларының озық жетістіктеріне негізделген цифрлық білім беру платформасы	Бұл – заманауи білім беру контентінің ірі цифрлық кітапханасы, қазақша, орысша, ағылшын тілдерінде барлық пәндерді қамтыған 30 мыңға жуық электрондық сабақ, тренажер, интерактивтік жаттығулар, оқытуға арналған видео, анимациялық фильмдермен қамтылған жиынтық	Қызықты электрондық сабақтар балаларға мектепке дайындалуға көмектеседі әрі бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген қызығушылығын оятады
8	Online Мектеп	2020 жылы Орталық онлайн-оқыту саласындағы инновациялық компания Bilim Media Group-пен бірлесіп Online мектеп цифрлық білім беру платформасын әзірлеп, іске қосты (www.bilimland.kz). Негізгі мақсат – жалпы білім беретін мектеп оқушыларын онлайн режимде бейімдеп оқыту мүмкіндігін беру	Online Мектеп – еліміздің жалпы орта білім беретін мектептерінің оқушыларына арналған Типтік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген сандық контентті қамтитын www.bilimland.kz білім беру порталының жаңа модулі. Бұл модуль арнайы әзірленген цифрлық білім беру ресурстарынан тұрады: -бейнесабақтар; -деңгейлік тапсырмалар; -оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған интерактивті жаттығулар	Платформаның негізгі идеясы – әр сабаққа конспект, сызба, зияткерлік карта түрінде теориялық материалдар әзірлеу, ал сабақтың практикалық бөлігі деңгейлік тапсырмалар түрінде беріледі, бұл тапсырмалар оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға қажетті дағдыларды жүйелі және бірізді түрде дамытуға мүмкіндік береді
9	www.smart-pedagog.kz	ҚО -да біліктілікті арттыру, білім беру ресурстарына қол жетімділікті қамтамасыз ететін виртуалды білім беру платформасы	<ul style="list-style-type: none"> • Бейне, аудио және т.б. интерактивті оқыту әдістері арқылы тақырыпты жан-жақты түсінуге ықпал етеді • Мазмұн үнемі жаңартылып отырылады 	<ul style="list-style-type: none"> • Барлық жерде оқуға мүмкіндік бар

Smart-pedagog білім беру порталының артықшылықтары тек білім алушылармен ғана шектелмейді, сонымен қатар оқытушыларға да қатысты. Порталда қолданылатын интерактивті оқыту және білім беру әдістері мұғалімдер үшін жаңа перспективаны ашады, олар осы әдістерді қарапайым сыныптарда қолдана алады және осылайша болашақ педагогтерге ұғымдарды жақсы түсінуге көмектеседі.

Порталдың кейбір артықшылықтары 93-суретте ашылды.



Сурет 93 – Порталдың артықшылықтары

XXI ғасырда білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру үшін оқыту бағдарламасын сыни ойлау, өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға, қашықтықтан да білім алуға бағыттау қажет.

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін модернизациялау, болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі туындауда.


www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттілігі болашақ педагогтің креативті ойлау қабілеті, әдіснамалық рефлексия, жаңалыққа деген талпынысы, инновациялық технологияларды шығармашылықпен пайдалану, оқу-тәрбие процесін жетілдіру мақсатындағы ұдайы ізденістері, педагогикалық инновацияларды өз іс-тәжірибесінде жүйелі пайдалану, ақпаратты өз бетінше іздеп, таба алуы; алынған мәліметті өңдей алуы, жинақтауы, сұрыптауы және т.с. шығармашылық іс-әрекеттерінен көрініс табатын цифрлы-құзыреттілігін қалыптастыруды көздейді [125].

94-суретте www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының арнайы ерекшелік таңбасы (логотипі) берілді.



Сурет 94– www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының арнайы ерекшелік таңбасы (логотипі)


www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы 3 тілде жұмыс жасайды: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (95- сурет).



Сурет 95– www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының басты беті

www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының басты бетінде «Жоба туралы» блогы орналастырылған.

Педагогикалық білім беру порталының «Жоба туралы» блогында жоба тақырыбы, жобаның өзектілігі, зерттеудің әдіснамасы, жобаның мақсаты, жобаның міндеттері, жобадан күтілетін нәтижелер ұсынылады (96-сурет).




Сурет 96– www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының «Жоба туралы» блогы

www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының басты бетінде «Жаңалықтар» блогы орналасқан. «Жаңалықтар» блогы жоба бойынша атқарылған іс-шаралар туралы жаңа ақпараттармен ұдайы толықтырылып отырылады. Мәселен, 2022 жылдың 5 ақпанында педагогикалық білім беру порталының басты бетіндегі «Жаңалықтар» блогында 2 материал орналастырылды:

1) Жоба авторы – педагогика ғылымдарының докторы К.Д.Бузаубакованың «Педагогика» электронды оқулығына берілген Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы 2022 жылдың 1-ақпанында алынған №23213 куәлік (Г-қосымша);

2) Қазақстан және Ресейлік ғалымдар коллаборациялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу бойынша қысқаша мәлімет (97-сурет).



Сурет 97– www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының «Жаңалықтар» блогы

www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының басты бетінде «Медиа» блогы орналастырылған. Педагогикалық білім беру порталының «Медиа» блогы 2 бөліктен тұрады: видеогалерея; фотогалерея.

Педагогикалық білім беру порталы «Медиа» блогының «Видеогалерея» бөлігінде Жоба авторы К.Д.Бузаубақованың «Педагогика» пәнінен 12 видеосабағы ұсынылады (98-сурет).


Педагогикалық білім беру порталының «Онлайн-кафедра» блогында Жоба аясында Шадринск мемлекеттік педагогикалық университетінде ашылған М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университеті «Педагогика» кафедрасының онлайн-кафедрасын ашу бойынша дайындаған арнайы құжаттары беріледі.

Ұсынылып отырған педагогикалық білім беру порталының артықшылығы – жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагог мамандарды дайындау және болашақ педагогтердің цифрлы сауаттылықтары мен құзыреттіліктерін арттыру бойынша DULATY цифрлы педагогикалық хаб (педагогикалық кампус) жасақталатындығы.

Цифрлы педагогикалық кампус – білім алуда, қашықтан білім алуда және біліктіліктерін көтеруде барлық білім беру ресурстарына қолжетімтілікті қамтамасыз ететін интеллектуалды инновациялық виртуалды білім беру алаңы.

Цифрлы педагогикалық хаб болашақ педагогтің цифрлы- креативті

құзыреттіліктері қалыптасқан smart-болашақ педагогтің цифрлы-әдістемелік кабинеті болмақ [7; 179].




Сурет 98– www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы «Медиа» блогының «Видеогалерея» бөлігі

Педагогикалық білім беру порталының «Медиа» блогының «Фотогалерея» бөлігінде Жоба аясында жүргізілген іс-шаралардың мазмұнын ашатын фото-суреттер топтастырылған (99-сурет).

ҚР-да педагог мамандарды дайындау және болашақ педагогтердің цифрлы креативті құзыреттіліктерін арттыру мақсатында ашылған педагогикалық білім беру порталы 7 онлайн-педагогикалық ресурсты пайдаланады (100-сурет).

SMART-онлайн педагогикалық шеберхана (педагогикалық орталық) – мұнда болашақ педагогтер Қазақстан, Ресей және басқа да алдыңғы қатарлы шетел мемлекеттерінің жаңашыл педагогтерінің бейнесабақтарын көру, талдау, педагогикалық практика кезеңінде сынақтан өткізу нәтижесінде педагогикалық мамандықтың қыр-сыры мен таңғажайып құпияларымен танысады; қашықтықтан оқыту бойынша сабақтар әзірлейді және т.б (101-сурет).


SMART-онлайн педагогикалық шеберханаға орналасқан барлық материалдарды келесі сілтемемен танысуға болады: <https://smart-pedagog.kz/kk/pedagogikaly-sheberkhana>[126].



Сурет 99– www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы «Медиа» блогының «Фотогалерея» бөлігі

- 1 • Smart- онлайн педагогикалық шеберхана (педагогикалық орталық)
- 2 • Smart- онлайн педагогикалық студия
- 3 • Smart-онлайн коучинг
- 4 • Smart-онлайн әдістемелік қоржын
- 5 • Smart-онлайн коворкинг-орталық
- 6 • Smart - онлайн виртуалды зертхана
- 7 • Smart -онлайн цифрлы контент

Сурет 100– Педагогикалық білім беру порталының ресурстары



Сурет 101– SMART-онлайн педагогикалық шеберхана

SMART-онлайн педагогикалық студия – мұнда болашақ педагогтер өздерінің алғашқы инновациялық онлайн сабақтарын бейнетаспаға жазуға қажетті білім, білік, дағдыларды алады; алғашқы бейнесабақтарын жасап үйренеді, дайындайды (102-сурет).


SMART-онлайн педагогикалық студияға қойылған материалдармен келесі сілтемемен кіріп танысыға болады: <https://smart-pedagog.kz/kk/pedagogikaly-studiya> [127].

Педагогикалық порталдағы «Педагогикалық студия» блогында бейне сабақтарды құру бойынша бейнероликтер орналастырылды:


- 1) Компьютерде видеосабақ жасау-<https://youtu.be/k0suOPYwAXA>;
- 2) Смартфонда видеосабақ жасау - <https://youtu.be/-8eQLt7adVI>;
- 3) Скринкаст (экранды түсіру) - <https://youtu.be/i7UZFSyQ-PM>.

SMART-онлайн әдістемелік қоржын – smart-болашақ педагог Қазақстан мен Ресей және басқа да алдыңғы қатарлы шетел мемлекеттерінің жаңашыл педагогтерінің алдыңғы қатарлы инновациялық педагогикалық тәжірибелерін үйрену, қолдану, тарату бойынша қажетті ІТ-құзыреттіліктерді меңгереді (103-сурет).

SMART-онлайн әдістемелік қоржынға қойылған материалдармен келесі сілтемемен кіріп танысыға болады: <https://smart-pedagog.kz/kk/distemelik-orzhyn> [128].



Сурет 102– SMART -онлайн педагогикалық студия




Сурет 103– www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының SMART-онлайн әдістемелік қоржын блогы

Педагогикалық білім беру порталының «SMART-онлайн әдістемелік қоржын» блогында төмендегідей материалдар топтастырылған:

- 1) Гайд нұсқаулық;
- 2) Болашақ педагогтерге қажетті цифрлық платформалар мен сервистер;
- 3) Магистрлік диссертацияның презентациясы (магистрант Жақып Ж.);
- 4) Авторлық куәлік: «Педагогика» электронды оқулық;
- 5) Авторлық куәлік: «www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы » ;
- 6) Авторлық куәлік: «Цифрлы педагогика» оқулық;
- 7) Онлайн-байқау туралы Ереже;
- 8) «Цифрлы педагогика» оқулық;
- 9) «Педагогика» пәні бойынша электронды оқулық.
- 10) Дулати оқулары: «www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы »;
- 11) Дулати оқулары: Ғылыми мақала-1 (К.Д. Бузаубакова, Ж.Ш. Жақып);
- 12) Дулати оқулары: Ғылыми мақала-2 (К.Д. Бузаубакова, Ж.Ш. Жақып);
- 13) Дулати оқулары: «Педагогика»электронды оқулығы.

SMART-онлайн коучинг – мұнда болашақ педагогтер педагогика, киберпедагогика, медиапедагогика, цифрлы педагогиканың көкейкесті проблемалары бойынша педагогикалық коучинг, тренингтерді өткізу бойынша қажетті құзыреттіліктерді меңгереді (104-сурет).



Сурет 104– SMART-онлайн коучинг

SMART-онлайн коучингке қойылған материалдармен келесі сілтемемен кіріп танысыға болады: <https://smart-pedagog.kz/kk/kouching> [129].

www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының «SMART-онлайн коучинг» блогына төмендегідей материалдар топтастырылған:

- 1) Вебинардың афишасы;
- 2) Вебинардың резолюциясы;
- 3) Вебинардың бағдарламасы;
- 4) Семинар-вебинардың видеосы.

SMART-онлайн коворкинг-орталық – креативті педагогтер мен болашақ педагогтердің ашық алаңы; білім беру стартап-жобалар жасайтын педагогикалық хакатон, өз тәжірибелері және өз идеяларымен бөлісетін креативті болашақ педагогтердің симуляциялық орталығы; мұнда smart-болашақ педагог педагогика, киберпедагогика, медиапедагогика, цифрлы педагогиканың көкейкесті проблемалары бойынша инновациялық зерттеулер мен ғылыми жобаларды жүргізуге қатысты креативті құзыреттіліктерді меңгереді (105-сурет).

SMART-онлайн коворкинг-орталыққа тіркелінген материалдарды келесі сілтемемен танысыға болады: <https://smart-pedagog.kz/kk/kovorking-ortaly> [130].



Сурет 105– SMART-онлайн коворкинг-орталық

«**SMART-PEDAGOG**» студенттік ғылыми үйірмесі аясында 12 сәуір – Ғылым қызметкерлерінің күніне орай «**Мен SMART-PEDAGOG боламын!**» атты облыстық педагогикалық коворкинг ұйымдастырылды. Педагогикалық коворкинг педагогикалық мамандықты дәріптеу мақсатында колледждер және мектептердің түлектеріне педагогикалық мамандықтың қыр-сырын насихаттау;

педагогикалық мамандыққа талантты тұлғаларды тарту; педагогикалық мамандықты таңдауға ынталандыру және ғылыми-зерттеу жұмыстарын нәтижелі жүргізуге бағыттау сынды міндеттерді негізге алды.

Педагогикалық коворкинг төмендегідей 2 тур бойынша жүргізілді:

I тур. Таныстырылым: «Мен SMART педагог боламын!» тақырыбында өз топтарын таныстыру және постер қорғау.

II тур. «Жас ғалым» білімділер сайысы: Фортуна сұрақтарына жауап беру.

Облыстық педагогикалық коворкингке 5 педагогикалық коворкинг-орталықтары ат салысты:

1) Тараз қаласының №42 орта мектебі «Prosper» коворкинг орталығы (Жетекшілері: К.А.Егембердиева, С.Д.Қарымсақова).

2) Қ.Тұрысов атындағы №53 орта мектеп гиназиясынан «Қаратай қырандары» коворкинг орталығы (Жетекшілері: Н.А.Усерова, А.Б.Токтарбаева).

3) Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы студенттерінен жасақталған коворкинг орталығы (Жетекшісі: З.Б.Серикова).

4) «Парасат» колледжінен «Parasat» коворкинг орталығы (Жетекшілері: А.Т.Ермекова, Б.Т. Керимбаева).

5) М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің студенттерінен құралған «Smart-pedagog» коворкинг орталығы (Жетекшісі: С.Ж. Бупетаева).

I турдың «Мен SMART педагог боламын!» таныстырылым бөлімінде әрбір коворкинг орталығы өз топтарын постер арқылы қорғап шықты.

«Жас ғалым» білімділер сайысы II турында әрбір коворкинг орталығы төмендегідей фортуна сұрақтарына жауап берді:

1) 12 сәуірде Қазақстан Республикасында 2012 жылдан бері «Ғылыми қызметкерлер күні» аталып келеді. Осы «Ғылыми қызметкерлер күні» қай ғалымның туған күні негізінде құрылғанын білесіз бе? Атаңыз, мәлімет беріңіз!

2) Қазақ Ғылым Академиясының Тұңғыш Президенті академик Қаныш Имантайұлы Сәтпаев туралы не білеміз? Мәлімет беріңіз!

3) Қаныш Сәтпаевтың: «Қазақстандағы ғылым дұрыс жолмен дамуы үшін оның штабында – ғылым академиясында халқының өз Отанының мүдделеріне бар жан-тәнімен берілген адамдар қызмет етуі керек» – деген сөзі бойынша өз Отанының мүдделеріне жан-тәнімен берілген адам қандай болуы керек деп ойлайсыз?

4) Смарт-педагогтың бойында болуы қажет 3 қасиетті атаңыз! Мазмұнын ашыңыз!

5) «Смарт-педагогтың» ғылыммен байланысы қандай?

6) «Смарт-педагог» дегеніміз кім?

7) «Смарт-педагогтың» пен «Педагог» ұғымынан айырмашылығы қандай?

8) «Смарт-педагог ғылымға апарар жол» мәнін ашып түсіндіріңіз!

9) Қазақстанның сіздер білетін бірнеше ғылыми жетістіктерін атаңыз!

10) «QazVac» вакцинасын ойлап тапқан ғалым-академик кім?

11) 2022 жылы денсаулық сақтауды дамытуда «Қазақ Тамақтану» саласына қосқан зор үлесі үшін «Қазақстанның Еңбек Ері» жоғары атағын алған академик кім?

12) Белгілі академик Мұхтарбай Өтелбаев қай ғылымдар саласының академигі?

13) Қазақ хандығының құрылуы туралы аса құнды мәлімет беретін «Тарих-и-Рашиди» классикалық тарихи шығарманың авторы?

14) Мұхаммед Хайдар Дулати кім? Мәлімет беріңіз!

15) 1992 жылы өзінің туған өлкесі Қарағандыда Экология орталығының негізін қалаған биолог, радиациядан пайда болатын генетикалық ауытқуларды зерттеген маман, экобелсенді 2005 жылы қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық Голдман сыйлығын иеленген. Голдман сыйлығы «Жасыл Нобель» деп те аталды. Осы «Жасыл Нобель» сыйлығын тұңғыш иегері кім?

16) Шетелдік ұйымның ұсынысымен 25 жыл бойы зерттеп ашқан «Қатты дененің абсолюттік спектроскопиясы» атты жаңалығы үшін «Outstanding people of the 20 th century» (XX ғасырдың көрнекті адамы) атағы берілген ғалым кім?

17) Әлемде 30 жылдай мықтылардың өзі жауабын таба алмаған есептің шешімін тапқан Қазақ математигін білесіз бе? Ол кім?

18) «Ғылымы жоқ елдің болашағы бұлыңғыр» деген қанатты сөзді бізге қалдырған ғұлама ғалым кім?

19) Ғылым жетістіктерін саралайтын:

«Тастан сарай салғызды;

Айшылық алыс жерлерден,

Көзіңді ашып-жұмғанша,

Жылдам хабар алғызды.

Аты жоқ құр арбаны

Мың шақырым жерлерге,

Күн жарымда барғызды.

Адамды құстай ұшырды» – атты өлең жолдарының авторы кім?

20) Сіздіңше, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, дарынды ғалым-тарихшы, профессор, педагог, әскери дәрігер – сынды қасиеттер кімге тиесілі деп ойлайсыз?

21) «НАТО мен Қазақстан ғалымдары арасындағы әріптестіктің үлгісі» деп атаған НАТО-ны мойындатқан қазақ ғалымы кім?

22) Тараз өңірлік университеті қай қолбасшының атымен аталады?

23) Қазақстандағы алғашқы техникалық университет қай ғалымның атымен аталады және қай қалада орналасқан?


24) Альфред Нобельдің өсиетнамасына сәйкес 1895 жылы құрылып, Халықаралық деңгейде берілетін сыйлық қалай аталған және қанша бағыттан тұрады? Атаңыз!

25) Нобельдің өсиетнамасынан тыс 1969 жылдан бастап Нобель сыйлығы қандай бағытта беріле бастады. Атаңыз!

Педагогикалық коворнингке қатысқан әрбір коворкинг орталық мүшелері белсенді атсалысты, өздерінің білімдерімен шынайы сайысқа түсіп, шығармашылық қабілеттерін шындай түсті.

Болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық коворнингтің атқаратын рөлі зор.

SMART-онлайн виртуалды зертхана – болашақ педагогтер кейбір зертханалық жұмыстарды виртуалды зертханаларда жүргізеді (106- сурет).




Сурет 106 – SMART-онлайн виртуалды зертхана

SMART-онлайн виртуалды зертханаға қойылған материалдармен келесі сілтемемен кіріп танысыға болады: <https://smart-pedagog.kz/kk/virtualdy-zertkhana> [131].

SMART-онлайн цифрлы контент – smart- болашақ педагог өз пәні бойынша электронды контент әзірлейді (107-сурет).


SMART-онлайн цифрлы контентке қойылған материалдармен келесі сілтемемен кіріп танысыға болады: <https://smart-pedagog.kz /kk/tsifrlly-kontent> [132].

www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының видеогалерея блогында «Педагогика» пәнінен оқулық авторы, жоба жетекшісі К.Д.Бузаубакованың видеолекциялары орналастырылған.




Сурет 107– SMART-онлайн цифрлы контент

Сондай-ақ, www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталында «Smart-болашақ педагог» онлайн тест және онлайн-сауалнаманың веб версиясына және мобильді қосымшасына шығуға болады (108-сурет).



Сурет 108– www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының «Smart- болашақ педагог» онлайн тест және онлайн-сауалнаманың веб версиясы

www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталында «Smart-болашақ педагог онлайн-сауалнамасында 10 сауалнама ұсынылады, жоғарыда көрсетілген батырмаларды басу арқылы тілді таңдауға мүмкіндік бар (109-сурет).




Сурет 109 – «Smart- болашақ педагог онлайн-сауалнамасы

www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталында «Smart-болашақ педагог» онлайн тест веб версиясына шығуға болады. «Smart-болашақ педагог» онлайн тест батырмасын басу арқылы 15 тест тапсырмасынан тұратын тесттен өтіп, болашақ педагог өз білімін тексеруге мүмкіндік алады (110-сурет).


Жоғарыда сол жақта «Іздеу» торкөзі орналасқан. Ізделінетін кез келген ақпараттың тірек сөздерін жазу арқылы қажетті ақпаратты іздеп табуға болады. Мәселен, «Іздеу» торкөзіне «жоба» сөзін жазсақ, жоба туралы мәліметтер алуға болады (111- сурет).

www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталына авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік алынды (Г-қосымша).

Жоба авторы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор К.Д.Бузаубакованың www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы 2022 жылдың 14-ақпанында алынған № 23588 куәлікпен қорғалады.



Сурет 110– www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталындағы «Smart- болашақ педагог» онлайн-тесті



Сурет 111– www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталындағы «Іздеу» блогы

Болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттілігін қалыптастыруда www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының қосар үлесі зор болмақ.

3.4 «Қашықтан білім беру: сын-қатерлер, заманауи трендтер және стратегиялар» Халықаралық Конгресі

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру» бағдарламасы бойынша АР09259497 «Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері» атты гранттық жоба аясында М.Х.Дулари атындағы Тараз өңірлік университеті «Қашықтан білім беру: сын-қатерлер, заманауи трендтер және стратегиялар» атты Халықаралық Конгресс өткізді.

Халықаралық Конгрестің мақсаты – цифрлы қоғамда педагогикалық кадрларды кәсіби даярлаудың заманауи тенденцияларын айқындау; қашықтан оқытудың заманауи трендтерін айқындау; ХХІ ғасырдың сын-қатерлі контексіндегі білім сапасын арттыратын цифрлы технологиялардың мәнін ашу; педагог кадрларды дайындаудағы әлемдегі үздік ЖОО инновациялық іс-тәжірибесін зерделеу.

Халықаралық Конгресс Цифрлы Қазақстан жағдайында педагогикалық кадрларды даярлауда сын-қатерлі контексіндегі білім сапасын арттыратын цифрлы оқыту технологияларын оқыту процесінде тиімді пайдаланудың жолдарын айқындау; жаһандық бәсекеге қабілетті педагогикалық кадрларды дайындауда қашықтан оқыту және педагогикалық білім берудің заманауи трендтерін қарастыру; цифрлы ортада педагогикалық кадрларды даярлаудың заманауи тенденцияларын айқындау және әлемдік тәжірибені зерделеу және т.б. міндеттерді қойды.

Халықаралық Конгресс 3 бағытта жұмыс жасады:

- 1) Цифрлы қоғам: цифрлы оқыту технологиялары және мұғалім тұлғасы.
- 2) Қашықтан білім беру: заманауи трендтер және жаңа мүмкіндіктер.
- 3) Цифрлы ортада педагогикалық кадрларды даярлаудың заманауи тенденциялары: ұлттық құндылықтар, әлемдік тәжірибе, инновациялар.

Халықаралық Конгресс аясында отандық және шетелдік ғалымдардың авторлық курстары, жаңашыл педагогтердің шеберлік сыныптары, психологиялық-педагогикалық тренингтерді онлайн, офлайн форматта ұйымдастырылды.

Халықаралық Конгреске қатысуға арнайы шақырылды:

- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы филиалдары және «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық Орталығы» АО филиалдарының директорлары, тренер-әдіскерлері;

- ЖОО-ның және орта кәсіби білім беру ұйымдарының басшылары, ғалым-педагогтері, болашақ педагогтері, магистранттары мен докторанттары;
- Жалпы орта білім беру ұйымдарының басшылары, әдіскерлері, жаңашыл мұғалімдері.

Халықаралық Конгресс барысында педагогикалық білім берудің заманауи трендтері, цифрлы ортада педагогикалық кадрларды даярлаудың заманауи тенденциялары және әлемдік тәжірибені зерделеудің қазіргі жай-күйі талқыланды.

Халықаралық Конгреске Е.А.Кöksal – Нигде Омера Халисдемира университетінің қауымдастырылған профессоры (Туркия); Б.Пшибыльский – Мария Гжегожевский атындағы университетінің профессоры (Польша); Н.В.Скоробогатова – ғылыми және инновациялық жұмыстар жөніндегі проректор (Россия); Р.Т.Сулайманова, Т.Ч.Абдылдаева – Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің ғалымдары (Қырғызстан); Д.М.Юлдашева, И.С.Солиев – Ферғана мемлекеттік университетінің ғалымдары (Өзбекстан); Қ.К.Жампеисова, Ұ.Қ.Қияқбаева – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессорлары (Алматы); С.Қ.Абильдина – Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры (Қарағанды); Р.Л.Калимжанова – 6B01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасының жетекшісі, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университетінің доценті (Арқалық); Т.Б.Байназарова – Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық университетінің профессоры (Алматы); Г.А.Абишева – білім Сарапшылар Қазақ лигасының Президенті, «KPI ВІLІM» білім беру орталығының Бас директоры (Алматы); Н.А.Дрейт – №68 гимназиясының «Педагог-шебер» санатындағы мұғалімі (Алматы); «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Назарбаев Университеті, «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық Орталығы» АО басшылары, тренер-әдіскерлері; «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы филиалдары және «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық Орталығы» АО филиалдарының директорлары, тренер-әдіскерлері; педагогикалық ЖОО-ның және орта кәсіби білім беру ұйымдарының басшылары, ғалым-педагогтері, болашақ педагогтері, магистранттары мен докторанттары; жалпы орта білім беру ұйымдарының басшылары, әдіскерлері, жаңашыл мұғалімдер Халықаралық Конгреске 200 қатысушы өздерінің инновациялық іс-тәжірибелерімен бөлісіп, үлкен белсенділік танытты [133].

18-кестеде «Қашықтан білім беру: сын-қатерлер, заманауи трендтер және стратегиялар» атты Халықаралық Конгрестің бағдарламасы берілді.

«Қашықтан білім беру: сын-қатерлер, заманауи трендтер және стратегиялар» атты Халықаралық Конгресс материалдары 2 томдық жинақ болып жарық көрді: 1- томда 88 ғылыми мақала жарияланды; 2-томда 40 ғылыми мақала жарияланды.

Халықаралық Конгресс материалдары аясында М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің сайтына орналастырылды:
<https://dulaty.kz/2019-09-23-06-38-15/conference-materials-kaz.html> [134].

Кесте 18– Халықаралық Конгресс бағдарламасы

9.00 – 10.00	
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНГРЕСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ	
Өтетін орны: М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Үркімбаев атындағы Жастар сарайы	
10.00 -13.00	
ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС	
Өтетін орны: Сатпаев көшесі, 26 Үркімбаев атындағы Жастар сарайы, мәжіліс залы	
ZOOM: Идентификатор - 705 004 4324; Код - 234564	
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНГРЕСТІҢ САЛТАНАТТЫ АШЫЛУЫ	
10.00-10.10	<p style="text-align: center;">Құттықтау сөз: М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор БАЙЖҰМАНОВ МұхтарҚазбекұлы</p>
10.10 -10.30	<p style="text-align: center;">Қазақстан Республикасында қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастыру жолдары: Дулати университетінің инновациялық іс-тәжірибесі БУЗАУБАКОВА Клара Джайдарбековна педагогика ғылымдарының докторы, профессор М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан</p>
10.30 -10.40	<p style="text-align: center;">Дистанционные технологии в подготовке будущих педагогов СКОРОБОГАТОВА Наталья Владимировна кандидат психологических наук, доцент Шадринский государственный педагогический университет, Россия</p>
10.40 -10.50	<p style="text-align: center;">Теория и практика подготовки педагогических кадров с современным Кыргызстане СУЛАЙМАНОВА Рахат Токтогуловна кандидат педагогических наук, профессор, Кыргызский национальный университет имени Ж.Баласагына, г. Бишкек, Кыргызстан</p>
10.50 -11.00 Онлайн байланыс	<p style="text-align: center;">Contribution of virtual museum to nature of science views of teacher candidates ELA AYŞE KÖKSAL PhD, Assoc. Prof. Dr., Niğde Ömer Halisdemir University, Türkiye</p>
11.00-11.10	<p style="text-align: center;">Развитие метакомпетентности будущих педагогов в условиях цифровой образовательной среды КАЛИМЖАНОВА Роза Лаиковна доктор PhD, доцент, Аркалыкский педагогический институт им. И. Алтынсарина», г. Аркалык, Казахстан</p>
11.10-11.30 Онлайн байланыс	<p style="text-align: center;">Инновационные технологии обучения в высшей школе БАЙДЖАНОВ Бекзод Хаитбаевич доктор философии по педагогическим наукам (PhD), Ферганский государственный университет, г. Фергана, Узбекистан</p>
11.30-11.40	Роль дисциплины «Артпедагогика» в развитии

	<p>творческих способностей будущих педагогов как педагогическая наука</p> <p>БАЙНАЗАРОВА Турсынай Бейсембековна педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан</p>
11.40.11.50	<p>Подготовка будущих педагогов в условиях интеграции систем высшего педагогического и общего образования</p> <p>ПОНОМАРЕВА Людмила Ивановна доктор педагогических наук, профессор Шадринский государственный педагогический университет, Россия</p>
11.50-12.00	<p>Траектория развития казахстанского образования: актуализация национальной системы образования и активное включение в международное образовательное пространство</p> <p>АБИШЕВА Гульнара Абдрахмановна Президент Казахской лиги экспертов образования, г.Алматы, Казахстан</p>
12.00 – 12.10	<p>Инновационный метод использования креолизованного текста в речевом развитии дошкольников</p> <p>ЮЛДАШЕВА Дилафруз Махамадалиевна доктор филологических наук, доцент Ферганский государственный университет, г.Фергана, Узбекистан</p> <p>ХОЛМАТОВА Ёдгорой Бахтиёржонқизи Ферганский государственный университет, г. Фергана, Узбекистан</p>
12.10-12.20	<p>Современный подход к использованию цифровых технологии в дошкольных организациях</p> <p>АУЕЗОВА Айжан Абилдаевна Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан</p>
12.20-12.40	АШЫҚ МИКРОФОН
12.40-13.00	ФОТОСЕССИЯ
Түскі үзіліс 13.00-14.30	
<p>ШЕБЕР СЫНЫП</p> <p>14.30-15.30</p>	<p>1-ШЕБЕР СЫНЫП Эмоциональный интеллект и профессиональное выгорание в деятельности педагога ДРЕЙТ Наталья Александровна Вице-президент Казахской лиги экспертов образования</p> <p>2-ШЕБЕР СЫНЫП Мінез ерекшеліктерін анықтау және қалыптастыру психологиясы НАҒАШЫБАЕВА Сағым Копбайқызы Білім Сарапшыларының Қазақ Лигасының мүшесі, Алматы қ.</p>
<p>Педагогикалық алаң</p> <p>15.30-16.30</p>	<p>1 – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АЛАҢ Цифрлы қоғам: цифрлы оқыту технологиялары және мұғалім тұлғасы</p> <p>2 – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АЛАҢ Қашықтан білім беру: заманауи трендтер және жаңа мүмкіндіктер</p> <p>3 – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АЛАҢ</p>

	Цифрлы ортада педагогикалық кадрларды даярлаудың заманауи тенденциялары: ұлттық құндылықтар, әлемдік тәжірибе, инновациялар
АШЫҚ МИКРОФОН	
Қарардың қабылдануы	
МАРАПАТТАУ СӘТІ	

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің профессоры, п.ғ.д., Жоба жетекшісі К.Д.Бузаубакова «Қазақстан Республикасында қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастыру жолдары: Дулати университетінің инновациялық іс-тәжірибесі» тақырыбына баяндама жасап, Қазақстан Республикасында қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың мазмұны, ерекшеліктері, жолдарын айқындап, қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтің цифрлы-құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша жүргізілген вебинар, онлайн курс, онлайн-байқаудың мәні және мазмұнын ашып көрсетті.

Ресей Федерациясынан келген Шадринский мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми және инновациялық жұмыстар жөніндегі проректоры Н.В.Скоробогатова «Болашақ педагогтерді даярлаудағы қашықтан оқыту технологиялары» тақырыбына мазмұнды баяндама жасап, көпшілікті тәнті етті.

Қырғыстан Республикасының Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінің профессоры Р.Т.Сулайманова «Қазіргі кезеңде Қырғыстанда педагогикалық кадрларды даярлаудың теориясы және практикасы» тақырыбына баяндама жасап, Қырғыстанның педагогикалық кадрларды даярлау жүйесінің ерекшеліктеріне тоқталды [135].

Түркия мемлекетінен онлайн байланысқа шыққан Нигде Омера Халисдемира университетінің қауымдастырылған профессоры Ela Auşe Köksal «Ғылым әлеміне виртуалды саяхат жасау арқылы педагогикалық мамандыққа талапкерлерді тарту» тақырыбына жасаған баяндамасы көпшілік көңілінен шықты.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университетінің доценті Р.Л.Калимжанова «Цифрлы білім беру жағдайында болашақ педагогтердің метақұзыреттіліктерін дамыту» тақырыбына кең көлемде мазмұнды баяндама жасап, цифрлы құзыреттілікті жаңа қырынан танытты [136].

Өзбекстан Республикасынан онлайн байланысқа шыққан PhD доктор Б.Х.Байджанов Өзбекстан Республикасында педагогикалық кадрларды даярлау жүйесінің ерекшеліктеріне тоқталып, инновациялық іс-тәжірибесімен бөлісті.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры Т.Б.Байназарова «Артпедагогика пәнінің болашақ педагогтердің шығармашылық қабілеттерін дамытудағы рөлі» тақырына жасалған баяндамасы педагогикалық қауымдастықтың көңілінен шығып, қызығушылық танытты [137].

Ресей Федерациясынан келген Шадринский мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры Л.И. Пономарева «Жалпы орта және жоғары білім беру интеграциясы жағдайында болашақ педагогтерді даярлау» тақырыбына жасаған баяндамасы әсерлі шықты.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің докторанты А.А.Ауезова «Мектепке дейінгі мекемелерде цифрлы технологияларды пайдаланудың заманауи бағыттары» тақырыбына баяндама жасап, ұлттық құндылықтар негізінде цифрлы технологияларды пайдаланудың басым бағыттарын ашып көрсете алды [138].

Білім Сарапшылар Қазақ лигасының Президенті, «КРІ ВІЛІМ» білім беру орталығының Бас директоры Г.А.Абишева «Қазақстандық білім беруді дамыту траекториясы: Ұлттық білім беру жүйесін өзектендіру және Халықаралық білім беру кеңістігіне белсенді кірігу» тақырыбына жасаған баяндамасы педагогикалық қауымдастықтың қолдауына ие болды [139].

Халықаралық Конгресс жаңа Қазақстан жағдайында жаһандық бәсекеге қабілетті педагогикалық кадрларды даярлаудың заманауи тенденцияларын айқындап, цифрлы ортада отандық, шетелдік ғалымдармен ынтымақтастық байланыс орнатудың жолдары және коллаборациялық зерттеу жұмыстарының басым бағыттарын айқындады, цифрлы Қазақстан жағдайында жаһандық бәсекеге қабілетті педагогикалық кадрларды даярлауда цифрлы оқыту технологияларын қолдану, цифрлы оқыту контенттерін жасау қажеттіліктеріне баса назар аударды.

Халықаралық Конгресс қорытындысы бойынша қаулы қабылданып, ұсыныс жасалды:

ҚР педагогикалық жоғары оқу орындарына:

- жаңа Қазақстан жағдайында жаһандық бәсекеге қабілетті педагогикалық кадрларды даярлаудың заманауи тенденциялары айқындалып, отандық, шетелдік ғалымдармен ынтымақтастық байланыс орнатудың жолдары және коллаборациялық зерттеу жұмыстары жүргізілсін;

- Қазақстан Республикасы жетекші оқу орындары және жалпы орта білім беретін мектептер арасында ынтымақтастық байланысты орнатуға қолайлы жағдайлар жасалынсын;

- білім сапасын жақсартуда педагог мәртебесін арттыру бойынша жұмыстар жандандырылсын;

- цифрлы Қазақстан жағдайында жаһандық бәсекеге қабілетті педагогикалық кадрларды даярлауда цифрлы оқыту технологияларын қолдану, цифрлы оқыту контенттерін жасау жүзеге асырылсын.

Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясына, Білім Сарапшыларының Қазақ Лигасына, «Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігіне:

- білім сапасын қамтамасыз етуде балабақша-мектеп-ЖОО арасында тиімді ынтымақтастық орнату жолдары қарастырылсын;

- цифрлы оқыту технологиялары аясында мектеп-ЖОО жаңашыл педагогтермен бірлескен инновациялық жобалар мен зерттеулерді жүзеге асыру қолға алынсын және т.б.

«Педагогикалық шеберлік» орталығы және «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық Орталығы» АҚ мекемелеріне:

- педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруда педагогикалық ЖОО-мен, педагогикалық шеберлік орталықтарымен ынтымақтастық байланыс орнатылсын;

- жаһандану жағдайында педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жолдары қарастырылсын.

Назарбаев Зияткерлік мектептері және жалпы орта білім беретін мектептерге:

- білім берудің жаһандану жағдайында оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру жолдары айқындалсын;

- қашықтан оқыту жағдайында оқушылардың білім сапасын арттыру жолдары қарастырылсын;

- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруда цифрлы оқыту технологиялары жалпы орта білім беретін мектептердің іс-тәжірибесінде пайдалану жолдары жетілдірілсін;

- цифрлы Қазақстан жағдайында сын-қатерлі контекстіндегі білім сапасын арттыратын цифрлы оқыту технологияларын пайдаланудың тиімді жолдары қарастырылсын;

- кәсіби құзыреттілікті арттыру мақсатында педагогтердің инновациялық іс-тәжірибесін үйрену, зерттеу және насихаттау жұмыстары жандандырылсын.

19-кестеде Халықаралық Конгресс материалдарының сілтемесі берілді.

Кесте 19– Халықаралық Конгресс материалдарының сілтемесі

№	Халықаралық Конгресс	Сілтемесі
1	Халықаралық Конгрестің ақпараттық хаты	https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/4913-ashy-tan-bilim-beru-khaly-araly-kongress.html https://dulaty.kz/ru/2020-01-30-02-50-58/item/4912-distantionnoe-obrazovanie-mezhdunarodnyj-kongress.html
2	Халықаралық Конгресс материалдар Жинағы	https://dulaty.kz/2019-09-23-06-38-15/conference-materials-kaz.html
3	Ғылыми Жоба аясында Халықаралық Конгресс ұйымдастырылды	https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/5045-ylymi-zhoba-ayasynda-khaly-araly-kongress-jymdastyryldy.html

112-суретте Халықаралық Конгресс материалдар жинағының мұқабасы көрсетілді.



Сурет 112– Халықаралық Конгресс материалдар жинағының мұқабасы

Халықаралық Конгресс Цифрлы Қазақстан жағдайында сын-қатерлі контекстіндегі білім сапасын арттыратын цифрлы оқыту технологияларын пайдаланудың тиімді жолдары анықтауда қомақты үлес қосты.

3.5 «Мен-Smart педагог» Халықаралық онлайн-коучинг вебинар

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан Халқына Жолдауында: «Өз ісіне адал

ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес қосады. Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз» – деп атап көрсеткеніндей, жайлы мектепте сапалы жұмыс жасайтындай SMART педагог қажеттілігі кезек күттірмейтін өзекті мәселе [115; 2].

ҚР-да қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша Халықаралық онлайн коучинг-вебинар ұйымдастырылды.

113-суретте «Мен-Smart педагог» Халықаралық онлайн-коучинг вебинардың бағдарламасы берілді.



БАҒДАРЛАМА

Мен-Smart педагог!
онлайн коучинг-вебинар

Бузаубакова Клара Джайдарбековна
п.ғ.д., профессор

Маковецкая Анастасия Андреевна
сектор жетекшісі

SMART-PEDAGOG.KZ
AP09259497

8 қыркүйек
2022
12:00

Идентификатор:
766 0154 8506
123

«МЕН – SMART ПЕДАГОГ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОНЛАЙН КОУЧИНГ-ВЕБИНАРДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ /
ПРОГРАММА МЕЖДУНАРОДНОГО ОНЛАЙН КОУЧИНГ-ВЕБИНАРА «Я – SMART ПЕДАГОГ»

08.09.2022 жыл, бейсенбі/08.09.2022г., четверг

11:30 – 12:00
Онлайн коучинг-вебинарға қатысушыларды тіркеу /
Регистрация участников онлайн коучинг-вебинара

Оттеттi орын: 63 орын (меридиан кабинеті, 407 аудатори)
Место проведения: учебный корпус 5.1.4 этаж, 407-аудитория

ZOOM: Идентификатор конференции: 766 0154 8506
Код доступа: 123

ОНЛАЙН КОУЧИНГ-ВЕБИНАРДЫҢ САЛТАНАТТЫ АШЫЛУЫ /
ТОРЖЕСТВЕННОЕ ОТКРЫТИЕ. ОНЛАЙН КОУЧИНГ-ВЕБИНАРА

12.00-10.08	ҚУТТЫҚТАУ СӨЗ / ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО: М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Рector м.а. – Данмир Ысқақұлы НУРМУХАНБЕТ М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің Басқарма мүшесі, академиялық қызмет жөніндегі проректор – Гульшара Айдархановна МУСАБЕКОВА Заңгерлік кафедрасының Доценті және емтиханға арналған Шәдринский государственного педагогического университета, в.п.д., профессор – Наталья Александровна КАРАТАЕВА
12.08-12.15	«ЦИФРЛЫ ПЕДАГОГИКА» ОҚУЛЫҒЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ / ПРЕЗЕНТАЦИЯ УЧЕБНИКА «ЦИФРЛЫ ПЕДАГОГИКА» Авторлары: 1. БУЗАУБАКОВА Клара Джайдарбековна – п.ғ.д., профессор, Жоба жетекшісі, Дулати университеті 2. АМИРОВА Амина Слямхановна – в.п.д., профессор, Жоба мүшесі, Алай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті 3. МАКОВЕЦКАЯ Анастасия Андреевна – магистр, Жоба мүшесі, Дулати университеті
12.15-12.30	«МЕН – SMART педагог» педагогикалық қазылар тұсауы / «Я – SMART ПЕДАГОГ» презентация педагогических идей Бузаубакова Клара Джайдарбековна Куалбаева Перизат Асанбаева
12.30-12.40	ШЕБЕР СЫНЫП / МАСТЕР КЛАСС « Білім беру процесінде цифрлы білім беру ресурстарын пайдалану / «Использование цифровых образовательных ресурсов в образовательном процессе» Бузаубакова Клара Джайдарбековна, Маковецкая Анастасия Андреевна
12.40-12.50	Онлайн-тестирование будущих педагогов с помощью приложения для образовательных проектов <i>Google Forms</i> . Тест «Использование цифровых образовательных ресурсов в педагогической деятельности. ИКТ-компетентность, анализ результатов тестирования» Маковецкая Анастасия Андреевна
12.50-12.55	Ашық микрофон / Открытый микрофон
12.55-13.00	Вебинардың қорытындысымен аяқтару: резюмелер қабылдау; қысқартылған қатысушыларды марапаттау / Подведение итогов вебинара: принятие резолюции; награждение активных участников

Сурет 113 – «Мен-Smart педагог» Халықаралық онлайн-коучинг вебинардың бағдарламасы

Авторлары – Жоба жетекшісі, п.ғ.д., профессор К.Д.Бузаубакова, Жоба мүшесі А.С.Амирова және Дулати университетінің бөлім секторы А.А.Маковецкаяның «Цифрлы педагогика» оқулығының тұсауы жасалынды (114-сурет).



Сурет 114– «Цифрлы педагогика» оқулығының тұсаукесері

115-суретте «Цифрлы педагогика» оқулығының сыртқы мұқабасы және штрих-коды берілді [142].



Онлайн коучинг-вебинарға қатысқан Жоба мүшесі, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті профессоры А.С.Амирова «Цифрлы педагогика» оқулығы қара шаңырақ Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің іс-тәжірибесінде сынақтан өткізіліп, жаңа оқу жылында оқу процесінде ұтымды пайдаланып жатырғандығын тебірене жеткізді.

«Цифрлы педагогика» оқулығының «XXI ғасырдағы білім берудің цифрлық трансформациясы» атты 1-тарауында цифрлы білім беру ортасы, цифрлы білім берудің даму тенденциялары, заңдылықтары, принциптері, әдістері мен технологияларының мәні ашылады. Киберпедагогиканың пайда болуы, оның негізгі ұғымдары беріледі. Киберпедагогика технологиялары мен әдістерінің дидактикалық дайджесті талданады [7;4].

«Цифрлы педагогика» оқулығының «Цифрлы педагогиканың дамуы және болашағы» атты 2-тарауында цифрлық педагогика контекстіндегі жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының мазмұны ашылып, цифрлы ортадағы мұғалім мен оқушының ролі айқындалады. Цифрлы орта контекстіндегі жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы, цифрлы ұрпақтың ерекшеліктері ашылады.

«Цифрлы педагогика» оқулығының «Цифрлы ортадағы оқыту технологиялары» атты 3-тарауында цифрлы оқыту құралдарына қойылатын

талаптар, цифрлы оқыту құралдарының ерекшеліктері айқындалып, цифрлы білім беру платформаларының дидактикалық мүмкіндіктері ашылады: Skype, Zoom, Microsoft Teams, Google Meet, Google Classroom, Nearpod, Learning Apps, Quizizz, Kahoot, «Күнделік», BilimLand, Online Мектеп және т.б.

	<p>QR- штрих код</p>
	 <p>http://lib.dulaty.kz/rus2/all.doc/Electron_res /Buzaubakova.html</p>

Сурет 115 – «Цифрлы педагогика» оқулығының сыртқы мұқабасы және штрих-коды

Цифрлы білім беру платформалары электронды оқыту жүйесінің негізгі бір құрамды бөлігі ретінде қарастырылады. Цифрлы білім беру платформаларының әлемдік тәжірибеде қолданыста бар: эдмодо, сократтық, жоба, thinglink, TED-Бас, сК-12, ClassDojo, eduClipper және т.б. түрлеріне сипаттама беріледі. WizIQ виртуалды лабораториясы және оның мүмкіндіктері айқындалады.

Сондай-ақ, «Цифрлы педагогика» оқулығында білім алушылардың білімін тексеру және бағалауға арналған сұрақ-тапсырмалар, тест тапсырмалары, глоссарий беріледі.

«Цифрлы педагогика» оқулығына авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік алынды (Д-қосымша).

Онлайн коучинг-вебинарға қатысқан магистранттар және

докторанттар «Цифрлы педагогика» оқулығының болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін арттыруда таптырмайтын құрал екендіктерін қуанышпен жеткізді.

Онлайн коучинг-вебинарда «МЕН – SMART педагог!» педагогикалық идеялар тұсаукесері жасалынды.

Дулати университетінің 6B01501– Математика мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша білім алып жатқан 2 курс студенттері А.Жекенова, Ә.Абулхаир, Б.Амангелді, А.Молшылықова, Е.Айдаровтың дайындаған «МЕН– SMART педагог!» постері әсерлі шықты (116-сурет).



Сурет 116 – «МЕН– SMART педагог!» постері

Болашақ педагогтер SMART педагогтің келбетін – жайлы мектепте әрбір оқушыға сапалы білім беретін, сыни ойлайтын, өте мейірімді, балаға деген махаббаты шексіз, баланы шынайы жақсы көретін, жүрегі жылы, жайдарлы мінезді, оқушы жанын жүрекпен түсінетін, балаға түсінбеген материалды қайта-қайта түсіндіруге, көмектесуге, кеңес беруге ұдайы дайын тұратын, әрбір баланың қажеттіліктерін қанағаттандыратын жаңашыл педагог; цифрлы ортада жұмыс жасай алатындай цифрлық құзыреттіліктері қалыптасқан және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдаланатын шебер педагог; рефлексиялық құзіреттілі жоғары, сыни ойлайтын, педагогтің өзін-өзі кәсіби маман ретінде бағалай алатын, білім сапасын арттыру бойынша ұдайы ізденісте болатын шығармашылық педагог; тұлға қалыптастырушы педагогикалық іс-әрекетті өнер деп танитын креативті педагог деп жаңаша мазмұнда аша алды.


Онлайн коучинг-вебинарда Жоба мүшесі А.А.Маковецкая «Білім беру процесінде цифрлы білім беру ресурстарын пайдалану» тақырыбына шебер

сынып өткізді, цифрлық білім беру ресурстарының мәнін ашып, Crosswordlabs.com платформасында сөзжұмбақты жасау және дайындаудың технологиясымен таныстырды [141,1].

Дулати университетінің 6B01707 – Шетел тілдері мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын 4 курс студенттері Ж.Еркараева, А.Мейманжанина, Ұ.Сейтқасымова, М.Тубанова «МЕН – SMART педагог!» инновациялық идеялар тұсаукесерін ағышын тілінде жасады. Болашақ педагогтер SMART педагог келбетін заманауи тұрғыда ашып, терең талдау жасады (117-сурет).

Онлайн коучинг соңында вебинардың қорытындысы шығарылып, резолюция қабылданды; креативті болашақ педагогтерге арнайы сертификаттар табыс етілді.

Онлайн коучинг-вебинар болашақ педагогтерге оқыту технологияларын цифрлы білім беру тұрғысынан жетілдірілген түрлерін меңгертуді көздей отырып, оқытушы мен білім алушының серіктестікке құрылған қарым-қатынасы оқу материалының цифрлық контенттерінің жана формаларын тиімді қолдануға бағыт-бағдар сілтеді, болашақ SMART педагогтердің әлемдік деңгейдегі ғылымның озық жетістіктерімен және танымал ғалымдардың инновациялық іс-тәжірибелермен танысуына кеңінен жол ашты.




Сурет 117– «МЕН – SMART педагог!» инновациялық идеялар тұсаукесері

Шебер сынып соңында болашақ педагогтер https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdaiuytducyazJd_pWw5nFDL2juFiiGIPiNQRgdA0sQ9RGaSw/viewform?usp=sf_link сілтемесімен кіріп, арнайы дайындалған 10 сұрақтан тұратын тесттен өтіп, өздерінің цифрлы құзыреттіліктерін сынауға және арттыруға мүмкіндік алды.

Тесттілеудің мақсаты – болашақ педагогтердің цифрлық білім беру ресурстарының түрлері және оларды оқу процесінде қолдану мүмкіндіктерін анықтап, құзыреттіліктерін зерделеу.

Онлайн-тестілеуге 16 болашақ педагог қатысты, бірақ бір де бір қатысушы барлық сұрақтарға дұрыс жауап бере алмады.

Ең жоғары максималды 8 баллды 3 қатысушы – болашақ педагог иеленді. Ал бұл 10 сұрақтың 8 дұрыс жауапқа сәйкес келеді. Онлайн-тестке қатысушы болашақ педагогтердің 5-і 7 сұраққа дұрыс жауап берген, яғни болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктері жеткілікті деңгейде жақсы қалыптасқандықтарын көрсетеді (118-сурет).



Сурет 118– Онлайн тесттілеудің жалпы статистикасы

Тест нәтижелері бойынша дұрыс жауаптар жиі берілетін үш сұрақ анықталынды:

1) «Оқытуда компьютерді пайдаланудың пайдасы» деп аталатын №5 сұраққа онлайн тестілеуге қатысқан респонденттедің 100% дұрыс жауап берген.

2) «Автоматтандырылған жұмыс орны ... деп аталады» деп аталатын №8 сұраққа онлайн тестілеуге қатысқан респонденттердің 93,75 % яғни, 15 респондент дұрыс жауап берген.


3) «Тізімнен қашықтықтан форматты қамтитын білім беру нысандарын таңдаңыз» деп аталатын №9 сұраққа онлайн тесттілеуге қатысқан респоденттердің 68,75 % яғни, 11 респодент дұрыс жауап берген.

Соңғы жылдары білім беруді ақпараттандыру білім беру ұйымдары шеңберінде жүзеге асырыла бастады. 2020 жылғы пандемия білім беруді ақпараттандырудың қолданыстағы тәсілдерін қайта бағалады және оны ұйымдардың шегінен шығарып, оқытушы мен студентті тұрғылықты жері бойынша оқшаулады.

Бұл білім берудің қалыптасқан ұйымын да, оқытушыларға, обілім алушылардың өздеріне және олардың ата-аналарына қойылатын талаптарды да түбегейлі өзгертеді.

«Білім беруді ақпараттандыру дегеніміз» деп аталатын ақпараттандыруға қатысты 1-сұраққа «Білім беруге ақпараттық өнімдерді, құралдарды, технологияларды енгізу негізінде педагогикалық процестерді түрлендіру бойынша шаралар кешені» деп респоденттердің 87,5% , яғни 14 болашақ педагог дұрыс жауап берген (119-сурет).

1-сұрақтың нәтижесі көрсеткендей, онлайн тесттілеуге қатысқан респоденттердің 6,3%(1болашақ педагог) «пайдаланушылардың компьютер арқылы ақпаратты қабылдау дағдыларын дамыту» деген толық емес жауапты місе тұтса, ал тағы да респоденттердің 6,3% (1болашақ педагог) «білім беру жүйесінде компьютерлерді пайдалану» деп аталатын дұрыс емес жауапты таңдаған.




Сурет 119– Бірінші сұрақтың нәтижесі

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) біздің өмірімізде, соның ішінде қарым-қатынас пен оқыуда барған сайын маңызды рөл атқарады. Бұл технологияларды оқушылар мен жалпы оқу қоғамдастығы үшін тиімді пайдалана білу қажет. Осыған орай, екінші сұрақ АКТ ұғымының мәнін түсінуге арналды.

«Ақпараттық-коммуникациялық технология (АКТ) – бұл» деп аталатын 2-сұраққа респоденттердің 93,8% (15 болашақ педагог) «ақпаратпен жұмыс істеу үшін арнайы әдістерді, бағдарламалық және техникалық құралдарды қолданатын педагогикалық технология» деп дұрыс жауап берген, тек 1 респоденттердің 6,3%, яғни тек 1 болашақ педагог «компьютерді оңтайлы оқыту стратегиясын құру құралы ретінде пайдалану» деген дұрыс емес жауапты таңдаған (120-сурет).

«АКТ сауаттылығы – бұл» деп аталатын 3-сұраққа респоденттердің 93,8% (15 болашақ педагог) «қазіргі қоғамда жұмыс істеу үшін ақпаратқа қол жеткізу, басқару, біріктіру, бағалау және құру үшін цифрлық технологияларды, байланыс құралдарын және/немесе желілерді пайдалану» дұрыс жауап берсе, тек 1 респоденттердің 6,3%, яғни тек 1 болашақ педагог «программисттің табысты жұмысы үшін қажетті құзыреттің ерекше түрі» деген дұрыс емес жауапты таңдаған (121-сурет).




Сурет 120– Екінші сұрақтың нәтижесі


Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бірі – компьютер. Оқытуды компьютерлендіру тар мағынада да, кең мағынада да анықталуы мүмкін: тар мағынада «бұл компьютерді оқу құралы ретінде пайдалану», ал кең мағынада «бұл компьютерді оқу процесінде көп мақсатты пайдалану». Тестілеуге қатысушыларға компьютерді оқытуда пайдаланудың артықшылықтарын таңдау ұсынылды.

«АКТ құзыреттілігі – бұл» деп аталатын 4-сұраққа респоденттердің 68,8% (11 болашақ педагог) «пайдаланушының білім беру және басқа қызметте туындайтын мәселелерді шешу үшін АКТ сауаттылығы дағдыларының барлық құрамдастарын сенімді меңгеруі» деп дұрыс жауап берсе, 3 болашақ педагог (18,8%) «әртүрлі компьютерлік бағдарламаларды білу және оларды ақпаратты өңдеу үшін пайдалану» деген дұрыс емес жауапты таңдаса, 1 болашақ педагог (6,3%) «мәтіндерді терудің жоғары жылдамдығымен теру

мүмкіндігі» және тағы да 1 болашақ педагог (6,3%) «ақпаратқа қол жеткізу үшін цифрлық технологияларды, коммуникациялық құралдарды пайдалану» деген дұрыс емес жауапты таңдаған (122-сурет).



Сурет 121–Үшінші сұрақтың нәтижесі



Сурет 122– Төртінші сұрақтың нәтижесі

«Оқытуда компьютерді пайдаланудың пайдасы» деп аталатын 5-сұраққа дұрыс бірнеше жауап ұсынылды. Онлайн-тесттілеуге қатысқан респоденттердің 68,8% (11 болашақ педагог) «интерактивтілік (оқушымен өзара әрекеттесу, табиғи қарым-қатынасты имитациялау» деген дұрыс емес жауапты таңдаған, 5 болашақ педагог, яғни респоденттердің 31,3% «оқу материалының бейімділігі» деген жауапты дұрыс деп тапса, ал 3 болашақ педагог, яғни респоденттердің 18,8% «мұғалімнің жұмысын жеңілдету» деген

жауапты таңдаған және 3(18,8 %) болашақ педагог «сабақтан тыс уақытта оқушылардың жеке жұмысын бақылау» деген жалпы білім беруде компьютерді пайдаланудан гөрі қашықтан оқытуда синхронды байланыс платформаларын пайдалануға көбірек сәйкес келетін дұрыс жауапты таңдаған (123-сурет).



Сурет 123 – Бесінші сұрақтың нәтижесі

«Цифрлық білім беру ресурстары» деп аталатын 6-сұраққа онлайн-тесттілеуге қатысқан респоденттердің 81,3% (13 болашақ педагог) «оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларында, әртүрлі үйлесімде, әртүрлі мақсаттарда пайдалануға болатын электрондық объектілердің жиынтығы» деген дұрыс жауапты ұсынған, ал 2 болашақ педагог, яғни респоденттердің 12,5%-ы «цифрлы энциклопедиялар» деген дұрыс емес жауапты қанағат тұтса, 1 болашақ педагог, яғни респоденттердің 6,3%-ы «электрондық оқу сессиялары» дұрыс емес жауапты көрсеткен (124-сурет).


Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы цифрлық білім беру ресурстарының лайықты орнын алатынын көрсетеді. Сондықтан білім беру ресурстарын таңдау педагогикалық тұрғыдан қалай негізделетіні оқытушыға тікелей байланысты. Сапалы цифрлық білім беру ресурстарын дамыту білім беру процесін автоматтандыруға мүмкіндік береді. Студенттермен бірге ресурстарды құру жобалық әрекеттерді әртараптандырып, олардың ғылыми-зерттеу қызметіне деген қызығушылықтарын арттырады.

Алтыншы сұраққа берілген жауаптардың нәтижелері респоденттердің барлығы цифрлық білім беру ресурстары ұғымын түсінбегенін көрсетеді.




Сурет 124–Алтыншы сұрақтың нәтижесі

Болашақ педагогтердің цифрлық білім беру ресурстарын тереңірек түсінгендерін тексеру үшін «Цифрлық білім беру ресурстарының дәстүрлі «қағаз» оқулықтан айырмашылығы» деген 7-сұраққа онлайн-тесттілеуге қатысқан респоденттердің 62,5% (10 болашақ педагог) «оқытудың интерактивтілігі, оқушының белсенді іс-әрекетін ынталандыру және оқу мотивациясы» деген дұрыс жауапты таңдады, ал 3 болашақ педагог, яғни респоденттердің 18,8%-ы «дидактикалық оқыту циклінің тұтастығы мен сабақтастығын қамтамасыз ету» жауабын місе тұтса, тағы да 3(18,8%) болашақ педагог «қағаз өндірісі мен оқулықтарды басып шығаруды үнемдеу» деген жауапты қанағат тұтқан (125-сурет).



Сурет 125– Жетінші сұрақтың нәтижесі

«Автоматтандырылған жұмыс орны ... деп аталады» деген 8-сұраққа онлайн-тесттілеуге қатысқан респоденттердің 6,3% (1 болашақ педагог) ғана «белгілі бір түрдегі қызметті автоматтандыруға арналған автоматтандырылған жүйенің бағдарламалық-аппараттық кешені» деп дұрыс жауап берсе, респоденттердің 75%(12 болашақ педагог) «автоматтандырылған жүйе персоналының жұмыс орындарындағы жұмыс ортасының параметрлерін үйлестіруге арналған автоматтандырылған жүйені эргономикалық қамтамасыз ету» деген дұрыс емес жауапты таңдаған, 12,5% (2 болашақ педагог) «белгілі бір түрдегі қызметті автоматтандыруға арналған автоматтандырылған жүйені техникалық қамтамасыз ету» деген жауапты місе тұтқан, ал 6,3% (1 болашақ педагог) «белгілі бір түрдегі қызметті автоматтандыруға арналған автоматтандырылған жүйенің бағдарламалық кешені» деген жауапты қанағат тұтқан (126-сурет).



Сурет 126 – Сегізінші сұрақтың нәтижесі

Цифрлы білім беру ресурстарын (ЦББР) тиімді пайдалану арқылы оқытушының де, білім алушының да жұмыс жағдайын жақсартуға болады: сабақ мазмұнды, қызықты, көрнекті өтеді, оқу кеңістігі мен уақыт өзгереді, иллюстрациялық материал айтарлықтай кеңейеді. ЦББР проблемалық жағдаяттарды туғызады және білім алушылардың ізденіс әрекетін ұйымдастырады, оқудың эмоционалды астарын күшейтеді, болашақ педагогтердің оқу мотивациясын қалыптастырады, оқу процесін дараландырады және саралайды.

Белгілі бір мәселелерді шешуде ақпараттың еркін қозғалысы орын алады, тек ақпаратты алып қана қоймай, оны белсенді ету қажеттілігін анықтайды: ақпараттың барлық түрлерінде, соның ішінде электронды түрде де барынша пайдалануды қамтамасыз ету, тарату және білім алуға көмектеседі.

Білім беру ортасын қолдауға қажетті лингвистикалық ресурстар ғылыми жобаларда ғана емес, сонымен қатар жеке автоматтандырылған


жұмыс орындары (АЖО) жүйесі түріндегі университеттің білім беру ортасын құру шеңберінде құрылады және пайдаланылады.

«Тізімнен қашықтықтан форматты қамтитын білім беру нысандарын таңдаңыз» деген 9-сұраққа онлайн-тесттілеуге қатысқан респоденттердің 31,3% (5 болашақ педагог) ғана «электронды, ұялы, желілік» деп дұрыс жауап берсе, респоденттердің 50% (8 болашақ педагог) «электронды, мобильді, желілік, автономды, аралас» деген жауапты таңдаған, ал қалған респоденттердің 18,8% (3 болашақ педагог) «мобильді, желілік, дербес, аралас, ортақ» деген жауапты таңдаған (127-сурет).




Сурет 127–Тоғызыншы сұрақтың нәтижесі

ЦББР заманауи білім берудің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған графикалық, мәтіндік, цифрлық, сөйлеу, музыка, бейне, фото және басқа да ақпаратты қамтитындықтан «Цифрлы білім беру ресурстарына не жатады?» деген 10-сұраққа онлайн-тесттілеуге қатысқан респоденттердің 75% (12 болашақ педагог) ғана «жоғарыда аталған барлық опциялар дұрыс» деп дұрыс жауап берсе, респоденттердің 12,5% (2 болашақ педагог) «мультимедиалық файлдар» деген жауапты таңдаған, ал қалған респоденттердің 12,5% (2 болашақ педагог) «презентациялар» деген жауапты таңдаған (128-сурет).



Сурет 128 – Оныншы сұрақтың нәтижесі

20-кестеде және 129- суретте «Оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану. АКТ құзыреттілік» тақырыбына жүргізілген онлайн-тесттілеудің нәтижесі зерделенді.



Сурет 129– Онлайн тесттілеудің жалпы сипаттамасы

Болашақ педагогтер «ақпараттық-коммуникациялық технология», «АКТ сауаттылық», «АКТ құзыреттілік», «цифрлы білім беру ресурстарын» ұғымдарын жақсы меңгерген, ал «автоматтандырылған жұмыс орны», «қашықтықтан форматты қамтитын білім беру нысандары» ұғымдарын меңгерулері төмен.

Онлайн тесттілеудің нәтижесін зерделесек, болашақ педагогтердің басым көпшілігі 1-6 сұрақтарға «дұрыс» жауап берсе, ал 5,8,9- сұрақтарға «дұрыс емес» жауап берген.

Онлайн-вебинардың болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыруда айтарлықтай үлесін қосты.

Кесте 20 – «Оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану. АКТ құзыреттілік» тақырыбына жүргізілген онлайн-тесттілеудің нәтижесі

№	Сұрақ	«Дұрыс» жауап, %	«Дұрыс емес» жауап, %
1	Білім беруді ақпараттандыру дегеніміз	87,5% (14)	12,5% (2)
2	Ақпараттық-коммуникациялық технология (АКТ) – бұл:	93,8% (15)	6,2% (1)
3	АКТ сауаттылығы – бұл:	93,8% (15)	6,2% (1)
4	АКТ құзыреттілігі – бұл:	68,8% (11)	31,2% (5)
5	Оқытуда компьютерді пайдаланудың пайдасы	31,2% (5)	68,8% (11)
6	Цифрлық білім беру ресурстары	81,3 % (13)	18,7% (3)
7	Цифрлық білім беру ресурстарының дәстүрлі «қағаз» оқулықтан айырмашылығы	62,5 % (10)	37,5% (6)
8	Автоматтандырылған жұмыс орны ... деп аталады	6,3% (1)	93,7% (15)
9	Тізімнен қашықтықтан форматты қамтитын білім беру нысандарын таңдаңыз	31,3 % (5)	68,7% (11)
10	Цифрлы білім беру ресурстарына не жатады?	75% (12)	25% (4)

3.6 «Менің алғашқы онлайн сабағым» Халықаралық байқауы

XXI ғасырда білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру үшін оқыту бағдарламасын сыни ойлау, өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға, қашықтықтан да білім алуға бағыттау қажет.

Халықаралық педагогикалық, кәсіби білім беру орталықтарының тәжірибелерін қазіргі жағдайдағы қазақстандық нарыққа бейімдеу арқылы

жаһандық бәсекеге қабілетті цифрлы-креативті құзыреттіліктері жоғары болашақ педагогтер дайындауымыз керек.

Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімді жолдарын анықтау, әдістемесін жасау қажеттілігі туындауда.

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімді жолдары анықталынды.

«Менің алғашқы онлайн сабағым» Халықаралық онлайн байқауы ұйымдастырылды (130-сурет).

Халықаралық байқауға республикаға танымал ғалымдар, болашақ педагогтер, білім беру ұйымдарының әдіскерлері және Ресейдің Шадринский мемлекеттік педагогикалық университетінің ғалымдары мен болашақ педагогтері қатысты.

Халықаралық онлайн байқаудың мақсаты – педагогикалық білім беру бағдарламалары білім алушыларының цифрлық құзыреттілігін дамыту, болашақ педагогтердің шығармашылық белсенділігін ынталандыру, білім беру қызметінің сапасын арттыру және білім беру процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру.

«Менің алғашқы онлайн сабағым» Халықаралық онлайн байқауы болашақ педагогтердің шығармашылық және кәсіби әлеуетін жандандыру; қазіргі заманғы инновациялық білім беру технологияларын оқу-тәрбие процесінің практикасына енгізу; болашақ педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру; болашақ педагогтердің әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру және т.б. міндеттерді шеше алды [141,1].

«Менің алғашқы онлайн сабағым» Халықаралық онлайн байқауын ережесі жасалынды (Е-қосымша).

Цифрлы Қазақстанның ақпараттану жағдайында болашақ маманның жеке тұлғасын, интеллектуалды мәдениетін, технологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін электронды ресурстарды пайдалану оның ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім табатын кәсіби маман даярлау маңызды болып табылады.

Халықаралық вебинарға қашықтан қосылған Ресейдің Шадринский мемлекеттік педагогикалық университетінің «Бастауыш білім берудің теориясы мен әдістемесі» кафедрасының доценті, п.ғ.к. Н.М.Жданова онлайн байқау Дулати университеті мен Шадринский мемлекеттік педагогикалық университетінің болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша жүргізіліп жатқан коллаборациялық зерттеулерінің нәтижесі екендігін тебіренге жеткізді.



Сурет 130– «Менің алғашқы онлайн сабағым» Халықаралық онлайн байқауының афишасы

«Менің алғашқы онлайн сабағым» Халықаралық онлайн байқауыны қатысқан болашақ педагогтердің сабақтары [https:// www.smart-pedagog.kz](https://www.smart-pedagog.kz) педагогикалық порталына жүктелінді (21-кесте; 131-сурет).

**ИТОГИ
КОНКУРСА**

**"МОЙ ПЕРВЫЙ
ОНЛАЙН-УРОК"**

**DULATY
UNIVERSITY**

**SMART
pedagog**

 **12 октября 2022 г
12:00**

 **Идентификатор конференции:
766 0154 8506
Код доступа: 123**

Официальный сайт <https://smart-pedagog.kz/>

Сурет 131– «Менің алғашқы онлайн сабағым» Халықаралық онлайн байқауының қорытынды нәтижесін шығару бойынша афишасы

Болашақ педагогтердің онлан-сабақтары 5 критерий бойынша бағаланды: оқу материалының мазмұнының дидактикалық талаптарға сәйкестігі; болашақ педагогтің пәндік және технологиялық құзыреттіліктерді меңгеруі және жалпы эрудициясы; сөйлеу мәдениеті мен оқушылармен оңтайлы қарым-қатынас жасау стилі; болашақ педагогтің жалпы мәдениеті; бейнесабақтың сапасы, сюжеттік желіні құру логикасы, таңдалған фрагменттердің оңтайлылығы, мазмұны мен ақпараттылығы; бейнесабаққа қоса берілетін материалдардың сапасы; ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданудың тиімділігі; бейнесабақты жазу мен монтаждаудың техникалық деңгейі.

№	Қатысушының аты-жөні	Сабақтың сілтемесі
1	Абулхаир Ә.Ж.	https://youtu.be/qWnffOc_nSI
2	Байсултанова А.В	https://youtu.be/WmdSvqln1I8
3	Тумабаева А. Б.	https://youtu.be/Qv00FUqrM
4	Серік Н.Л	https://youtu.be/kiL4BJwQeUw
5	Жайберген Ж.Ә.	https://youtu.be/0xFGAiMrvm0
6	Манаква А.В	https://youtu.be/d7S4A5-aBjc
110. Джусубалиева Д.М. Трансформация образования в условиях цифрового общества//Материалы Международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы и перспективы современного педагогического образования», посвященной 70-летию юбилею доктора педагогических наук, профессора, академика МАНПО К.К.Жампеисовой. – Алматы: «Ұлағат», 2022. – С.35 – 41.
111. Джусубалиева Д.М. Формирование цифровой компетентности будущих учителей иноязычного образования в ходе обучения в вузе//Сборник материалов Круглого стола та обращения «Современное языковое образование: традиции и инновации». – Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2022. – С. 10 –15.

112. European Commission (2008). The European qualifications framework for lifelong (EFQ). Luxembourg: Office for Official Publications of the European Communities. <http://ecompetences.eu>.

113. Тихомиров В. П. Мир на пути Smart education. Новые возможности для развития // Открытое образование. – 2011. – № 3. – С. 22–28.

114. Hwang G. J. Definition, framework and research issues of smart learning environments a context-aware ubiquitous learning perspective // Smart Learning Environments. – 2014. – Vol. 1. – № 1. – P. 1–14.

115. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» ҚР Президентінің Қ.Тоқаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы. – Астана, 2022.

116. Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориясы мен практикасы: Монография. – Алматы: «Жазушы», 2009. – 456 б.

117. Скаткин М.Н. Об изучении, обобщении и использовании педагогического опыта // Народное образование. – 1981. – № 9. – С. 103–111.

118. Бұзаубақова К.Ж. Инновациялық педагогика негіздері. Алматы: «Білім», 2009. – 454 б.

119. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы/ ҚР Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген. – Астана, 2017.

120. Vuzaubakova K., Kudabayeva P. The electronic textbook «Pedagogy» in the formation of digital competencies of teachers // Incte'22 6th International Conference on Teacher Education. -Bragança, 2022.-133-136 p.

121. Бузаубақова К.Д. Болашақ педагогтерге арналған «Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн курсы// «Қашықтан білім беру: сын-қатерлер, заманауи трендтер және стратегиялар» Халықаралық Конгресс материалдары. – Тараз: Dulary university, 2023. Том 1. – 199–208 б.

122. Блинов В. И., Есенина Е. Ю., Сергеев И. С. Педагогика 2.0. Организация учебной деятельности студентов: учебное пособие для среднего профессионального образования/В.И.Блинов, Е.Ю. Есенина, И.С.Сергеев. – Москва: Издательство Юрайт, 2023. – 222с. – (Профессиональное образование). – ISBN 978-5-534-16206-6. – Текст: электронный// Образовательная платформа Юрайт [сайт]. – URL: (дата обращения: 10.06.2023).

123. Бузаубақова К.Д. «Педагогика» электронды оқулығы. – Тараз, 2022. <https://cloud.mail.ru/public/yNJ3/UmAWNQXXU>

124. Бузаубақова К.Д. «Цифрлы педагогика» электронды оқулығы. – Тараз, 2023. 3,15ГБ: <https://cloud.mail.ru/public/5rKY/UJp2uKNQC>

125. www.smart-pedagog.kz

126. <https://smart-pedagog.kz/kk/pedagogikaly-sheberkhana>

127. <https://smart-pedagog.kz/kk/pedagogikaly-studiya>.

128. <https://smart-pedagog.kz/kk/distemelik-orzhyn>.

129. <https://smart-pedagog.kz/kk/kouching>.

130. <https://smart-pedagog.kz/kk/kovorking-ortaly>.

131. <https://smart-pedagog.kz/kk/virtualdy-zertkhana>.
132. <https://smart-pedagog.kz/kk/tsifrly-kontent>.
133. <https://dulaty.kz/ru/2020-01-30-02-50-58/item/4912-dstantsionnoe-obrazovanie-mezhdunarodnyj-kongress.html>.
134. <https://dulaty.kz/2019-09-23-06-38-15/conference-materials-kaz.html>
135. <https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/4913-ashy-tan-bilim-beru-khaly-araly-kongress.html>.
136. <https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/5045-ylymi-zhoba-ayasynda-khaly-araly-kongress-jymdastyryldy.html>.
137. <https://www.instagram.com/p/CiSPM84MV15/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>
138. http://lib.dulaty.kz/rus2/all.doc/Elektron_res/Buzaubakova.html
139. <https://dulaty.kz/ru/2020-01-30-02-50-58/item/4507-onlajn-konkurs-moj-pervyj-onlajn-urok.html>
140. <https://dulaty.kz/ru/2020-01-30-02-50-58/item/4507-onlajn-konkurs-moj-pervyj-onlajn-urok.html>
141. <https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/4603-dulati-universitetini-studenti-khaly-araly-baj-auda-zhe-iske-zhetti.html>
142. Жақып Ж. Ш. Қазақстан Республикасында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзіреттіліктерін қалыптастарудың технологиялық және әдістемелік аспектілері. 7M01104— Педагогикалық өлшемдер мамандығы бойынша магистрлік диссертация. –Тараз:Дулати университеті,2022. – 73 б.
143. «Применение информационных технологий в образовании: польза для преподавателей и учащихся» [Интернет ресурс]. –2019. <https://7span.ru/podgotovka/primenenie-informatsionnyh-tehnologij-v-obrazovanii-polza-dlya-prepodavatelej-i-uchashhihsya.html> [Қаралған күн: 08.02.2022]
144. К.Д.Бузаубакова, Ж.Ш. Жақып Жоғары оқу орындарында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану// «Педагогикалық білім беру – ел өркендеуі мен тұрақтылығының негізі: жаңа мүмкіндіктер және заманауи трендтер» Дулати халықаралық педагогикалық оқулары жинағы. – 2022. –Б. 25-27.
145. Редекер К. Европейские рамки цифровой компетентности педагогов: DigCompEdu /К.Редекер, Я.Пуние.–Брюссель: Объединенный исследовательский центр, Европейский Союз, 2017.
146. Константинова Д.С., Кудалева М.М. Цифровые компетенции как основа трансформации профессионального образования //Экономика труда. – 2020. – Том 7. – № 11.
147. Конструктор интерактивных заданий LearningApps [Интернет ресурс]. <https://e-asveta.adu.by/index.php/distancionni-vseobuch/obuchenie-online/servisy-dlya-sozdaniya-interaktivnykh-uprazhneniy/58-learningapps> [Қаралған күн: 05.04.2022]
148. WORDWALL – замечательная коллекция шаблонов дидактических игр [Интернет ресурс]. <http://didaktor.ru/wordwall->

zamechatelnaya-kolleksiya-shablonov-didakticheskix-igr/ [Қаралған күн: 03.04.2022] [Қаралған күн: 05.04.2022]

149. ClassDojo: самый дружелюбный в мире классный журнал [Интернет ресурс]. <http://newtonew.com:81/tech/classdojo-samyj-druzheljubnyj-v-mire-klassnyj-zhurnal> [Қаралған күн: 13.04.2022].

150. SCAMPER әдісі: Пайдалы мәселелерді шешу құралы [Интернет ресурс]. <https://kk.laraform.com/scamper-method-problem-solving-tool-6245> [Қаралған күн: 13.04.2022].

ГЛОССАРИЙ

Ақпарат – бізді қоршаған әлемнен алынған сыртқы ортадағы кездейсоқтық процестерге бейімделу және осы ортадағы өмір сүру әрекетінің мазмұнды белгісі, белгісіздің сырын ашатын жаңалық, хабарлама.

Ақпараттық технология – компьютерлік технологияны қолдануға негізделген, білім беру ақпаратын сақтау мен өңдеуді, оны білім алушыға жеткізуді, білім алушының оқытушымен немесе педагогикалық бағдарламалық құралмен интербелсенді әрекеттесуін, сонымен қатар білім алушылардың білімін тестілеуді қамтамасыз ететін аппараттық және бағдарламалық жасақтама.

Ақпараттық құзыреттілік – ақпараттық ақиғат әлеміндегі қызмет тәжірибесімен, жеке тұлғаның жалпы және кәсіби ақпараттық қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін техникамен және технологиялармен өзара әрекеттесу тәсілдерімен байланысты болатын құзыреттілік.

Ақпараттық құзыреттілік – болашақ педагогтің ақпаратты ұсына білу, ақпаратты таба білу және ақпаратты сақтау қабілеті.

Ақпараттың көлемі – ақпаратты қабылдай алу жылдамдығы.

Ақпаратты мағыналы әрі мазмұнды өңдей алуы – ізделінген, өзіне қажетті ақпаратты таба алуы және сұрыптай алуы.

Ақпаратты қабылдау сапасы – қажетті материалды игеруі.

Ақпарат негізінде шешім қабылдай алуы – педагогикалық рефлексия жасай алуы және сындарлы ойлай алуы және т.б.

Веб-сабақтар – қашықтан өткізілетін сабақтар, конференциялар, семинарлар, іскерлік ойындар, зертханалық жұмыстар, практикумдар және телекоммуникация құралдары мен интернеттің мүмкіндіктері арқылы өткізілетін оқу сабақтарының басқа да нысандары.

Bilimland – электрондық оқытудың әлемдік көшбасшыларының озық жетістіктеріне негізделген цифрлық білім беру платформасы.

Болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігі – педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін жоғары нәтижеге қол жеткізетін оның теориялық және практикалық дайындығының бірлігі.

EDUS жүйесі – электрондық мектеп – мектептерге арналған білім беру платформасы.

Желілік немесе интернет технологиясы – білім алушылардың ақпараттық білім беру ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін және оның субъектілерінің орналасқан жеріне қарамастан оқу үдерісін іске асыру мен басқарудың әдістемелік, ұйымдастырушылық, техникалық және бағдарламалық құралдарының жиынтығын қалыптастыру үшін жаһандық және жергілікті компьютерлік желілерді пайдалануға негізделген қашықтан білім беру технологиясы.

Learning Apps – интерактивті модульдер (қосымшалар, жаттығулар) арқылы оқу үдерісін қолдауға арналған қосымша.

Microsoft Teams – бұл жұмыс орнында тұрақты сөйлесу, бейне кездесулер, файлдарды сақтау және қосымшаларды біріктіруді орындайтын бірыңғай байланыс және ынтымақтастық платформасы.

Microsoft Teams – Microsoft компаниясы әзірлеген жұмыс кеңістігінде чат, кездесулер, ескертпелер мен қосымшаларды біріктіретін корпоративтік платформа.

Kahoot – кез-келген оқу пәні мен кез-келген жасқа сай келетін ойын түрінде оқытуға арналған тегін платформа.

Креативтілік – ақпараттық, ағымдық процестерде байқалатын тұлғаның қасиеті: ақпараттық ішкі құрылымдарға енуі арқылы пайда болатын тұлғаның сапасы; гипотеза ұсынғанда шешімді іздегенде және оның дұрыстығын дәлелдеуге көрінетін қасиет.

Қашықтан оқыту – телекоммуникациялық технологиялар мен интернет ресурстарының көмегімен жүзеге асырылатын, бір-бірінен алшақ орналасқан оқытушылар мен білім алушылардың білім беру өзара әрекеттесуіне негізделген оқытудың бір түрі.

Қашықтықтан оқыту – білім алушы мен педагогтің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара оқу жұмыс іс-әрекеті кезіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, телекоммуникациялық құралдарды пайдаланып жүзеге асырылатын оқыту.

Қашықтықтан оқыту – кез келген адамға өзін-өзі жетілдіруге, өзінің қабілетін шыңдауға, кәсіби біліктілігін арттыруға, аудиовизуалды құрылғыларды, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға жағдай жасайтын цифрлы құзыреттілікті қалыптастырудың айрықша формасы.

Құзыреттілік – педагогтың өзін маман ретінде өз бетімен білімін, кәсіби шеберлігін, мәдениеттілігін көтеріп, қазіргі заман талабына сай бейімдей білуі.

«Құзыреттілік» (латынша «Competens» – лайықты, қол жеткізуге ұмтылу, сәйкес) – қабілетті, білікті, өз ісін жетік білуі; белгілі бір аймақтағы білім мен тәжірибе.

Педагогикалық технология – білім алушы және оқытушы арасындағы оқу процесін жобалау және ұйымдастыруда бірігіп қызмет етуіне қолайлы жағдай туғызатын, әбден ойластырылған педагогикалық іс-әрекеттің үлгісі.

Педагогикалық білім беру порталы www.smart-pedagog.kz – қашықтықтан оқытуды және біліктілікті арттыруды қамтамасыз ету үшін барлық білім беру ресурстарына қол жетімділікті қамтамасыз ететін зияткерлік инновациялық виртуалды білім беру платформасы.

Портфолио әдісі (итальян тілінен енген: portfolio – «portfolio», ағылшынша – құжаттарға арналған папка) – оқу және кәсіптік қызмет нәтижелерін шынайы бағалау әдісіне негізделген заманауи білім беру технологиясы.

Рефлексиялық қабілеттілік – өз мінез-құлқы мен серіктесінің қылығын лезде реттей алуы; дау-жанжал жағдайында тиімді шешім қабылдай

алуы; қолайлы психологиялық ахуал туғыза білуі; субъектаралық қатынастың өрбуін болжай алуы.

Телекоммуникациялық (ақпараттық-спутниктік) технология – білім алушылардың цифрлық кітапханалар, бейне-дәрістер және басқа да оқу құралдары түрінде ұсынылған ақпараттық білім беру ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін деректерді беру мен телехабар таратудың ғарыштық-спутниктік құралдарын, сондай-ақ жаһандық және локальдық желілерді басым түрде пайдалануға негізделген қашықтан білім беру технологиясы.

Инновациялық іс-әрекет – педагогикалық еңбектің өнімділігін сапалы өзгертетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен әдістерін құру процесі.

Интерактивті өзара әрекеттесу – бұл білім алушылардың бағдарламалық жасақтама арқылы вебинардың басқа қатысушыларымен қарым-қатынасы.

Ұйымдастырушылық қабілеттілік – маманның өзара бірлескен ынтымақтастық байланысты ұтымды жасай алуы.

Цифрлық білім беру ортасы – бұл адамның білім алуына, дамуына, әлеуметтенуіне арналған ресурстардың, жағдайлар мен мүмкіндіктердің ашық кешені.

Цифрлық құзыреттілік – бұл болашақ педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) кәсіби контексте жақсы педагогикалық (дидактикалық) түсінуден және оның оқу стратегиялары мен білім алушылардың цифрлық базасы үшін маңыздылығын ұғыну мен ұштастыра пайдалану қабілеті.

Цифрлы құзыреттілік – бұл индивидтің өмірде іс-әрекеттің әртүрлі аймағында ақпараттық-коммуникациялық технологияны қауіпсіз таңдау, сенімді, сындарлы және тиімді пайдалануы, цифрлы контентпен жұмыс, қарым-қатынас, тұтыну және т.б.

Цифрлы құзыреттілік – адамдардың жұмыс жағдайында, бос уақытта және қарым-қатынас үшін қпараттық технологияларды сенімді әрі сындарлы пайдалана алуы.

Цифрлы құзыреттілік – болашақ педагогтердің білім алу жағдайында, бос уақытта және қарым-қатынас үшін ақпараттық технологияларды нәтижелі пайдалана алуы, ақпаратты сақтай алуы, ақпаратпен алмаса алуы, ғаламтор арқылы желілік байланысқа шыға алуы және қарым-қатынас жасай алуы; цифрлы аймақта ақпараттық-коммуникациялық технологияны қауіпсіз таңдау, сенімді, цифрлы ортада цифрлы контентпен жұмыс және т.б.

Цифрлық сауаттылық – түрлі цифрлық платформалардағы мәтін мен басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен ақпаратты табу, бағалау және нақты жеткізу мүмкіндігі.

Цифрлы педагогикалық кампус – білім алуда, қашықтан білім алуда және біліктіліктерін көтеруде барлық білім беру ресурстарына қолжетімтілікті қамтамасыз ететін интеллектуалды инновациялық виртуалды білім беру алаңы.

Smart-оқыту – заманауи технологияларды қолдана отырып, ресурстарға еркін қол жеткізе отырып, өзін-өзі бағдарланған, дәлелді, жеке тұлғаға бейімделген оқыту.

Google Meet (бұрынғы Hangouts Meet) – кез келген көлемдегі компанияға үйлесетін және бейнеконференциялар, қашықтан әңгімелесулер, вебинарлар, виртуалды тренингтер, қашықтан сұхбаттар өткізуге мүмкіндік беретін Google Hangouts платформасының бизнеске бағытталған нұсқасы.

Cisco Webex Classrooms – бұл білім алушыларға, оқытушыларға және ата-аналарға интуитивті онлайн оқытуды қамтамасыз ететін платформа.

WIZIQ – білім беру саласы үшін арнайы жасақталған заманауи WizIQ виртуалды лабораториясы топтағы бетпе-бет өтетін сабақтарға ұқсату үшін қажетті барлық функциялар мен құралдарды ұсынатын платформа.

WizIQ Virtual Classroom – бұл агенттіктер мен стартаптарға арналған толыққанды бірлескен бағдарламалық жасақтама.

Quizizz – Kahoot-ке өте ұқсас білім алушыларды бағалаудың интернет құралы.

Skype – адамдарға бейнеконференция жүргізуге, қоңырау шалуға және жедел хабар алмасуға мүмкіндік беретін ақысыз веб-байланыс құралы.

Nearpod – веб-сайт пен қосымшалар негізіндегі сандық құрал, мұғалімдерге оқушылардың өзара әрекеттесуіне және үйренуіне болатын интерактивті слайд-оқу ресурстарын құруға мүмкіндік беретін платформа.

Nearpod – мұғалімдерге кез келген файл түрінен сабақтарды импорттауға және оларға интерактивті элементтерді, веб-сілтемелерді немесе бейнеклиптерді қосуға мүмкіндік беретін және барлық білім беру ұйым деңгейлері мен пәндері үшін пән сарапшылары әзірлеген, алдын ала дайындалған, толық интерактивті сабақтарды пайдалануға, интерактивті сабақтарды одан әрі кеңейтуге арналған, мұғалімдер өз сабақтарын гаджеттермен синхрондауға, реттелетін тапсырмаларды жасауға және үлгерімді бақылай алуға мүмкіндік беретін платформа.

Padlet – мазмұнды орналастыруға арналған тақталарды құруға арналған платформа.

Canva – ерекше графикалық дизайндар, иллюстрациялар және күнделікті қажетті қарапайым дизайндарды жасауға арналған сервис.

Coursera – Стэнфорд университетінің екі информатика профессоры негізін қалаған онлайн оқыту платформасы.

Zoom – бұл бейне-конференциялар, вебинарлар және басқа да осыған ұқсас онлайн іс-шаралар өткізуге арналған платформа.

Эмпатияға қабілеттілік – өзгені түсінуі; жаны ашуы; өзін өзгенің орнына қоя алуы.

ҚОСЫМШАЛАР

Қосымша А

ӨЗАРА ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ-ШАРТ

ДОГОВОР О ВЗАИМНОМ СОТРУДНИЧЕСТВЕ

город Тараз
« 28 » _____ 10 _____ 2021 г.

НАО «Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати» (далее - *Университет Дулати*), в лице Председателя Правления - Ректора Ешенкулова Талгата Илиясовича, действующего на основании Устава с одной стороны, и Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего образования «Шадринский государственный педагогический университет» (Российская Федерация) (далее - *Шадринский университет*), в лице Ректора Дзюва Артура Руслановича, действующего на основании Устава, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», с целью установления взаимовыгодного партнерства образовательной и научно-исследовательской сферы заключили настоящий Договор о взаимном сотрудничестве.

1. ПРЕДМЕТ СОВМЕСТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

1.1 Стороны, заключившие настоящий Договор, намерены сотрудничать в сферах науки и образования с целью повышения качества подготовки педагогических кадров по научному исследованию по грантовому финансированию научного проекта АР09259497 «Совершенствование системы педагогического образования в новой реальности Казахстана, технологические аспекты формирования цифровых компетенций будущих педагогов при дистанционном обучении РК».

На этапе получения академического образования (сотрудничества в областях учебной, инновационной и педагогической деятельности, совместное выполнение научных исследований, организация непрерывной педагогической практики, курсовых и дипломных проектов, разработка и реализация учебных курсов, создание филиалов кафедр) с привлечением высококвалифицированных специалистов вузов-партнеров.

2. ЦЕЛИ СОВМЕСТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Целью настоящего Договора является укрепление и развитие сотрудничества в сфере

ӨЗАРА ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ ШАРТ

Тараз қаласы
2021 ж. « 28 » _____ 10 _____

«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ (бұдан әрі қарай - *Дулати университеті*) Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы-Ректор Талғат Илиясұлы Ешенқұлов бір тараптан және «Шадринск мемлекеттік педагогикалық университеті» (Ресей Федерациясы) Федералды мемлекеттік бюджеттік жоғары оқу орнының (бұдан әрі қарай - *Шадринск университеті*) Жарғы негізінде әрекет ететін Ректоры Дзюва Артур Русланович екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, білім беру мен ғылыми-зерттеу саласы аясында өзара тиімді серіктестік орнату үшін ынтымақтастық туралы осы келісім- шартты жасады.

1. БІРЛЕСКЕН ҚЫЗМЕТТІҢ ПӘНІ

1.1 Осы келісім-шартқа отырған тараптар гранттық қаржыландыру бойынша АР09259497 «Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері» ғылыми жоба аясында педагог кадрларды даярлау саласын арттыру мақсатында ғылым мен білім беру саласында ынтымақтастық орнатуға ниетті.

Академиялық білім алу кезеңінде (оқу, инновациялық және педагогикалық қызмет саласындағы ынтымақтастық, ғылыми зерттеулерді бірлесіп енгізу, үздіксіз педагогикалық практиканы ұйымдастыру, курстық және дипломдық жобалар, оқу курстарын әзірлеу және енгізу, кафедралар филиалдарын құру) серіктес ЖОО білікті мамандарын тарту.

2. БІРЛЕСКЕН ҚЫЗМЕТТІҢ МІНДЕТТЕРІ

Осы Келісім-шарттың мақсаты ғылыми жобаны гранттық қаржыландыру бойынша

образования и научных исследований по грантовому финансированию научного проекта.

2.1 Совместная разработка модели сотрудничества Университета Дулати и Шадринского университета.

2.2 Определение теоретико-методологических, инновационно-технологических и сетевых-методических основ формирования цифровых компетенций будущих педагогов в условиях дистанционного образования в новой реальности Казахстана.

2.3 Определение интегративной методологии и механизмов реализации формирования диджитал-креативных компетенций будущих педагогов в РК при дистанционном обучении в рамках интеграции Казахстанского и Российского образования.

2.4 Установление единой совместной сетевых-методической связи между Университетом Дулати и Шадринским университетом в целях изучения, применения, исследования и обобщения инновационного опыта в условиях дистанционного образования при подготовке конкурентоспособных педагогов в новой реальности Казахстана: открытие в университете Дулати центра (портала) «SMART-ПЕДАГОГ», а в Шадринском университете в качестве вуза-партнера - онлайн-кафедры «SMART-ПЕДАГОГ».

2.5 Выявление эффективных путей и разработка методики формирования цифровых и креативных компетенций будущих педагогов в условиях дистанционного обучения в новой реальности Казахстана.

3. НАПРАВЛЕНИЯ И УСЛОВИЯ СОТРУДНИЧЕСТВА

Стороны будут сотрудничать в области образования и научных исследований по следующим направлениям:

3.1 Проведение онлайн-анкетирования, онлайн-тестирования среди студентов 1-4 курсов на тему: «Я будущий SMART-ПЕДАГОГ!» с целью определения уровня цифровых компетенций будущих педагогов, эффективного использования цифровых технологий в новых условиях.

3.2 Организация совместных обучающих семинаров, мастер-классов онлайн - коучингов, вебинаров на тему «Я – SMART-PEDAGOG!» среди будущих педагогов ВУЗов – Университета Дулати и Шадринского университета.

білім беру мен ғылыми зерттеулер саласындағы ынтымақтастықты нығайту және дамыту болып табылады.

2.1 Дулати университеті мен Ресейдің Шадринск университеті арасындағы ынтымақтастық моделін бірлесіп әзірлеу.

2.2 Қазақстанның жаңа жағдайында қашықтықтан білім беруде болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық-әдістемелік, инновациялық-технологиялық және желілік-әдістемелік негіздерін анықтау.

2.3 Қазақстандық және Ресейлік білім интеграциясы аясында қашықтықтан оқыту кезінде Қазақстан Республикасында болашақ педагогтердің цифрлық-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыруды жүзеге асырудың интегративті әдістемесі мен тетіктерін анықтау.

2.4 Дулати университеті мен Шадринск университеті арасында бәсекеге қабілетті педагогтерді даярлауда қашықтықтан білім берудің инновациялық тәжірибесін үйрену, пайдалану, зерттеу және тарату мақсатында бірінгі біріккен желілік-әдістемелік байланыс орнату. Қазақстанның жаңа жағдайында: Дулати университетінде «SMART-PEDAGOGUE» орталығын ашу (портал), ал Шадринск университетінде серіктес университет ретінде – «SMART-PEDAGOGUE» онлайн-кафедрасын ашу.

2.5 Қазақстанның жаңа жағдайында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлық және креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімді жолдарын анықтау және әзірлеу.

3. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАҒЫТТАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ

Тараптар білім беру мен ғылыми - зерттеу саласында келесі бағыттарда бірлесіп жұмыстар атқарады:

3.1 1- 4 курс студенттері арасында онлайн сауалнама, «Мен болашақ SMART-ПЕДАГОГ!» тақырыбында онлайн тестілеу жүргізу, болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілік деңгейін анықтау, жаңа жағдайда цифрлық технологияларды тиімді қолдану.

3.2 ЖОО - Дулати университеті мен Шадринск университеті болашақ педагогтері арасында «Мен SMART-PEDAGOG!» тақырыбында бірлескен оқыту семинарларын, онлайн-коучингтер, мастер-сыныптар, вебинарларды ұйымдастыру.

3.3 Совместная разработка методики подготовки конкурентоспособных педагогических кадров в условиях дистанционного обучения в новой реальности Казахстана.

3.4 Оказание методической помощи в разработке учебных планов, программ общих и специальных курсов, планов семинарских занятий, программ проведения практик в условиях дистанционного обучения.

3.5 Изучение инновационного опыта работы Шадринского университета по подготовке педагогических кадров в условиях дистанционного обучения.

3.6 Публикация совместных научных работ по результатам исследования в отечественных и зарубежных изданиях с импакт-фактором в виде научных статей, монографии, учебно-методических пособий, учебного пособия, учебника.

3.7 Стажировки по теме «Совершенствование системы педагогического образования в Казахстане в новых условиях: технологические и методические аспекты формирования цифровых компетенций будущих учителей дистанционного обучения в Республике Казахстан».

3.8 Стороны принимают к сведению, что все визиты профессорско-преподавательского состава и студентов, въезд в страну и пребывание на территории государства каждой из Сторон будут регулироваться законодательными актами, действующими в Российской Федерации и Республике Казахстан, а также соответствующими предписаниями, действующими в вузах.

3.9 Стороны согласовали, что все расходы, в том числе на материалы для научных исследований, путевые расходы, связанные с поездками по стране и за границу, гонорары за счет грантового финансирования направляющей стороны. Размер расходов будет устанавливаться дополнительно соответственно для каждого случая.

4. ПОРЯДОК РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ

4.1 Споры и разногласия, которые могут возникнуть при исполнении настоящего договора, будут по возможности разрешаться путем переговоров между сторонами.

5. ФОРС-МАЖОР

5.1 Стороны освобождаются от ответственности за ненадлежащее исполнение

3.3 Қазақстанның жаңа жағдайында қашықтықтан оқытуда бәсекеге қабілетті педагогикалық кадрларды даярлау әдістемесін бірлесіп әзірлеу.

3.4 Оқу жоспарын, жалпы және арнайы курстардың бағдарламаларын, семинар жоспарларын, қашықтықтан оқыту жағдайында тәжірибе жүргізу бағдарламаларын құруда әдістемелік тұрғыдан көмек көрсету.

3.5 Қашықтықтан оқыту жағдайында педагогикалық кадрларды даярлауда Шадринск университетінің инновациялық тәжірибесін зерделеу.

3.6 Ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша бірлескен жұмыстарды импакт-факторы бар отандық және шетелдік басылымдарда ғылыми мақалалар, монографиялар, оқу-әдістемелік құралдар, оқулықтар, оқу құралдарын шығару.

3.7 «Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері» тақырыбы бойынша тағылымдамадан өту.

3.8 Тараптар профессор-оқытушылар құрамы мен студенттердің барлық іссапарлары, елге келуі және әрбір Тарап мемлекетінің аумағында болуы Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасында қолданыстағы заңнамалық актілермен реттелетінін ескереді, сондай-ақ жоғары оқу орындарында қолданыстағы тиісті ережелермен сәйкес жүргізіледі.

3.9 Тараптар барлық шығындарды, соның ішінде ғылыми зерттеулерге арналған материалдарды, ел ішінде және шетелге іссапарлармен байланысты шығындарын, алымдарды қаржыландырылатын грант есебінен жіберуші тарап көтереді деп келісті. Шығындар мөлшері әрбір нақты жағдайға сәйкес қосымша белгіленетін болады.

4. ӨЗАРА КЕЛІСПЕУШІЛІКТІ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

4.1 Осы Шартты орындау кезінде туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктер мүмкіндігіне қарай Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен шешілетін болады.

5. ФОРС-МАЖОР

5.1 Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамағаны

обязательств по настоящему договору, если это явилось следствием обстоятельств непреодолимой силы, находящихся вне контроля какой-либо стороны, препятствующих выполнению условий договора.

6. СРОК ДЕЙСТВИЯ ДОГОВОРА

6.1 В текст настоящего Договора могут быть внесены изменения при условии письменной согласованности Сторон. Договор действует в течение трех лет от даты его подписания.

6.2 Настоящий Договор составлен на двух языках (русском и казахском) – по два экземпляра для каждой из Сторон. Все тексты имеют одинаковую юридическую силу.

7. ЮРИДИЧЕСКИЕ АДРЕСА, РЕКВИЗИТЫ И ПОДПИСИ СТОРОН

Некоммерческое акционерное общество «Таразский региональный университет имени М. Х. Дулати»

Председатель Правления - Ректор


_____ Т.И. Ешенкулов
подпись
Республика Казахстан
080000 г. Тараз, ул. Сулейменова, 7
тел: +7 (7262) 453664
e-mail: info@tarsu.kz

« 28 » _____ 10 _____ 2021 г.

Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего образования «Шадринский государственный педагогический университет»


_____ А.Р. Дзиов
подпись
Россия, 641870, г. Шадринск,
ул. К. Либкнехта, 3
тел: 8 (35253) 6-35-02
e-mail: vuz@shgpi.edu.ru

« 28 » _____ 10 _____ 2021 г.

үшін, егер бұл шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін қандай да бір Тараптың бақылауынан тыс болатын еңсерілмейтін жағдайлардың салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.

6. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ МЕРЗІМІ

6.1 Осы Келісім-шарттың мәтініне Тараптардың жазбаша келісімі бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін. Келісім-шарт оған қол қойылған күннен бастап үш жыл бойы қолданылады.

6.2 Осы Келісім-шарт екі тілде (орыс және қазақ) жасалған – Тараптардың әрқайсысына екі данадан. Барлық мәтіндер заң жүзінде бірдей жарамды.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН - ЖАЙЛАРЫ, МӘЛІМЕТТЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ

«М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы - Ректор


_____ Т.И. Ешенкулов
қолы
Қазақстан Республикасы
080000 Тараз қ., Сулейменов к-сі, 7
тел: +7 (7262) 453664
электрондық пошта: info@tarsu.kz

« 28 » _____ 10 _____ 2021 ж.

«Шадринск мемлекеттік педагогикалық университеті» Федералды мемлекеттік бюджеттік жоғары оқу орны


_____ А.Р. Дзиов
қолы
Россия, 641870, Шадринск,
К.Либкнехт көш., 3
тел: 8 (35253) 6-35-02
e-mail: vuz@shgpi.edu.ru

« 28 » _____ 10 _____ 2021 ж.



Қосымша Ә

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГГТЕРГЕ АРНАЛҒАН ОНЛАЙН КURCTЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Онлайн курстың бағдарламасы	Н 3-6.40-2022 1 баспа - 02.02.2022	
-----------------------------	---------------------------------------	---

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ Өңірлік университеті**



БОЛАШАҚ ПЕДАГОГГТЕРГЕ АРНАЛҒАН ОНЛАЙН КУРСТЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Курстың атауы: Қашықтан оқыту технологиялары
Жалпы академиялық сағат саны: 72
Білімді бағалау (бақылау) формасы: тест
Курстың авторы: п.ғ.д., профессор К.Д.Бузаубакова

Тараз, 2023

© «Дулати университеті» КЕАҚ зияткерлік меншігі болып табылады. Қайта басуға және / немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

1 бет / 23 беттен

Түсінік хат

Болашақ педагогтерге арналған «Қашықтан оқыту технологиялары» онлайн курсы ҚР БҒМ тарапынан қаржыландырылатын (Келісім шарт №190/36-21-23, 15.04.2021ж., ҰҒК шешімі: хаттама №3, 18.02.2021 ж.) **AP09259497 «Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері»** ғылыми жобасы аясында өткізіледі.

Онлайн курсты ұйымдастырушысы «М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Dulaty Universitet) болып табылады.

Онлайн курсқа қатысуға Қазақстандық және Ресейлік жоғары оқу орындарының педагогикалық білім беру бағдарламаларының студенттері шақырылады.

Онлайн курсқа қатысушылардың саны: 30-50

Онлайн курсы өткізу мерзімі: 01.02.23- 18.02.23 ж.

Онлайн курс көлемі: 72 сағат

1. Онлайн курстың мақсаты мен міндеті:

Онлайн курстың мақсаты – педагогикалық білім беру бағдарламалары бойынша білім алып жатқан болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін арттыру, болашақ педагогтердің креативтік құзыреттіліктерін дамыту, педагог кадрларды дайындаудың сапасын арттыру.

Онлайн курстың міндеттері:

- Цифрлық педагогика контекстіндегі жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының мазмұнын ашып көрсету;

- Цифрлық ортадағы мұғалім мен оқушының рөлін айқындау және Цифрлы қоғамдағы smart-педагогтің құзыреттіліктерін ашып көрсету;

- Болашақ педагогтерді цифрлы білім беру ортасы, цифрлы білім берудің даму тенденциялары, заңдылықтары, принциптері және қашықтан оқыту технологияларының ерекшеліктерімен таныстыру;

- Қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы білім беру платформаларында тиімді жұмыс жасай алатындай цифрлы-технологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыру.

1-модуль. XXI ғасырдағы білім берудің цифрлық трансформациясы

1-тақырып. Цифрлық білім беру процесінің қалыптасу және даму факторлары

Кәсіби білім беру мен оқыту саласында цифрлық білім беру процесінің қалыптасуына әсер ететін факторлар. Цифрлы экономика жағдайында кәсіби кадрларға қойылатын жаңа талаптар. Цифрлы ортаны қалыптастыратын және сол ортада дамитын жаңа цифрлы технологиялар. Білім алушылардың ерекше әлеуметтік-психологиялық сипатына ие жаңа буыны – цифрлы ұрпақтың өмірге келуі.

Білім берудегі маңызды цифрлық технологиялар: телекоммуникациялық технологиялар; байланыс желілерін тоғыстыруды қамтамасыз етуші және жаңа буын желісін жасаушы технологиялар; үлкен көлемдегі мәліметтерді өңдеу технологиялары (Big Data); жасанды интеллект; үлестірілген тізілім технологиялары (блокчейн); электронды сәйкестендіру және аутентификациялау технологиялары; интернет заттары; виртуалды және толықтырылған шындық, цифрлы ұқсастық технологиясы және т.б.

Цифрлық технологиялардың дидактикалық сапалық ерекшеліктері еркіндік; гипермәтіндік; мультимедиялық (полимодальдылық); субмәдениеттілік; интерактивтілік; дербестілік.

Цифрлы технологиялардың түрлері: жасанды интеллект; виртуалды шындық технологиялары; чат-бот технологиясы; цифрлық із және Big Data; толықтырылған шындық технологиясы; электрондық сәйкестендіру және аутентификациялау технологиясы блокчейн технологиясы; мамандандырылған білім беру мақсатындағы цифрлық технологиялар –edtech (educational technologies).

Білім беруді ақпараттандыруға әсер ететін факторлар: ішкі факторлар. сыртқы факторлар; саяси факторлар; экономикалық факторлар; технологиялық факторлар; әлеуметтік-мәдени факторлар.

Білім беруді ақпараттандыруда сапалы білім алудағы теңсіздікті азайтуға көмектесетінін алғы шарттар.

Цифрлы дидактиканың даму факторларына әсер ететін карама-қайшылықтар.

2-тақырып. Цифрлық білім берудің даму тенденциялары, заңдылықтары мен принциптері

Цифрлы білім беру (дидактикалық) заңдылықтары: оқу принципінің рөлін және студенттің оқу дербестігін арттыру; базалық үдерісті цифрландыру нәтижелері оның тиімділігіне байланыстылығы; білім беру принципін цифрландыру жағдайында оқытудың белсенді және интербелсенді формаларының рөлінің арта түсуі; цифрландыру барысында білім принципін трансформациялау; цифрлық білім беру принципінде оқыту технологиялары мен әдістері оқу мазмұнына байланысты таңдалатындығы; цифрландырудағы жаһандық үдерісті визуалды-бейнелі және визуалды-логикалық ойлауы; кәсіптік білім беру мен оқытуды цифрландыру оқу курстарының ұзақтығын қысқартуға ықпал етеді.

Цифрлық қоғамның қалыптасу сипаттамасы: цифрлық экономика және оны қалыптастыратын кадрларға қойылатын жаңа талаптар; цифрлық ортаны құрайтын және онда дамиды жаңа цифрлық технологиялар; цифрлық ұрпақ (ерекше әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары бар білім алушылардың жаңа буыны).

Цифрлық «озық», «ақылды», «SMART» технологиялар.

Цифрлық технологиялардың дидактикалық сипаттамасы: дербестілік; интерактивтілік; жаһандық; гипермәтіндік; субмәдениеттілік; мультимедиялық (көпмодальдық).

Білім беру жүйесінде қолданылатын цифрлық технологиялар: телекоммуникациялық технологиялар; цифрлық із; жасанды интеллект (машиналық интеллект, AI); электрондық сәйкестендіру; аутентификация; бұлтты технологиялар; блокчейн; цифрлық технологиялар.

Цифрлы білім беру принциптері: дербестендіру принципі; білім беру мен дамытудың дидактикалық принциптерімен сабақтастықпен байланысты оқу принципінің үстемдігі принципі; мақсаттылық принциптері; икемділік пен бейімделу принциптері; оқытудағы табыстылық принципі; ынтымақтастық пен өзара әрекеттесудегі оқыту принциптері (интерактивтілік принциптері); оқытудың өмірмен байланыстылығы.

Оқытудың өмірмен байланысының дәстүрлі дидактикалық принциптерімен сабақтастығының ерекшеліктері.

3-тақырып. Киберпедагогика технологиялары мен әдістерінің дидактикалық дәйджесті: Цифрлы дидактика және Киберпедагогика

Цифрлық дидактика – педагогиканың бір саласы, цифрлы қоғамдағы оқу үдерісін ұйымдастыру туралы ғылыми пән.

Цифрлы дидактика – педагогиканың бір саласы, ғылыми бағыты, оның пәні білім беру үдерісін цифрлық трансформациялау, цифрлық экономика мен желілік қоғамға көшу жағдайында оқыту үдерісін тетігі.

«Цифрлы дидактика» ұғымының мәні. Цифрлы дидактиканың пәні – цифрлық білім беру ортасында білім алушының қызметін ұйымдастыру.

Цифрлы дидактиканың негізгі ұғымдары – цифрлы білім беру технологиялары және цифрлы білім беру өнімдері, ресурстар мен қызметтер (EdTech) және т.б.

Білім беру үдерісін трансформациялаудың мақсаты – цифрлы экономиканың сұраныстарына, білім беру қатынастарына барлық қатысушылардың мүдделеріне жауап беретін және цифрлық технологиялардың дидактикалық әлеуетін барынша толық пайдалануды қамтамасыз ететін икемді және бейімделетін білім беру жүйесін құру.

Цифрлы педагогикалық технологиялар және оқыту әдістері: қашықтықтан оқыту; мобильді оқыту; виртуалды экскурсия; мультимедиа-шығарма; мультимедиялық сабақ; онлайн-тестілеу; желілік (телекоммуникациялық) оқу жобасы; микрооқыту немесе «микродозаларда оқыту».

Цифрлық технологияларды трансформациялаудың мақсаты – қойылған педагогикалық міндеттерді барынша тиімді шешу үшін оларды бейімдеу.

Цифрлы білім беру үдерісінің ерекшелігі: педагогикалық және цифрлық технологиялардың конвергенциясы немесе толық интеграциясы.

Цифрлы білім беру үдерісінің дидактикалық принциптері: үстемдік принципі; даралау принципі; орындылық принципі; күрделіліктің өсу принципі; тәжірибеге бағдарлану принципі; ынтымақтастық пен өзара әрекеттестіктегі оқыту принципі; енгізілген бағалау принципі; икемділік және бейімделу принципі; білім беру ортасының қанығу принципі; полимодальдық (мультимедиялық) принципі.

Киберпедагогиканың пайда болуы. Киберонтологиялық тұжырымдаманың негізін қалағандар: В.А.Плешаков, Н.А.Обыденков, Н.А.Сляднев, Е.С.Ларин, В.С.Овчинский, Дж.Палфри және т.б.

«Киберкеңістік», «Кибервиртуалды кеңістік», «цифрлық орта», «цифрлық білім беру ортасы», «цифрлық білім беру кеңістігі» ұғымдарының мәні.

Киберпедагогика технологияларының бағыттары: желілік және виртуалды оқыту; өздігінен білім алу; білім беруді жобалау, қалыптастыру және менгеру үдерістерін ұйымдастыру.

Жекелендірілген оқу үдерісі. Оқытуды жекелендіруге қойылатын педагогикалық талаптар: жеке білім беру маршруттарын құру; білім алушылардың өз бетімен жұмыс істеуі, өзін-өзі тәрбиелеуі және өзін-өзі дамытатын білім беру ортасын құру; білім беру желісінде оқу үдерісінің бөлінген формаларын пайдалану; бейімделген оқыту технологияларын қолдану.

Білім беру мен оқытудың цифрлық білім беру үдерісін құру үшін қажетті педагогикалық технологиялар: қашықтан (онлайн) оқыту технологиясы, оның ішінде бейімделген оқыту жүйелерін пайдалану; «Blended learning» (blended learning), соның ішінде «Flipped learning» (flipped learning) технология; студенттердің жобалық әрекеттерін ұйымдастыру технологиясы, соның ішінде телекоммуникациялық жобалар.

Цифрландыру жағдайындағы педагогтің жетекші функциялары.

Постер (неміс тілінде – «Plakat») – үгіт-насихат, жарнама, ақпараттық немесе білім беру мақсатында орындалатын қысқаша түсіндірме мәтіні бар үлкен парақтағы көз тартарлық сурет, графика түрі.

Интерактивті постер – пайдаланушы әрекеттеріне белсенді және әртүрлі тәсілдермен жауап бере алатын ақпаратты ұсыну құралы. Интерактивті постердің элементтері.

Интерактивті кесте – тақырыптық түрде біріктірілген, слайдта бірінен соң бірі орналасқан бірнеше көпдеңгейлі ақпараттық блоктар.

Интерактивті анықтамалық жазбалар. Көп деңгейлі дидактикалық ойындар. Интерактивті инфографика. Интерактивті қабырға (I-wall). Интерактивті арна.

2-модуль. Цифрлы педагогиканың дамуы және болашағы

1-тақырып. Цифрлы қоғам және мұғалім тұлғасы. Цифрлы педагогика контекстіндегі жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттары.

Тұлғаның дамуындағы цифрлы білім беру тұжырымдамалары: В.И.Блинов, И.С.Сергеев, Е.Ю.Есенина және т.б.

«Цифрлық сауаттылық», «Цифрлық құзыреттілік» ұғымдарының мәні.

Цифрлы білім беру жүйесінің бағыттары: білім беру үдерісін цифрландыру; цифрлық білім беру контенті; білім беруді басқаруды цифрландыру.

Мұғалімнің цифрлық сауаттылық дағдылары. Hardware Skills – аппараттық құралдармен немесе цифрлық құрылғылармен байланысты «қатаң» жұмыс жасау дағдылары. Software Skills – аппаратпен жұмыс істеуге арналған программалық жасақтамамен әрекеттесудің «оқумсақ» дағдылары. Metaskills-мета – «оқумсақ» және «қатты» дағдыларды сәтті қолдану дағдылары.

Білім беруді басқаруды цифрландыру. «Z ұрпақ», «цифрлы ұрпақ», «желілік ұрпақ», «сандық абориген» («digitalnatives») сөз тіркестері мен ұғымдарының мәні.

Цифрлы ұрпақтың өкілі – цифрлық қоғамда сұранысқа ие, әлеуметтік және кәсіби маңызды құзыреттерге ие тұлға.

Цифрлық технологиялардың дидактикалық сипаты (интерактивтілік, мультимедиалық, гипермәтіндік, тұлғалық, субьмәдениеттілік және т.б.).

Цифрлық білім беру ортасындағы білім беру үдерісінің артықшылықтары: білім беру бағыттарын оқудың құралдарын, формаларын және қарқынын таңдауды арттыру; әртүрлі ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету; оқу материалын көрсетудің көрнекілігі, интерактивті формасы арқылы оқушылардың оқытылатын пәндерге қызығушылығын арттыру; өз бетінше оқуға ынтасын арттыру, сыни тұрғыдан ойлауын дамыту; оқушылардың оқу бастамасын, қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту және т.б.

Білім берудегі ынтымақтастық педагогикасының принциптері: демократия (таңдау еркіндігі, теңдік); ашықтық (сын еркіндігі); альтернативтілік (қызмет тәсілдерінің көптігі); диалог; рефлексивтілік (іс-әрекеттің мақсаттарын, мазмұнын, әдістерін білу).

Қатысушылардың рөлдері: түсіндірмелі-иллюстративті оқыту әдісінен әрекетке негізделген әдіске көшу; білім алушыны уәжді саналы оқу әрекетінің белсенді субъектісіне айналдыру. Мұғалімнің оқу әрекетіндегі ұйымдастырушы және үйлестіруші қызметтері. Цифрлы ұрпақтың ерекшеліктері.

2-тақырып. Ақпараттық қоғамда SMART- білім беру

Білім – бұл стратегиялық ресурс, мемлекеттің қол жеткізген және өзін-өзі дамытатын зияткерлік капиталы.

Smart – білім беру өзін-өзі басқаруға негізделген, дәлелді, икемді, ресурстармен байытылған және оқытудың технологиялық әдістеріне негізделген өзін-өзі басқаратын, ынталандыратын, икемді, технологиялық оқыту.

Smart білім беру – кәсіби мамандардың күш-жігерін біріктіретін креативті білім беру ортасы.

Smart-оқыту smart-аббревиатурасының мәні: «self – directed» – өздігінен басқарылатын; «motivated» – дәлелді; «adapted» – бейімделген; «resource enriched» – ресурстармен байытылған; «technology – embedded» - технологияға кіріктірілген.

Smart-оқытудың негізгі үш элементі: smart-орта; smart-педагогика; smart-білім алушы.

Smart-модельдеудің төрт кезеңдері: ауыстыру (Substitution); жинақтай (Augmentation); модификация (Modificat); қайта құру (Redefinition).

Цифрлық құзыреттіліктің түрлері: ақпараттық және медиақұзыреттілік; коммуникативті құзыреттілік; техникалық құзыреттілік; тұтынушылық құзыреттілік.

Педагогика ғылымындағы smart-құзыреттілік – бұл тұрақсыз және аз зерттелген құбылыс. Smart -құзыреттілік – smart-тұлғаның ақпаратты іздеу, талдау және кәсіби желілік қоғамдастықтарда өзара іс-қимыл жасайтын инновацияларды құру үшін smart-технологияларды жетік меңгеруі.

Педагогтің smart-құзыреттілігінің құрамдас бөлігі – цифрлық құзыреттілік.

Педагогтерді даярлау жүйесіне smart-оқытуды енгізу қағидаттары: үйлесімділік; ақылдылық; үнемділік; кезеңділік; креативтілік.

Қарым-қатынас – бұл тікелей қарым-қатынас мүмкіндігі, ақпаратты ұсыну жылдамдығы, үдерістің күйін қашықтан басқару.

Smart-оқытуға қажетті алғы шарттар: нақты стратегия; тұрақты кәсіби дамуы (педагог, білім алушылар және т.б.); smart-педагогика және дидактика; білім қоғамы үшін құзыреттілік мәселесін шешу; білімді адамдардың ұрпағы; білім беру жүйесін басқару; қалыптасқан техникалық орта.

Білім беру мазмұнын құру, тарату, басқару және бірыңғай платформа құру.

Smart оқыту – бұл сараланған тәсіл және қолданыстағы оқыту әдістерінің шеңберіне және білім алушылардың дербестендіру, интеграциялау, қосылу және білім алмасу қажеттіліктеріне сәйкес келетін оқыту платформасы арқылы нарықтың кеңеюіне ықпал ету.

Smart-оқыту – заманауи технологияларды қолдана отырып, ресурстарға еркін қол жеткізе отырып, өзін-өзі бағдарланған, дәлелді, жеке тұлғаға бейімделген оқыту.

3-тақырып. Цифрлы трансформациялық білім беру: қашықтан оқыту ерекшеліктері

XXI – ақпараттық ғасыр цифрлы білім беру жүйесі уақыт талаптарына және адамзат өмірінің жаңа жағдайларына сәйкес келеді. Қашықтан оқыту – өткен ғасырдың соңында ақпараттық революция нәтижесінде пайда болған жаңа ақпараттық және технологиялық мүмкіндіктердің «ашық оқыту» идеясының негізінде пайда болған жаңа, прогрессивті оқыту түрі.

«Қашықтан оқыту» терминінің генезисі: «корреспонденттік оқыту», «тәуелсіз оқу», «үйде оқыту», «сырттай оқыту» және т.б.

Қашықтан оқыту – мамандандырылған ақпараттық білім беру ортасын қолдана отырып, көпшілікке арналған білім беру қызметтерінің жиынтығы, оның ішінде іс-әрекеттік білім беру әдістемесі, қарқынды білім беру әдістері, білім беру ақпаратын қашықтықтан алмасу құралдары (қағаз нұсқасы және электронды медиа, спутниктік, теледидар, радио, компьютерлік желі және т.б.)

Қашықтан оқытудың ерекшеліктері. ЖОО-ғы оқыту принциптері (қағидаттары): жоғары оқу орнында білім беру мазмұнының ғылым (техника) мен өндірістің (технологиялардың) қазіргі заманғы және болжамды даму үрдістеріне сәйкестігі; ЖОО-да оқу үдерісін ұйымдастырудың жалпы, топтық және жеке нысандарын оңтайлы үйлестіру; жоғары білімнің болашақ маманның тұлғасын дамытуға бағытталуы; мамандарды даярлау нәтижелерінің олардың кәсіби қызметінің нақты саласында қойылатын талаптарға сәйкестігі, олардың бәсекеге

Онлайн курстың бағдарламасы	Н 3-6.40-2022 1 баспа 02.02.2022	
-----------------------------	-------------------------------------	---

кабілеттілігін қамтамасыз ету; мамандарды даярлаудың әртүрлі кезеңдерінде оқытудың заманауи әдістері мен құралдарын ұтымды қолдану.

Ғалым Д.М.Джусубалиева бойынша қашықтан оқытудың принциптері: ізгілендіру; бастапқы білім принципі; интербелсенділік; сәйкестендіру принципі; даралау принципі; жүйелілік оқыту принципі; ашықтық және икемділік принципі.

Қашықтан оқыту жүйесіндегі ақпараттық технологиялар: ақпаратты ұсыну технологиялары; ақпаратты беру технологиялары; ақпаратты сақтау және өңдеу технологиялары.

